

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Касиев Т.Б., Жампеусов Д.А., Каражанова Ж.К., Кайшатаева А.К.,
Смагулова А.Б., Нурекешов Т.К., Жампеусов Д.Ә.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Касиев Т.Б., Жампеисов Д.А., Каражанова Ж.К., Кайшатаева А.К,
Смагулова А.Б., Нурекешов Т.К., Жампеисов Д.Ә.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Семей - 2015

ӘОЖ 34
ББК 64
Қ-22

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
Ғылыми Кеңесімен баспаға ұсынылған

Рецензенттер:

Заң ғылымдарының кандидаты **А.У. Мухамадиев**

PhD докторы **М.Д. Каражанов**

Қ-22 Авторлар: Касиев Т.Б. – 1 тарау, Жампеисов Д.А. – 2 тарау, Каражанова Ж.К. – 3 тарау, Кайшатаева А.К. – 4 тарау, Смагулова А.Б. - 5 тарау, Нурекешов Т.К. - 6 тарау, Жампеисов Д.Ә. – 7, 8 тарау
Қазіргі заманғы ғылыми құқықтық зерттеулер: Монография – Семей, 2015 – 213 б.

ISBN 978-601-7799-64-9

Оқырманға ұсынылып отырған монография қазіргі заманғы ғылыми құқықтық зерттеулерді қамтитын ғылыми еңбек болып табылады.

Монографияда тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми жаңалығы теориялық тұжырымдамаларды, шет елдердің құқықтық тәжірибесін, Қазақстан Республикасының заңнамасын терең зерттеуге негізделеді.

Осы зерттеу жұмысы қазіргі заманғы ғылыми құқықтық мәселелерді зерттейтін заңгерлерге, студенттерге, оқырманның кең қауымына арналған.

ӘОЖ 34
ББК 64

© Касиев Т.Б., Жампеисов Д.А.,
Каражанова Ж.К., Кайшатаева
А.К., Смагулова А.Б., Нурекешов
Т.К., Жампеисов Д.Ә., 2015

АЛҒЫСӨЗ

«Қазақстан-2050» Стратегиясында 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену мақсатты айқындалған еді. Бұл мақсат адам, қоғам өмірінің сапасын арттыру және мемлекеттілікті нығайту үшін елдің жүргізіп отырған бағытын тиімді қамтамасыз етуге тиіс ұлттық құқықтық жүйеге жоғары талаптар қояды.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес қазақстандық құқықтық жүйе құқықтарды қорғауды қолданудың қолайлы әрі сенімді болуы мәселелерінде әлемнің дамыған елдерінің заңнамасымен тең бәсекеге түсе алуы тиіс. Жалпы жаһандану және әлемдік бәсекелестіктің өсуі жағдайында көптеген елдер құқықтық жүйелерін жаңғырту және оларды адамның мұқтаждары мен қажеттіліктеріне және инвесторлардың мүдделеріне барынша жақындату қажеттігімен бетпе-бет келді. Бәсекеге қабілетті құқықтық жүйе өз құзырына бизнес пен инвестицияларды көбірек тартатыны, оның жемісі осы идеялар іске асқан елге дивидендтер әкеліп, кейіннен бүкіл әлем пайдаланылатын, батыл да озық идеяларды іске асыруға ықпал ететіні белгілі.

Сондықтан қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер өзекті болып табылады және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену батыл мақсатын орындауды кешенді қамтамасыз етуге бағытталады.

1 ТАРАУ

Заңды тұлғаларды құру, тіркеу және таратудың жалпы ережелері

Заңды тұлға анықтамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 33-бабының 1 тармағында көрсетілген. Заңды тұлға деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жузеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйымды айтады [1]. Кез келген заңды тұлға статусы бар ұйымның бекітілген белгілері болуы керек. Заңды тұлғаның бірінші белгісі – оның (ұйымдастырушылық бірлігі) ортақ құрылымы. Азаматтық кодекс, заңды тұлғаны ұйым ретінде тек адамдар тобы емес, белгілі бір қызмет ету мен қарым-қатынас тәртібіне бағынатын адамдар ұжымы деп түсіндіреді.

Заңды тұлғаны көп адамдардан тұратын, тыс жерде ортақ бір ерік білдіріп, азаматтық-құқықтық қатынастарда бір ауыздан сөз сөйлейтін ұйымдық бірлестік ретінде түсінеміз. Сонымен қатар ұйымдық бірлестікте әрқашанда көп адам болуы міндетті емес.

Заңды тұлғаның құрылымдық бірлігі заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында да көрсетіледі. Заңды тұлғалар жарғысы мен құрылтай шарты негізінде қызмет етеді. Кәсіпорын жарғысы кәсіпорын құрылтайшысымен бекітіледі, ал құрылтай шарты құрылтайшылармен келісіледі. Жарғыда заңды тұлғаның аты, мекен-жайы, қызмет мақсаты, басқа да қажет белгілері көрсетілуі қажет.

Екінші белгісі ретінде мүліктік жайын айтқан болар едім. Заңды тұлғаның осы негізгі белгісінен өз алдына мүліктік міндеттеме туындайды. Заңды тұлғаның мүліктік оқшаулануы оның заңды тұлға билік ететін мүлкінің болуында. Ю. К. Толстой заңды тұлғаның белгісі оның оқшауланған мүлкі емес, ұйымның мүлікті оқшаулап қызмет ету принципі, ал ол екеуі екі бөлек нәрсе деп дұрыс айтқан. Мұндай заңды тұлғаның мүлкін оқшаулау тіркелген уақытта ұйғарылады [2, 162 б.].

Заңды тұлғаларды оқшаулау деңгейі әр түрлі. Ол мүліктің меншік нысанына (мемлекеттік, жеке) байланысты.

Егер ол мемлекеттік кәсіпорын болса, онда мүлік, оған шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіледі және осымен басқа кәсіпорын мүліктерінен оқшауланады. Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым заңды тұлға бола алады. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін. Заңды тұлғалар бірлестік құра алады. Заңды тұлға Азаматтық Кодекстің, заңды тұлғалар нысандарының әрқайсысы туралы Заңның, өзге де заң құжаттары мен құрылтай құжаттарының негізінде жұмыс істейді. Заңды тұлғаның азаматтық құқықтары болып өз қызметіне байланысты міндеттерді Азаматтық Кодекске сәйкес мойнына алуы мүмкін.

Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез-келген қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін.

Акционерлік қоғамды құру туралы шешім қабылдаған жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ уәкілетті органды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мемлекеттік мекемелер қоғамның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган акционерлік қоғамның құрылтайшысы болады.

Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген атқарушы орган акционерлік қоғамның құрылтайшысы болады.

Мемлекеттік кәсіпорын осы кәсіпорынға қатысты меншік иесі мен мемлекеттік басқару органының функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімімен ғана қоғамның құрылтайшысы болуға және оның акцияларын сатып алуға құқылы.

Қоғамның құрылтайшысы жалғыз тұлға болуы мүмкін. Қоғамның құрылтайшылары қоғамды құруға байланысты және ол мемлекеттік тіркелгенге дейін туындаған шығыстарды төлеу жөнінде ортақ жауаптылықта болады. Кейіннен мұндай шығыстарды қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мақұлдаған жағдайда ғана аталған шығыстарды қоғам өз құрылтайшыларына өтейді.

Қоғам өз құрылтайшылары жиналысының (құрылтай жиналысының) шешімі бойынша құрылады. Қоғамды бір құрылтайшы құрған жағдайда қоғамды құру туралы шешімді ондай тұлға жеке-дара қабылдайды.

Акционерлік қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен бар заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру арқылы құрылуы мүмкін.

Бірінші құрылтай жиналысында құрылтайшылар:

1) қоғамды құру туралы шешім қабылдайды және қоғамды құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін белгілейді;

2) құрылтай шартын жасайды;

3) құрылтайшылар төлейтін акцияның алдын ала төлем мөлшерін белгілейді;

4) жарияланған акциялардың, соның ішінде құрылтайшылар төлеуге тиісті акциялардың санын белгілейді;

5) қоғамның акцияларына ауыстыруға жататын қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін белгілейді;

6) Акционерлік қоғамдар туралы Заңға сәйкес қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеудің әдістемесін бекітеді;

7) шығарылатын болып жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды;

8) мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарға қоғам атынан қол қоюға уәкілетті адамдарды сайлайды;

9) қоғам құрылтайшыларының жарғылық капиталды төлеуге енгізілетін мүлкін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалайтын адамдарды белгілейді;

10) қоғамның органдары құрылғанға дейін қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және үшінші тұлғалар алдында оның мүдделерін білдіруге уәкілетті адамдарды сайлайды;

11) қоғамның жарғысын бекітеді.

Акциялар орналастырыла бастағанға дейін құрылтайшылардың кейіннен бірнеше жиналысын өткізуге жол беріледі. Бұл орайда құрылтай жиналыстарына құрылтай шартының барлық тараптары қатысқан жағдайда ғана бірінші құрылтай жиналысында қабылданған шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

Қоғамның бірінші құрылтай жиналысында әрбір құрылтайшының бір дауысы болады. Егер құрылтай шартында өзгеше белгіленбесе, кейінгі құрылтай жиналыстарында әрбір құрылтайшының бір дауысы болады.

Құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшының) шешімдері қоғамның барлық құрылтайшылары (жалғыз құрылтайшысы) қол қоюға тиісті хаттамамен ресімделеді.

Құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде):

1) қоғамның құрылтайшылары (жалғыз құрылтайшысы) туралы мәліметтер, соның ішінде:

2) жеке тұлғаға қатысты: аты, азаматтығы, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжат деректері;

3) заңды тұлғаға қатысты: оның атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеуден өткені туралы деректер;

4) қоғамның құрылуы туралы жазба, қоғамның толық және қысқартылған атауы, сондай-ақ оның құрылу тәртібі;

5) құрылтайшылар төлейтін акциялардың алдын ала төлем мөлшері, сондай-ақ оны төлеудің мерзімдері мен тәртібі;

6) акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін қоғамның құрылтайшылар арасында орналастырылатын (жалғыз құрылтайшы сатып алатын) жарияланған акцияларының саны, түрлері және нақтылы құны;

7) оның құрылтайшыларының құқықтары мен міндеттері және қоғамның құрылуына байланысты шығыстарды бөлу, сондай-ақ құрылтайшылардың қоғамды құру жөніндегі қызметін жүзеге асырудың өзге де талаптары;

8) қоғамды құру және мемлекеттік тіркеу процесінде оның мүдделерін білдіру тапсырылатын адамдардың өкілеттіктерін белгілеу;

9) қоғам құрылтайшыларының кейінгі жиналыстарын шақыру мен өткізу тәртібі, сондай-ақ әрбір қоғам құрылтайшысының кейінгі құрылтай жиналыстарындағы дауыс саны;

10) қоғамның жарғысын бекіту туралы жазба;

11) құрылтай шартына (жалғыз құрылтайшының шешіміне): құрылтайшылардың шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес енгізілуге тиісті өзге де талаптар болады.

Құрылтай шартының (жалғыз құрылтайшы шешімінің) қолданылу кезеңінде Акционерлік қоғамдар туралы Заңның 6-бабының 3-тармағында белгіленген талаптар сақталған жағдайда оның тараптары (жалғыз құрылтайшысы) оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы [3].

Құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) жазылған мәліметтер, егер шарттың өзінде (жалғыз құрылтайшының шешімінде) өзгеше көзделмесе, коммерциялық құпия болып табылады. Құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) мемлекеттік органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қоғамның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда ғана берілуге тиіс.

Құрылтай шартының (жалғыз құрылтайшы шешімінің) қолданылуы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап тоқтатылады.

Құрылтай шарты әрбір құрылтайшының немесе оның өкілінің шартқа қол қоюы арқылы жазбаша нысанда жасалады. Жалғыз құрылтайшының шешімі жазбаша нысанда ресімделіп, оған құрылтайшы немесе оның өкілі қол қояды.

Құрылтай шартын (жалғыз құрылтайшының шешімін) нотариат куәландыруға тиіс.

Құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) өкілдерінің Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес ресімделген және құрылтайшылардың жиналысына қатысу мен құрылтай шартына қол қою құқығын қоса алғанда, қоғам құруға құқық беретін тиісті өкілеттіктері болуға тиіс.

Қоғамның жарғысы қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам қол қоятын, жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде жарғының жаңа редакциясы түрінде жазылғандарды) қоспағанда, қоғам жарғысына құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) не оның өкілдері (өкілі) қол қоюға тиіс. Қоғамның жарғысын, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды нотариат куәландыруға тиіс.

Қоғамның жарғысында мыналар:

1) қоғамның толық және қысқартылған атауы;

2) қоғамның атқарушы органының орналасқан жері;

3) қоғамның артықшылықты акцияларымен куәландырылған құқықтар көлемін қоса алғанда, акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер;

4) оларға қатысты «алтын акция» (ол болған кезде) иесінің veto құқығы белгіленген мәселелер, сондай-ақ «алтын акция» иесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

5) қоғамның органдарын құру тәртібі және олардың құзыреті;

6) қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі, соның ішінде: қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын және алқалы органдарының отырыстарын шақыру, әзірлеу және өткізу тәртібі, қоғам органдарының шешімдер қабылдау тәртібі, соның ішінде шешімдері айқын басым көпшілік дауыспен қабылдануға тиісті мәселелердің тізбесі;

7) қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауын көрсете отырып, қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі;

8) қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өз аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі;"

9) қоғам коммерциялық емес ұйым болған жағдайда: қоғамның коммерциялық емес ұйым екендігін көрсету, дауыс беру рәсімі, дивидендтерді төлемеу туралы ережелер мен осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да талаптар;

10) қоғам қызметінің тоқтатылу талаптары;

Барлық мүдделі тұлғалар қоғамның жарғысымен танысуға құқылы. Қоғам мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша оған қоғамның жарғысымен, сонымен бірге оған кейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам акционердің өзіне қоғам жарғысының көшірмесін беру туралы талабын үш жұмыс күні ішінде орындауға міндетті. Қоғам акционерге жарғының көшірмесін бергені үшін ақы алуға құқылы, ол көшірме дайындауға, сондай-ақ жеткізіп беру қажет болған жағдайда оны жеткізуге жұмсалған шығындардан аспауға тиіс.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қоғамның үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыруға құқылы.

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді [4, 98 б.].

Шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаттары құрылтай шарты мен жарғы болып табылады. Шаруашылық серіктестікті ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады. Бір тұлға құрған шаруашылық серіктестігінің құрылтай құжаты жарғысы болып табылады.

Шаруашылық серіктестігі құрылтай шартының мазмұны коммерциялық құпия болып есептеледі. Құрылтай шарты мемлекеттік немесе өзге ресми органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тек шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың шешімі бойынша не заң актілерінде белгіленген жағдайда ғана көрсетілуге тиіс.

Мүдделі тұлғалардың бәрі шаруашылық серіктестігінің жарғысымен танысуға құқылы. Шаруашылық серіктестігінің құрылтай шартына оған қатысушылардың бәрі қол қояды.

Шаруашылық серіктестігінің жарғысына құрылтай шартына сәйкес осы серіктестіктің басқарушысы болып тағайындалған құрылтайшы, немесе шаруашылық серіктестігіне қатысушылар оның бірінші басшысы етіп тағайындаған адам (жоғары тұрған лауазымды адам) қол қояды, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе.

Бір тұлға құрған шаруашылық серіктестігінің жарғысына сол құрылтайшының өзі қол қояды. Құрылтай шартында құрылтайшылар шаруашылық серіктестігін құруға, оны құру жұмысының тәртібін белгілеуге және өзінің мүлкін серіктестік меншігіне беру; оның қызметіне қатысу; құрылтайшылардың арасында пайда мен шығынды бөлісу; оның қызметін басқару; оның құрамынан шығу; құрылтайшылардың әрқайсысының үлесінің мөлшері туралы; олардың салымының мөлшері, құрамы, оны енгізудің мерзімі мен тәртібі туралы; құрылтайшылардың салымды енгізу жөніндегі міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі; жарғылық қордың мөлшері мен құрамын анықтау шарттарын анықтауға міндеттеме алады.

Шаруашылық серіктестік заңына сәйкес, шаруашылық серіктестігінің құрылтай шартында серіктестік қатысушыларының тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), тұрғылықты жері және жеке тұлғалар болып табылатын құрылтайшылардың жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылатын құрылтайшылардың атауы және орналасқан жері көрсетілген тізбесі қамтылуға тиіс [5].

Құрылтай шартында заңдарда көзделген немесе құрылтайшылар көздейтін басқа да мәліметтер болуы мүмкін. Шаруашылық серіктестігінің жарғысын құрылтайшылар бекітеді, бұл құрылтай шартында көрсетіледі.

Шаруашылық серіктестігінің жарғысында мыналар айқындалады: серіктестіктің түрі, оның атауы, орналасқан жері, қызмет мерзімі (егер ол серіктестікті құру кезінде белгіленсе), басшысының өкілеттіктері, басқару және бақылау органдары, олардың құзыреті, мүлікті құрау тәртібі, пайданы бөлу және залалдарды өтеу тәртібі, серіктестіктің қатысушыларына құжаттарды және серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдері; серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы; серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту тәртібі және оларды қабылдау рәсімдері, серіктестік органдарының шешімдер қабылдау және олардың күшін жою тәртібі, серіктестіктің қызметін тоқтату (қайта ұйымдастыру немесе тарату) шарттары, сондай-ақ серіктестік пен құрылтайшылар (қатысушылар) арасындағы өзара қатынастар. Шаруашылық серіктестігінің жарғысында серіктестік қатысушыларының (қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге

асыратын серіктестікті қоспағанда) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (жеке тұлғалар үшін), сондай-ақ атауы және орналасқан жері (занды тұлғалар үшін) көрсетілген тізбесі қамтылуға тиіс [6, 123 б.].

Жарғыда Қазақстан Республикасының заңдары немесе құрылтайшылар көздеген басқа да ережелер қамтылуы мүмкін. Шаруашылық серіктестігін мемлекеттік тіркеуден кейін оның құрылтайшылары серіктестікке қатысушылар болып табылады. Шаруашылық серіктестіктері нысанында құрылатын коммерциялық ұйымдардың жекелеген түрлерінің осы Заңда көрсетілмеген құрылтай құжаттарының тізбесі мен мазмұны, осы ұйымдар туралы заң актілерінде анықталады.

Шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар қатысатын шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Өндірістік кооператив құрылтайшы-жеке тұлғалардың жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Егер өндірістік кооперативтің құрылтайшысы (мүшесі) шетел азаматы болған жағдайда мұндай кооперативтің ұйымдастырылуы мен қызметіне "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріледі. Өндірістік кооперативтің құрылтайшылары екеуден кем болмауға тиіс. Өндірістік кооператив құрылғаннан кейін құрылтайшылар кооператив мүшелері болады және өндірістік кооперативтің басқа мүшелерімен бірдей құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

Өндірістік кооператив өз қызметін құрылтай шарты мен жарғының негізінде жүзеге асырады. Өндірістік кооперативтің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады. Өндірістік кооперативтің құрылтай шартында мыналар болуға тиіс:

- өндірістік кооперативті құру туралы шешім, оның фирмалық атауы және орналасқан жері;
- мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен туған жері, сондай-ақ тұрғылықты жері көрсетілген дербес құрамы;
- кооперативті құру жөніндегі іс-әрекет тәртібі;
- құрылтайшылардың кооператив меншігіне беретін мүліктік жарналарының құрамы мен мөлшері туралы мәліметтер;
- іс-әрекеті кооперативті құру және тіркеу үшін қажетті кооперативтің лауазымды тұлғаларын тағайындау (сайлау) туралы шешім;
- кооперативті құру және оның жұмысын ұйымдастыру мәселелерін шешуге байланысты аталған тұлғалардың өкілеттіктерін белгілеу;
- кооперативтің жарғысын бекіту;

-таза табыс пен шығынды бөлу тәртібі;

-құрылтайшылардың кооперативтен шығу тәртібі.

Өндірістік кооперативтің құрылтай шартына құрылтайшылардың шешімі бойынша заңға қайшы келмейтін басқа да талаптар енгізілуі мүмкін. Құрылтай шартына құрылтайшылардың бәрі қол қояды. Өндірістік кооперативтің құрылтай шарты коммерциялық құпия болып табылатын құжаттар құрамына кіреді әрі мемлекеттік және өзге де ресми органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға тек қана кооперативтің атқарушы органының шешімі бойынша не заң актілерінде белгіленген жағдайда ұсынылуға тиіс.

Өндірістік кооперативтің жарғысында: кооперативтің фирмалық атауы; кооператив орналасқан жер, өндірістік кооператив мүшелерінің қабылдану, шығу және оларды шығару тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, кооперативтің басқару және бақылау органдарының құрамы мен құзыреті туралы ережелерді қалыптастыру және олардың шешімдер қабылдау соның ішінде бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен шешім қабылданатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау тәртібі, өндірістік кооперативтің әрбір мүшесі пайының мөлшері, өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасының құрамы мен оны енгізу тәртібі және олардың жарна енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі, кооператив мүшелерінің кооператив қызметіне жеке еңбегімен қатысу сипаты мен тәртібі және олардың жеке еңбегімен қатысу жөніндегі міндеттемелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі, кооператив пен оның мүшелері, кооперативтің атқарушы органы мен қызметкерлердің еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар, кооперативтің таза табысы мен шығындарын бөлу тәртібі, кооперативті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Кооперативтің фирмалық атауында оның аты, сондай-ақ "өндірістік кооператив" деген сөздер болуға тиіс. Жарғы құрылтайшылардың жалпы жиналысында бекітіледі. Жарғы бірауыздан бекітілуге тиіс.

Жарғыға өзгеріс Қазақстан Республикасының «Өндірістік кооператив туралы» Заңның 15-бабында көзделген тәртіппен кооператив мүшелері жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі [7].

Жарғыға кооператив басқармасының төрағасы (кооператив төрағасы) қол қояды. Өндірістік кооперативтің жарғысы мемлекеттік немесе өзге де ресми органдарға, сондай-ақ кооперативтен шарттық қатынасы бар не онымен осындай қатынасқа енуге тілек білдірушілердің талап етуі бойынша ұсынылады. Өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары бастапқы капиталды қалыптастырады және кооператив қызметін құру мен ұйымдастыруға, сондай-ақ шығындарды жабуға арналады.

Мүліктік жарналардың құрамы мен мөлшері, сондай-ақ оларды енгізу тәртібі, жолдары мен мерзімі құрылтай шартында немесе жарғыда белгіленеді.

Кооперативтің жалпы жиналысының шешімі бойынша кооператив мүшесінің қосымша мүліктік жарналарды енгізуі көзделуі мүмкін. Жаңадан қабылданатын мүшенің мүліктік кіру жарнасы оның кооперативпен

келісiмiнде белгiленедi және кооператив мүшелерi жалпы жиналысының хаттамасында көрсетiледi. Кооперативтiң әрбiр мүшесiне оның мүлiктiк кiру жарнасының мөлшерi мен түрiн куәландыратын құжат берiледi.

Кооперативке енгiзiлетiн мүлiктiк жарна - ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүлiктiк құқықтар, соның iшiнде жер пайдалану құқығы, санаткерлiк меншiк нәтижелерiне құқығы мен өзге де мүлiк болуы мүмкiн. Кооператив мүшелерiнiң мүлiктiк жарнасын ақшалай бағалау тек қана кооператив құрылтайшыларының арасындағы келiсiм бойынша жүргiзiле алмайды және ол тәуелсiз аудиттен өтуге тиiс. Кооператив мүшелерiнiң мүлiктiк жарнасы тек ақшадан ғана тұрған жағдайда тәуелсiз аудит жүргiзiлмейдi.

Өндiрiстiк кооперативтi қайта тiркеген кезде оның мүшесiнiң мүлiктiк жарнасын ақшалай бағалау кооперативтiң бухгалтерлiк құжаттарымен не аудиторлық есеппен расталуы мүмкiн. Кооператив мүшесi мүлiктi кооперативке жарна ретiнде тек қана пайдалануға берген жағдайда, жарнаның мөлшерi кооператив мүшелерiнiң келiсiмiнде белгiленген кезең үшiн есептелген осы мүлiктiң пайдаланылғаны үшiн төленетiн жал төлемiне қарай анықталады.

Республикалық мемлекеттiк кәсiпорынды – Қазақстан Республикасының Үкiметi, коммуналдық мемлекеттiк кәсiпорынды жергiлiктi атқарушы орган құрады. Мемлекет қоғам мен мемлекеттiң қажеттерiне қарай айқындалатын әлеуметтiк-экономикалық мiндеттердi шешу мақсатында мынадай жағдайларда:

- мемлекеттiң ұлттық қауiпсiздiгiн, қорғаныс қабiлетiн және қоғам мүддесiн қорғауды қамтамасыз етудiң өзге мүмкiндiгi жоқ болса;

- мемлекетке тиесiлi стратегиялық объектiлердi пайдаланғанда және оны күтiп ұстағанда;

- мемлекеттiк монополияға жатқызылған салалардағы қызметтi жүзеге асыру үшiн;

- бәсекелестiк жоқ не бәсекелестiк жете дамымаған қоғамдық өндiрiс салаларындағы тауарларды өндiруге қоғамдық қажеттiлiк болғанда мемлекеттiк кәсiпорындар құрады.

Мемлекеттiк кәсiпорындарды Қазақстан Республикасының Үкiметi және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi құрады. Қалған жағдайларда мемлекеттiк кәсiпорындарды Қазақстан Республикасының Үкiметi және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi (республикалық кәсiпорындарды) немесе жергiлiктi атқарушы органдар (коммуналдық кәсiпорындарды) құрады. Мемлекеттiк кәсiпорындарды құру, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттiк мүлiк туралы» Заңның 134-бабында белгiленген шектеулер ескерiле отырып, «Бәсекелестiк туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалған тәртiппен жүзеге асырылады [8].

Шаруашылық жүргiзу құқығындағы мемлекеттiк кәсiпорындар өз қызметiн:

-елді мекендердің тыныс-тіршілігін (энергиямен, газбен, сумен, жылумен жабдықтау және коммуналдық қалдықтарды көму, қалдықтар полигондарын құру және пайдалану) қамтамасыз ету;

-табиғат пайдаланудың және орман өсірудің шектеулі режимі бар орман саябақтары, жасыл және қорғаныш аймақтарын құру;

-Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы мен оның ведомстволарының және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының өздеріне жүктелген функцияларын жүзеге асыруына ықпал ету;

-мемлекеттік автомобиль жолдарын күтіп ұстау;

-денсаулық сақтау; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

- спорттық-сауықтыру объектілерін, мәдениет және демалыс саябақтарын пайдалану;

-мемлекеттік жер кадастры үшін жерге орналастыру жұмыстарын, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттық деректер базасын, экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорын және Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрларын, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

-мемлекет меншігіндегі су шаруашылығы жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині, карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық сараптамасы;

-тарих және мәдениет ескерткіштерін ғылыми зерттеу, консервациялау, реставрациялау, қайта жасау, жөндеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

Коммерциялық емес ұйым, оны қалыптастыру арқылы, сондай-ақ бұрын бар коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылуы мүмкін. Дербес білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда акционерлік қоғам болып қайта құрылуы нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымды (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда), оны қалыптастыру арқылы құру құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қоғамдық бірлестіктер олардың жарғысы қабылданып, органдары қалыптастырылатын құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақырушы кемінде он адамнан тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асады.

Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақыратын, онда жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар - қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады. Заңды тұлға ретінде коммерциялық емес ұйымның құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелуден өткен кезден бастап туындайды. Коммерциялық емес ұйымның айналысуға лицензия алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай лицензияны алған кезден бастап туындайды.

Коммерциялық емес ұйымның құрылтайшылары, коммерциялық емес ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай, егер «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары бола алады. Коммерциялық емес ұйымды, тұтыну кооперативін, қауымдастықтарды (одақтарды) құру жағдайларын және коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, жеке тұлға құруы мүмкін [9].

Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттары, коммерциялық емес ұйымдардың құрылтай құжаттары:

-мекеме үшін - меншік иесі (меншік иелері) бекіткен ереже (жарғы) және меншік иесінің (меншік иелерінің) құру туралы шешімі;

-қор, тұтыну кооперативі, коммерциялық емес акционерлік қоғам қауымдастық (одақ) нысанындағы, өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар бірлестіктері үшін - құрылтайшылар бекіткен жарғы және құрылтай шарты;

-қоғамдық бірлестік, діни бірлестік үшін - жарғы болып табылады.

Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарының талаптары коммерциялық емес ұйымның өзінің, оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) орындауы үшін міндетті. Коммерциялық емес ұйымның бірінің құрылтай шарты мен жарғысы арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда:

1) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынасы үшін маңызды болса, жарғының талаптары қолданылуға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымның жарғысы:

-коммерциялық емес ұйымның атауын, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанын, қызметінің мәні мен мақсатын;

-коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерін;

-коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және құзыретін;

-коммерциялық емес ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен міндеттерін;

-коммерциялық емес ұйымның мүшелігіне (егер коммерциялық емес ұйымның мүшелігі болған жағдайда) қабылдау және одан шығу шарты мен тәртібін;

-коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздерін;

-коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін;

-коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шартын;

-коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібін;

-филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді көздеуге тиіс.

Коммерциялық емес ұйымның жарғысы Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, өзге де ережелерді көздеуі мүмкін. Егер коммерциялық емес ұйымды бір тұлға құрған болса, онда оның жарғысында мүліктерді құрау және кірістерді пайдалану тәртібі де белгіленеді.

Тұтыну кооперативінің жарғысында, кооператив мүшелері пайларының мөлшері туралы; кооператив мүшелерінің пайларын енгізу құрамы мен тәртібі және пай енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғандығы үшін олардың жауапкершілігі туралы; кооперативті басқару органдарының құрамы мен құзыреті және олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы, соның ішінде шешімді бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен қабылдау мәселелері туралы; кооператив мүшелерінің оларға келтірілген шығынның орнын толтыру тәртібі туралы шарттар болуға тиіс. Адвокаттар алқасының жарғысында мүшелікті тоқтата тұру тәртібі, заң консультацияларын құрудың және олардың қызметінің тәртібі, мүлікті құрайтын көздер және оларға билік ету тәртібі, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі, адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібі және соттың, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша адвокаттар арасында заң көмегін реттеп бөлу тәртібі, адвокаттарды аттестациядан өткізу тәртібі, адвокаттар алқасы мүшелері мен тағылымдамадан өтуші адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі және жауапкершілікке тарту тәртібі, адвокатты лицензиясынан айыру туралы өтініш қозғау тәртібі болуға тиіс. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы Республикалық адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, мүлкін қалыптастыру көздерін және оған иелік ету тәртібін, адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар мөлшерін, сондай-ақ Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін қамтуға тиіс.

Қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында олардың органдарының құрамы және құзыреті, олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы және қауымдастық (одақ) таратылғаннан кейін қалған мүлікті бөлу тәртібі туралы шарттар да болуға тиіс. Коммерциялық емес ұйымның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар оның жоғары органының (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) шешімі бойынша енгізіледі. Қор жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды, егер қор жарғысында оған осындай құқық берілген болса, қордың басқару органы енгізеді.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам жарғысында қоғамның коммерциялық емес ұйым екендігі де, дауыс беру рәсімі, дивидендтерді төлемеу туралы ережелер де, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа талаптар да көрсетілуге тиіс.

Құрылтай шарты - коммерциялық емес ұйым құру туралы құрылтайшылардың келісімі, мұнда оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібі, оның меншігіне (жедел басқару) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу шарттары айқындалады. Мұнда, егер коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, коммерциялық емес ұйымның қызметін басқару, құрылтайшылардың оның құрамынан шығу шарты мен тәртібі де белгіленеді [10, 223 б.].

Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер енгізілуі мүмкін. Құрылтай шартына барлық құрылтайшылар немесе олар уәкілеттік берген адамдар қол қояды. Қорды, жеке меншік мекемені, дербес білім беру ұйымын бір адам құрған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.

Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады. Қоғамдық және діни бірлестіктер, мекемелер осы ұйымдар туралы заң актілеріне сәйкес өздерінің құрылымдық бөлімшелерін құра алады.

Коммерциялық емес ұйымның филиалы оның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдіктің міндетін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

Коммерциялық емес ұйымның өкілдігі оның тұрған жерінен тыс орналасқан және коммерциялық емес ұйымның мүдделерін қорғауды және оның өкілдігін жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның мүлкін иемденеді және ол бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және оларды құрған коммерциялық емес ұйымның балансында ескеріледі. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) басшыларын коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы тағайындайды және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады. Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы мен өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

Филиал және өкілдік өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның атынан қызметін жүзеге асырады. Өз филиалының не өкілдігінің қызметі үшін оларды құрған коммерциялық емес ұйым жауапкершілікте болады. Коммерциялық емес ұйымның филиалы мен өкілдігінің атауы өздерін құрған коммерциялық емес ұйымның атауын көрсетуді қамтуға тиіс. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркелуге, ал атауын өзгерткен жағдайда - қайта тіркелуге жатады. Есептік тіркеудің (қайта тіркеудің) тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу заңына сәйкес, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу ұғымы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді, бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беруді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды [11]. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу есептік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеруді, бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға есептік тіркеу туралы анықтама беруді, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің мақсаттары заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу: заңды тұлғаның құрылу, қайта тіркелу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу, қайта ұйымдастырылу және қызметінің тоқтатылу, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің құрылу, есептік қайта тіркелу, құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу және қызметінің тоқтатылу фактісін куәландыру, Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта тіркелген, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылған, есептік қайта тіркеуден өткен және өз қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу, бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу, заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізу мақсатында жүзеге асырылады [12, 87 б.].

Тіркеуге жататын заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер өздерінің құрылу мақсатында, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар (мүшелер) құрамына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жатады. Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан

филиалдары мен өкілдіктері, оларға заңды тұлға құқығы берілмей-ақ есептік тіркеуге жатады. Тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді әділет органдары(тіркеуші органдар), заңды тұлғаларды - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Тарату – заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін мирасқорлыққа өткізбей тоқтату тәсілі. Тарату ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесінің уәкілдік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ құрылтай құжаттарында шешім қабылдауға уәкілдік берілген заңды тұлға органның шешімі бойынша заңды тұлға кез-келген негіз бойынша таратылуы мүмкін.

Соттың шешімі бойынша заңды тұлға:

- 1) банкрот болған;
- 2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;
- 3) заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған;
- 4) тиісті рұқсат алынбаған қызметті, соның ішінде заңда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң корпорациялық табыс салығы туралы декларация немесе оңайлатылған декларация табыс етпеген, заңды тұлғаның кредиторлары, заңды тұлға орналасқан жері бойынша немесе нақты мекен-жайы бойынша болмаған, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар және лауазымды адамдар болмаған;
- 5) заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін. Жоғарыда атап өткеніміздей заңды тұлғаны банкрот болған жағдайда тарату, яғни, борышкердің сотқа өтініші негізінде сот арқылы жүзеге асырылады.

Банкроттық кредиторлардың немесе Заңмен уәкілдік берілген өзге адамдардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүр етіп белгіленеді.

Банкроттық кредиторлардың немесе Заңмен уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүрлі түрде белгіленеді. Осы Заңда белгіленген жағдайларда борышкер өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті [13].

Егер өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған заңды тұлға мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, мұндай заңды тұлға Заңда белгіленген қағидалар бойынша сот тәртібімен таратылуға тиіс.

Борышкердің дәрменсіздігі оны сот тәртібімен банкрот деп жариялау үшін негіз болып табылады.

Дәрменсіздік фактісін анықтау кезінде борышкердің орындау мерзімі басталған, сондай-ақ орындауға қабылданған және (немесе) орындалып жатқан міндеттемелері ескерілуге тиіс.

Заңды тұлғаларды құру, тіркеу және тарату тәртібі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі, қазақ және орыс тілдерінде жасалған және үш данада ұсынылатын құрылтай құжаттары қоса беріледі.

Акционерлік қоғамдардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғыларын (ережелерін) қоспағанда, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылмайды. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді әділет органдары Ұлттық Банк жолдаған хабарламалар негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін Ұлттық Банктің рұқсаты қосымша талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган тіркеуші органдарға тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізілімін және мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және монополияға қарсы органның келісімімен құрылған, олармен үлестес тұлғалардың тізбесін ұсынады. Орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Ұлттық Банк жалғыз құрылтайшы болып табылатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, оны тіркеуші органға береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы (құрылтайшылар) не осыған уәкілеттік берілген адам қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, оны тіркеуші органға береді.

Шетелдік қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша: құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат; нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Қоғамдық және діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады [14, 6 б.].

Бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат ұсынылады.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа қандай да бір құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен Интернет желісі арқылы берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің хабарлама тәртібі Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша электрондық құжат нысанында толтыру арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама береді және оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырады. Тіркеу алымын төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу

алымы төленгенін растайтын түбіртектің немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды. Шетелдік қатысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі [15, 59 б.].

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша: құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат; нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны жөнінде хабарламаны қабылдау туралы растау болып табылады. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Өтінішке филиалды (өкілдікті) құратын заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және ол заңды тұлғаның мөрімен бекемделеді.

Өтінішке филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың филиалдары (өкілдіктері) үшін заңды тұлға бекіткен, қазақ және орыс тілдерінде үш данада филиал (өкілдік) туралы ереже, жарғының (ереженің) көшірмелері және заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) филиал (өкілдік) басшысына берген сенімхаты қосымша ұсынылады. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын, сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі, шетелдік заңды тұлғаның құрылтай құжаттары немесе басқа да заңдастырылған құжаты, сондай-ақ салықтық тіркеу нөмірі (немесе оның аналогы) көрсетіле отырып, шетелдік

заңды тұлғаның инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжат қосымша ұсынылуға тиіс. Филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады [16, 223 б.].

Мемлекеттік кәсіпорын филиал (өкілдік) құрған кезде Ұлттық Банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетіле отырып, бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісі, бөліну, бөлініп шығу кезінде – бөліну балансы және заңды тұлға уәкілетті органының тапсыру актісі мен бөліну балансын бекіту туралы шешімі;

4) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат;

5) қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

Қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеген кезден бастап заңды тұлға қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

Бірігу, бөліну, қайта құрылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталуға тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау оған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізу арқылы жүргізіледі), бұл жөнінде жаңадан құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі. Қосылу кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталуға тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау оған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізу арқылы жүргізіледі), бұл жөнінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы бұйрықта не қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қосылған заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, оның құрылтай

құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде көрсетіледі.

Табиғи монополиялар субъектілері қайта ұйымдастырылған кезде тіркеуші органға табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі ұсынылады.

Шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың, өндірістік кооперативтердің және қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерінің құрылтай құжаттары құрылтай шарты және жарғы болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ереже негізінде әрекет ете алады. Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар мазмұнын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын үлгілік жарғы негізінде өз қызметін жүзеге асыра алады.

Егер заңды тұлғаның құрылтайшылары өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыруға шешім қабылдаған жағдайда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу процесінде жарғыны ұсыну талап етілмейді. Бұл ретте, тіркеуші органға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініштің үш данасы ұсынылады. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген деректер болуға тиіс.

Филиал (өкілдік) туралы ережеде филиалдың (өкілдіктің) атауы, орналасқан жері (банк филиалының бір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана шегінде орналасқан барлық үй-жайларының мекен-жайы), қызметінің нысанасы, басқару тәртібі және басшысының құзыреті, сондай-ақ филиалды (өкілдікті) құрушы заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, қызметінің нысанасы, оны мемлекеттік тіркеу туралы деректер қамтылуға тиіс.

Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш

берілген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті қайтарып беру (қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асырған жағдайда) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларға, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру, сондай-ақ жарғыны (ережені) қайтарып беру қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу, филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден шығару, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін тоқтатыла тұрады. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), есептік тіркеуден шығару кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалатын тәртіппен тіркеу алымы алынады [21]. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеуі;

2) тапсыру актісін немесе бөліну балансын ұсынбауы не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы;

3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) іс-әрекет етпейтін заңды тұлғаболып табылса;

4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса, және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса, және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса, және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216 және 217-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар болса;

5) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынуы;

6) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулыларының (тыйым салуларының, қамауға алуларының) болуы.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартудың қосымша негіздері «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді. Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту филиалды (өкілдікті) құрудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібі бұзылған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды осы Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде береді.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартудың осы бапта көзделген негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға қолданылмайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган беретін анықтама заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін), филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжат болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген жылы, айы, күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жылы, айы, күні, заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері туралы мәліметтер қамтылады.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген жылы, айы, күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, есептік тіркеу (қайта тіркеу) жылы, айы, күні, филиалдың (өкілдіктің) атауы мен орналасқан жері, филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы

туралы мәліметтер қамтылады. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ұсынылған кезде ғана банкте шот ашылуы мүмкін.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың болуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензия алуды талап ететін қызметті бастау үшін негіз болып табылмайды. Заңды тұлғаның лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензияны алған кезден бастап пайда болады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе ол жарамсыз деп танылған кезден бастап тоқтатылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға, филиал (өкілдік) мемлекеттік (есептік) қайта тіркелуге жатады.

Бұл ретте, тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен құрылтай құжаттарының (ережелерінің) үш данасы;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның бұрынғы құрылтай құжаттарының, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелердің түпнұсқалары;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат ұсынылады.

Шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негізі бойынша шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғанын (біреуге берілгенін) растайтын құжат ұсынылады [22, 85 б.].

Егер шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (біреуге беру) шартының тарапы жеке тұлға болып табылатын жағдайда, жеке тұлға қолының түпнұсқалығын нотариат куәландыруға тиіс.

Табиғи монополия субъектілерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі; тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.

Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда заңды тұлға, филиал (өкілдік) тіркеуші органға бұл жөнінде жарғыға (ережеге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды. Хабарламаға заңды тұлға мөрімен бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу орналасқан жері өзгерген, жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайларда жүргізіледі. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

- заңды тұлға мөрімен бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген, заңды тұлға құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы;

- заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің түпнұсқалары;

- нақты орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат ұсынылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту:

- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бұзылған, құрылтай құжаттары (ереже) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеген;

- сот актілері және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды заңда көзделген мерзімдерде береді. Акционерлік қоғамды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) орналасқан жері ауысқан кезде заңды тұлға, филиал (өкілдік) нақты мекенжайы бойынша тіркеуші органға бұл жөнінде орналасқан жерін ауыстыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

Тіркеуші орган заңды тұлғаның өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру үшін:

-Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

- жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірме;

- жарғы (ереже) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжат ұсынылады.

Тарату негіздемесі бойынша заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін:

-Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

- заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі;

- заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

- кедендік баждар, салықтар және кедендік алымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;

- акция шығарылымдарының күшін жою туралы куәлік (акционерлік қоғамдар үшін);

- заңды тұлғаның мөрін жою туралы құжат;

- заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат;

- құрылтай құжаттары ұсынылады.

Заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға заңды тұлғаның таратылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен бастап кемінде екі ай өткен соң ұсынылады. Сот шешімімен таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу сот шешімі және тарату ісін жүргізудің аяқталғаны туралы сот ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.

Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін, мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін, мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртекті немесе өзге де құжатты ұсынады.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді, заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

Салық қызметі органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын заңды тұлға жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер

береді не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады. Егер тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган қажетті құжаттарымен қоса заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден шығарылмаған филиалдары (өкілдіктері) болған, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда салық қызметі органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады [17, 112 б.].

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші;

2) филиал (өкілдік) туралы ереже;

3) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат негізінде есептік тіркеуден шығарылуға тиіс.

Салық қызметі органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде шетелдік заңды тұлғаның қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.

Мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі шығарылған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару:

1) филиал (өкілдік) туралы ереже;

2) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат қоса беріле отырып, осындай шешім негізінде жүзеге асырылады.

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтатудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға филиалының (өкілдігінің)

салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда салық қызметі органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарымен қоса филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден бас тарту, сондай-ақ мұндай тіркеуден жалтару, сол сияқты заңды тұлға құрылтайшылары мен тіркеуші органдар арасындағы өзге де даулар бойынша сотқа шағым жасауға болады.

Мемлекеттік тіркеусіз заңды тұлға ретіндегі қызметке жол берілмейді. Мемлекеттік тіркеуден өтпей жасалған қызметтен алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне алынады. Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелуге әкеп соғатын заңды тұлға деректерінің өзгергені туралы мәліметтер бір ай мерзімде берілмегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туындайды. Тіркеуші орган заңды тұлғаларды, филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік (есептік) тіркеуден (қайта тіркеуден), заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден заңсыз бас тартқан жағдайда, өтініш беруші өзі шеккен залалдардың орнын толтыруды сот тәртібімен талап етуге құқылы. Акционерлік қоғам акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге немесе ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін алуға құжаттарды Ұлттық Банкке белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда, осы қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен таратылуға немесе қайта құрылуға тиіс.

Құқықтар мен міндеттердің иесі бола білу, азаматтық айналымда құқықтың дербес субъектісі ретінде қатысу, жеке тұлғаға ғана емес заңды тұлғаларға да тән. Жалпы заңды тұлға бұл – «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге ие болып оларды жүзеге асыра алатын сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады [1]. Сонымен қатар, заңды тұлғалар заң құжаттарына, сондай-ақ құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне тиесілі міндеттерді алады. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді.

Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және заңға сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді. Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөнінде өкілеттік соған ауысады. Тарату комиссиясы сотта таратылатын заңды тұлға атынан әрекет етеді.

Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату туралы, сондай-ақ оның несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялайды. Талаптарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем бола алмайды. Тарату комиссиясы несие берушілерді анықтау және қарыздарын алу үшін шаралар қолданады, сондай-ақ несие берушілерге заңды тұлғаның таратылғандығы туралы жазбаша хабарлайды [18, 137 б.].

Несие берушілер талаптарын қоюға арналған мерзім аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, несие берушілер қойған талаптар тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтер болады. Аралық тарату балансын заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату жөнінде шешім қабылдаған орган бекітеді. Аралық тарату балансын жасаған кезде таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқығы, сондай-ақ аталған облигацияларды ұстаушыларға оларға меншік құқығы туындаған немесе мәмәлелер бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары енгізілмейді. Тарату комиссиясы аталған мүлікті Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес кредиторлар мен ипотекалық облигацияларды ұстаушылармен есеп айырысу үшін ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне береді.

Заңды тұлғалардың жекелеген түрлерін тарату мемлекет уәкілдік еткен тиісті органның шешімімен, заң құжаттарында қаралған негіздер бойынша жүзеге аса алады. Заңды тұлғаны тарату оның мүлкінің меншік иесінің немесе заңды тұлғаның тиісті органының тағайындаған тарату комиссиясымен жүзеге асырылады, ал басқа жағдайларда сот арқылы таратылады. Тарату жөніндегі комиссия тарату кезеңінде заңды тұлғаны басқарады және оның атынан әрекет етеді.

Заңды тұлғаны қайта құру дегеніміз заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің мирасқорлыққа өтуіне байланысты тоқтатылу тәсілі болып табылады. Қайта құрудың бес түрі бар: қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту. Заңдарда қайта құрудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін. Қайта

құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін. Ерікті қайта құру заңды тұлғаның мүлік меншік иесінің немесе құрылтай құжаттары бойынша қайта құруға өкілеттігі бар заңды тұлғаның органының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Заңды тұлғаны қайта құру оның мүлкінің меншік иесінің немесе заң құжаттарымен уәкілдік ететін органның шешімімен, немесе құрылтай құжатымен немесе заңда қаралған жағдайларда сот органдарының шешімімен жүзеге асырылады. Заңды тұлғаны қайта құру жөніндегі шешім әдетте оның жоғары органымен қабылданады. Мысалы, Ресейдің Азаматтық кодексінде заңда қаралған ретте, заңды тұлғаны қайта құру құзыреті мемлекеттік органның келісімімен жүргізіледі. Аталған норма бәрінен бұрын монополияға қарсы заңның ережелерін басшылыққа алады.

Ықтиярсыз қайта құру заң құжаттарында көзделген реттерде сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Заңды тұлғаларды ықтиярсыз таратуды сот тәртібімен ғана реттейді.

Ықтиярсыз тарату тәртібіне тоқталатып өтетін болсақ, егер заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші, ол уәкілдік берген орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында қайта құруға уәкілдік берілген органы заңды тұлғаны қайта құруды сот органының шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот заңды тұлғаның басқарушысын тағайындайды және оған осы заңды тұлғаны қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады. Басқарушы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады. Басқарушы сотта заңды тұлғаның атынан әрекет етеді, бөлу балансын жасайды және оны заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болады [19, 46 б.].

Заңды тұлға, біріктіру нысанасында қайта құрылатын реттерді қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркелген кезден бастап қайта құрылған деп есептеледі. Заңды тұлғаны оған екінші бір заңды тұлғаны біріктіру жолымен қайта құрған кезде, заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінде біріктірілген заңды тұлға қызметінің тоқтатылғандығы туралы жазба жасалған кезден бастап олардың біріншісі қайта құрылған деп есептеледі.

Заңды тұлғаларды қосқан кезде олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады. Заңды тұлғаны екінші бір заңды тұлғаға біріктірген кезде біріктірілген заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес соңғысына ауысады. Заңды тұлғаны бөлген кезде оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға ауысады. Заңды тұлғаның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығарғанда, бөлу балансына сәйкес олардың әрқайсысына қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері ауысады.

Қайта құрылған заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қосылған немесе біріктірілген кезде - өткізу актісіне сәйкес, бөлінген және бөліп шығарылған жағдайда-бөлу

балансына сәйкес ауысады. Өткізу актісі мен айыру балансында қайта құрылған заңды тұлғаның барлық несие берушілері мен борышқорларына қатысты, барлық міндеттемелері бойынша, соның ішінде тараптар дауласқан міндеттемелер бойынша да құқықты мирасқорлығы туралы ережелер болуға тиіс. Өткізу актісі мен бөлу балансын заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекітеді және құрылтай құжаттарымен бірге жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеуге немесе нақтылы бар заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу үшін олар құрылтай құжаттарымен бірге тапсырылады. Құрылтай құжаттарымен бірге тиісті өткізу актісінің немесе бөлу балансының тапсырылмауы, сондай-ақ оларды қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықты мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеліп соқтырады. Егер заң құжаттарында немесе қайта құру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, мүлік құқықты мирасқорына ол тіркелген кезден бастап ауысады.

Заңды тұлға заң құжаттары мен құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы ғана азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттер қабылдайды. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу немесе сайлану тәртібі және олардың өкілеттігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді.

Заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық ныманын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін. Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан рұқсат аламаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді. Заңды тұлғаның фирмалық атауды пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері заңдарда белгіленеді. Тарату комиссиясы болатын тарату жөнінде Әділет органдарына хабарлайды, тарату комиссиясы заңды тұлғаның таратылғаны туралы және оның несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ресми баспасөзде жариялайды. Бұл мерзім тарату туралы хабар жарияланған кезден бастап екі айдан кем болмауы керек.

2 ТАРАУ

Банкроттық туралы құқықтық сипаттама

Бұл тақырыптың өзектілігі мен тәжірибелік маңызы бірнеше себептермен негізделген. Біріншіден, қазіргі уақытта қазақстандық экономикаға өнеркәсіптік өсу тән болғанымен кәсіпкерлердің ешқайсысы банкроттықтан сақталмаған және осы құбылыс нарықтық экономикада жиі кездеседі, өйткені бәсекелестікке мықты кәсіпкерлік құрылымдар төтеп береді, ал шағын және орта бизнес кәсіпкерлері дәрменсіздік пен төлем қабілетсіздігіне жиі ұшырайды. Екіншіден, ұйымдардың банкроттық мәселесімен заңгерлерге күнделікті жиі кездесуге тура келеді, ал осы сұрақты егжей тегжей қарастыратын әдебиет жоқтың қасы. Дамыған экономикалық жүйесі бар кез келген өркениетті елде нарықтық қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің негізгі элементтерінің бірі ретінде банкроттық туралы заңнама болып табылады. Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастарды дамыту соңғы есепте осы қатынастарды құқықтық реттеуге байланысты. Сондықтан осы құқықтық қатынастарды дамыту мен жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Нарықтық экономикалық жүйесі дамыған кез-келген өркениетті елде нарықтық қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің негізгі элементтерінің бірі ретінде банкроттық туралы заңнама болып табылады.

1997 ж. дейін Қазақстандағы банкроттық үрдісін реттейтін нормативтік-құқықтық база жаңа экономикалық жағдайларда қабілетсіз болып қалды және ірі кәсіпорындар банкроттықтан қорықпай төлемеу күйзелісін ұшықтыра берді. Бірақ оған қарамастан жыл сайын соттармен дәрменсіздік туралы қарастырған істер саны өсіп келеді, ол банкроттық институты Қазақстанда шаруашылық айналымының қатысушылары арасында қалыпты экономикалық қатынастарын дамуында ең жетекші орын алатынын көрсетеді.

Одан кейін банкроттық рәсімін реттейтін негізгі нормативті құжат ретінде 1997 ж. 21 қаңтардағы № 67-1 ҚР “Банкроттық туралы” Заңы болып табылды [1]. Осы заңды қабылдау қажеттілігі 1995 ж. “Банкроттық туралы” Жарлықтың [2] жетілмегендігінен туындады. Кейіннен 7 наурыз 2014 жылы «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР заңы қабылданды [3].

Банкроттықтың проблемалық мәселелерінің бірі ретінде әдейі және жалған банкроттықты анықтаумен байланысты үрдістер болып табылады. Конкурстық басқарушының негізгі функцияларының бірі ретінде банкроттықтың әдейі және жалған белгілерін анықтау, борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару болып табылады.

Банкроттық рәсімдеріндегі төлемге қабілетсіз ұйымдарындағы үрдіс, осындай ұйымдарда көбінесе, ереже ретінде, басшылары мен құрылтайшылары, құқық орнатушы, бухгалтерлік және дәлелдеме базасы ретінде қажет өзге де құжаттар жоқ және осы бағытта жұмысты бастау қиын болып табылады.

Осындай қиындықтарға қарамастан, осы бағыттағы жұмыстың елеулі мүмкіндіктері ретінде қызмет көрсететін банкілерден борышкерлердің тұлғалық шотынан банкілік үзінділер болып табылады.

Біреулері банкроттық басқарушы оған борышкердің мүлкі мен істерін басқару функциялары берілгенімен шоттың иесі болып табылмайды дейді, басқа банкілер банкроттық басқарушыға берілетін ақпарат ақылы болып табылады дейді, тіпті кейбір ұйымдар бойынша 20 000 теңгеге дейін жетеді, үшіншілері банкроттық басқарушыларға мәліметтер беру тек соттың ұйғарымы негізінде ғана мүмкін дейді.

Банкроттық басқарушылар өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде банкрот ұйымның бухгалтерлік есеп құжаттары, шаруашылық келісім-шарттар, контрактілер және оның қаржы-шаруашылық қызметіне жататын тағы да басқа құжаттардың жоқтығы фактілерімен кездеседі. Бұл құжаттарсыз әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау мүмкін емес.

Проблемалық мәселелерді шешу уәкілетті орган қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банкілермен банкроттық басқарушыларға мәліметтер беру туралы мәселе талқыланып жатыр, борышкер мүлкіне құқықтың ауысуын тіркеу мәселесі заң бойынша шешілді, уәкілетті органның, банкроттық басқарушының өкілеттіктері мен құзыретін анықтауға қатысты пайда болатын сұрақтар шешіліп жатыр.

Сонымен, мемлекеттік органдар тарапынан жедел әрекет етуді талап ететін өзгеріп жатқан экономикалық жағдайларда заңнаманы тұрақты жетілдіру стратегиялық бағыт болып табылады және кредиторлардың мемлекеттік және жеке мүдделерін максималды қорғауды қамтамасыз етуге негізделеді. Проблемалық мәселелерді шешу саласындағы жазаның бұлтартпастығы қағидасын тиімді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

ҚР Азаматтық кодексінің 52 бабына сәйкес банкроттық деген борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі [4].

Борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі оның дәрменсіздігі деп түсініледі.

Заңи әдебиетте көптеген рет сұрақ көтерілді: дәрменсіздік деген не және банкроттық деген не, олар синоним болады ма әлде жоқ па. Осы жайлы көптеген көзқарастар бар.

Мысалы, Г.Ф.Шершеневич банкроттық деген несие берушілерге зиян келтіретін немесе зиян келтіру мақсатын қоятын борышкердің кінәлі тәртібімен бірге болатын дәрменсіздігі деп есептейді [5, 78 б]. Л.Щенникова дәрменсіздік пен банкроттық ұғымдары арасында “кінә қағидасы” бойынша ажырату жүргізудің терең мағынасы бар деп көрсетеді [6,93 б].

С.Э.Жилинскийдің де пікірі қызықты, ол көрсетілген ұғымдарға қоса

төлем қабілетсіздігі ұғымын енгізіп, барлық үш ұғымды бір ретке келтіреді. “Барлығы төлем қабілетсіздігінен басталады. Егер ол борышкерге мүлдем ауыр болса және соңғысы несие берушілермен есептесу мүмкіндігін жоғалтса, онда төлемеуші – дәрменсіз деген жаңа қасиетке ие болады. Кәсіпкердің жолындағы үшінші және соңғы қасиет – ол банкроттық. Оны сот анықтайды” [7,144 б].

Алдында айтылғандай “Банкроттық туралы” Заң елеулі белгілерге көрсету жолымен дәрменсіздік ұғымын жаңадан анықтады. Заңның 1 бабына сәйкес дәрменсіздік деп сот таныған, кредиторлардың жалақы төлеу жөніндегі талаптарын қоса алғанда, ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын борышкердің толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі, ал қазіргі Оңалту және банкроттық туралы Заңда дәрменсіздік – кредиторлардың ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі деп көрсетілген.

Банкроттық ұғымын қарастыра келе, заң азаматтық құқықта борышкердің ұғымын анықтауда дәстүрлі тәсілден қарағанда, оны түсінуде тар мағынаны қолданатына көңіл аудару керек, яғни борышкер деп тек несие берушіге ақшалай соманы төлеуге тиіс тарапты түсінеді, ал Азаматтық кодекс борышкер деп – несие берушінің талабы бойынша белгілі бір әрекеттер жасауға: тауар беру, жұмыс жасау, қызмет көрсету, ақша төлеу және т.б. міндетті тарап дейді. Басқа жағынан, заң тек азаматтық-құқықтық міндеттемелермен ғана шектелмейді, ол салық және басқа міндетті төлемдерді төлеудің жария-құқықтық міндетін де ескереді.

Банкроттықтың негізгі белгісі ретінде жаңа заң борышкердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де ақшалай сипаттағы талаптарды орындауға қабілетсіздігі, егер онымен міндеттеме орындау мерзімі жеткен кезден бастап үш ай ішінде орындалмаудан құрылатын “төлем қабілетсіздігі” белгісін таңдады. Ақшалай міндеттемелер мен міндетті төлемдердің құрамы мен мөлшері сотқа борышкерді банкрот деп тану туралы арыз берілген кезден бастап анықталады.

Ақшалай міндеттемелердің мөлшерін анықтаған кезде берілген тауарлар, атқарылған жұмыстар және көрсетілген қызметтер, борышкермен төлеуге тиіс проценттерді қосқанда несие сомасы үшін ғана қарыз есепке алынады. Дәл сол уақытта дәрменсіздік туралы істің барлық сатыларында банкроттық рәсімге дейін борышкермен өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамаумен байланысты міндеттемелер (айып төлеу (айыппұл, өсім) және залалдар) есепке алынбайды. Осындай тәсіл салық және басқа міндетті төлемдерді уақытында аудармағаны үшін қолданылуға тиіс қаржы жауапкершілігі шараларына да белгіленеді [8, 69 б].

Сонда да, банкроттық белгілерін анықтаудағы осындай тәсіл кредиторларға борышкерден банкроттық рәсімге залалдар мен айып төлеуді, оған қоса қаржы санкцияларын өндіріп алуға кедергі жасамайды, бірақ осы талаптар заңның 100 бабына сәйкес барлық басқа талаптар өтелгеннен кейін бесінші кезекте өтелетінін есте сақтау қажет.

Бір уақытта, заңның 87 б. 1 т. 3 тармақшасына сәйкес борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғау туралы шешім шығарған күннен бастап банкрот берешектерінің барлық түрлері бойынша айып ақылар мен сыйақылар (мүдделер) есептеу тоқтатылатының көздейді.

Заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс сотпен қозғалуы мүмкін, егер кредиторлардың борышкерге қоятын талаптары жиынтығында жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмаса.

“Ресей заңы төлемеу фактісі мен олардың уақыт шегіне қоса 500 еңбек ақының минималды мөлшерінен аз емес минималды берешегін орнатады. Ұқсас тәсіл Англияның заңнамасында бар (онда минималды берешек, 750 фунт стерлингті құрайды), Франция құқығында дәрменсіздіктің формальды белгісі – төлемдерді тоқтату жеткілікті” [8, 67 б].

Қазіргі уақытта шаруашылық субъектілер мәмілелер жасаған кезде өздерінің міндеттемелерін негізінен шетел валютасында анықтаған кезде, шетел валютасы курсының өсуі және тиісінше тенге курсының түсуі жағдайында кәсіпорындар үшін көрсетілген сома өте елеусіз болып қалады, жосықсыз фирмалар қалыптасқан жағдайды борышкерді дәрменсіз деп тану рәсімінің қарапайым болмағанына қарамастан бәсекелестерін жою үшін пайдалануы мүмкін.

Жаңа заңда жаңалықтардың бірі ретінде, ақшалай міндеттемелердің мөлшері орнатылды деп есептеледі, егер ол соттың заңды күшіне енген шешімімен немесе осы талаптарды борышкермен тану туралы құжаттармен расталса. Берешекті мойындаудың дәлелі ретінде борышкерден берешекті өндіру туралы күшіне енген сот шешімдері, қарызды өтеу туралы салық инспекциясының актісін жарамсыз деп тану туралы борышкердің талап арызынан бас тарту, кінә қоюға жауап, есептерді екі жақты тексеру актісі, қарызды растайтын борышкердің кез келген құжаты. Егер кредитор өзінің борышкерге талаптары туралы ғана айтумен шектелмей, сотқа берешекті мойындау дәлелін ұсынса, ақшалай міндеттемелердің мөлшері мен негізділігі сот қарауының пәні бола алмайды.

Бұрынғы сияқты, жаңа заң борышкерді дәрменсіз деп танудың екі тәсілін көздейді: сот шешімі бойынша немесе банкроттықты ерікті түрде жариялау. Борышкерді сот шешімі бойынша банкрот деп мойындау тәртібі басқа тарауда қарастырылатын болғандықтан, борышкердің дәрменсіздігі туралы ерікті мойындау тәртібіне көңіл аудару қажет, өйткені жаңа заңдағы нормалар бұрынғылардан қарағанда елеулі түрде ерекшеленеді.

Өз еркімен таратылуы туралы хабарлама, борышкердің сотқа жүгінуін құқық ретінде қарастыратын бұрын әрекетте болған заңнамадан қарағанда, арыз борышкердің басшысымен міндетті түрде тиісті міндеттемелер пайда болған кезден бір ай кешіктірмей берілуі керек

жағдайларын көздейді. Егер бұрын кредитордан борышкерден ерікті таратылу туралы мәлімдемесіне жауап алмаған кезде, бұрынғы заң соңғысына осы рәсімді қолдануға құқық берсе, ал жаңа заң борышкер кредиторлардан жазбаша келісім алуын міндетті етті.

Борышкерді банкрот деп тану рәсімі кредиторлар көп болған жағдайына есептелген. Осы жағдай жоқ болғанда, егер кредитор біреу ғана болса, пайда болған проблеманы талап қою өндірісі арқылы шешу керек.

Заң дәрменсіз ұйымдарды оңалту рәсімдеріне қатыстыру жолымен экономикалық сауықтыруға бағытталған. Бұл оңалту рәсімдерін енгізуге қажет құжаттардың тізімін қысқартуда өз көрінісін тапты. Оған қоса оңалтушы басқарушылар соттарда мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылды. Осы санаттағы кәсіпорындарда мемлекеттік сатып алуларда әлеуетті өнім берушілер ретінде қатысуға мүмкіндік пайла болды.

Бірқатар басқа заң актілеріне де толығымен жаңадан түзетулер мен өзгертулер енгізілді, соның ішінде Азаматтық кодекс, Қылмыстық Кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс, Бюджет және Салық кодекстері, оған қоса “Астық туралы”, “Жеке кәсіпкерлік туралы”. Әдейі және жалған банкроттық сияқты құқықбұзушылықтарға қылмыстық және әкімшілік жауаптылық күшейтілді.

Банкроттық және әкімшілік басқарушылардың, оңалтуды басқарушылардың банкроттық туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылығы көзделді.

Тиісінше, банкроттық саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтыруға және кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту құқығы берілді.

«Банкроттық» ұғымы экономикада, құқықта, саясатта, психологияда көбінесе жеке-жеке, бір-бірінен бөлек қолданылады, сондықтан тиісті ғылым өкілдері ұғымды бір жақты түсіндіреді, оның мазмұнын өз ғылымы шегінде ғана қарастырады.

Экономикалық категория ұғымын анықтау, оны қоғамдық ұдайы өндірістің әр түрлі үдерістерінде қолдану қажеттігін айқындау бұл категорияны функциясы бойынша қоғамдық қызметінің көрініс табу түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Егер функцияны категорияның қоғамдық қызметінің көрініс табу формасы ретінде түсінсек, онда дәрменсіздік ұғымында ол функциялар қамтылуы тиіс.

«Дәрменсіздік» категориясы біртұтас шаруашылықты білдіретін көп жақты экономикалық қатынастардың ішкі құрылымының логикалық көрінісін түзеді.

Екінші жағынан, «дәрменсіздік» категориясында неғұрлым нақты мән бар, ол зерттелетін экономикалық өмірдің бір түрін, бір жағын ғана қамтып көрсетуі мүмкін. Алайда, олардың бірде-бірі басқа категориялардан оқшауланбайды.

Уақыт өте келе категориялар белгілі бір өзгерістерге ұшырайды. Категориялар өз дамуында серпінді де өзгермелі, ал нарық әу бастан солай.

Заттың ішкі мазмұнында оның мәні ең басты болып есептеледі және оның барлық қасиеттері мен қатынасында біртұтас күйде көрініс табады. Категорияны зерттеудің бастапқы кезеңінде дәрменсіз кәсіпорындардың оған қатысты әдіснамалық негіздерін анықтап алу қажет.

Төменде осы экономикалық категорияның мәнін ашудың әдіснамасы мен негізгі кезеңдерімен байланысты басты сәттері көрсетілетін кесте берілген (кесте 1).

1 кесте - Кәсіпорындардың дәрменсіздігін танып білудің әдістемелік негіздері

Таным критерийлері	Таным сипаттамасы
Кәсіпорынның өмірлік циклі ретіндегі дәрменсіздік	- Даму сипаты - Даму кезеңі мен қарқыны
Қосарлы категориялардың ілеспелігі	- Залалдылық (шығынды ақтамау) - Залалсыздық - Төлем қабілеттілігі - Төлем қабілетсіздігі - Дәрменділік - Дәрменсіздік - Банкроттық
Дәрменсіздікке әсер ететін факторлар	- Макроэкономикалық факторлар - Микроэкономикалық факторлар
Айқындау тәсілі	-Әріптестердің экономикалық қарым-қатынасы арқылы -Несие берушілер талабы бойынша -Ағымдық қызмет пен берілген есепті талдау -Аудиторлық тексеру -Экономикалық болжам жолымен
Дәрменсіздікті анықтау көрсеткіштері	-Ағымдық өтімділік коэффициенті -Өз қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенті -Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенті
Ескерту : Зерттеушілер еңбектерін жинақтап қорыту негізінде жасалған авторлық тұжырым	

«Дәрменсіздік» ұғымы шаруашылық тұрмысында өзінде жүріп жатқан үдерістер мәніне байланысты тек дәрменсіздікке жақындаған, бірақ әлі «дәрменсіз» болып саналмайтын кәсіпорындарға қатысты жиі қолданылатынын атап өткен жөн. Нақты айтқанда, шаруашылық тұрмыста да терминдерді осылай қолдану әдепсіздік болар еді, одан да тек төлем қабілетсіздігі туралы айтқан дұрыс. Басқа сөзбен келтірсек, егер

кәсіпорынның банкроттығы (дәрменсіздігі) «бизнестің өлуі» болса, онда төлем қабілетсіздігі – тек оның «ауыруы». Экономикалық қатынастардың қандай да бір субъектісінің төлем қабілетсіздігі «дәрменсіздік» категориясынан ерекшеленетіндігі сөзсіз және қажетті, бірақ жеткіліксіз түрдегі шарты болып саналады [9, 28 б].

Егер борышкер күнделікті іс жүргізу барысында өз міндеттемелерін мерзімінде орындай алмаса, яғни пассив активтен ерекше асып кетсе, онда төлем қабілетсіздігі өз сипаты бойынша абсолютті деңгейге жетеді. Нақ абсолютті төлем қабілетсіздігі қандай да бір шаруашылық жүргізуші субъектінің «дәрменсіздігі» деп аталады.

«Банкроттық» «дәрменсіздік» терминінің синонимі ретінде жиі пайдаланылған.

Дәрменсіздікті экономикалық, қаржылық және заңдық деп бөліп қарайды.

Экономикалық дәрменсіздік өндірістік қорларды тиімсіз пайдаланудың салдары болып саналады. Қаржылық дәрменсіздік кәсіпорын өз қарыздарын уақытылы өтеуге қабілетсіз болған жағдайда туындайды. Борышкерді банкрот ретінде мойындау туралы өтініш негізінде сот банкроттық жайында іс қозғаған сәттен бастап кәсіпорын заңды түрдегі дәрменсізге айналады.

Менім пікірімше, зерттелетін категорияның нақ экономикалық мазмұнына ерекше мән берілуі қажет. Мен банкроттықты шаруашылық жүргізуші субъектілер санын реттеу құралы ретінде қарастыруды және меншіктік құқықты қайта бөлуді ұсынамын: табыстары өздерінің жиынтық шығындарын жаппайтын кәсіпорындар шаруашылық қызметті қаржыландыруға қабілетсіз болады, сөйтіп олар нарықтан кетеді, ал олардың игіліктері неғұрлым тиімді меншік иелеріне бөлініп беріледі. Нәтижесінде нарықта экономикалық орта талаптарына анағұрлым толық жауап беретін фирмалар қалады.

Басқаша айтқанда, банкроттық – арнайы экономикалық сот мойындаған экономикалық дәрменсіздік, оның тәжірибелік алғы шарты ағымдық төлемдерді орындамау ғана емес, сонымен қатар оны жою үшін негіз болып табылатын қарыздарды жабуға қажетті активтердің жеткіліксіздігімен де байланысты төлем қабілетсіздігі болып есептеледі. Дамыған шет елдермен салыстырғанда, ұлттық экономикадағы дәрменсіздік институтына деген сұраныс құрылымы өзіндік ерекшелікке ие. Ең алдымен, оны жоқ және салықтық есебін ұсынбайтын кәсіпорындар (шағын кәсіпорындар) санын қысқарту, сол сияқты төлем тәртібін (ірі кәсіпорындар үшін) қамтамасыз ету құралы ретінде мемлекет талап етеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер банкроттық институтына борышкер бизнесін (ірі кәсіпорындар, қаржылық құрылымдар) тартып алу, өтімді активтерді шығару және жинақталып қалған борыштан құтылу мақсатында сұраныс туғызады (менеджерлер, жергілікті органдары). Арнайы мүдде тұрғысынан біріккен топтардың әдейі рента иелену мақсатында банкроттық процедураны басым пайдалануы Қазақстанда банкроттық институтын құру институтционалды өзгерістер жасауға бағытталған тәсіл

ретінде сол институттың бұрмалану мысалы болып табылатындығын көрсетті. Нарықтық қатынастарға көшумен байланысты қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарда «Банкроттық» ұғымы пайда болды.

Әр түрлі елдердің заңнамаларында қабылданған құқық түрлері мен әдістері түрліше болғанымен, барлық заңнамалық жүйелерде меншік құқығы мен оның кепілдігі басты орын алады. Борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп жариялау немесе борышкердің өз дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы өзі жария етуі осы мүліктік құқығын жүзеге асыру (немесе жою) үшін алдыға қойылады. Сөйтіп, құқық заңды тұлғаның дәрменсіздігін соттың жария етуі түрінде көрініс табады. Заңды тұлғаны жою оның құқықтары мен міндеттемелері мирасқорлық жолымен басқа тұлғаларға көшірілмей тоқтатылуына апарып соғады. Сондықтан, көптеген зерттеушілердің пікірінше, банкроттық категория ретінде негізінен заңдық қатынастарды білдіреді.

Қарыздық қатынасты құқықтық рәсімдеусіз елестету мүмкін емес, сол себепті бүгінгі күні банкроттық бойынша әдебиетте оның анықтамасына құқықтық тұрғыдағы көзқарас басым көрінеді.

Қарыздық қатынастарды зерттеудің бастапқы пункті өзара тығыз байланысты, бірақ салыстырмалы түрде өзінше екі жақты, яғни экономикалық мазмұн мен заңдық форманы нақты анықтап айыру болуы тиіс, алайда оларды жылжытуға да, бір-біріне қарама-қарсы қоюға да орын жоқ.

Банкроттықты анықтауға деген экономикалық көзқарас шаруашылық жүргізуші субъектіні дәрменсіздікке алып келген себептерді зерттеуге баса мән береді.

Борышкерді банкрот деп тану туралы кредитордың өтінішін сотқа беру құқығына, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар — азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер жөніндегі кредиторлар ие болады.

Сондықтан салық органдары ұйымды банкрот деп тану туралы талап-арызды сотқа беру алдында ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына, оның міндеттемелерінің орындалу деңгейінің төмендеуіне, салық және басқа кредиторлық берешектің өсуіне, мүлікті, құнды қағаздар мен ұйымның басқа да активтерін шығару мақсатындағы мәмілелер және ұйымның әдейі банкроттығын тудыратын басқа да мәмілелер жасасуына назар аударуы қажет.

Салық органдары құқық қорғау органдарына ұйымның әдейі банкроттықты тудырған немесе тудыруы мүмкін мәмілелерін жарамсыз деп тану туралы талапты сотқа беру туралы қолдау хатымен жүгінуі қажет.

ҚР Қылмыстық кодекс және «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес әдейі банкроттық — заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің жеке мүдделері үшін немесе өзге де тұлғалардың мүдделері үшін

жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде төлем қабілетсіздігін қасақана жасау немесе ұлғайтуы болып табылады.

Төлем қабілетсіздігін ұлғайту алдын ала пайдасыз мәмілелерді жасасу, бөгде борыштарды кепілдемеші ретінде өз мойнына алу, мүлікті аффилиирленген компанияларға немесе құрылтайшыларға беру, басқа да әрекеттер арқылы жасалуы мүмкін.

Аталған әрекеттерді қылмысты деп тану үшін, олар ірі залал немесе басқа ауыр салдарын тигізу қажет (оның ішінде үлкен зияндар немесе әдейі банкрот болған тұлғаның кредитор ұйымдарының құлдырауы, салық төлемеу, банкрот болған фирманың жұмыскері құқығының бұзылуы — оның жұмыстан айырылуы, жалақысының төленбеуі және т.б., — өңірге қажетті өнімді шығармауы, т.б.)

Ауыр салдарға соқтырған төлем қабілетсіздігін жасау немесе ұлғайту қасақана болған жағдайда және бұзушының жеке мүдделерінде немесе басқа тұлғалардың мүдделерінде жасалған жағдайда, әдейі банкроттық деп бағаланады. Ал кейбір жағдайларда басшы өзі басқарып отырған ұйымды төлем қабілетсіздігі төмен жағдайға қасақана емес, дөрекі қателіктер жіберу, қаржы немесе сауда операцияларын табысты деп таныған экономикалық сауатсыздығы салдарынан қателіктер жіберу нәтижесінде болуы мүмкін.

Әдейі банкроттық белгілерін анықтау сот банкроттық туралы іс бойынша өндіріс қозғаған жағдайда және борышкерге міндетті тапсырмалар беруге немесе қалайда оның қызметін анықтауға құқылы тұлғалардың әрекеттерін құқықсыз деп тануға негіздемелердің болуы жағдайында жүргізіледі. Бұл белгілер іс қозғалғанға дейінгі кезеңде де, банкроттық рәсімі барысында да анықталуы мүмкін.

Әдейі банкроттық белгілер деп жоғарыда аталған тұлғалардың, кредитордың қаржы міндеттемелері бойынша талаптарын қанағаттандыруға және (немесе) міндетті төлемдерді төлеуге борышкердің қабілетсіздігін тудырған қызметтері болып табылады.

Әдейі банкроттық белгілерін анықтау мақсатында, әдейі және жалған банкроттық белгілерінің болуы (болмауы) туралы сараптама жүргізу бойынша, Әдістемелік кеңестерге сәйкес борышкердің қаржы-шаруашылық қызметінің келесі талдаулары жүргізіледі.

1. Борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудегі өзгерістерді сипаттайтын көрсеткіштер саналады.

2. Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету көрсеткіштерінің нақты төмендеуі белгіленген жағдайда, борышкердің көрсеткіш динамикасына себепші болатын талдауға алынып отырған кезеңдегі мәмілелеріне сараптама жүргізіледі.

Бұл орайда, мәміленің борышкер үшін алдын ала тиімсіз шарттарына мыналар жатады:

- Көрсетілетін тауарға, жұмысқа, қызметке нарықтық бағадан төмендетілген немесе асырылған бағалар;
- Борышкер үшін алдын ала тиімсіз мерзімдер және (немесе) салынған немесе сатып алынған мүлік бойынша төлем тәсілі;

- Борышкердің міндеттерден арылу немесе өз мойнына алудың кез келген әдістері, егер олар берешек сомасының азаюына соқтырмаса.

Борышкердің мүлік меншік иесі (оған уәкілетті орган), құрылтайшы және (немесе) заңды тұлға — борышкердің лауазымды тұлғалары дәрменсіз борышкердің кредиторлары алдында борышкерді төлем қабілетсіздігіне әдейі әкелгені үшін оларға тиесілі мүлігімен субсидиарлық жауапкершілік тартады.

Заңды тұлға-банкроттың лауазымды тұлғасы борышкерді төлем қабілетсіздігіне әдейі әкелгені үшін мүлік меншік иесіне залалын өтейді.

Бұл орайда, әдейі банкроттық салық берешегін төлеуден бас тарту әдісі болғандықтан, залал сомасы болып барлық салық түрлері бойынша және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша салық берешек сомасы болып танылады.

Әдейі банкроттықтың мәні борышкердің борыштарды толығымен төлеуге мүмкіндігі бола тұра (яғни кәсіпорын төлемге қабілетті болып табылады), басшысы сотқа банкроттық туралы арыз береді. Бұл, әдетте, кредиторлардан төлемдерді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу немесе борыштардан шегерім жасатқызу мақсатында жасалады. Мұндай арыз берген борышкер кредиторлар алдында осы арызбен келетін зиян үшін жауапкершілік артады.

ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы мен ҚР қылмыстық кодексі жалған банкроттық деп – кредиторларға тиесілі төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту немесе борыштардан жеңілдіктер алу үшін, сол сияқты борыштарды төлемеу үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатымен заңды тұлға құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының, органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің әрекеттері және (немесе) қабылдаған шешімдері нәтижесінде өзінің төлем қабілетсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлауы деп түсінеді, егер осы әрекеті үлкен зиян келтірсе.

Осындай әрекеттер үшін ең үлкен жаза — белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Банкрот деп танудың немесе жариялаудың нәтижесі кредиторлардың, бюджеттің, мемлекеттік бюджеттік емес қорлардың талаптарын әділетті, яғни тең және заңмен белгіленген кезекте орындалған қанағаттандыру болып табылады. Сондықтан әдейі банкроттық барысында борыштарды төлемеу нәтижесінде келтірілген үлкен залал кредиторларға, салық және басқа уәкілетті органдарға өздеріне тиесілі қаражаттың түспеуі болып табылады.

Сот тәжірибесіне сүйенсек, жалған банкроттық туралы нормаларды қолдануға келмесе, әдетте, ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша «алаяқтық» қолданылып, ол одан да қатаң жазаны тартады (мүлік тәркілеумен қоса 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру). Алайда бұл

қылмыстар арасында айырмашылықтар бар. Жалған банкроттық барысында залалды қайтармаған жағдайда болады. Ал алаяқтық меншікке қол сұғудың бір нысаны болып табылып, оның нәтижесінде бөтен мүлік тартып алынады немесе ондай мүлікке заңсыз құқық алынады [10].

Әдейі және жалған банкроттық белгілерінің болуы (болмауы) туралы сараптама жүргізу бойынша Әдістемелік кеңестерге сәйкес жалған банкроттық белгілерін анықтау, өндірісте борышкер ұйымның өз арызы бойынша экономикалық сотпен қозғалған банкроттық туралы іс болған жағдайда жүргізіледі. Жалған банкроттық белгісі ретінде борышкердің оны банкрот деп тану туралы арызымен сотқа жүгіну күнінде кредиторлар талаптарын толық көлемде өтеуге мүмкіндігінің болуы болып табылады. Ол үшін борышкердің қысқа мерзімді міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі, оның айналымдық активтерімен анықталады.

Қысқа мерзімді міндеттемелерде, негізгі борыштың көлемінен басқа, танылған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да қаржылық (экономикалық) санкциялардың көлемін ескеру қажет. Айналымдық активтер мүмкіндігінше олардың жойылуын есепке ала отырып, қарастырылады.

Заңды тұлға-борышкерді сот банкрот деп таныған жағдайда, уәкілетті орган шешімнің заңды күшіне енген уақытынан бастап бес күндік мерзімде банкроттық басқарушыны тағайындап, ол өз кезегінде әдейі және жалған банкроттық белгілеріне тексеру жүргізіп, борышкердің ҚР «Банкроттық туралы» Заңының 6 бабында көрсетілген жағдайларда, жасалған мәмілелерін анықтайды және оларды жарамсыз деп тану туралы немесе мүлікті сот тәртібімен қайтару туралы талаптар қояды.

Комитеттің аумақтық органдары банкроттық және оңалту басқарушыларынан банкроттық немесе оңалту рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпарат жинау мен талдауды ұйымдастырады. Комитет қылмыстық-жазаланатын іс белгілерін анықтаған жағдайда, материалдарды іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін қаржы полиция органдарына жолдау бойынша шаралар қолданады.

Қаржы полиция органдары әдейі және жалған банкроттық белгілерін растаған жағдайда, Комитеттің аумақтық органдары куәлік базасын жинау мен сот процестеріне қатысу үшін қаржы полиция органдарымен бірлескен жұмыстар ұйымдастырады.

Әдейі банкроттық жасаған үшін кінәлі тұлғаларды қылмыстық немесе әкімшілік жазаға тарту жағдайында, Комитет мүлік құқық иеленушісіне, құрылтайшыға және (немесе) ұйымның лауазымдық тұлғаларына **субсидиарлық міндеттемелер** жүктеу туралы сот талап беру бойынша шаралар қолданады.

Комитет бұл бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ, жоғарыда айтылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамының белгілерін анықтау, сондай-ақ кәсіпорынның әдейі банкроттығын немесе тұрақты төлем қабілетсіздігін тудырған мәмілелерін жарамсыз деп тану бойынша шаралар жүргізу жөнінде Әдістемелік кеңестерді бекітеді.

Банкроттық және оңалтуды басқарушылар, кредиторлардың немесе уәкілетті органның мәлімдемесі бойынша санацияға қатысушы банкроттық туралы істі қозғауға дейінгі үш жылға дейінгі кезең ішінде борышкердің өздеріне берген мүлкін қайтаруды олардың алдындағы міндеттемелер басқа кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіріле отырып, мерзімінен бұрын орындалған кредиторлардан талап етуге міндетті. Бұл жағдайда кредиторлардың құқықтары ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының ережелерімен қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда аталған негіздемелер бойынша банкроттық туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл ішінде, шаруашылық серіктестігінің қызметшілеріне (қызметкерлеріне), қатысушыларына дәрменсіз борышкердің басшысына берген мүлік талап етілуі мүмкін. Мүлікті талап ету туралы ережелер мүлікті жұбайына, тікелей өзінен тарайтын және шыққан тегі бойынша туыстарына беру жағдайларына да қолданылады.

Өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оңалтуды немесе банкроттық басқарушы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша борышкердің мүлкін үшінші тұлғалардан талап ету туралы, борышкер жасасқан шарттарды бұзу туралы талап қоюға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген, борышкердің мүлкін қайтаруға бағытталған өзге де әрекеттер жасауға құқылы.

ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 47 бабына сәйкес әдейі банкроттық белгілеріне прокурорлар да, егер олармен сондай белгілер қаралатын болса, борышкерді банкрот деп тану туралы арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

ҚР Қылмыстық кодексінің 8 тарауы экономика саласындағы қылмыстарды қарастырады. Ондай қылмыстарға мыналар жатады: заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік, заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражат пен өзге мүлікті заңдастыру, экономикалық контрабанда, банкроттық жағдайдағы құқықсыз әрекет, әдейі банкроттық, жалған банкроттық, бухгалтерлік есеп ережелерін бұзу, ұйымның да, азаматтың да салық төлеуден бас тарту және т.б.

Банкроттық кезінде жоғарыда аталған қылмыстардың көпшілігі анықталады, мысалы, кәсіпорындарда кассалық операцияларды жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізу тәртіптері салық салуды азайту мақсатында көп бұзылды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 237-бабы банкроттық жағдайдағы заңсыз әрекеттерге арналған. Ондай әрекеттер мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді немесе мүлік туралы өзге де ақпараттарды жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, экономикалық қызметін көрсететін бухгалтерлік және өзге де есеп құжаттарын жою, бұрмалау, егер бұл әрекетті банкроттық жағдайында немесе банкроттықты күн ілгері біле

отырып, борышкер ұйымның басшысы немесе меншік иесі, не жеке кәсіпкер жасап, ірі зиян келтірсе.

Сондай-ақ бұл бап өзінің шын мәнінде дәрменсіздігін (банкроттығын) білетін борышкер ұйымның басшысы немесе меншік иесі, сол сияқты банкроттық рәсім немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік берілген адам басқа несие берушілерге көпе-көрінеу зиян келтіре отырып, жекелеген несие берушілердің мүліктік талаптарын заңсыз қанағаттандыруы, егер бұл әрекет ірі мөлшерде зиян келтірген болса, бес жүзден жеті жүз АЕК дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұрынғы заң сияқты, Оңалту және банкроттық туралы Заңда банкроттық туралы істер бойынша даулар соттармен қарастырылатыны көзделеді. Жинақталған тәжірибеге сай, жаңа заңның 4 тарауы “Банкроттық туралы істерді сот тәртібімен қарау” ескі жарлықтың ережелерін елеулі түрде кеңітті және дамытты, бар олқылықтарды толықтырды.

Банкроттық туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртібі мәселесіне көшу алдында, осы санаттағы істерді қарастыру кезінде іс жүргізушілік нормаларды қолдану мәселесін зерттеу қажет.

Кез-келген санаттағы істерге, соның ішінде банкроттық туралы істерге бірегей ережелер Азаматтық іс жүргізу кодексінде орнатылған. Осымен бірге, “Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер банкроттығы туралы істерді қарастыру” деп аталатын 313 бапта осы істер АіЖК көзделген ережелер бойынша, банкроттық туралы заңнамамен орнатылған ерекшеліктерімен сотпен қарастырылады. Осы ереже көрсетілген заңның 41 бабында бекітілген [11].

Банкроттық туралы заңның 8 бабына сәйкес банкроттық туралы істер соттармен заңнамаға сәйкес анықталатын борышкердің орналасқан жері бойынша қарастырылады.

Арызды сотқа беру үшін екі белгінің болуы қажет: біріншіден, борышкер-заңды тұлғаға талап жиынтығында 100 айлық есептік көрсеткіштен аз болмауы керек; екіншіден, көрсетілген талаптар үш ай ішінде төленбеуі қажет. Көрсетілген белгілердің қайсысы болсын болмауы борышкерді банкрот деп тану туралы арызды қабылдаудан бас тарту негізі болып табылады.

Осы процестің ерекшелігі ретінде онда, талапкер жоқ, арыз беруші бар, мұнда тіпті жауапкердің жоқ болуы болады. Дәрменсіз деп тану туралы арыз кредитормен, немесе борышкердің өзімен берілуі мүмкін. Арызды беру субъектісіне байланысты заң оны ресімдеу мен мазмұнына әртүрлі тәртіп орнатады.

Борышкердің өзімен арыз берген кезде заң келесі ережелер орнатады. Арыз сотқа жазбаша нысанда беріледі. Ол борышкер-заңды тұлғаның басшысының немесе оны құрылтайшы құжаттарға сәйкес алмастыра алатын

тұлғаның қол қоюымен куәландырылуы керек.

Арызға тек борышкердің басшысы немесе оның орынбасарымен ғана қол қою фактісіне көңіл аудару керек. АіЖК көзделген талап арызға қол қою құқығы өкілге берілуі мүмкіндігі ережесінен қарағанда Оңалту және банкроттық туралы Заңның 67 бабы өкілеттіктерді осындай беруге жол бермейді.

Борышкер арыз көшірмелерін кредиторларға және іске қатысатын өзге де тұлғаларға жіберуге міндетті. Тіркелетін құжаттар тізімі Оңалту және банкроттық туралы Заңның 42 бабында көрсетілген. Кредитормен берілетін арыздың тәртібі мен мазмұны Заңның 44 баптарымен реттеледі.

Арыз борышкер беретін арыз жағдайындағыдай жазбаша нысанда беріледі, бірақ айрықша ерекшелік ретінде осы арызға кредитор-заңды тұлға басшысы ғана емес, оның өкілі де қол қоя алады. Онда келесі ақпарат көрсетілуі керек: кредитор арыз беретін соттың атауы; борышкердің атауы және орналасқан жері; арыз берген кредитордың атауы және орналасқан жері; борышкердің кредитор алдындағы міндеттемесі, оны міндеттеменің орындалу мерзімі; осы кредитордың борышкерге талаптарының мәні мен сомасы; міндеттеме бойынша берешектің сомасы және борышкерден өндірілуге тиіс осы сомаға есептелген сыйақы (мүдде), айып төлеу (айыппұл, өсім) және залалдар; кредитор талаптарының орнатылған құқықтық негіздері (сот шешімі, осы талаптарды борышкермен мойындау, ал олар жоқ болғанда – кредитор талаптарын негізділігін растайтын дәлелдемелер және олардың сомалары); кредиторға белгілі борышкердегі бар мүлік туралы мәліметтер; тіркелетін құжаттар тізімі; талаптармен борышкерге жүгінудің дәлелі; банкроттық туралы істі қарастыруға қажетті өзге де мәліметтер.

Кредитордың борышкерге талаптары борышкердің әртүрлі міндеттемелеріне негізделген жағдайларда, олар біріктірілуі керек. Оған қоса бір арызда бірнеше кредиторлардың талаптары біріктірілуі керек.

Арызға тіркелетін құжаттар екі түрге бөлінеді. Біріншілері – АіЖК 151 бабымен көзделген, екіншісі – банкроттық туралы заңда аталған құжаттар.

Салық және салық пен бюджетке өзге де міндетті төлемдер бойынша өзге уәкілетті мемлекеттік органның борышкерді салықтар мен бюджетке міндетті төлемдерді төлей алмау қабілетсіздігіне байланысты банкрот деп тану туралы арызы, егер Заңмен өзге көзделемесе немесе құқықтық қатынастардың мағынасынан туындамаса, Заңмен кредитор арызына қатысты көзделген талаптарды сақтай отырып сотқа беріледі.

Прокурор сотқа борышкерді банкрот деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы: 1) жалған банкроттық белгілері анықталғанда; 2) кредитор – Қазақстан Республикасы мүдделеріне; 3) жоқ борышкер кредиторларының мүдделеріне.

Прокурордың арызы сотқа банкроттық туралы Заңмен кредитор арызына қатысты көзделген талаптарды сақтай отырып беріледі.

Дәрменсіздік туралы істерді қарау экономикалық даулар бойынша істерден елеулі түрде ерекшеленген соң, банкроттық туралы заңды

басшылыққа алу керек.

Сотқа жүгіну үшін мемлекетті баж салығын төлеу керек. ҚР Салық кодексінің 535 бабына сәйкес заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы арыз 5 АЕК мемлекеттік баж салығымен төленеді [12].

Барлық қажетті талаптарды сақтаған және қабылдау немесе қайтару үшін негіздер жоқ болғанда сот арыз түскеннен бес күннен кешіктірмей істі қозғау туралы ұйғарым шығарады. Банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмесі сотпен борышкер, арыз беруші, уәкілетті орган және борышкер орналасқан жердегі атқарушылық іс жүргізудің аумақтық органына жіберіледі.

Банкроттық туралы жаңа заңның жаңалықтары ретінде “Кредиторлар талаптарын қамтамасыз ету” 51 бабы болып табылады. Сот кредиторлар талаптарын қамтамасыз ету бойынша АіЖК 159 бабымен көзделген шараларды қолданады: мүлікке немесе ақша қаражатына тыйым салу; белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу; басқа тұлғаларға белгілі бір әрекеттер жасауды тоқтату; атқарушы құжат бойынша өндіруді тоқтату; мүлікті жүзеге асыруды тоқтату.

Жоғарыда аталған шаралар, кредитор, прокурор немесе іске қатысатын өзге тұлғаның өтінімі бойынша азаматтық процестің кез келген сатысында қабылданады, соттың өз бастамасы бойынша шараны қабылдауға болмайды. Кредиторлар талаптарын қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдану туралы шешім сотпен арыз түскен күні қарастырылады.

Банкроттық туралы істерді қарастыру сұрағын зерттеген кезде, заңнамамен орнатылған талаптар сәйкес келетін борышкерді банкрот деп тану туралы арызды алған кезде, сот арыз түскеннен кейін бес күннен кешіктірмей істі қозғау туралы ұйғарым шығаратыны туралы заңның ережесіне көңіл аудару керек.

Банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмесі сотпен борышкер, арыз беруші, уәкілетті орган және борышкер орналасқан жердегі атқарушылық іс жүргізудің аумақтық органына жіберіледі.

Заңнамада жаңаға істерді қарастыруда тартылатын екі санаттағы тұлғаларды жатқызуға болады. Біріншісі – “банкроттық туралы істе қатысатын тұлғалар”. Оларға: борышкер, банкроттық басқарушы, кредиторлар, салық және өзге уәкілетті органдар, прокурор, банкроттық және қаржылық сауықтыру істері бойынша мемлекеттік орган, заңмен көзделген жағдайларда өзге тұлғалар. Екінші санат – “банкроттық туралы іс бойынша азаматтық процеске қатысатын тұлғалар”: борышкер қызметкерлерінің өкілі, борышкер мүлкінің меншік иесінің өкілі, заңмен көзделген жағдайларда өзге тұлғалар. “...Осы тұлғалар жіктелуінің аяқталмауы қарсылықтар тудырады, тізім ашық болып табылады, бұл банкроттыққа қатысты тұлғаларды қандай да бір санатқа жатқызуда кейбір қиындықтар мен дауларды тудырады” [13, 54 б].

Сонымен бірге банкроттық рәсімдерінің тиімділігі мен теріс пайдаланулардың деңгейі, жүйелі сипатқа ие заңнама мен банкроттықтың тәжірибесі мәселелерінің шешілмегендігімен байланысты.

Банкроттық туралы әрекеттегі заңнаманың негізгі кемшіліктері ретінде банкроттық рәсімдеріне бақылау (банкроттық және оңалту өндірісі) Заңмен сот органдары мен дәрменсіз кәсіпорынның несие берушілер комитетіне жүктелген болатын.

Бірақ соттар өздерінің артық жүктемесінен банкроттық рәсімдерінің жағдайына лайықты баға беруді қамтамасыз ете алмайды, олар тек мәселенің іс жүргізушілік жағымен ғана шектелуге тура келеді. Дәл сол уақытта уәкілетті орган ретінде белгіленген Акционерлік қоғамда, Заңмен және акционерлік қоғам мәртебесімен бақылау мен банкроттық рәсімдерді түзету функциясы көзделмеген. Әрекеттегі заңнама уәкілетті органды банкроттық рәсімдерінде бюджетке міндетті төлемдер бойынша несие берушілердің мүдделерін білдіретін орган ретінде ғана анықтады.

Соңында банкроттық пен оңалту рәсімдерінің маңызды субъектісі болып табылатын банкроттық және оңалтуды басқарушы бақылаудан тыс қалды, өйткені несие берушілер комитеті олардың өкшесінің астында қалады және банкроттық пен оңалтуды басқарушылармен тиісті келісімдерді жасасулы қамтамасыз ете алмайды. Заңды көптеген бұзу фактілері кезінде олар көптеген эпизодтар бойынша соттылыққа жатпайды, өйткені банкрот болса да үлкен кәсіпорындарды басқарса да, лауазымды тұлғалар болып табылмайды.

Несие беруші – еңбекке ақы төлеуді, авторлық сыйақыны, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті түрде төленетін төлемдерді қоса алғанда, азаматтық-құқықтық және оның өзге міндеттемелерін туындайтын борышкерге мүлктік талаптары бар адам, заңды тұлға. Несие берушінің банкроттық істегі орнына тоқталар болсақ, «Оңалту және банкроттық туралы» заңның 22-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша несие берушінің өтініші негізінде банкроттық туралы іс қозғалады.

Несие берушілер комитеті «Оңалту және банкроттық туралы» заңның 94-бабына сай оңалтуды және банкроттық басқарушының іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру үшін несие берушілердің өкілін сайлауға, сот алдында оңалту рәсімін өткізу, оны ұзарту немесе тоқтату туралы өтініш жасауға, оңалту жеке банкроттық басқарушыларға төленер төлем мен сыйақы мөлшерін тағайындауға, олардың бұрыс істері бойынша сотқа шағым жасауға, оларды атқарып жүрген міндеттерінен шеттету, босату жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Егер, несие беруші банкроттық іс қозғағанға дейінгі 1 жыл аралығында борышкер жасаған келісім-шарттарда өз құқына өрескел зиян тигенін борышкер мүлкі басқа несие берушіге заңсыз деп тану жөнінде сотқа талап-арызбен шыға алады. Өкінішке орай, іс жүзінде несие берушілер осы бір мүмкіндіктерін көбіне пайдаланбайды.

Кәсіпорынды, мекемені, тағы басқа заңды тұлғаларды банкрот деп тану жөнінде іс қарағанда борышкердің қарызы мен алар берешегі туралы анықтама талап етіледі. Дегенмен, көп жағдайда борышкер кімге қанша қарыз, кімнен қанша алашақ екенін толық көрсетпейді.

Сондықтан да «Оңалту және банкроттық туралы» заңда несие беруші құқын қорғауға ерекше мән берілген. Аталған заң бойынша заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сот шешімі әділет министрлігінің арнаулы басылымында жарияланғаннан бастап екі ай ішінде несие беруші өз қарызын өндіру туралы банкроттық басқарушыға талап қою керек. Егер, банкроттық басқарушы талабын қанағаттандырмаса, сотқа шағым-арызбен 1 ай ішінде шығу керек.

Банкроттық басқарушы сот шешімі жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде несие берушілер талаптарының тізілімін жасап, оны сот ұйғарымымен бекіту қажет. Несие берушілер талаптар тізілімімен танысып, қарсы пікірлерін білдіре алады. Банкроттық басқарушы өз міндетін дұрыс атқармаса немесе ешқандай банкроттық жүргізу әрекетін жасамаса, ол Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» заңына сай мүдделі жақ арызы негізінде материалдық, әкімшілік яғни қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

«Оңалту және банкроттық туралы» заңда несие берушілер талабын қанағаттандыру кезегі де белгіленген. Менің пікірімше, заңның 96-бабында көрсетілген мүліктік массаны бөлу кезегі дұрыс емес, несие берушілердің, әсіресе, бірнеше жыл бойы еңбекақы көрмеген қарапайым еңбек адамы құқына әсері көп. 100-бап бойынша сот және әкімшілік шығыны кезектен тыс борышкер мүлкінен өндіріледі делінген. Мұнда көрсетілген сот шығыны – банкроттық іс қарағанда төленетін баж салығы бюджетке түседі.

Бұл дұрыс делік, ал әкімшілік шығыны банкроттық рәсім біткенде төленуі тиіс. Екінші кезекте кепілдікті несие берушілер көрсетілген, бұл да дұрыс емес. Кейбір борышкер мен «епті» несие беруші кепілдік келісім-шарт жасаудың жасауды жақсы меңгерген, соның нәтижесінде борышкер мүлкінің көп бөлігі кепілдік несие беруші еншісіне тиеді де, үшінші кезектегі еңбекақы, төртінші, бесінші кезектегі басқа несие берушілер қарызы төленбей қала береді. Сол үшін де «Оңалту және банкроттық туралы» заңның 72, 73-баптары несие берушілерге талаптар тізімімен танысуға, ол бойынша сотта бекіткенге дейін қарсы пікір білдіруге мүмкіндік берген, алайда несие берушілердің немқұрайды әрекеті кепілдік келісім-шартқа отырған несие берушілердің көбеюіне, сөйтіп борышкер мүлкіне ие болуына, басқа қарыздардың өтелмеуіне септігін тигізіп отыр.

Жалпы борышкер сот шешімімен банкрот деп танылғаннан бастап, несие берушілер қарызы борышкер мүлкін сатқан жағдайда ақшалай немесе мүліктей (келісім бойынша) төленеді [14,20 б].

Қорыта айтқанда, несие берушілер өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс жүзеге асырып, банкроттық рәсімді ұйымдастыру барысында жіберілетін кемшіліктерге жіті назар аударса екен дейміз.

«Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 5-бабында көзделген негіздер болған кезде оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу борышкердің немесе, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторды қоспағанда, кредитордың (кредиторлардың) өтініші негізінде сотта қозғалады.

Борышкердің банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішті сотқа жіберуге де құқығы бар.

Сотта банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 5-бабында көзделген негіздер болған кезде – борышкердің, кредитордың (кредиторлардың), Оңалту және банкроттық туралы Заңның 47-бабында көзделген жағдайларда – прокурордың, Оңалту және банкроттық туралы Заңның 82-бабында көзделген жағдайда – оңалтуды басқарушының өтініші негізінде қозғалады.

Салықтарға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты мемлекеттік кіріс органы және өзге де уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша кредитор — жеке және заңды тұлғалар борышкерді банкрот деп тану туралы кредитордың өтінішін сотқа беру құқығына ие болады.

Сот оңалту рәсімін қолдану туралы немесе борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарған кезден бастап оңалту немесе банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды деп есептеледі.

Борышкер, оңалтуды басқарушы берген банкрот деп тану туралы өтініш соттың тиісті шешімінсіз қайтарып алынбайды. «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 82-бабында көзделген негіздер бойынша өтініш берілген жағдайларды қоспағанда, кредитордың (кредиторлардың), прокурордың өтініштерін олар борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

Мыналар:

- 1) борышкер;
- 2) кредиторлар;
- 3) кредиторлардың еңбекақы төлеу жөніндегі өкілі;
- 4) прокурор;
- 5) борышкер мүлкінің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген тұлға;
- 6) уәкілетті орган;
- 7) уақытша басқарушы;
- 8) оңалтуды басқарушы оңалту немесе банкроттық туралы іске қатысушы тұлғалар бола алады.

Борышкер оңалту рәсімін қолдану немесе өзін банкрот деп тану туралы:

- 1) заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарымен уәкілеттік берілген органының;
- 2) борышкер мүлкінің меншік иесінің немесе ол уәкілеттік берген органның шешімі негізінде сотқа жүгінуге құқылы.

Борышкер «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 11-бабы 2-тармағының 1) – 3) тармақшаларында белгіленген жағдайларда өзін банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстандық заңнамаға банкроттық процесіне бақылауды енгізу жаңа рәсім болып табылады. О.Никитина айтқандай: “Бақылаудың мағынасы сот өндіріске борышкердің банкроттығы туралы арызды қабылдаған кезде ол нақты дәрменсіз болып табылатыны әлі анық емес, ал сыртқы бақылауды енгізу және оның басышысының өкілеттіктерін шектеу борышкердің төлем қабілеттігін орнатуға және мүлкін сақтап қалдырады. Оған қоса бақылау рәсімі борышкер-ұйымының және кредитордың мүдделерін сақтау арасында парасатты келісім болып табылады” [15, 33 б].

Жеделдетілген оңалту рәсімі борышкер мынадай шарттарға сәйкес болған:

1) борышкерге қатысты оңалту туралы немесе банкроттық туралы іс қозғалмаған;

2) борышкер коммерциялық ұйым болып табылған;

3) борышкер төлемге қабілетсіз болып табылған не таяу он екі айда ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі басталған кезде оларды орындауға қабілетсіз болатын кезде қолданылады.

Өмірге немесе денсаулыққа зиян келтіргені үшін борышкер жауаптылықта болатын азаматтардың талаптарын қоспағанда, борышкерге қатысты жеделдетілген оңалту рәсімі біртекті кредиторлар тобы (топтары) алдындағы міндеттемелер бойынша, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақылар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналар және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналар бойынша берешектерді төлеу бойынша, авторлық шарттар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қолданылады.

Мемлекеттік қолдау шараларына қатысушы болып табылатын борышкерге қатысты жеделдетілген оңалту рәсімі мұндай шараларды қолдану шарттарына сәйкес біртекті кредиторлардың кез келген тобының (топтарының) міндеттемелері бойынша қолданылады.

Мыналар:

1) борышкер;

2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына (топтарына) кіретін кредиторлар жеделдетілген оңалту рәсімі туралы іске қатысушы адамдар болып табылады.

Сот жеделдетілген оңалту рәсімінде:

1) жеделдетілген оңалту рәсімін қолданады және тоқтатады;

2) мемлекеттік қолдау шараларына қатысушы болып табылатын борышкердің жоспарын қоспағанда, оңалту жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік қолдау шараларына қатысушы болып табылатын борышкердің жоспарын қоспағанда, оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) борышкер жауапкер ретінде болатын мүліктік сипаттағы даулар бойынша істерді өзінің іс жүргізуіне қабылдайды;

5) жеделдетілген оңалту рәсіміне қатысушылар арасындағы дауларды

шешеді;

б) қорытынды есепті бекітеді.

Жеделдетілген оңалту рәсімінің жүзеге асырылу ұзақтығы екі жылдан аспауға тиіс. Сот борышкердің өтініші бойынша рәсімнің жүзеге асырылу мерзімін кредиторлар жиналысының келісімімен ұзартуға, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Борышкерге мемлекеттік қолдау шаралары қолданылған жағдайда, сот бекітілген оңалту жоспарына сәйкес рәсімнің мерзімін белгілейді.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, төлем қабілетсіздігі басталуының алдын алу мүмкіндігі бар болған кезде борышкер жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

Сот жеделдетілген оңалту рәсімі туралы істі іс қозғалған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарауға тиіс [16,22 б].

Жеделдетілген оңалту рәсімі туралы істі алдын ала дайындау мерзімі іс қозғалған кезден бастап күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс.

Сот жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарған және оңалту жоспарын бекіткен кезден бастап мынадай салдарлар басталады:

1) кредиторлар жиналысының немесе борышкерге мемлекеттік қолдау шараларын қолдану кезінде құрылатын кредиторлардың өзге де органдарының келісімінсіз, оңалту жоспарында көзделгендерді қоспағанда, борышкер мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген органға), құрылтайшыларға (қатысушыларға), заңды тұлғаның барлық органдарына мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс пайдалануға және өткізуге тыйым салынады;

2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредиторлардың, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (ол уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкіне қатысты қуынымдары бойынша соттардың, аралық соттардың бұрын қабылданған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді;

4) борышкерге мемлекеттік қолдау шаралары қолданылған жағдайда, кредитордың (кредиторлардың) өтініші бойынша банкроттық туралы іс қозғауға жол берілмейді;

5) жеделдетілген оңалту рәсіміне тартылған кредиторлардың талаптары, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптары бойынша борышкердің банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Жеделдетілген оңалту рәсімінің мерзімі ішінде борышкер әр айдың 15-інен кешіктірмей алдыңғы айдағы қаржылық жағдай, кәдімгі коммерциялық операциялар барысында жүргізілген мәмілелер туралы ақпаратты кредиторлар комитетінің назарына жеткізуге, кредиторлар

комитетінің талабы бойынша кез келген ақпаратты ұсынуға міндетті.

Оңалту жоспарына енгізілген кредиторлармен есеп айырысулар оңалту жоспарында көзделген өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеделдетілген оңалту рәсіміне тартылмаған, қалған кредиторлармен есеп айырысулар кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінде жүргізіледі.

Оңалту рәсімі біздің заңнамаға жаңа болып табылмады, бірақ ол заңнамада пайда болғаннан бері ол маңызды өзгерістерге ұшырады. Алғаш рет осы рәсім “Реформаларды тереңдету және экономикалық күйзелістен шығу бойынша әрекеттер Бағдарламасы туралы” 1994 ж. 15 шілдедегі № 1802 ҚР Президентінің Қаулысында пайда болды [17]. 1995 ж. банкроттық туралы Жарлыққа дейін болған “Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру, қайта құру және тарату бойынша шараларды жүзеге асыру туралы” 1994 ж. 7 қыркүйектегі №1002 ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысы [18].

1995 ж. банкроттық туралы Жарлықтың “Оңалту рәсімдері” тарауы рәсім екі түрін көздеді – борышкер мүлкін сыртқы басқару және санация.

Оңалту рәсімі туралы сұрағына көшуден бұрын сотқа дейінгі санацияда болған өзгерістерге көңіл аудару керек.

Санация

Заң санацияны борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтіру бойынша борышкер мүлкінің меншік иесі, борышкер-заңды тұлғаның құрылтайшылары, борышкердің кредиторулары және банкроттықтың алдын алу мақсатында өзге тұлғалардың шарасы ретінде қарастырады. Заңның 43 бабын талдаудан төлем қабілеттігін қалпына келтіру бойынша шаралар ретінде тегін және/немесе ақылы негізде ақшалай міндеттемелер мен міндетті төлемдерді төлеу үшін жеткілікті мөлшерде қаржы көмегі болып табылады.

Шетел заңнамасында мемлекеттік көмек (санация) нарықтық экономика принциптеріне сәйкес келмейтін ретінде қарастырылады, өйткені бәсекелестік ережелері мен кәсіпорынның шаруашылық қызметіне тікелей араласу деп қарастырылады [19,25 б].

Борышкерге төлем қабілеттігін қалпына келтіру мақсатында оңалтуды басқарушыға борышкермен басқару өкілеттігін берумен қолданылатын оңалту рәсімі заңнамаға жаңа болып табылмайды. Жаңа заң бұрыңғысымен салыстырғанда осы рәсімді егжей-тегжей реттейді. Оңалту рәсімін енгізу туралы өтінім сотпен банкроттық туралы істі қарастырған кезде борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігі болғанда ғана қанағаттандырылады [20, 26 б].

Құқық қолдану тәжірибесінен мысал.

Соттардың біріне борышкерді банкрот деп тану бойынша кредитор арыз берді. Бірақ бірінші отырыстан кейін процесті бастамашы оңалту рәсімін енгізуді өтінім жасады. Сот өтінім қолдамай, борышкерді банкрот деп таныды. Онда борышкер ҚР Жоғарғы Сотына сот актілеріне наразылық білдіру туралы арызбен жүгінді.

Істі зерттеу көрсетілген шешімді қабылдаудың негізділігін көрсетті. Борышкердің төлем қабілеттігін нақты қалпына келтірудің дәлелдемелері

келтірілмеді. Арыз берушінің шетел банкі борышкерге 20 млн. АҚШ долларын беруге келісім бергені туралы пікірі шындыққа сәйкес келмеді. Істе тек борышкер банктің бекітуіне нақты объектілер бойынша жұмыстарды атқару кестесін беру жағдайында ғана осы қаражаттарды беру мүмкіндігі туралы хат алысу ғана болды. Сотқа ұсынылған кейбір кредиторларға қарызды жою туралы анықтама назарға алынбады, өйткені жойылған қарыздар қарыздың жалпы сомасымен салыстырғанда өте аз болды. Осы мән жайларды есепке ала отырып, іс бойынша сот актілеріне наразылық білдіруде ҚР Жоғарғы Сотында бас тартылды.

Көрсетілген рәсім сотпен кредиторлардың бірінші жиынының шешімі негізінде негізгі мерзім 12 айға және сыртқы басқару рәсімі ұзартылуы мүмкін қосымша 6 айға енгізілуі мүмкін. Мысалы, «Трибуна» АҚ қатысты сот шешімімен 1 жылдық мерзімге оңалту рәсімі енгізілді. Осы кезеңде кәсіпорында сату көлемі 10 есеге өсті, ол борышкердің төлем қабілеттігінің қалпына келтірілуі туралы тұжырым жасауға негіз болды. Кредиторлар комитеті оңалту рәсімін ұзартуды өтінім етті. Осы өтінім сотпен қанағаттандырылды [21,78 б].

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сұрақты шешу соттың оңалту рәсімін енгізу туралы ұйғарымында шешілуі керек.

Бақылау рәсімі сияқты, сот санациясы рәсімі борышкерге белгілі бір салдарлар көздейді: борышкердің басшысы қызметтен шеттетіледі, борышкердің істеріне басқару оңалтуды басқарушыға жүктеледі, оған заңды тұлға органдарының оның мүлкі мен істерін басқару бойынша өкілеттіктері ауысады.

Оңалтуды басқарушы уәкілетті органмен борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы сот ұйғарымы күшіне енгеннен кейін бес күнде тағайындалады.

Оңалтуды басқарушы оңалтудың жоспарына сәйкес борышкерді оңалту мақсатына жетуге бағытталған әрекеттер жасауға (қызметкерлерді жұмыстан шығару, ішкі қайта құруды жүзеге асыру: ішкі құрылымдарды жою және өзге шаралар қолдану) құқылы.

Оңалту рәсімімен көзделген мүлікті (активтерді) сату, сауда-саттық өткізу жолымен жүзеге асырылады.

Борышкердің ақшалай және міндетті төлемдері бойынша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға мораторий енгізіледі.

1995 ж. Жарлық кредиторлардың барлық талаптарына мораторий енгізуді көздеді, жаңа заң кредиторлардың белгілі бір талаптарына ғана мораторий енгізуді көздеді.

Қазақстандық заңнамада кредиторлармен есептесу тәртібін көздейтін 77 бап жаңа болып табылады. Осы норманы қабылдау қажеттілігі бұрынғы банкроттық туралы жарлықты қолдану тәжірибесінен туындады. “1995 ж. банкроттық туралы жарлық есептесудің проблемасын шешпеді, өйткені борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтіріп, сыртқы басқарушы кредиторлармен есептесу жасай алмайтын, өйткені кредиторлардың талаптарына мораторий салынған еді.

Сот борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтірілгенін анықтағаннан кейін қаржы қаражаттарымен басқаруға оның бұрынғы басқарушысы қайтып келеді және кредиторлар талабы қанағаттандырылатынына ешкім кепіл бере алмайды [22, 59 б].

Кредиторлар алдындағы борышкердің қарыздары бойынша қалған есептесулері, соның ішінде атқарушы парақтар немесе даусыз тәртіпте жүргізілетін өндірулер оңалту және банкроттық туралы Заңның 100 бабымен орнатылған шіретті сақтай отырып, оңалту рәсімінің жоспарына сәйкес кредиторлар талаптарының тізбегін бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

Кредиторлардың борышкерге талаптарын ұсыну және қарастыру, ал кредиторлар талаптарының тізбегін бекіту банкроттық туралы Заңның 72 баптарымен орнатылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Оңалту рәсімін енгізгенге дейін пайда болған кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, кредиторлар талаптарының тізбегін бекіткеннен кейін жүргізіледі.

Оңалту рәсімін енгізгеннен кейін айып төлеуді (өсім, айыппұл) борышкер қарызының барлық түрлері бойынша, алынған несиелер бойынша сыйақыны есептеуді тоқтататын нормаға көңіл аудару керек. Осы ережені орнату қажеттілігі, борышкердің төлем қабілеттігінің қалпына келтірілуіне жағымды әсер етпейтін осы ереже көзделмеген бұрынғы банкроттық туралы жарлықты қолдану тәжірибесінен туындады.

Оңалту рәсімін енгізгеннен кейін кредиторлар талаптарына мораторийді таратпау сұрағын шешу кезінде, заң шығарушы борышкердің төлем қабілеттігінің қалпына келтірілуін кейбір кредиторлар алдында басымдығы дәйектемесін ұстанады. Банкрот деп тану немесе соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылдағанға дейін борышкермен жасалған мәмілелер, келесі жағдайларда жарамсыз деп танылуы керек:

- 1) азаматтық заңнамамен көзделген негіздер болғанда;
- 2) уәкілетті орган, кредиторлар, оңалту немесе банкроттық бақарушының арызы бойынша, егер борышкердің бөлек бір кредитор немесе өзге бір тұлғамен жасалған мәмілесі банкроттық туралы істі қозғағаннан немесе соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылдаудан кейін бір кредиторлардың талаптарын басқалары алдында басымдық қанағаттандыруды тудырса;
- 3) заңнамалық актілермен көзделген өзге негіздер болғанда.

Оңалтуды басқарушылар, санацияға қатысушы кредиторлар немесе уәкілетті органның арызы бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану және борышкермен жалға алуға немесе бұрын жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету бойынша банкроттық туралы істі қозғау немесе соттан тыс тарату рәсімін бастау туралы бастама көтергенге дейін 3 жыл кезеңінде, тегін алған, нарықтық бағадан елеулі төмен бағамен алған немесе жеткілікті негіздерсіз кредиторлар мүдделеріне залал келтірумен алған тұлғалардан берілген мүлікті қайтаруды талап етуге міндетті. Осы жағдайда кредиторлардың құқықтары банкроттық туралы Заңның ережелерімен қамтамасыз етіледі.

Банкроттық туралы жаңа заң бұрынғы заңда болған оңалту рәсімін өткізудің жоспарын әзірлеуді көздейтін нормаларды сақтап қалды. Көрсетілген құжатты әзірлеу мен жүзеге асыру оңалтуды басқарушыға жүктеледі. Оңалту жоспарына заң белгілі бір талаптар қояды:

біріншіден, ол кредиторлар комитетінің бірінші отырысында қарастырылуы керек;

екіншіден, жоспарда кем дегенде екі тарау болуы керек: төлем қабілеттігін қалпына келтіру бойынша шаралар және қарызды кредиторлар алдында оңалту рәсімінің мерзімдерін аспайтын жоюдың мерзімдері;

үшіншіден, жоспар келесі шешімдердің бірін қабылдауға тиіс кредиторлардың жиынына бекітілуге ұсынылуы керек: жоспардан бас тарту және сотқа борышкерді банкрот деп тану туралы және банкроттық рәсімді ашу бойынша сотқа өтініммен жүгіну; оңалту жоспарын қабылдамау, сыртқы басқарушыны шеттету және оңалтуды жаңа басқарушы кандидатурасын бекіту және тиісті өтініммен сотқа жүгіну; жоспарды декіту туралы.

Борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтіру шараларының тізімі толық болып табылмайды, ол сыртқы басқарушыға борышкер қызметінің өзгешелігі және қаржы-экономикалық жағдайына қарай дербес түрде борышкердің шаруашылық-қаржы қызметін жоғарылауға бағытталған шараларды анықтау мүмкіндігін береді.

Оңалту рәсімі нәтижелері бойынша оңалтуды басқарушы кредиторлар жиынында қарастырылуға, уәкілетті органмен келісуге, одан кейін сотпен бекітілуге тиіс есепті жасайды.

Оңалтуды басқарушының қорытында есебіне оңалтуды басқарушы, бас бухгалтер қол қояды, борышкердің мөрімен бекітіледі және борышкердің кредиторлар комитетіне оңалту рәсімі аяқталу кезіне жиырма күннен кешіктірмей 20 күн кешіктірмей ұсынылады.

Кредиторлар комитеті келіскен жағдайында оңалтуды басқарушы үш күндік мерзімде оны уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган ұсынылған кезден 15 күн кешіктірмей оңалтуды басқарушының қорытынды есебін келісуді жүргізеді және оңалту рәсімдерін өткізу қорытындылары бойынша тиісті қорытынды береді.

Оңалту рәсімін қолданудың негізі ретінде кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігінің болуы табылады.

Оңалту рәсімін қолдану туралы өтінім уәкілетті органға берілуі керек. Онымен жүгіну құқығы борышкерге – оны банкрот деп тану туралы сотқа арыз бергенге дейін, несие берушілер мен үшінші тұлғаларға – банкроттық туралы істі қозғағанға дейін.

Өтінімде осы борышкерге қатысты көрсетілген рәсімді қолданудың тиімділігінің негіздемесі болуы керек. Оған қоса тіркеледі: соңғы үш жылға қаржылық есеп, оңалту жоспарын құрған кезде борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер, дәрменсіз борышкерді оңалту жоспары, кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың жалпы сомасының 50 пайызынан астамын білдіретін кепіл несие берушілердің оңалту рәсімдерін өткізуге жазбаша келісімі, оған қоса талаптардың 50 пайызынан астамы келетін несие

берушілердің келісімі және борышкерге қатысты сыртқы бақылау рәсімі енгізілсе төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің мүмкіндігі туралы сыртқы бақылау әкімшісінің қорытындысы.

Оңалту рәсімін жүзеге асырудың ұзақтығы екі жылдан аспау керек. Сот оңалту басқарушысының өтінімі бойынша несие берушілер комитетінің келісімімен уәкілетті органның қорытындысы болғанда оны жүзеге асырудың мерзімін ұзартуға, бірақ 6 айдан аспайтындай ұзартуға құқылы.

Табиғи монополиялар субъектісі болып табылатын не тауар нарығында монополиялы орын алатын нарық субъектілеріне немесе азаматтардың өмірі, денсаулығы, ұлттық қауіпсіздік пен қоршаған ортаға әсер ете алатын, республика экономикасына стратегиялық маңызға ие ұйымдарға сот оңалту рәсімін 2 жылға дейін ұзартуға құқылы.

Дәрменсіз борышкерді оңалту жоспары борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша нақты іс шараларды және несие берушілер алдында қарызды өтеу мерзімін қамту керек. несие берушілер, ереже ретінде, банкротқа кредиторлық берешекті төлеуді ұзартады, бұл кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіретін маңызды факторлардың бірі болып табылады [23,56 б].

Оған қоса, оңалту шаралары өзіне кез-келген ұйымдастырушылық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, дәрменсіз борышкерді жоюды болдырмауға бағытталған өзге де іс-шараларды қосу мүмкін.

Банкроттық рәсімі деген кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен банкроттың мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім, сот санациясы сияқты қазақстандық заңнамаға жаңа болып табылмайды.

Банкроттық рәсімді ашудың алғашқы кезі ретінде сотпен борышкерді банкрот деп тану туралы шешім болып табылады. Осы шешім Заңның 3 бабымен көзделген банкроттық белгілерін анықтау жағдайында ғана шығарылуы мүмкін.

Жаңа заңның маңызды моменттердің бірі ретінде банкроттық рәсім өткізудің мерзімін: негізгі – 9 ай және қосымша – 3 ай ретінде заңнамалық бекіту болып табылады, бірақ қажеттілік және кебір жағдайларда сот көрсетілген мерзімдерді ұзартуы мүмкін. Көптеген заңгерлер (В.Витрянский, О.Никитина, В.Петрова және т.б.) осы норманың тәжірибелік маңызын атап көрсетеді. Бұрың әрекетте болған заңда осындай шектеулі мерзімдер болған жоқ, ол банкроттық басқарушыларға тарату рәсімін, үлкен сыйақы ала отырып бірнеше жылға созуға мүмкіндік берді.

Сот шешімінде уәкілетті органға банкроттық басқарушыны тағайындау туралы ақпараты болуы керек. Банкроттық басқарушы банкроттық рәсімді тағайындаудан аяқталуына дейін маңызды тұлғалардың бірі болып табылады.

Банкроттық басқарушы кандидатурасына қойылатын талаптар және оны тағайындау тәртібі оңалту басқарушы кандидатурасына заңмен орнатылған талаптарға ұқсас.

Атқаратын функциялар және жүктелген міндеттер сипаты банкроттық басқарушы өкілеттіктерін анықтайды.

Банкроттық басқарушы тағайындау кезінен оған борышкер басшысының құқықтары мен міндеттері ауысады.

Банкроттық басқарушыға борышкер мүлкімен билік етудің барлық құқықтары ауысады. Осы жерде айта кету керек, осы құқық заңның 89 бабымен шектелген, онда мүлікті сату жоспарын уәкілетті органмен келісіп, кредиторлар комитетінің бекітуін алу міндеті көзделеді.

Тарату іс жүргізуінде банкроттық басқарушыға ғана тән өзгеше функциялар бар:

1. борышкер мүлкін түгендеу мен бағалауды жүргізу. “Қаржылық жағдайын талдау кредиторлардың мүліктің мүдделерінің тағдырын маңызды түрде шешетін мүліктік массаны қалыптастыруда қажет” [24, 30 б]. Көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін банкроттық басқарушы бағалаушы және өзге мамандарды борышкер мүлкі есебінен қызметтерін төлеумен тартуға құқылы.

2. Борышкер алдында қарызы бар тұлғаларға оны өндіру туралы талап қою. Осы мақсатпен банкроттық басқарушы сот органдарына талап қояды. Банкроттық басқарушыға борышкерді банкроттыққа жеткізген тұлғаларға (лауазымды тұлғалар, борышкердің қатысушылары, құрылтайшылары) талап қою және сотқа жүгіну құқығы берілген.

3. банкроттың қызметкерлерін еңбек туралы заңнамаға сәйкес алдағы жұмыстан шығару туралы хабарлау, және екінші шіреттегі кредиторлардан уәкілетті өкіл таңдау үшін жиынды ұйымдастыру;

4. кредиторлар талаптарының тізбегін жүргізу;

5. Оңалту және банкроттық туралы заңның 6 бабында көрсетілген жағдайларда борышкермен жасалған мәмілелерді анықтау және оларды жарамсыз деп тану немесе мүлікті сот тәртібінде қайтару туралы талап қою;

Өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырған кезде банкроттық басқарушы борышкер және оның кредиторлары мүдделерін есепке ала отырып парасатты және адал әрекет ету керек. Банкроттық басқарушы тарапынан мүмкін болатын ауытқушылықтардың жолын кесу үшін, оның қызметіне бақылау уәкілетті органға жүктеледі. Жаңа заң банкроттық туралы бұрынғы жарлықты қолданудың тәжірибесін есепке ала отырып, бақылау тетігін орнататын норманы енгізеді.

Банкроттық басқарушымен оған жүктелген міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайында сот уәкілетті органның өтінімі бойынша басқарушыны міндеттерін атқарудан шеттетугі және жаңа адамды тағайындауы мүмкін.

Банкроттық рәсімді банкрот-борышкерге қатысты ашу, сот борышкерді банкрот деп тану және оның тарату бойынша шешім қабылдау кезінен келесі салдарлар болады:

- банкротқа мүлікті иеліктен шығару және уақытша беруге тыйым салынады;

- банкроттың барлық қарыздық міндеттемелерінің мерзімдері өтіп кетті деп

есептеледі;

- банкроттың барлық қарыздары бойынша айып төлеу мен сыйақы есептеу тоқтатылады;
- сотта қарастырылатын банкроттың қатысуымен мүліктік сипаттағы даулар тоқтатылады, егер ол бойынша шешімдер заңды күшіне енбесе;
- мүліктік талаптар банкротқа банкроттық рәсім шегінде ғана қойылуы мүмкін.

Банкроттық басқарушымен борышкерді банкрот деп тану бойынша мәліметтерді және банкроттық рәсімнің ашылуы туралы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкер орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінде таратылатын, мемлекеттік және орыс тілдерінде нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығына ие болған мерзімді баспасөз басылымында сыртқы бақылауды енгізу туралы хабарлама жариялағаннан кейін, кредиторлардың талаптары орнатылған мерзімде сотқа емес, банкроттық басқарушыға беру жолымен ғана қойылады.

Сотпен борышкерді банкрот және банкроттық рәсімнің ашылуын жариялау бойынша шешім туралы мақала борышкер қаражаты есебінен жүргізіледі. Мақала барлық кредиторларды борышкерге бар талаптарын қою үшін кәсіпорынды тарату туралы хабарлау мақсатын қояды және онда болуы керек: кәсіпорын-борышкердің дәрменсіздігі туралы істі қарастыратын соттың атауы; кәсіпорын-борышкердің атауы және орналасқан жері, сот шешім шығарған мерзімі, кредиторларға бар талаптарын қою үшін ұсыныс жасау, талаптарды қою мерзімі (мақала шыққан күннен екі ай ішінде), банкроттық басқарушы туралы мәліметтер.

Тәжірибеде қай уақыттан екі айлық мерзім басталатыны туралы сұрақ туындады (газет немесе журнал сигналды экземплярын шыққан күнінен, аймақтарға пошта бөліміне түскен күннен, журналды типографиядан аймақтарға жіберу күні). Тәжірибе дәрменсіздік туралы хабарламаны таңдау алдында баспа басылымында көрсетілген мерзімнен уақытты есептеу жолымен жүреді.

Тарату рәсімдерін жүзеге асыру үрдісінде ең маңызды моменттердің бірі ретінде мүліктік массаны қалыптастыру болып табылады. Заң көрсетілген ұғымды өндірілу жүру мүмкін борышкердің мүлкі ретінде анықтайды.

Мүліктік масса қалыптасқаннан кейін, мүлікті түгендеу мен бағалау жүргізілгеннен кейін, банкроттық басқарушы уәкілетті органның қарауына және сатудың басталуы, оның нысаны және мүліктің бастапқы бағасы туралы шешімді шығаратын кредиторлар комитетіне бекітуге мүліктік массаны жүзеге асыру жоспарын ұсынады.

Бұл банкроттық рәсімнің маңызды сатысы ретінде болады, өйткені одан шешуші дәрежеде қарастырылатын банкроттық рәсімінің нәтижелері байланысты. Борышкердің мүлкін сату, ереже ретінде, ашық сауда-саттықта жүргізіледі.

Тарату рәсімдерін өткізе кезінде банкроттық басқарушы тек бір негізгі шотты қолдану керек. Басқа белгілі шоттар жабылуға тиіс, ал ондағы ақша

қаражаттары негізгі шотқа ауыстырылуы керек. Көрсетілген шотқа банкроттық рәсім барысында түсетін ақша қаражаттары түседі және одан кредиторларға барлық төлемдер жүргізіледі және шығындар төленеді.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне борышкерді тарату туралы жазба енгізілген соң, банкроттық басқарушының өкілеттіктері тоқтатылады, банкроттық рәсім аяқталды, ал борышкер – таратылды деп есептеледі.

Қазақстанның банкроттық істерді тиімді басқару мен қарастыру бойынша тәжірибесі әлі де көп емес. Сондықтан әрекеттегі заңды әзірлеу кезінде заң шығарушыға қазақстандық тәжірибені ғана емес, бар олқылықтарды шаруашылық айналымды құқықтық реттеуде банкроттық институты ең маңызды орындарға ие болатын бірқатар шет елдері есебінен толықтырды.

Жаңа заң дәрменсіздікті анықтауда әртүрлі заңнамалық тәсілдерден төлем қабілетсіздігі белгісін таңдап дәрменсіздік ұғымын нақты анықтады. Заңды тұлға банкрот деп танылуы мүмкін, егер міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға және міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндетті орындай алмау қабілетсіздігі жағдайында, егер тиісті міндеттемелер және/немесе міндетер оларды орындау мерзімі келгеннен кейін үш ай ішінде орындалмаса.

Заңның күмәнсіз артықшылығы ретінде оңалту банкроттық рәсімдерінің: оңалту рәсімі, банкроттық рәсім, оған қоса қазақстандық заңнамаға мүлдем жаңа сыртқы бақылау рәсімін егжей-тегжей реттеу болып табылады.

Көрсетілген рәсім сотпен борышкер мүлкі сақталуын қамтамасыз ету мақсатымен әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау, қаржы жағдайын талдауды жүргізу, кредиторлар алдында міндеттемелерді кредиторлар алдында орындаудан жалтару бойынша әрекеттерді (әрекетсіздікті) анықтау, кредиторлар тарапынан борышкердің қаржы-шаруашылық қызметі жағдайын, қайта құру жүргізуді, негізгі құралдарды иеліктен айыру бойынша мәмілелерді жүргізу, мүлікті кепілге немесе далға алуға беру, орындалуы борышкерге залал келтіретін нарықтық бағалардан төмен немесе жеткілікті негіздерсіз басқа мәмілелерді жасауға бақылау жүргізіледі.

Борышкердің төлем қабілеттігін қалпына келтіруге кредиторлар талаптарын қанағаттандыруға мораторий енгізу ықпал етеді, ол барлық сот шешімдері мен өзге атқарушы құжаттарды орындауды тоқтату емес, сонымен бірге әртүрлі өсім, айыппұл және экономикалық санкцияларды өндіру тоқтатылатының білдіреді.

Банкроттық рәсім – кредиторлар талаптарын қанағаттандыру мақсатында банкрот деп танылған борышкерге қолданылатын банкроттық рәсімі. Борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімді ашу туралы шешімді қабылдаған кезден барлық ақшалай міндеттемелерді және кейінге қалдырылған міндетті төлемдерді орындау мерзімі келді деп есептеледі; берешектің барлық түрлері бойынша айып төлеу (айыппұл, өсім), проценттер және басқа қаржы (экономикалық) санкцияларды есептеу тоқтатылады;

борышкер мүлкіне алдында салынған тыйым салу алынады, жаңа тыйым салу және мүлікке билік етуде өзге шектеулерге жол берілмейді; борышкерге барлық талаптар тек конкурстық іс жүргізу шегінде қойылуы мүмкін.

Мүліктік масса қалыптастыру және мүлікті түгендеуді жүргізудің мақсаты ретінде оны ашық сауда-саттықта сату болып табылады, және нәтиже ретінде кредиторлармен Банкроттық туралы заңмен орнатылған тәртіппен кезекте есептесулер жүргізу.

Кредиторлар талаптарын қанағаттандыруда жаңа заңның әлеуметтік бағытталуын атап айту керек, өйткені борышкер қызметкерлерінің жалақы төлеу туралы талаптары кредиторлар талаптары, кепілмен қамтамасыз етілген және бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша кредиторлардың талаптары басым болады.

Нарықтық экономикада кәсіпорындар мен басқа шаруашылық субъектілерді құру, қызмет етуі мен тарату – заңды құбылыс. Бұл үрдістер бір бірімен үздіксіз байланысты. Банкроттық кәсіпорынды дәрменсіздікке әкелетін әртүрлі себептердің салдары болып табылады.

Банкроттық туралы заңнама осындай борышкерлерге төлемсіздік дағдарысын, ұйымдардың мерзімі өтіп кеткен қарыздарының әрі қарай өсуін еңсеру және осы үрдістермен байланысты теріс әлеуметтік салдарлардың алдын алу мақсатында банкроттық рәсімдерін қолдануға мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Банкроттық рәсімдерін қолдану заңды тұлғаны таратуды, яғни оның барлық активтерін қарыздарды төлеу мақсатымен сатуды міндетті түрде білдірмейді.

Банкроттық туралы әрекеттегі қазақстандық заңнамаға сәйкес банкроттық туралы іс қозғалған кәсіпорын бойынша шешімнің 2 нұсқасы қабылдануы мүмкін – оңалту рәсімі немесе банкроттық рәсімді енгізу.

“Оңалту және банкроттық туралы” ҚР Заңының 43 бабына сәйкес өзінің төлем қабілеттігін қалпына келтіру мүмкіндігі болған жағдайда дәрменсіз борышкер оны банкрот деп тану туралы сотқа арыз бергенге дейін уәкілетті органға оған қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы өтінім бере алады. Осындай өтініммен банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін кредиторлар немесе үшінші тұлғалар жүгіне алады.

Оңалту рәсімі кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі болып табылады және ол, мысалы кәсіби емес менеджменттен пайда болған төлем қабілетсіздігі бар кәсіпорынды құтқаруға бағытталған. Бұл төлемге қабілетсіз борышкерге таратудан құтылуға, ал кредиторларға өздерінің талаптарын толық қанағаттандыруға жақсы балама.

Дәрменсіз борышкерді оңалту жоспарында борышкердің төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша нақты іс шаралары (оңалту шаралары) және кредиторлар алдындағы берешекті жою мерзімдері болу керек. Олар банкротқа кредиторлық қарызды төлеуді кейінге қалдырады, бұл кәсіпорынның төлемге қабілеттілігін қалпына келтіруге әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Оған қоса, оналту шаралары кез келген ұйымдық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, дәрменсіз борышкерді таратуды болдырмауға бағытталған іс шаралар.

Көрсетілген шаралар банкрот-ұйымның төлемге қабілеттілігін қалпына келтіруге көмектеседі.

Кәсіпорынның төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру қандай да бір себептерден мүмкін болмаса, банкроттық рәсім қолданылады (дәрменсіз борышкерді тарату) – кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және банкротты қарыздардан бос деп тану мақсатында жүргізілетін рәсім.

Банкроттық рәсім борышкер-ұйымға тікелей тарату рәсімін қолданудың ұйымдық-құқықтық тетігі.

Банкроттық рәсім банкрот ұйымға қатысты қолданудың қажеттілігі осы рәсімді өткізу нәтижесінде жаңа тиімді меншік иесі қарыздардан босатылған өміршенді өндіріске келуінде.

Оған қоса, Заңмен кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі көзделген. Таратылатын банкрот өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін жауап беретін азаматтардың талаптары тиісті уақтылы төленетін капиталға айналдыру арқылы бірінші кезекте қанағаттандырылады. Еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбегіне ақы мен өтемдер, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша еңбекақыдан ұсталған алиментті және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша берешектерді өтеу, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі есеп айырысулар, екінші кезекте жүргізіледі.

Кредиторлармен есептесуден кейін банкрот борышкерге қойылған және кредиторлар талаптарының тізіліміне қосылған міндеттемелер мен басқа талаптардан босатылады, яғни кәсіпкер қайтадан бизнеспен айналыса алады.

Дәрменсіз борышкерлерге банкроттық рәсімін банкроттық рәсім жолымен қолдану кредиторлар талаптарын қанағаттандыру мен банкротты қарыздардан босатпай, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін қызмет етпейтін шаруашылық субъектілерден босатуға мүмкіндік береді.

1. Заманғы экономикадағы банкроттық институтының функциясы (қызметі) туралы түсінік тереңдетілген және өз мәні бойынша банкроттық институты дағдарыстың шешімін табудың нарықтық критерийінің баламасы болып саналады деген тұжырым жасалған. Бұл критерийге көзсіз ілесу, яғни шаруашылық жүргізуші барлық залалды субъектілерді тарату міндетті түрде жаппай жұмыссыздыққа, халықтың тұрмыстық деңгейінің күрт түсуіне, табыстар бойынша сараланудың күшеюіне алып келеді, бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелердің ушығуына, қоғамда әлеуметтік шиеленістің артуына апарып соғады. Көрсетілген факторлар экономиканың өсуі үшін жеңіс бермес кедергі болады және дәрменсіздікті мемлекеттік тұрғыдан

реттемейінше, әлеуметтік бағдарға ие нарықтық экономика құру мүмкін еместігін дәлелдейді.

2. Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторындағы нарық субъектілері қызметінің көрсеткіштері мен банкроттық институтын пайдалану тиімділігін талдау келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді: олардың жалпы санының 36,7%-ы залалды болып табылады, яғни болашақта оларға қатысты дәрменсіздік рәсімін қозғау мүмкіндігі туындайды; нарықтың ірі субъектілерінің елеулі бөлігінің қызметіне қарыздарды айналыс құралы ретінде тарту тән; дәрменсіздік рәсімі, өз қаржыларын қайтару құралы ретінде, кредиторларды толық мөлшерде қанағаттандырмайды. Бұның негізгі себебі кредиторлық берешекті қайтару мерзімі өткен берешектің елеусіз үлесі түрінде ғана жүзеге асырылуында жатыр. Қазақстандағы дәрменсіздік институты кредиторлар мінез-құлқын алдын ала болжаумен байланысты міндеттерді шешуге қызмет етпейді; салалық қиылыста өнеркәсіп кәсіпорындарының банкроттығы бірінші кезекте өнеркәсіптің өңдеуші салаларына соққы береді де, отандық экономиканың шикізаттық бағытын одан әрі күшейте түседі; кредиторлық берешек қайтарылымының төмендігімен байланысты банкроттық әрқашан кредиторлардың залал шегуіне себепші болады. Ірі борышкерлердің жаппай банкроттығы кредиторлардың да банкротқа ұшырауына апарып соғады.

3. Жасалған әдіснама, жіктеме, сол сияқты бағалау нәтижелері экономикалық дәрменсіздік пен банкроттық құралдарын жетілдіру үшін келесі бағыттардың «тандалуы» тиіс деп тұжырымдауға мүмкіндік береді:

а) дағдарысқа қарсы басқарушылар институтын олардың жауапкершілігін арттыру және жағымсыз салдарларды бейтараптандыру, менеджерлердің операцияларды басқарудағы жауапкершілігін күшейту және басқа қатысушылар ие емес ақпараттың орын тебуін болдырмау мақсатында реформалау;

ә) қолданыстағы бағалық нормалар төңірегінде банкроттықты жүзеге асыруға кететін шығындар көлемін азайту және бизнестің ашықтығын қамтамасыз ету;

б) әлеуетті банкроттық диагностикасының кешенді, көп критерийлі әдістемесін жасау, сонымен бірге төлей алмаушылық принципінен ағымдық төлемдерді тоқтатып қою принципіне көшу жолымен экономикалық дәрменсіздік жөнінде іс қозғау мәселесіне деген көзқарасты жұмсарту;

в) банкроттық рәсімін іске асыруға қатысты мемлекеттік мониторингті жетілдіру және экономикалық дәрменсіздік үдерісіне қатысушылар тарапынан заң бұзушылық, қиянатшылдық орын алуына тосқауыл болатын тиімді қоғамдық институттарды құру.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде басқарушылық оппортунизм көбіне-көп төмендегідей түрлерде көрініс табатынын айқындадық:

- төлем қабілетсіздігін оның нақты басталу мерзімінен көп кейін мойындау;

- кәсіпорын активтерінің бір бөлігін ағымдық мәселелерді шешу мақсатында күні бұрын сату, яғни кредиторлар мүддесін аяқ асты ету.

Ұсынған үлгі кредиторлар ақпараттың тапшылығымен және оны сатып алудың тым үлкен шығынды талап ететіндігімен байланысты осындай сату дерегін анықтауға қабілетсіз болып шығатынын дәлелдейді.

Банкроттық институты шеңберінде ережелердің жиі де кең көлемді бұзылуы оппортунистік мінез-құлықтың елеусіз де күтіліп отырған шығындарының салдары болып есептеледі деген тұжырым негізделді. Өтеу мен тежеу сияқты екі жақты қызметті (функцияны) орындайтын кооперативтік емес ойындар құралы ретінде жазалау шараларын қолданудың ең анық қауіпінің көмегімен оппортунизмнің ой-қырын тегістеу (нивелирлеу) тәсілі ұсынылды.

Жұмыста адал ниетті кредиторлардың жалғыз мақсаты берешегін өндіріп алу болып табылады деген қорытынды жасалды. Олардың банкроттық рәсімі арқылы борышкер активтеріне иелік ету құқығын алуға бағытталған кез келген басқа іс-әрекеттерін (жалған қарыздарды құру және алу, кәсіпорынның қатысушылары мен бұрынғы менеджментін оны басқарудан шеттету) оппортунистік ретінде жіктеу ұсынылды.

Банкроттық саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге қатысты келесідей концептуалды көзқарастарды әзірлеу мүмкіндік бар: кредиторлардың заңды мүдделерін қорғаудың тәсілдері мен құқықтарын оңтайландыру; банкроттық үдерістерінде борышкер мүдделерін қорғау; меншік иелерінің, оның ішінде мемлекет пен акционердің құқықтарын қорғау және тәуекелдерін төмендету; банкроттық үдерісінің адал ниетті қатысушыларын басқа тұлғалардың қара ниетті іс-әрекеттерінен қорғау; банкроттық үдерістерінің ақпараттық қамсыздандырылуын жақсарту және осы негізде олардың ашықтығын қамтамасыз ету; әрбір нақты кәсіпорынның дағдарыстығын шешумен бірге ілесе жүретін өндірістік және басқа шығындардың барынша азайтылуын қамтамасыз ету.

3 ТАРАУ

Интеллектуалдық меншік құқығының халықаралық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, тарихи қалыптасу аспектілері

Интеллектуалдық меншіктің қазіргі халықаралық-құқықтық түсінігін қалыптастырудың тарихи аспектілері. Шығармашылық ретінде қандай да бір жаңа және өзінің қайталанбастығымен түпнұсқалығымен анықталатын нәрсені тудыратын қызмет түсіндіріледі. Шығармашылық адамға тән нәрсе, себебі оның жасаушысы – шығармашылық қызметтің субъектісі бар [1].

Шығармашылық процесі әлеуметтік құқықтық қызмет емес. Шығармашылық процестің өзі құқықтық нормалардың шегінен тыс жатыр [2]. Бірақта, шығармашылық қызметтің ұйымдастырушылық әдістері туралы көптеген баспалар бар: «іскерлік ойын», «аналогия», «аналогияны қабылдамау», «ұжымдық генерация» т.б. Осының арқасында көптеген бір маманның немесе әртүрлі мамандардың топтары тартылады [3]. Осындай топтарда құқықтық та қатынастар пайда болуы мүмкін. Бірақ бізге қажеті бұл қатынастар емес, шығармашылық нәтиженің пайда болу процесі негізгі. Осы процестің нәтижесі өзінің жаңалығымен және қайталанбастығымен сыртқа көрінеді. Ол ретінде ғылыми жаңалық, өнертабыс, әдеби және өнер туындысы, өнеркәсіптік үлгі, ноу-хау болуы мүмкін [4,23б.].

Шығармашылық рухани қызмет, ол идеалды-жеке сипатта болады және осы қасиетіне қатысты заңдар мен құқықтық актілердің әрекет етуіне жатпайды. Заңнаманың бұл жердегі рөлі шығармашылық еңбектің нәтижелеріне құқықты тану, осындай нәтижелерге билік ету жағдайы, оны тудырушылардың құқықтарын қорғау табылады.

«Интеллектуалдық меншік», «өнеркәсіптік меншік», «интеллектуалдық меншік құқығы» сияқты ұғымдардың КСРО-ның кең кеңістігіне қайту мерзімі болып, 1991 жылдың 31 мамырында КСРО мен одақтас республикалардың Азаматтық заңнама негіздерін қабылдау мерзімі табылады [5].

Қазақстан Республикасында аталған ұғымдарды толық қолдану егемендік алғаннан кейін жүзеге асты. Мәселен, 1990 жылдың 15 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы» ҚазКСР-нің Заңының 9-бабына сәйкес азаматтардың жеке меншігі ретінде интеллектуалдық және материалдық қызметтің өнімі табылады деп айтылған [6]. Бірақ позитивті мағынада «интеллектуалдық меншік», «интеллектуалдық меншік құқығы» сияқты ұғымдар КСРО-ның заңнамасында пайдаланылған жоқ. Кеңес дәуірінде интеллектуалдық меншік объектілерінің көпшілігі оның авторларының айрықша құқығында болған жоқ, оның бір ғана авторы болды мемлекет [7].

Осы саладағы, қазіргі таңдағы ең үлкен ерекше өзгеріс болып шығармашылық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтың жеке тұлғалар мен ұйымдарға ауысуы табылады.

Сонымен қатар, бұрынғы КСРО мемлекеттерінде және Қазақстанда интеллектуалдық меншік объектілерінің белсенді қалыптасу процестері жүріп жатты. Осы бағыттарды толығымен түсіну үшін дамыған мемлекеттердегі интеллектуалдық меншік құқығының қалыптасу мен дамудың тарихи тәжірибесін білген жөн.

Біздің пікірімізше, интеллектуалдық меншік құқығының әлемдік тарихи эволюциясын үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең ХУ ғасыр мен ХУІІІ ғасырдың ақырғы төртінші тоқсанын қамтиды және монополиялық артықшылықтар кезеңі деп аталады.

Екінші кезең 1790 жыл мен 1883 жылдарды қамтиды және интеллектуалдық меншікті қорғаудың ұлттық жүйелерінің пайда болу кезеңі деп аталады.

Үшінші кезең 1883 жылдан басталады және әлемдік конвенциялар кезеңі деп аталады.

Монополиялық артықшылықтар кезеңі сол кездегі техникалық жетістіктерді әкелген тұлғалардың құқықтарын қорғау қажеттілігімен бізге қызықты.

Жеке деректер бойынша, Англияда жетістіктер шығарған адамдардың және шетелдік тауардың жаңа түрлерін әкелген адамдардың құқықтарын қорғау ХІУ ғасырдан басталады.

Ең ертедегі артықшылық құқықтар, мәселен Венециялық Республикада 1474 жылы «Парте Венеция» атымен атақты, бірақ өнертапқыш пен оны шетелде енгізген тұлға арасында айырмашылықтар көзделмеген [8].

Мұндай адамдарға айрықша монополиялы түрде өзінің жетістігін өзіне табыс тапқанға дейін мерзімде қолдануға мүмкіндік берілді. Бұл жағдай монополистке бәсекелестік күресте үлкен қолдау болды. Монополияны алу тәртібі де қызығушылық тудырады. Монополияны куәландыратын құжат болып Letters Patent – «ашық мадақтама» деп аударылатын құжат табылады. Артықшылық берілгені туралы жария түрде айтылатын, оның мерзімі аяқталған соң, монарх оны соза алмайтын [9].

Артықшылықтар жүйесі ары қарай дамытыла берді. Мәселен, 1628 жылы монополиялар туралы корольдік мәртебе қабылданды, онда патент артықшылық беретін жалғыз құжат болып саналды және оның мерзімі 14 жылмен ғана шектелді. Ақыры артықшылық алу үшін өнертабысты техникалық сипаттаудың ережесі қалыптасты.

Сонымен, өнертабысқа қатысты монополиялар кезеңінде өнертабысты техникалық сипаттаудың ережесі мен мемлекетке табысты патенттің қалыптасуы және үшінші тұлғалар алдында монополияның қорғалатындығы туралы қорытынды жасауға болады.

Тауарлық белгілерді құқықтық қорғаудың тарихы өнертабысқа қарағанда жас, бірақ жеке объектілеріне қатысты ежелгі тарихы бар.

Тауарлық белгілердің тарихы ғасырларға тереңдеп кетеді, сондықтан алғашқы тауарлық белгілердің пайда болу кезеңін анықтау өте қиын. Бірақ шамамен екі үш мың жыл бұрын адамдар алғашқы құмырлар сатуға бастады. Осы құмырларда таңбалар болды, оны біз қазір тауарлық белгілер деп

атаймыз. Қытайда алғашқы шыққан ыдыстарда нақты таңбалар болды, онда мемлекет басқарған императордың аты-жөні жазылған.

Сонымен қатар, үш мың жыл бұрын Үндістаннан шығарылған қолөнершілердің қолжазбасы бар заттары табылған.

Рим империясында мыңдаған таңбалар болған, олардың ішіндегі ең кең таралғаны фабрикалық таңба – Fortis табылады [8,185б.].

Қазақстанға қатысты мұндай қатынастардың жинақталуы ежелгі тарихта бар: «Тауке- хан ережесінде», «Жеті-жарғыда». Онда былай деп жазылған: «Әрбір ру және тайпада өзінің таңбасы (тамга – белгісі, елтаңбасы) болу керек. Нақты кімнің меншігі екенін білу үшін, таңба арқылы мал, мүлік белгіленеді» [10].

Жер шарының басқа бөліктерінде қолөнершінің тұлғасын және мүліктің шыққан жерін анықтау мақсатында тауарлық белгілер қару-жараққа, тұрмыстық мүлікке, бағалы заттарға соғылды.

Біздің пікірімізше, «таңба», «тамга», «тавро», «клеймо», ағылшындық бренд сөздері тауарлық белгінің негізін құрап, тауар шығарушы мен тауар арасындағы байланысты көрсеткен. Бұл сөздер белгі мағынасын атқарса да, бірақ экономикалық рөлді әлі атқарған жоқ. Бұл таңбалар жеке топ тауар шығарушылардың цехтік мүдделерін қорғау мақсатында Батыста гильдия деп аталатын адамдармен қолданылды. Сол кезде осы тауардың таңбасын заңсыз қоланса, адам қатаң жазаланатын (мамандығынан айыру, өлім жазасы т.б.).

Ұлттық жүйелер кезеңі диалектика заңы белгілегендей оның алдындағы кезең сын көтермегеннен кейін басталды. Бұл сын бір жерлерде төңкеріс түрінде, бір жерде бейбітгі түрде феодализмнен капитализмге өту кезеңінде болды.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің түсінігі мен рөлін қайта қараудың идеялық негізі болып сол кездегі жаратылыс құқығының теориясы табылады. Барлығына мәлім болғандай, бұл теория адам мен қоғамның өзара қатынасының терең сұрақтарын қайта қарауға ат салысты. Батыс мемлекеттерінің буржуазия идеологтары Г. Гроций, Б. Спиноза, Т. Гоббс феодалдық қатынастардан арылудың бағыттарын ұстанған [11]. Олардың негізгі идеялары Ресейде Ф. Проковичпен, В.Н. Татищевпен қолдау тапты.

Адам өмірінің құдаймен сыланғанына адам құқықтары мен бостандықтарының табиғатпен ұсынылғаны келді. Жаратылыс құқықтарының қатарына жеке меншікте жатқызылды (Д. Локк).

Мемлекет пен адам қоғамдық келісімнің тең тараптары болып табылады, ол бойынша бір тарап мемлекет жоғарғы игіліктерді – адам өмірін, оның меншігін қорғауға міндетті болды. Адамның табиғат жаратылысынан туындайтын құқықтары жаратылыс құқығы болса, ал оған сәйкес қабылданған мемлекет заңдары позитивтік құқық деп аталды.

Авторлық құқық саласында артықшылықтар жүйесін сынға алудың нәтижесі болып 1709 жылы Англияда қабылданған Анна патшасының Мәртебесі табылады. Бұл акті авторлық құқық туралы алғашқы дерек болып саналды. Осы кезеңнен бастап автордың айрықша құқығы туралы (туынды жарияланғаннан бастап 28 жыл бойы қорғалатын), өз құқықтарын басқаға

беру туралы, құқық бұзушының әрекеттерін сотқа шағымдану туралы айтуға болады.

Францияда болған көптеген төңкерістер арқасында қоғамдық және идеологиялық өзгерістер болды. Соның арқасында феодалдық қана емес сонымен қатар, кітап шығарушылардың да артықшылықтары тоқтатылды. 1791 және 1793 жылдары Құрылтай Кеңесінің Декреттері автордың туынды шығаруға деген құқығы оның өмірі бойы және ол қайтыс болғаннан кейін 10 жыл бойы оның мұрагерлеріне берілетіндігін бекітті. Бірақ авторлық құқық пайда болу үшін туындыны міндетті тіркеудің талабы бекітілмеген [9,22б.].

Осыған ұқсас авторлық құқыққа қатысты өзгерістер АҚШ-тың заңнамасында да болды. АҚШ-та қазіргі таңға дейін Анна патшысының Мәртебесі күшінде, ал 1790 жылы қабылданған заң (кітаптар мен басқа да объектілерді әрбір 14 жыл сайын депондау туралы) 1976 жылы Авторлық құқық туралы заң қабылданғанға дейін күшінде болды.

Көптеген сол кездегі дамыған мемлекеттерде терминологиялық және нақты айырмашылықтарды есепке алмағанда, авторлық құқық туралы заңнама осы құқықтарды меншік құқығы ретінде қарастырды. Осыған қатысты, И.А. Зенин интеллектуалдық меншік объектілеріне байланысты құқықты «проприетарлық тұжырым» немесе «проприетарлық тұрғы» деп атады, ол ағылшын тілінен меншік деп аударылады [7,157б.].

Шығармашылық объектілері саласында материалдық және материалдық емес құқықтарға қатысты түсінікке, И. Канттың философиялық ойларының қатты әсерінен авторлық құқықтар автор меншігі ғана емес, сонымен бірге автор мүдделерінің бірі болып табылады. Автор өз туындысына құқығын қорғауға мүмкіншілік алды, себебі ол автор тұғасының бөлігі болды. Осы аспекті И. Канттың пікірінше, негізгі болды, ал материалдық құқық моральдық құқықтың жалғасы болды. Со кездегі заң әдебиеттерінде және заңнамасында «моральдық құқық» термині болды, ол автордың экономикалық емес құқықтарын анықтайтын. Қазіргі қазақстандық заңнамада ол жеке мүліктік емес құқықтар деп аталады.

Авторлық құқыққа қарағанда патенттік құқық ілгері дамыған жоқ. Көптеген Еуропа мемлекеттерінде артықшылықтар жүйесін ары қарай дамыту арқылы патенттік қатынастар дамыды. Мысалы, Англияда артықшылықтар объектілерін пайдалануға қатысты сот практикасы 1711 жылы келесі қорытындыға келді: монополия алу үшін басқа құжаттармен қатар, оның «сипаттамасы» тапсырылатын [8,18б.].

Францияда монополияның кез келген түрімен күресу мақсатында, патент иелері өздерінің өнертабысын бір жыл ішінде қолданбаса, оған құқықты жоғалтады деген ереже бекітілді. Қазіргі таңда, өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтың мерзімділігі патенттік құқықтың негізгі принциптерінің бірі.

Осы және басқа да әкімшілік және сот практикасы бірыңғай ұлттық патенттік заңдарға енгізілді. Мұндай заңдар АҚШ пен Францияға қарағанда азаматтық заң төңкеріс негізінде өзгерген мемлекеттерде ерте қабылданды.

Сол кездегі патенттік заңдардың негізінде белгіленген жалпы принцип болып заңда белгіленген формальды және материалдық сипаттағы талаптарды орындаған өнертапқыштарға патенттің берілуі табылады. Осы принциптер 1790 жылы АҚШ-та және 1791 жылы Францияда патенттік заңдарда орын алды. Осы заңдар толығымен автордың меншік құқығын бекітті. Мәтінде франция дерегінің 1-бабында былай деп жазылған: «Кез келген жаңалық немесе өнертабыс кез келген түрінде автор меншігі болып табылады; осының арқасында заң оған толық және жан-жақты кепілдендірілген пайдалануды қамтамасыз етеді» [8,196.].

Осы қатынастарды сипаттайтын келесі белгісі ретінде патенттік қорғаудың ұлттық сипаты табылады. Мәселен, АҚШ-тың патенттік заңына 1793 жылы жасалған өзгерістер бойынша, патент тек қана сол мемлекет азаматтарына берілген. Францияға өнертабыс кіргізген адамдар оның авторы сияқты құқықтар мен міндеттерге ие болған. Сонымен қатар, Францияда өнертабысқа патент алған өнертапқыш басқа мемлекетте патент алса, онда өзінің мемлекетінде оны пайдалану құқығынан айырылатын. Ақырғы ережеге сәйкес біздің пікірімізше, сол кездегі патенттік құқықтың негізгі функциясы болып ішкі нарықты қорғау табылады.

Осы және басқа да талаптар халықаралық экономикалық қатынастар дамыған сайын жұмсара бастады және патент берудің саны ұлғая түсті. Өнертабыстың ұғымы мен маңызына қатысты пікірлер күрт өзгере түсті. Жаңа техниканы әкелу жаңа инновацияға теңестірілуден бас тартылды. Өнертабысқа қатысты оның жаңалығына талаптар қойыла бастады және техникадағы деңгейі ұғымы енгізіле бастады.

Ресей империясында және оның бөлігі болып табылатын Қазақстанда ұқсас процестер жүріп жатты, бірақ кейбір өзгешеліктермен. Зерттеушілердің пікірінше, ресейдің интеллектуалдық меншік құқығының тарихында, авторлық құқықта, оның ерекшеліктері бөлінеді:

- ХУІІІ ғасырға дейін кітап басуға мемлекеттік монополияның үстемдігі, алғашқы жеке типография тек қана 1771 жылы ғана пайда болды;
- тек қана шығарушыларға мемлекетпен артықшылықтардың берілуі және авторлар мен шығарушылардың арасында құқықтық реттеу пәні бойынша құқық қатынастардың болмауы;
- Ресейдің авторлық құқығы мен цензуралық заңнаманың арасындағы тығыз байланыс;
- ХІХ ғасырда авторлық құқықты меншік құқығының объектісі ретінде тануы және әдеби, шығармашылық меншік құрылысын енгізу;
- авторлық құқықтың қазіргі түсінігін енгізу тек қана 1911 жылы мүмкін болды [12,285б.].

Ресейдің патенттік құқығы еуропалық және американдық жолмен дамыды [13,42]. Оның ерекшеліктері жеке артықшылықтар жүйесінің ұзақ мерзімді болуынан көрінеді. Ресейдің алғашқы патент заңы 1812 жылы қабылданды. Бірақ Александр 1 1812 жылдың 17 маусымында қабылданаған манифесті «Шығармашылық пен қолөнердегі әртүрлі өнертабыс пен жаңалықтарға артықшылықтар туралы» деп аталған. Артықшылық деп

өнертабысқа айрықша құқықты куәландыратын және қорғайтын құжатты айтатын. Яғни, «артықшылық» деген термин ретінде қазір патент деп аталатын құжат түсіндірілген.

Аталған Манифесттің бірінші бөліміне сәйкес өнертабысқа артықшылық ретінде артықшылықта көрсетілген тұлғаға зат меншігі болып табылатындығын және үкіметке кезінде ұсынылғанын куәландыратын куәлік табылатын. Артықшылық толығымен артықшылықта көрсетілетін тұлғаға өнертабыстың жататындығын көрсетпейді, сондықтан кез келген үшінші тұлға осы құқықты тану үшін дауға түсе алатын және өз құқықтарын сотта қорғай алатын.

1833 жылдың 22 қарашасында император Николай 1 кезінде «Артықшылықтар туралы Ереже» деген құжатпен аталған құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Ереже қазіргі патенттік заңдарға жақын принциптер мен ұғымдарды енгізді. Мәселен, артықшылықтарға ұсыныс жасалғанда және оны пайдаланғанда ресей мен шетел тұлғалары бірдей құқықтарға ие болады. Ресейге әкелінген объектілерге айрықша құқық артықшылықпен, тек басқа мемлекетте оның мерзімі аяқталмағанға дейін ғана қорғалады. Сонымен қатар, артықшылық объектісін уақытша қолданудың да түсінігі енгізілді, ол қазіргі лицензиялық шарттарға ұқсас.

Осы ережеде қазіргі заңнамаға ұқсас заң талаптарын табуға болады: өнеркәсіптік қолданушылығын; техникалық шешімнің қоғамның талаптарына сәйкестігін; артықшылық алуға құжатта өнертабыстың толық сипаттамасының болуы сияқты.

Ресейдің патенттік заңнамасының одан кейінгі ары қарай дамуы артықшылықтар түсінігінен өнертабысты қорғау заңды түсінігіне көшті («Жаңа жаңалықтар мен өнертабысқа артықшылықтарды беру бойынша іс жүргізу тәртібін өзгерту туралы» 1870 жылдың 30 наурызында қабылданған заңы).

1896 жылдың 20 мамырындағы «Өнертабыспен ары қарай жетілдірудің артықшылықтары туралы Ереже» қазіргі терминдерге ұқсас ұсынылған шешімнің техникалық сипатын анықтады. Ақыры аяғы елеулі ерекшеліктер қазіргі өнертабыстың формуласына ұқсас бола бастады.

Артықшылықтар құқығын алу туралы арызды алғаннан кейін, Сауда және мануфактура Департаменті арыз берушіге «Қорғау куәлігі» деп аталатын құжатты беретін. Ол ресми баспада шығарылды және арыз берушіге өз өнертабысымен белсенді әрекеттер жасауға жағдай тудырды.

Сонымен, сол кездегі патенттік заңнама қорғау куәлігін енгізе отырып, уақытша құқықтық қорғаудың түсінігін енгізді және құқықтар жөнінде жария етудің рөлін көтерді деген қорытындыға келуге болады.

XIX ғасырдың аяғында өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық аяда бірнеше мемлекетте құқықтық қорғауды алудың мақсаты тұрды. Нақты жағынан көліктің, байланыстың дамымағанына байланысты бұл мүмкін бола алмады. Бір мемлекетте ұсынылған патенттік мәлімдеме өнертабыстың екінші мемлекеттегі жаңалығына күмән тудыратын.

Осы саладағы қатынастардың тежеуіші ретінде ұлттық патенттік заңдардың ережелеріндегі айырмашылықтар табылады. Сонымен қатар, технологиялардың интернационализациясы мұндай формальды патенттік кедергінің жойылуын талап етті.

Ұзақ мерзімді патенттік заңдардың біріктірілуі және интеллектуалдық меншік құқығының қорғау жүйесінің қалыптасуына байланысты жұмыстар, кезекті 1873 жылы Венадағы халықаралық техникалық көрменің болмай қалуына қауіп тудырды. Мемлекет өкілдері өз өнертабыстарын жоғалту қауіптеріне және қажетті құқықтық қорғаудың болмауына байланысты бас тартты.

Жағдайды сақтап қалу мақсатында австриялық билік органдары өнертабысты, өнеркәсіптік үлгіні және тауарлық белгілерді уақытша қорғау үшін арнайы заң қабылдады. Бұл акті өз бетінше прецедент болды және шетелдіктерге ұлттық режим берудің қажеттілігін енгізді.

Бұл мәселені қарастыру мақсатында 1873 жылы Патенттік реформалар жөніндегі Вена конгресі шақырылды, онда шығармашылық объектілеріне әртүрлі мемлекеттерде бірдей режим берудің принципі қаралды.

Қосарланған күш біріктіру арқасында Париж конгресінде (1878 жылы) одан кейін Париж конференциясында (1880 жылы) және француздық үкіметтің көмегімен халықаралық конвенцияның жобасы әзірленді.

1883 жылы 11 мемлекеттің өкілдері Парижде конвенция қабылдап оған қол қойды, ол конвенция тарихқа Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша Париж Конвенциясы ретінде мәлім.

Одан кейінгі кезеңде қатысушы-мемлекеттер саны ұлғая түсті де, қазіргі таңда 140 мемлекетті құрайды [8,398б.].

Қазақстан аумағына Париж конвенциясы Ресей империясының және КСРО-ның құрамында болғанда таратылды, себебі олар сол келісімнің қатысушысы болған.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, алғашқы болып Париж Конвенциясының Қазақстан аумағына ары қарай таратылатындығы жөнінде 1993 жылдың 5 ақпанындағы «Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы Халықаралық келісімдер туралы» Декларациясында бекітті [14].

Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша Париж Конвенциясы ұлттық заңнаманың қалыптасуына үлкен әсер тигізген.

Конвенцияда интеллектуалдық меншік объектілеріне анықтама берілмейді, бірақ 1-бапқа сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне өнертабыс, пайдалы модель, тауарлық белгі, фирмалық атаулар жататындығын түсінуге болады [15].

Конвенцияны талдай келе, екі негізгі тұжырымды бөліп алуға болады.

Біріншісі, құқықтар ішіндегі негізгісі, ұлттық режим құқығы табылады.

Екіншісі, үстемдік құқығы. Ұлттық режим құқығы әр ұлттандыру процесінің ең жоғарғы жетісітігі ол Конвенцияның 2,3 баптарында көзделген. Ұлттық режим құқығы барлық конвенцияға қатысушы-мемлекеттердің азаматтарына өз мемлекеттеріндегідей құқықтың қамтамасыз етілетіндігін білдіреді.

Үстемдік құқығы Конвенцияның 4-бабына сәйкес өтінім берген тұлға барлық қатысушы-мемлекеттер аумағында өз құқықтарының қорғалуын талап ете алады.

Сонымен, біз интеллектуалдық меншіктің қазіргі халықаралық-құқықтық түсінігін қалыптастырудың тарихи аспектілерін анықтадық.

1. Қазақстан Республикасында «интеллектуалдық меншік», «өнеркәсіптік меншік», «интеллектуалдық меншік құқығы» сияқты ұғымдар егемендік алынғаннан кейін жүзеге асты. 1990 жылдың 15 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы меншік туралы» ҚазКСР-нің Заңының 9-бабына сәйкес азаматтардың жеке меншігі ретінде интеллектуалдық және материалдық қызметтің өнімі табылады деп айтылған. Бірақ позитивті мағынада «интеллектуалдық меншік», «интеллектуалдық меншік құқығы» сияқты ұғымдар КСРО-ның заңнамасында пайдаланылған жоқ. Кеңес дәуірінде интеллектуалдық меншік объектілерінің көпшілігі оның авторларының айрықша құқығында болған жоқ, оның бір ғана авторы болды мемлекет.

2. Біздің пікірімізше, интеллектуалдық меншік құқығының әлемдік тарихи эволюциясын үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең ХҮ ғасыр мен ХҮІІІ ғасырдың ақырғы төртінші тоқсанын қамтиды және монополиялық артықшылықтар кезеңі деп аталады.

Екінші кезең 1790 жыл мен 1883 жылдарды қамтиды және интеллектуалдық меншікті қорғаудың ұлттық жүйелерінің пайда болу кезеңі деп аталады.

Үшінші кезең 1883 жылдан басталады және әлемдік конвенциялар кезеңі деп аталады.

Интеллектуалдық меншіктің халықаралық-құқықтық реттелуі. Кез келген жүйе сияқты интеллектуалдық меншік жүйесі де оны құрайтын бөліктерден тұрады. Әлемдік жүйенің негізгі бас элементтері ретінде нормативтік және институционалдық бөліктері (бөлімдері) табылады.

Нормативтік бөлігін күшіндегі интеллектуалдық меншік саласындағы конвенциялар мен мемлекеттер арасындағы шарттар құраса, институционалдық бөлігін қатысушы-мемлекеттер, қатысушы-мемлекеттердің одақтары, Интеллектуалдық меншік бойынша Дүниежүзілік ұйым (ВОИС) құрайды.

Интеллектуалдық меншік бойынша конвенциялардың барлығын үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топты интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін шарттар құрайды. Бұл топтың өзін бірнеше топшықтарға бөлуге болады: авторлық және сабақтас құқықтардың қорғауын қамтамасыз ететін шарттар; өнеркәсіптік меншіктің қорғауын қамтамасыз ететін шарттар.

Екінші топты бірнеше мемлекетте өнеркәсіптік меншіктің қорғауын алуға жеңілдететін шарттар құрайды.

Үшінші топты халықаралық сыныпталуды бекітетін шарттар құрайды.

Аталған топтарға енетін көпжақты конвенцияларға нақты тоқталайық.

Интеллектуалдық меншік бойынша Дүниежүзілік ұйымның авторлық және сабақтас құқықтардың қорғауын қамтамасыз ететін шарттарға жатады: Әдеби және шығармашылық туындыларды қорғау бойынша Берн конвенциясы 1886 ж. [16], Орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың және жариялау органдарының мүдделерін қорғау бойынша Рим конвенциясы 1961 ж. [17], Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі Женева конвенциясы 1971 ж. [18], ДЗМУ-ның Авторлық құқық жөніндегі шарты 1996 ж. [19].

Осы топтағы шарттар басқа мемлекеттерде қатысушы-мемлекеттер азаматтарның мүдделерін қамтамасыз ететін, халықаралық-құқықтық материалдық және процессуалдық нормалардан тұрады.

Өнеркәсіптік меншіктің қорғауын қамтамасыз ететін шарттарға келесі халықаралық шарттар жатады: Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша Париж конвенциясы 1883 ж., Тауардың шығу тегіне қатысты жалған және қателікке әкелетін мәлімдемелерді кесу бойынша Мадрид келісімі 1891 ж., Олимпиядалық символды қорғау бойынша Найроба шарты 1981 ж., Тауарлық белгілер бойынша заңдар туралы Шарт (ТЛТ) 1994 ж.

Бұл конвенциялар нақты көрінетін қорғау функциясын атқарады. Олар мемлекеттермен келісілген заңды қорғаудың қайнар көзі болып табылады.

Бірнеше мемлекетте өнеркәсіптік меншіктің қорғауын алуға жеңілдететін шарттар қорғау объектісіне байланысты бөлінеді.

Патенттер саласында оларға жатады: Патенттік кооперация туралы Шарт (РСТ) 1970 ж., Микроағзаларды патенттік тәртіп мақсаты үшін депондауды халықаралық тану туралы Будапешт шарты 1977 ж.

Тауарлық белгілер саласына, Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі 1891 ж. және Белгілерді халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне Хаттама 1989 ж. жатады.

Тауарлардың шығу тегінің орындарының түр-түріне қатысты, Тауарлардың шығу тегінің орындарының түр-түрін және олардың халықаралық тіркелуі бойынша Лиссабон келісімі 1958 ж. қолданылады.

Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық-құқықтық қорғаудың сұрақтарын Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық депондау туралы Гаага келісімі 1925 жылғы реттейді.

Аталған топтағы конвенциялар ұлттық қорғау құжаттарын бір немесе бірнеше мемлекетте алуын жеңілдетеді. Осы конвенцияларды пайдаланушылар саны жылдан-жылға өсуде, бұл осы саладағы глобализацияның көрінісі.

Үшінші топты халықаралық сыныпталуды және олардың ары қарай жетілдіру тәртібін бекітетін шарттар құрайды. Осы саладағы шарттарға жатады: Халықаралық патенттік сыныпталу туралы Страсбургтік келісім 1971 ж., Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныпталуы туралы Ницц келісімі 1957 ж., Белгілердің бейнелеу элементінің халықаралық сыныпталуын құру бойынша Вена келісімі 1973 ж.,

Өнеркәсіптік үлгілердің Халықаралық сыныпталуын құру бойынша Локарлық келісім 1968 ж.

Осы күшіндегі конвенциялардың ары қарай жетілдірілуі тұрақты жүзеге асуда және ВОИС мүшелерінен белсенділікті талап етеді.

Халықаралық байланыстағы дамудың көрсеткіші ретінде жұмыс топтарымен және сарапшылардың тұрақты комитеттерімен әзірленген конвенция жобалары табылады. Олардың саны өте көп, оның барлығын атамаймыз. Сондықтан, біздің пікірімізше аса өзектілерін қарастырған жөн.

Патенттік қорғауды тез арада алуды және қолданудың тиімділігін көтеру мақсатында, ВОИС-тың патент сарапшыларының Комитетімен Патенттік заңдар туралы шарт (ПЛТ) жобасы әзірленді. ПЛТ жобасы ұлттық және аймақтық заңдар арасындағы түсінбеушілікті реттеуші ретінде де табылады.

2000 жылдың мамыр-маусым айларының арасында Дипломатиялық конференцияда, ПЛТ-ның патенттік құқықтың процессуалдық нормалары бар, бірінші бөлігі бірнеше мемлекеттермен және аймақтық патенттік ұйымдармен қабылданды. Дипломатиялық конференция шарт мәтінімен келіссе де, ПЛТ-ның өзі әлі де жетілдіруді талап етеді. Қазақстан Республикасы ПЛТ-ның мемлекеттің экономикасына пайдасы түсетіндігін ұғынғанда ғана ратификациялайды.

Келесі ВОИС-тың сарапшылары жұмыс жүргізіп жатқан жобаның бірі авторлық саладағы жоба, ол Берн конвенциясына Хаттама.

Осы саладағы практикаға сәйкес ұлттық заңнама мен Берн, Рим конвенцияларының арасында келіспеушіліктер пайда болуда.

Сондықтан, осы жағдайды түсініп сарапшылар комитеті Берн конвенциясына хаттаманы әзірлеуге бастады. Бұл жобаны әзірлегенде, авторлық құқықтың азаматтық құқыққа (рим және континенталдық) және жалпы (ағылшын-саксондық) құқыққа негізделген жүйелерінің арасында байланыс орнатуды мақсат тұтқан [8,444б.].

Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық депондау туралы Гаага келісімін алпыс жыл қолданудың тәжірибесі, оның қатысушыларының аз ынталандыратындығын көрсетті, соның нәтижесінде осы Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер саны өте аз.

Сарапшылар комитеті өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық депондаудың санын ұлғайта алады және қатысушы-мемлекеттер санын ұлғайта алады, егер үш топ мәселені шешетін болса:

- жүйе пайдаланушыларына және депондау нысанына, депозитормен бажды төлеуге әкелетін және соған қатысты мәселелер;
- ұлттық ведомствоның мәселелеріне қатысты мәселелер;
- өнеркәсіптік үлгілерді қорғаудың аймақтық жүйелерінің болуы арқасында, олар ұлттық жүйелерді ауыстырып Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер санын азайтады.

Қазіргі таңда, Гаага одағының қатысушы-мемлекеттер өкілдерінен тұратын сарапшылар Комитеті өз қызметін жалғастыруда. Олар осы аталған үш мәселені шешуді мақсат қойған және соның нәтижесінде жүйеге

жеңілдіктер берудің арқасында конвенцияға қатысушы-мемлекеттер санын ұлғайтпақ.

ВОИС-тың сарапшылар комитеті жұмыс істеп жатқан келесі құжат болып Интеллектуалдық меншік саласындағы мемлекеттер арасындағы дауларды реттеу бойынша ВОИС Шартының жобасы табылады.

Осындай келісімді қабыладудың себебі ретінде интеллектуалдық меншік саласындағы мемлекетаралық қатынастарды реттейтін шарттардың түсінігі мен қолдануында туындайтын, даулар табылады. Осы ереженің болмауына байланысты мемлекеттер туындаған дауларды халықаралық принциптерге негізделе отырып шартта тараптар келісілген дауды шешу құралын қолданып келеді.

Осы жобаланып жатқан шарттың мақсаты болып интеллектуалдық меншік саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін интеллектуалдық меншікті қорғауға көмек табылады [8,445б.].

Осындай дауларды шешу үшін тиімді тәртіпті белгілеу интеллектуалдық меншікті қорғаудың негізі болады.

Интеллектуалдық меншіктің құқықтық реттелуін қарастыра отырып, оның енді интеллектуалдық меншікті қорғаудың әлемдік жүресінің институционалдық бөлігін қарастырған жөн.

Қазіргі таңдағы интеллектуалдық меншік саласындағы тұрғылар мен тәртіптердің ұқсастығына байланысты, халықаралық стандарттау және өзара құқықтар мен міндеттерді тану арқылы практикалық тәртіпті жеңілдетуге көшу керек. Осы тұжырым мемлекеттер арасындағы келіссөзге әкелді және соның нәтижесінде көпжақты шарттар (конвенциялар) қабылданды. Әрбір конвенция әрбір салада мемлекеттер одағынан тұрады.

Сондықтан, әртүрлі мемлекеттер одағының үлкен саны жиналады, мысалы, Париж одағы, Берн одағы, Мадрид одағы, т.б. Әрбір одақты әкімшілік басқарудың қажеттілігі пайда болады (мүшелік сұрақтары, мүшелік үшін төлеу, отырыстарды ұйымдастыру, құжаттарды толтыру т.б.). Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін Париж және Берн конвенцияларының саласында халықаралық хатшылық, қысқаша БИРПИ құрылды.

1967 жылы Интеллектуалдық меншік бойынша Дүниежүзілік ұйымды (ВОИС-тың) құрылуын бекітетін Стокгольм конвенциясы қабылданды, кейіннен бұл ұйым БҰҰ арнайы ұйымы ретінде енді.

ВОИС қызметі интеллектуалдық меншікке қадірлеушіліктің өсуін және өнеркәсіптік мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы қызмет негізінен үш бағытта жүзеге асуда:

- интеллектуалдық меншіктің әкімшілік сұрақтары бойынша үкіметаралық байланысты қамтамасыз ету;
- бағдарламалық қызмет;
- тіркеу қызметі.

Осы үш бағыт ВОИС-тың БҰҰ арнайы ұйымдарынан айырмашылығын көрсетеді (мысалы, ЮНЕСКО-ға, МОТ-қа, ВОЗ-ға т.б. қарағанда).

ВОИС-тың негізгі қызметін бағдарламалық қызмет құрайды. Ол қазіргі таңда, бар конвенциялардың кеңінен қолданылуын, оны қажет болғанда

қайта қарауын, жаңа ережелердің қабылдауын және «даму мақсатында байланыс бойынша қызметтің» жүзеге асуымен шектеледі.

Біздің республика 1993 жылдан бастап ВОИС өткізетін барлық іс-шараларға белсенділікпен қатысуда және халықаралық ұйым тарапын қажетті интеллектуалдық меншік құқығы саласында құқықтық және техникалық көмек алуда.

Бұл мәселе бойынша келесі негізгі қорытындыларды бөліп алуға болады:

1. Әлемдік жүйенің негізгі бас элементтері ретінде нормативтік және институционалдық бөліктері (бөлімдері) табылады.

Нормативтік бөлігін күшіндегі интеллектуалдық меншік саласындағы конвенциялар мен мемлекеттер арасындағы шарттар құраса, институционалдық бөлігін қатысушы-мемлекеттер, қатысушы-мемлекеттердің одақтары, Интеллектуалдық меншік бойынша Дүниежүзілік ұйым (ВОИС) құрайды.

Интеллектуалдық меншік бойынша конвенциялардың барлығын үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топты интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін шарттар құрайды. Бұл топтың өзін бірнеше топшықтарға бөлуге болады: авторлық және сабақтас құқықтардың қорғауын қамтамасыз ететін шарттар; өнеркәсіптік меншіктің қорғауын қамтамасыз ететін шарттар.

Екінші топты бірнеше мемлекетте өнеркәсіптік меншіктің қорғауын алуға жеңілдететін шарттар құрайды.

Үшінші топты халықаралық сыныпталуды бекітетін шарттар құрайды.

2. ВОИС қызметі интеллектуалдық меншікке қадірлеушіліктің өсуін және өнеркәсіптік мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы қызмет негізінен үш бағытта жүзеге асуда:

- интеллектуалдық меншіктің әкімшілік сұрақтары бойынша үкіметаралық байланысты қамтамасыз ету;
- бағдарламалық қызмет;
- тіркеу қызметі.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша интеллектуалдық меншіктің нормативтік түсінігінің қалыптасуы. Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде интеллектуалдық меншік немесе интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің анықтамасы бар норма жоқ. Біздің пікірімізше, бұл Батыс мемлекеттерінің заңнамасындағы және халықаралық конвенциялардағы сияқты мұндай анықтаманың болмауына байланысты түсіндіріледі. Екінші жағынан, кез келген түсініктеме шартты және объектілердің барлық аспектілерін ашпайды. Заң жағынан мұндай анықтама практикалық мағынада болмайды. Ғылыми жағынан мұндай түсінік қажет және біз оны беруге ат салысамыз.

Интеллектуалдық меншік деген не, деген сұраққа жауапты біз халықаралық-құқықтық және ұлттық заңнама сияқты қайнар көздерден таба аламыз.

Интеллектуалдық меншіктің Дүниежүзілік ұйымының аталған конвенциясының 2 бабының мағынасынан «интеллектуалдық меншік» құрамына келесі объектілерге қатысты құқықтар жатады: әдеби, шығармашылық және ғылыми туындыларға; артисттердің орындаушылық қызметіне, дыбыс жазбаға, радио, теле бағдарламаларға; адам қызметтің барлық саласындағы өнертабыстарға; ғылыми жаңалықтарға; өнеркәсіптік үлгілерге; тауарлық белгілерге қатысты құқықтар және сонымен қатар, өндірістік, ғылыми, әдеби және шығармашылық саласындағы интеллектуалдық қызметке қатысты өзге де құқықтар жатады [15,26.].

Қазақстандық ұлттық заңнамада да аталған объектілердің мағынасын ашатын нормалар бар. Бұл біріншіден, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 10 маусымында қабылданған.

Интеллектуалдық меншіктің түсінігіне қалай да болса, анықтама беретін нормалар ҚР АҚ-нің 14, 59, 115, 119, 125, 126, 961-970 – баптарында көзделген.

ҚР АҚ-нің 961-бабына сәйкес интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне:

- 1) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;
- 2) азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары жатады.

Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:

- 1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- 2) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;
- 3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- 4) селекциялық жетістіктер;
- 5) интегралдық микросызба топологиялары;
- 6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);
- 7) ҚР АҚ-да немесе өзге де заң актілерінде көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады [20,556.].

ҚР АҚ-нің 961-бабы мен Интеллектуалдық меншіктің Дүниежүзілік ұйымы конвенциясының мәтінін салыстарғанда әділетсіз бәсекелестікке қарсы қорғауды есепке алмағанда, көптеген объектілер ұқсас болып келеді.

Аталған жоғарыда қайнар көздер интеллектуалдық меншік объектілерінің нормативтік анықтамасын толығымен бермейді, ол үлкен кең көлемді сипаттамаларды ғана белгілейді.

Аталған объектілердің авторлық түсінігін бергенге дейін, олардың заңды және өзге де түсінігін анықтаған жөн.

Азаматтық заңнаманы талдағаннан кейін, біздің пікірімізше, интеллектуалдық меншіктің, интеллектуалдық меншік құқығының объектілерін сипаттайтын 4 негізгі құрылымды анықтауға болады.

Аталған құқықтық феномендер келесідей түсіндіріледі:

- мүлік түрі, меншік құқығының объектісі;

- шығармашылық нәтижесі және дараландыру құралы;
- азаматтық құқық қабілеттіліктің элементі;
- азаматқа немесе ұйымға тиесілі айрықша құқық.

Интеллектуалдық меншікке қатысты заң шығарушының жалпы пікірін екі ойға байланысты келесі тұрғыларға бөлуге болады: интеллектуалдық меншік объектілеріне жататын объектілер шегі және белгілі объектіге қатысты азаматтық құқықтар түрі ретінде интеллектуалдық меншікке құқықтың өзі.

Қаралып отырған объектілер шегінен қарағанда оны мүлік түрі ретінде анықтайтын тұрғы бар.

Ол ҚР АҚ-нің 115-бабына сәйкес анықталады, бұл бап бойынша азаматтық құқық объектілері келесі түрлерге бөлінеді: мүліктік құқықтар мен игіліктер және мүліктік емес құқықтар мен игіліктер.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады. Осы аталған объектілер қатарында заң шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелерін, фирмалық атауларын, тауарлық белгілер мен бұйымды дараландырудың өзге де құралдарын жатқызады [20,40б.].

ҚР АҚ-нің 117-бабына сәйкес қозғалмайтын заттарға жатпайтын мүлік, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздар және интеллектуалдық меншік объектілері қозғалатын мүлік деп танылады.

Осындай аспектінің тағы бір дәлелі ретінде Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының 2-бабы мен ҚР АҚ-нің 125-бабында көзделген «Интеллектуалдық меншік» деп анықталған тараудың болуы табылады.

Осындай баптардың екі аталған нормативтік актіде бірдей көзделуі оның түсінушілік мағынасында күдік тудырмайды. Мәселен, Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының 2-бабында тікелей «интеллектуалдық меншік дегеніміз шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелеріне меншік» көрсетілген [21,26.].

ҚР АҚ-нің 125-бабы өз атауында бұл объектілерді меншік деп атайды және ол ҚР АҚ-нің меншік құқығы туралы жалпы ережелер параграфында көзделген.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің азаматтық құқық объектілері сияқты азаматтық айналысқа түсетіндігін дәлелдейтін ҚР АҚ-нің 59-бабы бар: «ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқық, санаткерлік қызмет нәтижесі құқығын қоса алғанда және өзге де мүлік шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салынатын салым бола алады» [20,20б.].

Интеллектуалдық меншік объектілерінің заңды түсінігі шығармашылық нәтижесі ретінде ҚР АҚ-нің 125-бабында және нақты ҚР АҚ-нің 961-бабында көзделген. Осы баптарды талдай келе, азамат пен заңды тұлғаның айрықша

құқығы азаматтық құқықтың кез келген объектісіне таралады деген қорытындыға келуге болады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы интеллектуалдық меншік құқығын азаматтық құқық қабілеттіктің элементі ретінде түсінеді.

Нақты осындай мағына ҚР АҚ-нің 14-бабында көзделген. Онда азаматтың құқық қабілеттігінің бөлігі ретінде өнертабысқа, ғылым, әдебиет және өнер туындыларына және өзге де интеллектуалдық меншік нәтижелеріне интеллектуалдық меншік құқығы табылады.

Азаматтың интеллектуалдық меншік құқығын субъективтік мағынадағы интеллектуалдық меншік құқығы деп тануға болады, екінші жағынан ол объективтік мағынада нормалар жиынтығы ретінде қаралып заңнаманың тәуелді саласы ретінде қаралады.

Интеллектуалдық меншіктің айрықша құқық ретіндегі түсінігі ҚР АҚ-нің 125-бабында көзделген. ҚР АҚ-де және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады.

Осы баптың екінші тармағында интеллектуалдық меншіктің заң шығарушымен маңызын түсіндірудің ережесі белгіленген. Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері мен ерекше құқықтардың (интеллектуалдық меншіктің) объектісі болуы мүмкін даралану құралдарын пайдалануды үшінші жақтар құқық иеленушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. Бұл жерде, интеллектуалдық меншік объектілері мен айрықша құқық объектілерінің сәйкестігі айқын көрінеді.

ҚР АҚ-ның Ерекше бөлімі қабылданғанға дейін, бұл норма интеллектуалдық меншіктің заңды анықтамасы болған.

Бұл объектілерді айрықша құқық объектілері ретінде танудың түсінігі интеллектуалдық меншіктің субъективтік азаматтық құқықтар жүйесіндегі орнын анықтайды. Бұл біздің пікірімізше, зерттелген объектілердің динамикалық сипаттамасы.

Біз интеллектуалдық меншіктің заңды анықтамасын қарастырдық, енді біздің пікірімізше бұл құқықтық құбылыстарды динамика мен статикада қарастырған дұрыс. Біз Р.О. Халфинаның пікірін ұстанамыз: «бар құқық қатынастар жүйесі тұрақты қозғалыста болады және қоғам дамуының динамикасын анықтайды, ал құқық қатынастар динамикасы модель мен нақты іс-әрекеттің (тәртіптің) динамикасын айқындайды»[22].

Интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты азаматтық құқық қатынастар жүйесінің даму динамикасын есепке алсақ, онда әртүрлі анықтамалар пайда болады.

Біздің пікірімізше, нақты құқықтық құрылыс азаматтық құқықтық қатынастардың дамуында, белгілі жағдайларда әртүрлі функциялар атқарады. Мысалы, жарияланған құқық әлеуетті сипатта және құқық нормасының

құрылысында болады; осы құқық реттеушілік құқық қатынастарда болса, онда ол субъективтік құқық болады (белгілі объектіге меншік құқығы); субъективтік құқық қорғаушылық қатынастарда болса, онда ол қорғалатын сипатқа ие болады. Құқықтық норма санкциясы өзінің жазалау әлеуетті қабілеттігі мен превентивтік шарасынан жауапкершілік шарасына айналады [23].

Р.О. Халфина өзінің пікірін дұрыс айтқан: «құқық нормасы азаматтық құқық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына заңды негіз болады..., ол келесі шарттардың, мән-жайлардың болуында құқықтық байланысты қозғалысқа келтіреді» [22,220б.]. Осыған сәйкес интеллектуалдық меншік құқығының нормативтік түсінігін бағалауды азаматтық құқық қабілеттілік элементі ретінде құқықтың түсінігінен бастаған жөн.

ҚР АҚ-нің 14-бабындағы норманы: «азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер таңдауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады», - біз дұрыс және қайталанбас, сондай-ақ басқа мемлекеттердің азаматтық нормаларында жоқ деп бағалаймыз.

Салыстырмалы түрде РФ АҚ-нің 18-бабында құқық қабілеттіліктің мазмұнына азаматтың құқығы көрсетілген: «ғылым, әдебиет және өнер туындыларына, өнертабысқа және өзге де заңмен қорғалатын интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне автордың құқығына ие болу» жатады [24].

Өзбекістан АҚ-нің 18-бабында осыған ұқсас норма белгіленген: азаматтар ««ғылым, әдебиет және өнер туындыларына, өнертабысқа және өзге де заңмен қорғалатын интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне автордың құқығына ие бола алады» [25].

Бұл мемлекеттердің азаматтық кодекстеріндегі интеллектуалдық меншікті азамат құқық қабілеттігінің көлеміне енгізуде қауіптілік тудырады. Заңдарда тек қана автордың құқығы ғана белгіленген, ал интеллектуалдық меншіктің объектілеріне автордың ие болу құқықтары мен барлық мүліктік емес игіліктері тыс қалып қойған.

Біздің пікірімізше, ҚР АҚ интеллектуалдық меншік құқығын азамат құқық қабілеттігінің элементіне енгізуі, мемлекетіміздің оған конституциялық мағынада көңіл бөлгенін көрсетеді. Осындай енгізу ары

қарай азаматтық құқық объектілерінің жүйесіндегі аталған объектілердің рөліне әсер етеді, яғни ҚР АҚ-нің Ерекше бөлімінің атауы мен мазмұнына, интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің құқықтық мәртебесіне әсер етеді.

Осындай енгізу, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған ҚР Конституциясының, интеллектуалдық меншік туралы ешқандай норманы бекітпеген жеткізіліксіздіктің орнын толтырды.

Салыстырмалы түрде РФ Конституциясының 44-бабында интеллектуалдық меншік заңмен қорғалады деген норма бар [26].

Интеллектуалдық меншік құқығы азаматтық құқық қабілеттіліктің элементі ретінде объектілерді өздері тудыратын нақты құқық қатынастарда жүзеге асады. Азаматтық құқық объектілерінің жүйесінде оның орны туралы сұрақ пайда болады.

Әртүрлі мемлекеттерде ол әр қалай шешіледі. ҚР АҚ-нің 115, 117, 125-баптарындағы ұсыныстар интеллектуалдық меншікті мүлік қатарына жатқызып, мәселені шешудің жолы тиімді ме?

Біздің пікірімше, мұндай енгізу қазақстандық азаматтық құқықтағы мүліктің оқшаулығымен, түпнұсқалығымен түсіндіріледі. Бұл нақты түрде ҚР АҚ-нің 115-бабынан көрінеді. Оның мазмұнын талдай келе, М.К. Сулейменов өзінің «Вещные права в Республике Казахстан» атты еңбегінде мүліктің келесі құрылымын бөледі:

- заттар (ақша мен бағалы қағаздарды қоса алғанда);
- жұмыс пен қызметтер;
- интеллектуалдық меншік;
- мүліктік құқықтар (талап ету құқығы);
- міндеттер (қарыздар) [27,16б.].

Яғни, интеллектуалдық меншік объектілері «мүлік» деген категориямен қамтылады. Азаматтық құқық объектілерін сыныптаудың негізгі, базалық түрлерінен автор келесін бөледі: 1) заттар (ақша мен бағалы қағаздарды қоса алғанда); 2) жұмыс пен қызметтер; 3) интеллектуалдық меншік; 4) жеке мүліктік емес құқықтар.

Сонымен қатар, автор заттар мен қызметтерді азаматтық құқықтың мүліктік объектілері категориясына, ал шығармашылық қызмет нәтижелері мен жеке мүліктік емес игіліктерді – азаматтық құқықтың мүліктік емес объектілері категориясына жатқызудың тұрғысын ұстанады [27,9б.].

Сонымен, ғылыммен берілген, азаматтық құқық объектілерінің идеалды сыныпталуы мен ҚР АҚ-нің 115-бабында көзделген заңмен анықталған нақты сыныпталу теңбе-тең келмейді.

М.К. Сулейменовтың пікірінше, «ақырғы сыныпталу Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрғысынан дұрыстау емес». Бұл жерде, республика заңнамасы бұл сұрақты идеалды шешпейтін шығар? - деген сұрақ туады.

Енді осыған ұқсас сұрақ басқа мемлекеттердің заңнамасында қалай шешілетіндігін қарастырайық, мәселен, РФ АҚ-де.

Кодекстің 128-бабында «Азаматтық құқық объектілерінің түрлері» деп аталатын тарауда құрылымды түрде объектілердің төрт тобы бөлінеді: 1) мүлік; 2) әрекеттер; 3) интеллектуалдық (шығармашылық) қызметтің нәтижелері; 4) материалдық емес игіліктер. Бұл жерде, ҚР АҚ-нің 115-бабында көзделген тұрғыдан басқа тұрғы белгіленген, интеллектуалдық меншік мүлік шегінен тыс алынып тасталған [24,173б.].

РФ АҚ-не түсініктеме бере отырып, авторлар «мүлік» терминін азаматтық құқықта әртүрлі түсінеді. Заңмен анықталған түсініктің шегі өте кең.

Мәселен, мүлікке әрбір жеке жағдайда: жеке мүліктер немесе олардың жиынтықтары (РФ АҚ-нің 15-бабының 2-тармағы, 46-бабының 2-тармағы); заттар, ақша, бағалы қағаздар (РФ АҚ-нің 302-бабының 1-тармағы, 307-бабының 1-тармағы); заттар, ақша, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар (РФ АҚ-нің 18-бабының 1-тармағы, 56-бабы); барлық мүліктік құқықтар жиынтығына субъектінің міндетін қоса алғанда. Осы нұсқаулықты қолдана отырып, «мүлік» терминінің мағынасын түсінген жөн [28,236б.].

Л.В. Щенникова тар мағынада мүлік деп заттар жиынтығын түсінсе, кең мағынада оған – талап ету құқығы мен қарыздарды, немесе азаматтық-құқықтық міндеттерді түсінетін. Соның пікірінше, «заңды мағынада мүлік деп ақшалай бағаланатын нақты тұлғалар түсетін заңды қатынастар жиынтығы түсіндіріледі». Осы терминнің түсінігіндегі келіспеушіліктің көп болуына байланысты автордың нұсқаулығы бар: «қазіргі заңгердің «мүлік» ұғымының ғылыми теориясы қаруында болу керек» [29,4б.].

Қазақстан мен Ресейдің заңнамасында азаматтық құқық объектілерінің құрылымы және «мүлік» терминінің мағынасы әртүрлі түсіндіріледі. ҚР АҚ-нің 115-бабында мүліктің кең мағынасы белгіленген: заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет және жеке мүліктік емес құқықтарға жататын кез келген құқықтар жатады.

Осыған қатысты, «мүлік» терминін қандай шектерге дейін толтыруға болады және оның құрамына интеллектуалдық меншік құқығы объектілерін енгізуге болады ма? - деген сұрақ туады.

Бұл сұрақ, теориялық және практикалық мағынаға ие. Интеллектуалдық меншік объектілерінің азаматтық құқық объектілерінің жүйесіндегі орнын анықтаудан ҚР АҚ-мен және басқа да заңнамалармен ары қарай реттеуі байланысты болады. Мәселен, осы сұрақты шешуден нақты интеллектуалдық меншік объектісіне нақты субъектінің айрықша құқығының заңды белгіленуі айқындалады, яғни барлық субъективтік құқықтардың сатылары. Өз кезегінде, субъективтік құқықтар сатысында мәселені шешу, интеллектуалдық меншік объектілерінің тез арада азаматтық айналымға енуіне әсер етеді.

М.К. Сулейменовтың пікірінше, «мүлік түсінігімен адамға (азаматқа, заңды тұлғаға, мемлекетке) тиесілі заттар, талап ету құқығы және міндеттер қамтылады» [27,14б.]. Ол өзінің осындай пікірімен Г.Ф. Шершеневичтің пікірін растайды: «мүлік дегеніміз бағаланатын мүліктік қатынастар». Сонымен қатар, Нидерландының АҚ-нің 3 кітабының 1-бабында мүлік

түсінігі бекітілген: «мүлік – бұл барлық заттар мен мүліктік құқықтар» [27,156.].

Осындай түсінікке сүйене отырып, біздің пікірімізше, ҚР АҚ 115-бабы қалыптасқан. Осы құрылысқа сәйкес жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктер экономикалық мазмұны жоқ және тұлғадан ажырамас азаматтық құқық объектісінің түрлеріне айналды. Бұлардың қатарына адам өмірі, денсаулығымен қатар, адам есіміне, авторлығына құқығы мен туындының қол сұғылмаушылығы құқықтары енді. Осыдан интеллектуалдық меншік объектілері мүліктік сипатта да, мүліктік емес сипатта да бола алады.

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің екінші бөлігі, яғни мүліктік мазмұнға ие бөлігі біздің пікірімізше, мүліктік игіліктер мен құқықтарға азаматтық құқық объектісі ретінде біздің азаматтық заңнамаға енді.

Осы саладағы күдіктің негізгі себебі ретінде интеллектуалдық меншік қызметінің нәтижелеріне құқықтардың күрделі, кешенді, бірқалыпты сипаты толығымен есепке алына ма? – деген сұрақ туады.

Егер мүліктің мазмұнын меншік құқығының объектісі құраса, яғни материалдық объекті, ал интеллектуалдық меншік құқығының негізгі сипаты ретінде олардың материалдық еместігі, идеалды [26,56.], «ұстауға келмейтін заттар», «ұстауға келмейтін мүлік» [30,286.], ойлау және сезім қызметінің нәтижесі философиялық немесе техникалық міндеттің нақты шешімі болады.

Мұндай қорытынды кейіннен идеалды объект материалды болып белгілі бір үлгіге, затқа айналады. Ол идеалды түрде белгілі бір құқықтар мен міндеттердің объектісі, ал материалды нысанға айналғанда, ол меншік құқығының объектісіне айналады.

Идеалды және ұстауға сезінуге болатын объектілердің пайда болуы әртүрлі. Заттар еңбек нәтижесінде пайда болса, ал интеллектуалдық меншік құқығының объектілері объективтік нысандағы ой шығармашылық қызметтің нәтижелері болып табылады.

Бір жағынан материалдық өндірістің өнімі және екінші жағынан, объективтік нысандағы адамның идеясы, фантазиясы, адам ойының нәтижесі.

Денесіздік және ұсталынбайтындық «ақпарат» деген теримн арқылы беріледі. Кез келген интеллектуалдық меншік құқығының объектісі «жанрлық» ерекшеліктерді есепке алмағанда, құрамында шығармашылық идеялар бар эстетикалық, танушылық, коммерциялық құндылығы бар белгілі бір ақпаратты білдіреді.

Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесі тұтынушылық, нарықтық құндылығымен сипатталады, себебі оның негізінде белгілі бір құқықтар пайда болады.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтардың негізгісі ретінде айрықша құқық деп аталатын пайдалануға мүліктік құқық табылады.

«Интеллектуалдық меншік» терминінің жақтаушылары мен қарсыластары бұл өкілеттікті шығармашылық нәтижелеріне құқықтың мазмұнын сипаттайтын негізгі деп есептейді. Зерттелген объектілерге

қатысты осы терминді қолданып, «интеллектуалдық меншік» терминінен бас тартуда ұсынылды.

Интеллектуалдық меншік – бұл ғылым, техника, әдебиет, дизайн және тауарлық белгіні қалыптастырудың саласындағы, интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне айрықша құқықты қамтитын, синтетикалық түсінік деген пікір сынсыз нақты барлығымен қабылданып таралған [31,43б.].

Сонымен қатар, тұрақты ресейлік заңнама мен халықаралық шарттармен интеллектуалдық меншік ретінде интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне және өзге де халықаралық міндеттемелермен қабылданған заңнамамен белгіленген тізімдер объектісі, жеке және мүліктік сипаттағы айрықша құқықтар жиынтығы түсіндіріледі деген тұжырым нақты болып келеді.

Біз бұл автордың тұжырымын, азаматтық құқықтық қатынастар дамуының динамикасына қатысты алсақ, онда интеллектуалдық меншік айрықша құқықтарға жататындығына әкелетін құқықтық құбылыс деген пікірінің дұрыстығын түсінеміз.

Бұл қорытынды ҚР АҚ-нің 115-бабында белгіленген интеллектуалдық меншік құқығының объектілерін мүлікке жатқызатын тұжырымды дәлелдейтіндігін көреміз. Біз Шершеневич, М.К. Сулейменов, Л.В. Щенникова сияқты ғалымдардың мүлікке қатысты пікірін қолдаймыз.

«Интеллектуалдық меншік құқығы» терминінің логикалығы мен дұрыстығы сұрақ тудырады.

Ұлттық және халықаралық қайнар көздердің мәтіндерін салыстырсақ, онда ақырғыларында интеллектуалдық меншік ретінде материалдық емес объектілер, яғни осы объектілерге қатысты құқықтар түсіндірілетіндігін көреміз. Мұндай жағдайда, оның субъектілері қатынастарға түсіп құқықтарға қатысты құқыққа ие болады, яғни құқыққа байланысты құқық.

Бұдан келесі қорытындыға келуге болады: «интеллектуалдық меншік құқығы» оның мағынасын ашқанда «құқыққа құқық» деп түсіндіріледі, мұның өзі тавтология. Сондықтан, біздің пікірімізше, ҚР АҚ-нің осындай терминдер қолданылатын баптарына өзгерістер енгізу керек.

Мәселен, ҚР АҚ-нің 14-бабында азаматтардың құқық қабілеттілігінің негізгі мазмұнына қатысты, «Азаматтың Қазақстан аумағында... құқықтарға ие» деген сөзбен басталатын бапты келесідей өзгертуді ұсынамыз: «өнертабысқа, ғылым, әдебиет және өнер туындыларына интеллектуалдық меншік және интеллектуалдық қызметтің өзге де нәтижелері» деп, «құқығы бар» дегенді алып тастаймыз.

Осыған сәйкес ҚР АҚ-нің «Интеллектуалдық меншік құқығы» деп аталатын 5-Бөлімінің атауының дұрыстығы туралы сұрақ туады.

Тавтология болмауы мақсатында бұл бөлімді «Интеллектуалдық меншік» немесе «Айрықша құқық» деп атаған дұрыс. Осы ұсынысты нақты жүзеге асыру үшін бізді АҚ-тің Жалпы Бөліміндегі «интеллектуалдық меншік құқығы» деген ұғым ұстап тұр.

Сонымен, біздің пікірімізше, интеллектуалдық меншік объектісін азаматтың құқық қабілеттігі мен мүлкіне және азаматтық құқықтың өзге субъектісінің мүлкіне кіретін, интеллектуалдық шығармашылық қызметінің объективтендірілген нәтижелеріне және заңды тұлғаны дараландыру құралдарына теңестірілген, жеке және заңды тұлғаның өнімі, орындалған жұмысы мен қызметіне айрықша құқық ретінде анықтауға болады.

Интеллектуалдық меншік объектілері мен заттық құқықтар, сонымен қатар, меншік құқығының объектілері арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар заңды және практикалық жағынан қажетті.

Ақырғы кезде, заттық құқықтар категориясы туынды ұғым ретінде қазақстандық және ресейлік ғалым-цивилисттердің қызығушылығын тудырып отыр.

Осы саладағы қазақстандық ғалымдардың еңбектері толық және заттық құқықтардың қағидалық белгілерін анықтауға мүмкіндік тудырады.

Осы категорияларды салыстырып, біз зерттеп жатқан құрылымдарды азаматтық құқық объектісі ретінде белгілерін анықтауға күш саламыз.

М.К. Сулейменов атағандай, заттық құқықтар ұғымы заттар, мүлік, құқық қатынас объектісі, мүліктік құқық қатынастар және тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты [32].

Заттық құқықтар мүліктік құқықтардың түрі, заттық құқықтар объектісі зат мүлік түрі ретінде, ал құқықтық қатынас объектісі түсінігі негізінде заттар мен мүліктік игіліктер жатыр. Керісінше, интеллектуалдық меншік құқығы құқықтар мен міндеттер, жеке мүліктік емес құқықтар, шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты құқықтық қатынастар сияқты азаматтық құқық объектілерімен байланысты.

Біздің пікірімізше, жүйелі түрде интеллектуалдық меншік құқығының азаматтық құқық объектісі ретінде нақты ерекшеліктері мен сипаттау белгілері келесідей болады:

1. Денесіздік және идеалдық (материалдық еместік).
2. Құқықтың абсолютті сипаты.
3. Заңмен қатаң белгіленгенде құқықтардың қорғалуы.
4. Құқықтардың әрекет етуінің аумақтылығы мен уақыттағы шектеулігі.
5. Құқықтарды қорғаудың көп түрлі қабілеттілігі.
6. Құқықтардың белгіленуі мен объектіні тағайындау қалпының ерекше нысаны.

Енді аталған белгілерді толық қарастырайық.

Интеллектуалдық меншік объектілерінің денесіздігі мен идеалдығы оның материалдық емес, мүлде мүліктік емес (азаматтық-құқықтық мағынада) сипатта болатындығын білдіреді.

Интеллектуалдық меншік объектілері мен заттық құқықтар негізінен осы белгі бойынша айырылады. Заттық құқық объектісі жеке-анықталған зат, ал интеллектуалдық меншік объектісі – бұл мүліктік емес және онымен тығыз байланысты мүліктік құқықтар кешені. Аталған құқықтың субъектісіне заңмен белгіленген оны пайдалану айрықша құқықтарға

қарағанда, идеяның (кітаптың, кинофильмнің, өнертабыстың т.с.с.) материалдық жүзеге асуы ерекше сипатқа ие.

Нақты заттарға қарағанда құқықтар мен міндеттердің денесіздігі күмән тудырмайды, себебі құқық – материалдық емес категория. Толық түсінікті болу үшін, интеллектуалдық меншік объектісінің ерекше қасиеті оны қолдану үшін жаңа объектіні жасау қажетсіздігін атаған жөн.

Бұл (денесіздік) дегеніміз ойланылған материалдық тәсілге байланыссыз азаматтық құқық объектісі болу құбылысы байланысты болмайды. Денесіздік бұл интеллектуалдық меншік құқығы объектісінің жүзеге асу нысаны мен қалпын, жағдайын, сипаттауы табылады.

Аталған объектілердің идеалдығы біздің пікірімізше, денесіздікпен қамтылмайды, сондықтан жеке қарастыруды қажет етеді. Ол құқықтардың пайда болу көздерін сипаттайды. Авторлық құқық объектілері, селекциялық жетістіктер, өнертабыс, өнеркәсіптік үлгілер және ноу-хау өнегелілік, әлеуметтік, логикалық, ғылыми-техникалық және шығармашылық-конструкторлық міндеттердің идеалды шешімдері.

Идеалдық немесе идеалдық шешім дегеніміз ойлау қызметінің нәтижесі міндеттерін шешуге аяқтауға бағытталған. Бұл міндет миында бірінші шешіледі, одан кейін нақты кітаптар, кинофильмдер, құрылымдар, заттар түрінде жүзеге асады. Осы белгімен интеллектуалдық меншік объектілерінің барлығы сипатталады, себебі мұндай белгінің болмауы оны кез келген заттық құқық объектісіне айналдырады.

Интеллектуалдық меншік құқығының абсолютті сипаты заттық құқықтарға тән бірінші жалпы белгі болып келеді. Үшінші тұлғалардың барлығы заттық құқықтар мен интеллектуалдық меншік құқықтарды танып, құқық иеленушілерге құқықтарын жүзеге асыруға кедергі жасамауға міндетті. Осыған қатысты, Л.В. Щенникова дұрыс пікір айтқан: «бұл пассивті міндет, бірақ бұл міндет бұзылғанда заттық талап арыз беру құқығы пайда болады» [29,166.]. Бұл аталған тек қана заттық құқықтарға ғана қолданылады. Ал интеллектуалдық меншік құқығы бұзылғанда міндеттемелік немесе деликтік талаптар беріледі.

Интеллектуалдық меншік құқығының абсолютті сипаты өзінің абсолюттігіне қатысты ерекшеліктермен сипатталады.

Интеллектуалдық меншік құқығының ерекшелігі, осы объектіге қатысты айрықша құқықтарды алғанда немесе ие болғанда, үшінші тұлғалар алдында белгілі бағыттағы монополияның бар екендігін көрсетеді.

Бұл жерде, ғылым мен техниканың белгілі бір бағытындағы монополизмге көңіл бөлген жөн. Мысалы, жаңа полимерді шығару оның алдында шығарылған алғашқы полимер құқық иеленушісінің құқықтарымен есептесу керектігін білдіреді. Әдеби қызмет саласында бұл қажеттілік автордың әдеби шығармасының қайнар көзіне көрсетуді талап етсе, ал патенттік салада ол лицензиялық шарт жасасуға дейін жетеді.

Белгілі бір меншік объектісіне абсолюттік сипаттағы құқығының айырмашылығы – оның жанында әртүрлі меншік иелерінің өмір сүре алатындығы табылады. Осындай ұқсас жаңа туынды мен өнертабыс екеу

бола алмайды. Кез келген осы объектілер өзінің түпнұсқалығымен және жаңалығымен ерекшеленеді.

Екінші жағынан, авторлық-құқықтық және патенттік монополиядан әртүрлі шектеулер болады. Авторлық құқықта – бұл бөтеннің туындысын автордың келісімінсіз жеке, ақпараттық, оқу, ғылыми мақсаттарда пайдалану. Патенттік құқықта – бұл автормен лицензиялық шартты жасаспай-ақ, шешімді жеке, ғылыми, медициналық, көліктік және т.б. мақсаттарда пайдалану.

Заңмен қатаң белгіленгенде құқықтардың қорғалуы интеллектуалдық меншік құқығы мен заттық құқықтардың ұқсастық белгілерінің екіншісі болып табылады. М.К. Сулейменов бұл заттық құқықтарға тән белгіні «заңмен белгіленуі» деп атайды [32,375б.].

Біздің пікірімізше, «белгіленуі» деген сөздің қолданылуы осы объектілерге сәйкес келмейтін сияқты, себебі интеллектуалдық меншік заңмен ғана белгіленгенде пайда болатын сияқты болады. Бұл жерде, ғылымның, техниканың, сауданың дамуы нәтижесінде интеллектуалдық қызмет нәтижелері немесе дараландыру құралдары заңмен белгіленбегенде қорғалады ма? - деген сұрақ орынды сияқты. Қорғауды ұсыну қысқа болу мақсатында «құқықтардың қорғалуы» деп аталады.

Заңмен белгіленген жағдайда, құқықтардың қорғалуы интеллектуалдық меншік құқығының белгілі бір объектісі пайда болу үшін нормативтік акті қабылдану керектігін білдірмейді. Шығармашылық нәтиже адамның шығармашылық процесінде ғана пайда болады. ҚР АҚ-нің 125-бабына сәйкес АҚ Кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады.

Осындай жағдайлардың нақтылануы ҚР АҚ Ерекше бөлімінде көзделген. Мәселен, АҚ 961-бабында көрсетілмеген интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері заңмен қорғалмайды. Бірақ осы екі топтағы объектілердің түрлері шектелген болып табылмайды, яғни келешекте жаңа объектілер пайда болуы мүмкін, бірақ олар туралы нормалар ҚР АҚ-не немесе өзге нормативтік актілерге енгізілуі тиіс.

Осы белгінің әсері қазіргі таңда, көптеген мемлекеттердің құқықтық нақтылығында бар, мысалы Интернеттегі домендік атаулар мен түр-түрлерге қатысты.

Бұл объектілер тауарлық белгілерге ұқсас, себебі көптеген сайттар құжатты дүкендер сияқты.

Бұл домендердің ерекшелігі келесіден көрінеді: бұларға ешқандай мемлекеттің аумағы мен заңы таратылмайды, себебі ол әлемдік кибернетикалық ақпарат кеңістігі.

Бұл домендер мен тауарлық белгі иелерінің арасында көптеген байланыстар болады, бірақ бұл домендер интеллектуалдық меншік

объектілерінің қатарына кірмегендіктен қажетті қорғау нормалары қолданылмайды. Сондықтан, домен иелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау мүмкін емес және басқа интеллектуалдық меншік объектілерінің иелерінің құқықтарымен байланысын анықтауда үлкен қиыншылық тудырады.

Құқықтардың әрекет етуінің аумақтылығы мен уақыттағы шектеулігі барлық объектілерге толығымен таратылады.

Интеллектуалдық меншік құқығы оның шығу мемлекетінде ғана танылады. Басқа мемлекеттерде бұл құқық қорғалмайды, егер ек жақты халықаралық келісім немесе конвенция болмаса, және объекті үшінші тұлғалармен ешқандай шектеусіз қолданылады.

Қазақстандық тұжырымға сәйкес И.У. Жанайдаров айтқандай, меншік құқығы шексіз және ол оның уақыттығына сәйкес шарты бойынша пайда болмайды [33,29б.]. Керісінше, интеллектуалдық меншік құқығы уақыттық құқық ретінде алдын-ала пайда болады. Мұның себебі қаралып отырған құқықтардың монополиялық сипатта болуы.

Көптеген мемлекеттердің ұлттық заңнамасы интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне монополияны шектеуге тырысады. Қазақстан Республикасы да шетте қалған жоқ.

ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының 28-бабына сәйкес авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды [21,10б.]. АҚ Ерекше бөлімі интеллектуалдық меншік объектілерінің барлығына айрықша мүліктік құқықтардың әрекет етуінің мерзімділігі принципін белгілейді.

Бұл жерде, интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне жеке мүліктік емес құқықтар мерзімсіз қолданылатындығын атаған жөн. Мысалы, Абай мен А. Пушкиннің авторлық құқығының мерзімі өтті, бірақ туындыға қол сұғылмаушылық сияқты жеке мүліктік емес құқықтарға қорғау мерзімі аяқталған жоқ.

Құқықтарды қорғаудың көп түрлі қабілеттілігі интеллектуалдық меншік құқығы мен заттық құқықтарды өзгешелейтін белгілердің бірі болып табылады.

Заттық құқықтардың абсолюттігіне қатысты кез келген тұлғамен қол сұғылуы қорғаудың ерекше құралын виндикациялық және негаторлық талаптардың қолданылуын талап етеді, оларды біз заттық-құқықтық деп атаймыз [32,414б.].

Интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне бұл қасиет тән емес, соған байланысты ғалымдар жеке белгі ретінде – осындай объектілердің виндикациясының қабілетсіздігін бөледі [34]. Сондықтан, интеллектуалдық меншік объектісінің идеалдығы мен денесіздігі сияқты белгісі бар.

Кез келген азаматтық құқықтың қалған объектілеріне қатысты азаматтық құқықтарды қорғау шаралар жүйесі толығымен қолданылады. Біз зерттеп отырған объектілерге қатысты міндеттемелік-құқықтық және деликттік талаптар сотпен қорғау нысаны ретінде пайдаланылады.

Мысалы, біздің пікірімізше, жаңа қабылданған патенттік заңнама бойынша даулардың үш категориясын бөлуге болады.

Біріншісі ретінде өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану шарттарынан туындайтын даулар; екіншісін – өнеркәсіптік меншік объектілерін белгілі мерзім ішінде қолданбаудан, оның алдында және одан кейін пайдалану құқығынан, тауардың шығу тегі түр-түрін пайдалану тәртібінен туындайтын даулар құрайды; үшіншісін – патент иелері мен тіркелген тауарлық белгілердің иелерінің айрықша құқықтарын бұзудан пайда болатын даулар құрайды.

Бұл жерде, екінші және үшінші топтағы даулар шарттан тыс туатын даулар болып табылады.

Объектіге құқықтардың белгіленуі мен объектіні тағайындау қалпінің ерекше нысаны интеллектуалдық меншік құқығының заттық құқықтардан айыратын белгісі.

М.К. Сулейменов Қазақстан Республикасының құқығында заттық құқықтың ерекше белгісін атаған, яғни «... заттық құқықтың иеленушісі иелену, билік ету және пайдалану өкілеттіктеріне ие болады» [32,375б.]. Біз бұл пікірмен толығымен келісеміз, бірақ біз зерттеп отырған объектілердің ерекше өкілеттігі бар. Біз оны интеллектуалдық меншік объектілеріне тән айрықша құқық деп атаймыз.

Бұл ерекшелік заттың меншік иесі (ҚР АҚ-нің 188-бабы) мен интеллектуалдық меншік субъектісінің өкілеттігін салыстырғанда көрінеді.

Зат иесіне үш тұғырлы құқық – пайдалану, иелену және билік ету тиесілі. Интеллектуалдық меншік объектісіне қатысты бұл құқық басқа ерекшелікке ие болады.

Мысалы, егер затты тек қана оның құқық иеленушісі белгілеген тұлғалар пайдаланса, ал материалдық идеяларды – интеллектуалдық меншік объектілерін – пайдалануды миллиондаған адамдар жүзеге асырады. Иелену өкілеттігінде де елеулі өзгешеліктер бар, себебі интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты бұл өкілеттік мүлде мағына жоғалтады, өйткені бір идеяны монополия ретінде жалғыз адам ғана иелене алмайды.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне билік ету де өзгешеленеді, себебі заттың іс жүзінде тағдырын шешкеннен кейін, оның иесі оған меншік құқығынан айырылады, ал интеллектуалдық меншік объектісінің иесі оның көптеген көшірмесін жасай алады.

Сонымен, біздің пікірімізше, жүйелі түрде интеллектуалдық меншік құқығының азаматтық құқық объектісі ретінде нақты ерекшеліктері мен сипаттау белгілері келесідей болады:

1. Денесіздік және идеалдық (материалдық еместік).
2. Құқықтың абсолютті сипаты.
3. Заңмен қатаң белгіленгенде құқықтардың қорғалуы.
4. Құқықтардың әрекет етуінің аумақтылығы мен уақыттағы шектеулігі.
5. Құқықтарды қорғаудың көп түрлі қабілеттілігі.
6. Құқықтардың белгіленуі мен объектіні тағайындау қалпының ерекше нысаны.

Нәтижелей келе, келесі қорытындыларды анықтайық:

1. Интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты азаматтық құқық қатынастар жүйесінің даму динамикасын есепке алсақ, онда әртүрлі анықтамалар пайда болады. Біздің пікірімізше, нақты құқықтық құрылыс азаматтық құқықтық қатынастардың дамуында, белгілі жағдайларда әртүрлі функциялар атқарады. Мысалы, жарияланған құқық әлеуетті сипатта және құқық нормасының құрылысында болады; осы құқық реттеушілік құқық қатынастарда болса, онда ол субъективтік құқық болады (белгілі объектіге меншік құқығы); субъективтік құқық қорғаушылық қатынастарда болса, онда ол қорғалатын сипатқа ие болады. Құқықтық норма санкциясы өзінің жазалау әлеуетті қабілеттігі мен превентивтік шарасынан жауапкершілік шарасына айналады.

2. Ғылыммен берілген, азаматтық құқық объектілерінің идеалды сыныпталуы мен ҚР АҚ-нің 115-бабында көзделген заңмен анықталған нақты сыныпталу теңбе-тең келмейді.

3. Тұрақты ресейлік заңнама мен халықаралық шарттармен интеллектуалдық меншік ретінде интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне және өзге де халықаралық міндеттемелермен қабылданған заңнамамен белгіленген тізімдер объектісі, жеке және мүліктік сипаттағы айрықша құқықтар жиынтығы түсіндіріледі деген тұжырым нақты болып келеді.

4. «Интеллектуалдық меншік құқығы» оның мағынасын ашқанда «құқыққа құқық» деп түсіндіріледі, мұның өзі тавтология. Сондықтан, біздің пікірімізше, ҚР АҚ-нің осындай терминдер қолданылатын баптарына өзгерістер енгізу керек. ҚР АҚ-нің 14-бабында азаматтардың құқық қабілеттілігінің негізгі мазмұнына қатысты, «Азаматтың Қазақстан аумағында... құқықтарға ие» деген сөзбен басталатын бапты келесідей өзгертуді ұсынамыз: «өнертабысқа, ғылым, әдебиет және өнер туындыларына интеллектуалдық меншік және интеллектуалдық қызметтің өзге де нәтижелері» деп, «құқығы бар» дегенді алып тастаймыз.

5. Тавтология болмауы мақсатында бұл бөлімді «Интеллектуалдық меншік» немесе «Айрықша құқық» деп атаған дұрыс. Осы ұсынысты нақты жүзеге асыру үшін бізді АҚ-тің Жалпы Бөліміндегі «интеллектуалдық меншік құқығы» деген ұғым ұстап тұр.

6. Интеллектуалдық меншік объектісін азаматтың құқық қабілеттігі мен мүлкіне және азаматтық құқықтың өзге субъектісінің мүлкіне кіретін, интеллектуалдық шығармашылық қызметінің объективтендірілген нәтижелеріне және заңды тұлғаны дараландыру құралдарына теңестірілген, жеке және заңды тұлғаның өнімі, орындалған жұмысы мен қызметіне айрықша құқық ретінде анықтауға болады.

4 ТАРАУ

Сабақтас құқықтар саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастардың теориялық мәселелері

Сабақтас құқықтар саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастар, барлық құқықтық қатынастарға тән жалпы белгілермен, сонымен қатар құқықтық қатынастардың құрылымдық элементтерін зерттеген кезде анықтауға болатын, арнайы белгілермен сипатталады. Сабақтас құқықтар саласындағы құқықтық қатынастардың мазмұнын, субъектісін және объектісін зерттеу, зияткерлік меншік құқығы саласындағы басқа құқықтық қатынастардан айырмашылығын және ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Сабақтас құқықтар, зияткерлік меншіктік құқықтың ажырамас бөлігі ретінде, оның пайда болу тарихымен тығыз байланыста. Зияткерлік қызмет нәтижелерін құқықтық қорғаудың пайда болу алғышарттарының бірі, ол оларды әртүрлі қол сұғушылықтан қорғау қажеттілігі болды. Адамзат дамуында зияткерлік қызметке маңызды роль бөлінген. Ойлау қабілеті арқасында адам, зияткерлік қызметке қабілеттері жоқ басқалардан жоғары тұрады. Адамның жеке ерекшеліктері ретінде ақыл-парасаттың дамуын, ақыл-есті адамның (*homo sapiens*) уақытына жатқызуға болады. Шығармашылық қызмет зияткерлікпен бір тұтас, сондықтан оларды бір уақытта пайда болды деп айтуға болады. Зияткерлік қызмет процесінің құқықтық қорғауына, адамның ойлау, шығармашылық қызметтерінің әділ нәтижелері ғана жатады. Алайда олардың пайда болу процесі жеке сипатта ғана болып, нормативті-құқықтық шектеріне жатқызуға болмайды. Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, зияткерлік меншік құқығының пайда болу тарихы ойлаудың пайда болу процесімен тығыз байланыста, бірақ оған ұқсас емес. Нормалардың жиынтығы ретіндегі құқықтың ролі, ол шығармашылық еңбектің нәтижелерін тану, олардың үстемдігін бекіту, олардың жасаушылары және иеленушілерін қорғау болып табылады.

Біздің ойымызша, «зияткерлік меншік» санаты өзінің қалыптасуын, материалдық емес игіліктерді иелену жағдайына қатысты алғашқы құқықтық ережелерді бекітетін нормативтік құжаттардың пайда болуы кезінен бастаған.

«Сабақтас құқықтар» құқықтық санатының қалыптасуы, біздің пікірімізше, зияткерлік меншік құқығының айтарлықтай бекітілген институтының жаңа даму үрдістерінің пайда болуы нәтижесінде болған. Өртістердің өнер көрсетуін жазу мүмкін болмаған кезде, олар өз дауыстарын, дене қимылдарын және мимикаларын сатуды өздері бақылаған.

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың басы аралығында Томас Альва Эдисонның фонографы, ағайынды Луи және Огюст Люмьерлердің кинематографы, Генрих Рудольф Герц және Гульельмо Марконидің радиосының пайда болуы, сабақтас құқықтарды мойындауға әкелген, техникалық прогрестің бастапқы қадамы болды. Осының нәтижесінде осымен екінші ғасыр қатарынан, орындаушы-әртістердің құқықтарын қорғау,

авторлардың құқықтарын қорғау деңгейіне жақындай түсті [1, 222 б.].

Эдисон көшірмелердің кез-келген көлемін шығаратын әдіс ашты. Ол матрицадан қайта құю техникасын қолданды. Осының нәтижесінде, цилиндр және диск көп уақытқа дейін бірге қолданылды, кейіннен диск біртіндеп цилиндрді шығарып тастады. Бруш өзінің еңбегінде, фонографиялық өнеркәсіпке едәуір шығын әкелген 1929 жылғы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың басталары алдында, шамамен 30 млн. дискі дайындалғаны туралы жазады. Кейіннен ұзақ ойнайтын күйтабақтар, жоғары сапалы күйтабақтар, шағын-кассеталар, шағын-дискілер, сандық жазбалар пайда болды. Фонографиялық жазба жүйесінің эволюциясы мұнымен аяқталған жоқ. Бұл қайта жазып шығару сапасына, жеткізушілердің ықшамдалуына, сонымен қатар өнімнің өзіндік құнының қысқаруына қатысты болды.

Бұл жерде Д.Липшиктің тарихи талдауын келтірген жөн болар, ол былай деп жазады, цилиндр және фонографиялық дискілер орындалған музыкалық туындыларды қайта шығару мүмкіндігіне ие болардың алдында, музыкалық жазба (кертiгi бар цилиндрлар, музыкалық сағаттар, музыкалық машиналар, музыкалық қобдилар, пианол, фонол және т.б. көмегімен), осы жеткізгіштерде жазылып қайта шығарылған туындылардың авторларының құқығына тікелей қатысты болған [2, 151 б.].

Музыкалық қобдилар және механикалық музыкалық аспаптар қазіргі заманға сай болғанға дейін, авторлар өздерінің туындыларын осы механикалық аспаптарда орындалуына келісімдерін беретін, өйткені осының нәтижесінде олардың туындылары көпшілікке танымал бола бастайтын. Алайда музыкалық туындылардың авторлармен механикалық музыкалық аспаптарды жасаушылар арасындағы қарым-қатынастар үнемі жақсы болған жоқ. Музыкалық қобдилар жаңадан шыққан аспап болғандықтан ғана, көпшілік оған назар аударатын. Музыкалық туындылардың авторлары, механикалық музыкалық аспаптарды жасайтын өнеркәсіп иелерінен, өз туындыларын пайдаланғаны үшін сыйақы талап ете бастады. Авторлық құқық Францияның заңнамасында 1791 және 1793 жылдары нақты белгіленіп бекітілуіне қарамастан, авторлар өз талаптарын қанағаттандыра алмады. 1864 жылы Франция және Швейцария коммерциялық келісімге қол қойды, ондағы бір тармақ қана келіспеушілік туғызды, атап айтқанда Францияға музыкалық қобдилардың экспорты. Ақырында бұл сұрақ авторлардың пайдасына шешілмеді, өйткені Франция швейцариялық музыкалық қобдилардың импортын, авторлық құқықтардың бұзылуы деп қарастырмайтыны туралы келісімге қол жеткізді.

Авторлар халықаралық аренада да қолдау таппады. Е.Шульцтың айтуы бойынша, 1886 жылдың 9 қыркүйегінде қол қойылған Берн конвенциясының бастапқы мәтінінде, механикалық музыкалық аспаптарды жасайтын швейцариялық өнеркәсіпшілерге ымыра беретін ереже болған. Онда былай деп жазылған: «Жеке меншік болып саналатын, музыкалық туындыларды механикалық түрде қайта шығаруға арналған аспаптарды дайындау және сату, музыкалық контрафакция ретінде қарастырылмайды» [3,201 б.]. Бұл ереже авторлар құқығын мойындауды қиындата түсті. Музыкалық

туындыларды механикалық қайта шығару техникасы өз дамуын тоқтатқан жоқ. Берн конвенциясына қол қойылған кезде, дискілер және перфотаспалар табиғатта болмағандықтан, оларды бұрын болған механизмдермен салыстыруға болмайды деген өтінішпен авторлар өз құқықтарын қорғау үшін сот төрелігіне жүгінді. Өйткені жаңа аспаптардың ауыстырылатын бөлшектері болғандықтан, бұл аспаптарды пайдаланудан түсетін пайданың бір бөлігі авторларға берілу керек болатын.

Механикалық аспаптардағы музыкалық туындыларды қайта шығаруға қатысты авторлардың жағдайы 1908 жылы ғана қалпына келе бастады. Бұл жылы 1886 жылғы Актінің қорытынды хаттамасындағы 3 тармағындағы ереженің күшін жоятын, Берн конвенциясына Берлин актісі қабылданды. Берлин актісінің 13 бабының бірінші абзацында былай деп айтылған:

«Музыкалық туындылардың авторлары:

- 1) механикалық әдіспен орындау үшін бұл туындыларды икемдеуге;
- 2) көрсетілген аспаптардың көмегімен бұл туындыларды көпшілік алдында орындауға рұқсат етуге айрықша құқыққа ие».

Алайда осы баптың екінші абзацында, Одаққа кіретін елдер 13 баптың қолдануына қатысты ескертпелер және шарттар тұжырымдауға және де олар, осы ескертпелер және шарттарды қабылдаған елдерде ғана күшіне ие болады деп айтылған [4].

Аталмыш 13 бап Рим актілерінде (1928 ж.), Брюссель актілерінде (1948 ж.), Стокгольм актісінде (1967 ж.), одан кейін 1971 ж. Париж актісінде кездеседі. Онда қорғалатын мүліктік құқықтардың тізімінде қайта шығару (9 бап, 1 тар.) құқығы кең көрсетілген, және де туындыларды қайта шығарудың барлық түрлері қамтылған: «Осы Конвенциямен қорғалатын, әдеби және көркем туындылардың авторлары, кез-келген әдіспен және кез-келген түрде осы туындыларды қайта шығаруға рұқсат етуге айрықша құқыққа ие». Алайда, қандай да бір жаңсақтықты болдырмау үшін 9 бап, 1 тар. нақты жазылған: «Кез-келген бейне немесе дыбыс жазу осы Конвенцияның мағынасында қайта шығару деп қарастырылады».

Фонографиялық цилиндрлер және дискілерді дайындау техникасы жетілдіріліп оларды жаппай өндіру мүмкіндігі пайда болған кезден бастап, музыкалық туындыларды механикалық түрде қайта шығару орындаушы-эртистерге нұқсан келтіре бастады. Механикалық тәсілмен көшірілген және дайындалған дискілердің сатылымы өсіп, оларды радио немесе дауыс зорайтқыштар арқылы беру, сонымен қатар дауысты кинематографтың шығуы, орындаушылардың шетте қалуына әкелді. Бұл саладағы эртистер үшін техникалық үдерістің салдары өте қиынға әкеп соқты.

Халықаралық еңбек ұйымы 1939 жылы жариялаған баяндамасында, бұл дағдарыс жалпыға бірдей және қалыптасқан жағдайдың қиын екендігін дәлелдейтін бірқатар статистикалық мәліметтер берілген. 1932 жылы Францияда шамамен он мыңдай театр эртистері болса да, олардың бір жарым мыңы ғана тұрақты жұмыс істейтін. 1935 жылы Америка Құрама Штаттарының әкімшілігімен құрастырылған, жедел көмек көрсетуге мұқтаж адамдардың тізімінде, жұмысы жоқ 15 мың музыканттың аты-жөні тіркелген.

Жапонияда өткізілген ой еңбегі жұмысшылары арасындағы жұмыссыздық проблемаларын зерттеу көрсеткендей, 1936 жылы музыканттар арасындағы жұмыссыздардың саны 41% құраған, салыстыратын болсақ өндірістік кәсіпорындардағы техникалық қызметкерлер арасында бұл 16% болған. 1937 жылы Венада музыканттарға қатысты жарияланған статистикалық мәліметтер бойынша, осы мамандыққа ие адамдардың 90% жұмыссыз болған.

Техникалық үдеріс баршаға музыкамен шаттануға мүмкіндік берді: музыканы жазу және үйден шықпай тыңдау мүмкіндігі пайда болды. Кафе, жанұялық тойларда, театр залдарында, кештерде, кинотеатрларда және т.б. жерлерде орындаушыларды фонограммалар, радиобағдарламалар және кинофильмдердің дыбыс жолдарымен ауыстыра бастады. Музыканттармен туындыларды орындау мүмкіндігі өсуімен, олардың жұмысы азая бастады. Музыканттардың кәсіби ұйымдары бұл жағдайға жедел жауап қайтарды.

Д.Липциктің зерттеуі бойынша, ұлттық, сонымен қатар халықаралық деңгейлерде өткен әртүрлі конференциялар және кеңестер барысында, аталмыш ұйымдар, әдеби, музыкалық және көркем туындылары авторларына қатысты танылған тиісті тақырыптардағы үш құқықты, музыканттарға қатысты тануды талап еткен, атап айтсақ:

- көпшілік жерде орындалған, радио немесе телеарнадан берілген, не болмаса көшіріліп жазылған механикалық, радиоэлектронды және басқа да құралдарды пайдалану арқылы олардың орындауларын жазуға, хабарлауға және қайта шығаруға, *рұқсат ету құқығы*;

- әртістің жеке басын құрметтеуге қатысты, атап айтқанда туындыны өзгертуге немесе бұрмалауға қарсылық білдіру құқығы және автордың есімі аталу құқығына қатысты, *жеке мүліктік емес құқықтар*;

- дискілерді сатудан түсетін пайдадан пайыз алу құқығы, сонымен қатар туындының көшірмесі көпшілік жиналатын жерлерде әрқашан орындалған сайын, егер де орындау арнайы осы үшін жасалып және осының негізінде орындаушылар сыйақы алмаған жағдайда, радио бойынша әрдайым берілген сайын туындының орындалуын өтейтін және де әділ болатын арнайы сыйақы алуға *мүліктік құқық*.

Соңғысы туралы айтатын болсақ, Д.Липциктің пікірі бойынша, экономикалық өтемақы:

- *тыңдаушылар қатарының кеңейюіне байланысты*. Жаңа техникалық құралдарды пайдалану нәтижесінде тыңдаушылар қатарының кеңейюінен пайда алу үшін, концерттік залда өнер көрсететін әртіс, егер де оның спектаклі өзі өнер көрсетіп жатқан жерден басқа жерде (радио, дауыс зорайтқыш арқылы) жүргізілсе, арнайы сыйақы алуға құқығы болу керек. Жазбаларға қатысты айтатын болсақ, егер де жазбалар көпшілік жиналатын жерлерде қолданылса, тыңдаушылар санының кеңейюіне байланысты орындаушылар арнайы сыйақы алуға тырысты. Сонымен қатар олар, әрбір сатылған дискінің құнынан пайыз төлеп отыруды талап етті, өйткені олардың пікірінше, әрбір дананың сатылуы тікелей орындауға тең келеді;

- *радиохабар таратудың жазбамен өзара байланысын есепке алуға*

байланысты. Концерттік залдан тікелей хабар жүргізу, радиохабар жүргізу, тікелей эфирде орындаудың жазбасы және осы жазбаны қайта көрсету сияқты әртүрлі пайдалану тәсілдері, әртүрлі түрдегі сыйақы алуға құқық беретіні туралы белгілі болды [2, 200 б.].

Сондай-ақ, көрсету сапасы және көркемдік деңгейіне байланысты орындаушылықты пайдалануды бақылау және табысты дұрыс бөлу әдістеріне қатысты бірқатар сұрақтар туындады. Осыған байланысты, орындаушылардың сыйақысы, музыкалық туынды авторлары алатын сияқты тиімді болу үшін, оны құқықтарды ұжымдық басқару органы жүзеге асыру керек деген пікірлер айтылды. Сонымен қатар, музыкалық ансамбльдер немесе оркестрлер туралы да сұрақтар туындады, орындаушылардың барлығы осы құқыққа ие бола ма, жоқ әлде ол дирижерлер немесе оркестр жетекшілері немесе жеке солистке қатысты болу керек пе? Осы құқыққа ансамбль ие болса да, ол ансамбльдің атынан шығатын бір адам, мысалы жетекшісі болу қажет деп аталып өтілді.

Ғылыми-техникалық үдеріспен байланысты орындаушылық өнердің дамуындағы осы барлық жағдайлар, ұлттық және халықаралық деңгейде орындаушылық құқықты құқықтық реттеу қажеттілігіне әкелді. Халықаралық деңгейде орындаушы-әртістер құқығының танылуы, авторлық құқық конвенциясынан тыс, фонограммалар құқығы және эфирлік хабарларды тарату ұйымдары құқығының танылуымен бір уақытта келді. 1961 жылы Римде үш халықаралық ұйымның бастамасымен осы құқықтарға қатысты конвенцияға қол қойылды: Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), Берн одағының Халықаралық бюросы (оның орынына ВОИС келді) және ЮНЕСКО.

Бұл акт орындау санатын зияткерлік меншік құқығының жеке объектісіне бөліп қана қоймай, құқықта фонограмма, эфирлік және кабельді хабарлар тарату объектілерін бекітті.

Бұл өте маңызды қадам болды, өйткені дыбыс жазудың пайда болуымен, фонограмма деп аталатын өндіріспен байланысты бір тұтас сала пайда болды. Оларды құру, жарнамалау және таратуға өте үлкен қаражаттар жұмсалды. Сонымен қатар, шамамен XX ғасырдың ортасында телерадиохабарлар тарату ұйымдары, бөтен бағдарламаларды өздері ғана тегін таратумен қоса, олардың да бағдарламаларын бәсекелестері тегін алып қолданатынын байқаған. Осының барлығы орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдары құқықтарын бір санатқа біріктіруді талап етті.

Осыған байланысты, «сабақтас құқықтар» терминінің пайда болуы, бұрын пайда болған орындау, қойылым, фонограмма және хабар тарату ұйымдарының бағдарламалары сынды зияткерлік қызмет объектілерін құқықтық қорғауының бөлініп шығуының соңғы кезеңі болып табылады.

1991 жыл – Қазақстанның тәуелсіздік алуынан бастап қазіргі уақытқа дейін, Қазақстан үшін ұлттық деңгейде сабақтас құқықтардың дамуының елеулі тарихи кезеңі болып саналады. 1991-інші жылға дейін, әлемде сабақтас құқықтардың бөлініп бекітілуі қарқынды жүргізіліп жатқан кезде,

Қазақстан Кеңес социалистік елдер одағының құрамында болды, ал оның заңнамасында «сабақтас құқық» деген ұғым болған жоқ. Республика аумағындағы сабақтас құқықтардың қазіргі заманғы даму бағыттары, тәуелсіз Қазақстан заңнамасының даму тарихын белгілейді. Дүниежүзілік деңгейде ҚР сабақтас құқықтар туралы заңнамалық ережелердің қалыптасуын және жетілдірілуін кезең-кезеңмен қарастыратын болсақ, біздің мемлекет зияткерлік меншік объектілерін реттеу саласында, дүниежүзілік іс-жүргізу саясатын ұстанады. Тиісті ережелердің даму кезеңдері Т.Е.Каудыровпен көрсетілген: 1. монополиялық артықшылықтар кезеңі (15-18 ғғ.); 2. зияткерлік меншікті қорғаудың ұлттық жүйесінің өркендеу кезеңі (1790-1883 жж.); 3. дүниежүзілік конвенциялар кезеңі (1883 жылдан бастап қазіргі кезге дейін) [5, 52 б.]. Осының барлығы Қазақстан Республикасында барынша қысқартылған мерзімде өтеді. Сабақтас құқықтардың даму тарихын, зияткерлік меншіктік құқық институтының бөлімшесі ретінде зерттеген кезде байқауға болады. Оны келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1. авторлық туындыларды пайдалану құқығын іске асыру тұрғысында сабақтас құқықтарды қорғау кезеңі (автордың құқығын басым қорғау кезеңі);

2. сабақтас құқықтардың ұлттық қорғау жүйесінің қалыптасу және өркендеу кезеңі (сабақтас құқықтар объектілерінің жеке топқа бөлініп, қорғауда меншіктік басымдылық көрсету кезеңі);

3. сабақтас құқықтарды құқықтық қорғаудың дүниежүзілік интеграция және халықаралық конвенциялар кезеңі.

«Сабақтас құқықтар» санаты оқу және ғылыми әдебиетте, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде жиі пайдаланылса да, заң шығарушы оған ұзақ уақыт бойы анықтау бермеді. Мұны, оның айналасында әлі күнге дейін болып жатқан пікірсайыспен түсіндіруге болады. Бүгінгі таңда, бұл термин Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіліп және халықаралық деңгейдегі термин болса да, ғылымда сабақтас құқықтардың жалпы танылған түсіндірмесі жоқ. Сабақтас құқықтардың көптеген аспектілері жай ғана жорамалданып, теория түрінде тиісті дәрежеде негіздеме алмаған.

Сабақтас құқықтардың ұғымы және белгілерін толық және жан-жақты зерттеу, осы саладағы заңнаманы жетілдіруге және ғылыми түсініктің дамуы үшін өте маңызды.

Осыған байланысты, отандық және халықаралық заңнаманы талдай келе, біз ең алдымен «сабақтас құқықтар» терминінің заңнамалық түсінігіне сүйенейік деп шештік. Ары қарай, біз сабақтас құқықтардың авторлық түсінігін қалыптастыратын қажетті артықшылықтарын көрсететін, сабақтас құқықтар белгілерін ғылыми-теориялық талдаудан өткізейік деп шешім қабылдадық.

Сонымен, алдында айтылып өтілгендей, «сабақтас құқықтар» ұғымының заңнамалық бекітілуінің бүгінгі таңдағы жағдайы қандай деген сұраққа жауапты, біздің елдің заңнамалық нормаларынан, сондай-ақ осы саладағы халықаралық-құқықтық нормаларының талдауынан алуға болады.

Сабақтас құқықтар ең алғашқы рет халықаралық деңгейде 1961 жылы

орындаушылар, фонограмма шығарушылар және хабар тарататын ұйымдардың құқықтарын қорғау бойынша Рим конвенциясымен танылған болатын. Алайда ол, тек қорғауға жататын объектілер тізімін ғана көрсетіп, «сабақтас құқықтар» терминін бекітпейтін. Сондықтан, ғалымдар арасында әлі күнге дейін мұндай бірлестіктің себептері туралы сұрақтар әлі күнге дейін туындауда. Атап айтқанда, Е.И.Каминская былай деп жазады: «Құқықтардың осы үш түрін біріктіре келе, конвенция (1961 жылғы Рим конвенциясы туралы) жобасын жасаушылар қандай критерийлерді жетекшілікке алғандығы түсініксіз: олар бір-біріне қарамай-қайшы және антагонисті. Бәлкім, бұл тиісті мүдделерді қорғау бойынша біржолғы ғана талаптар болған шығар» [6, 475 б.]. Ия расында, Рим конвенциясы озық халықаралық құрал болды, өйткені оны қабылдау уақытында авторларға ғана емес, сонымен қатар орындаушыларға, фонограмма шығарушыларға және хабар тарату ұйымдарына қорғау көрсету қажеттілігі пайда болды. 1961 жылғы Рим конвенциясы, авторлардың құқығынан басқа да құқықтарды көрсетуімен құнды болды. Рим конвенциясы өз нормаларында, орындаушылық, фонограммалық және хабар тарату құқықтарын авторлық құқықтармен байланыстырады, алайда оларды сабақтас деп атамайды. Құрамында сабақтас құқықтарды анықтауға қатысты, материалдық нормалары бар басқа да халықаралық актілерде дәл осындай жағдай. Олар негізінен, осыған қатысушы мемлекеттер аумағында зияткерлік меншік объектілерін тиісті дәрежеде қорғау механизмін қорғау үшін шақырылған. Мысалы, ТРИПС Келісімі, 1996 жылдың 20 желтоқсанында Дипломатиялық конференцияда қабылданған орындаушылық және фонограммалар бойынша ВОИС Шарты, 1974 жылдың 21 мамырында Брюсселде қол қойылған, жерсеріктер арқылы берілетін, бағдарламаларды жіберетін белгілерді тарату туралы Конвенциясы сабақтас құқықтардың жалпы анықтауын қарастырмайды. Олардың негізгі мақсаты сабақтас құқықтың әрбір объектісінің құқықтық қорғауын бекіту болып табылады. Алайда, олардың «сабақтас құқықтар» терминінің қалыптасуындағы ролі өте маңызды, өйткені сабақтас құқықтар объектілері, субъектілері және мазмұнына қатысты негізгі ережелерді бекіте келе, олар ВОИС-тың авторлық құқықтар және сабақтас құқықтар бойынша терминдер сөздігінде көрсетілген, терминді ары қарай анықтау үшін негіз қалады. Осы сөздікке сәйкес, сабақтас құқықтар ұғымы ол, дыбыстар, ақпараттар, оқиғалар және бейнелерді көпшілікке жеткізу немесе әртістердің әртүрлі өнер көрсетулері және авторлардың туындыларын көпшілік жиналатын жерлерде пайдалануға байланысты қызметтеріне қатысты орындаушылар, радио және телехабар тарату ұйымдары және фонограмма жасаушылардың мүдделерін қорғау үшін көптеген елдерде қолданылатын құқықтар. Бұл «сабақтас құқықтар» терминін ашатын жалғыз халықаралық құжат.

Жоғарыда айтылғанның барлығынан, халықаралық заңнама, орындаушылардың, фонограмма жасаушылар және хабар таратушы ұйымдардың құқықтарын қорғай келе, жалпы «сабақтас құқықтар» терминінің бекітілуіне ұмтылмай, оны сөздікте көрсетілген түсіндірме

күйінде қалдырады деп тұжырым жасауға болады. Сонымен қатар, халықаралық заңнама орындаушылық, фонограммалық және хабар таратушы құқықтардың бір топқа бірігуіне әкелген негізгі белгілері ретінде, біріншіден, авторлық құқықтармен байланысын, екіншіден, көпшілік алдында пайдалану бағытын нақты анықтайды.

Халықаралық заңнамада қолданылатын терминге қарамастан, ҚР нормативтік актілерінде, «сабақтас құқықтар» санатын анықтайтын норма бекітілген. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 2 б. 2004 жылғы 9 шілдедегі №586 ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерден кейін: «сабақтас құқықтар - орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының мүліктік құқықтары және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары» деп бекітілді [7].

Дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесін қолға ала келе, ҚР заң шығарушысы сабақтас құқықтардың мінсіз анықтауын жасауды тиімсіз деп есептеген көрінеді. Анықтау беру – заң шығарушыға тән емес міндет болғандықтан, оны құқық ғылымына жүктеу керек деген құқықтық ғылымдағы пікірге қосылуды біз дұрыс деп есептейміз. Теріс тұжырымдалған жағдайда анықтаулар зиян келтіруі мүмкін, өйткені ол құқықтық нормалардың ары қарай дамуына кедергі жасайды.

Біздің ойымызша, ҚР авторлық құқық туралы Заңында бекітілген сабақтас құқықтар ұғымы, құқықтық нормалар дамуының кідірісіне әкеледі. ҚР авторлық құқық туралы Заңында бекітілген ұғым, біржақты және сәтсіз тұжырымдалғандықтан, қажетті түсіндірменің нақты интерпретациясын бермейді.

Сабақтас құқықтар ұғымы ҚР АҚ сәтті тұжырымдалған. Дәлірек айтсақ, ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі) сабақтас құқықтар саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған және ҚР АҚ 985 б. бекітуі бойынша, сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылыққа, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдардың хабарларына, олардың мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ олардың көрсетілу әдістері мен нысандарына қарамастан қолданылады.

Біздің ойымызша ең дұрысы, ол құқық қатынастарының мазмұны, объектісі және субъектісін анықтау арқылы сабақтас құқықтарды түсіну болып табылады. Және де оны доктриналық талқылау тұрғыда қалдырып, нақты анықтама беру міндетті емес. Сонымен қатар, сабақтас құқықтар терминінен бас тартудың қажеті жоқ, өйткені заңнамада анықтауы берілмеген көптеген сөз тіркестері бар, мысалы, «мүліктік құқық».

Сондай-ақ, «сабақтас құқықтар» терминін қолдана келе, заң шығарушы ҚР авторлық құқық туралы Заңының 33 бап. бекітілген сабақтастық белгісіне назар қояды, онда орындаушы, фонограмма жасаушы, эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдары, туындының негізіне салынған автордың құқығын сақтаған кезде ғана сабақтас құқықтарға ие бола алады.

Сабақтас құқықтар туралы жалпы түсінікті қалыптастыру үшін, осы заңнамалық ережелер жеткілікті деп есептейміз. Ал сабақтас құқықтардың барлық белгілерін сипаттайтын түсінікті ғылыми талқылау тұрғысында

қалдыру қажет.

Тиісті ұғымды қалыптастыру үшін, біз сабақтас құқықтар белгілерін ғылыми көзқарастан қалыптастырамыз. Сонымен, сабақтас құқықтар белгілерін зерттеуге кірісейік.

Сабақтас құқықтар ерекше және қиын, көп құрамдас бөлікті ғылыми санат болып саналады. Авторлық құқық санатынан сабақтас құқықтардың ерекше белгілерін анықтау мүмкіндігі, оған деген қызығушылықты туғызады. Орындаушылардың, қоюшылардың және т.б. шығармашылық қызметі нәтижесінде өнер туындылары пайда болатындықтан, сабақтас құқықтар объектілерін авторлық құқық объектілеріне жатқызу қажеттігі туралы ғалымдар арасында пікірлер бар. Алайда, осы авторлардың пікіріне қарама-қарсы шыққан басқалар (Серебровский В.И., Антимонов Б.С., Флейшиц Е.А., Мартемьянов В.С.) сабақтас құқықтардың арнайы институты болу керек деп санайды, дәл осы қазақстанның заңнамамен қабылданды. Осы көзқарастың дұрыс екендігін біз сабақтас құқықтар белгілері сипаттамасы арқылы, ғылыми-теоретикалық аргументтер арқылы дәлелдеуге тырысамыз. Біз сабақтас құқықтарды сипаттайтын белгілерді ғана қарастырамыз. Сабақтас құқықтарды құқықтық қорғау ерекшеліктерінің субъектілері және объектілерін біз келесі тарауларда қарастырамыз.

Сабақтастық белгісі. Сабақтастық белгісін құқықтық талдаудың алдында, осы терминнің лексикалық мағынасына назар аударған дұрыс. Орыс тілінің сөздігіне сәйкес, «сабақтас» сөзі, жалпы шекарасы бір, тікелей қасында орналасқан деген мағынаны білдіреді. Өз кезегінде «сабақтас» деген сөзі, жер телімдерінің шектерін белгілейтін, «шек» деген таза орыс сөзінен шыққан.

«Сабақтас» сөзі қарастырылып жатқан қатынастарды реттейтін, құқықтық нормалардың орналасқан жерін белгілейді, авторлық құқықтарды регламенттейтін нормалармен салыстырғанда. Авторлық құқықтың көптеген ерекшеліктері, сабақтас құқықтардың мазмұнына өз таңбасын қалдырғандығы күмән туғызбайды. «сабақтас құқықтар» құқықтық санаты бірқатар елдердің ұлттық заңнамаларында «төркіндес құқықтар», «басқа құқықтар», «көршілес құқықтар» деген атаумен белгілі.

Сабақтастық белгісін суреттеп және «сабақтас құқықтар» ұғымын толық ашу үшін, қандай санаттар белгінің мәнін белгілейтінін анықтау маңызды: авторлық құқыққа жақындығы, авторлық құқықпен байланыстығы, авторлық құқықтардан туындылығы немесе тәуелділігі.

Бұл сұрақ бойынша ғылымда әртүрлі пікірлер бар. А.Дебуаның пікірінше, сабақтас құқықтар объектілері, әдеби және көркем шығармашылықты толықтыру бойынша қызметтің объектісі болып табылады және оларды авторлықпен сабақтас құқықтар деп атау керек. Бұл жолды 2008 ж. 1 қаңтарында күшіне енген РФ АҚ IV бөлімі қабылдады, оның 71 тарауы «Авторлықпен сабақтас құқықтар» деп аталды. Бұл, кодификаттаушылардың пікірінше, аталған құқықтарды авторлықтардан байланысын және туындылық белгісін көрсетеді.

Г.Иессен же, көрсетілген құқықтарды авторлыққа бағыныштылығын

жоққа шығарады. Ол екі құқық түрлері арасындағы сабақтастық туралы айтады. Оның айтуынша, бұл жерде бірі-біріне тәуелді болмайтын құқықтар туралы сөз қозғалады. Бұл пікірмен, М.Л.Чечина келіседі.

И.Фаршатовтың пікірінше: авторлық және сабақтас құқықтардың жақындығы авторлық құқықтардың ғылым, әдебиет және өнер туындыларына сабақтас құқықтармен органикалық және функционалдық баланыстардан шығады. Органикалық байланыстар жалпы белгілердің бар болуымен сипатталады. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар зияткерлік меншік түрлері болып саналады, зияткерлік қызмет нәтижелерінде де олардың көптеген ортақ нәрселері бар; сабақтас құқықтардың бірқатар объектілерінде шығармашылық объектілері бар. Функционалдық байланыстар – бұл іс-әрекеттер; принциптер негізінде осы институттардың дамуы; құқықтардың айрықшалығы, туындыларды жасау және пайдаланудағы материалдық және моральдық қызығушылық, жеке мүліктік емес құқықтардың иеліктен шығарылмауы, жеке мүдделердің қоғам мүдделерімен үйлесімдігі. Бұл принциптердің, өзара байланысты, өзара тәуелді құқықтық нормалар болып саналатын қорғау, субъективті құқықтарды қорғау, өтемақы, шығындарды өтеу түрлеріндегі жауапкершілікке ықпал жасауы сөзсіз. Сабақтас құқықтар – шығармашылық еңбек нәтижелерін іске асыруда объективті және үнемі өсіп тұратын тұтынушылыққа байланысты авторлық құқықтарды органикалық және функционалдық даму «өнімі» (нәтижесі), сонымен қатар, оларды орындаушылық, қойылым, фонограммаларды тарату, хабарламаларды ұйымдастыру, эфир және кабельді хабар тарату арқылы хабарлау жолымен көрермендерге, тыңдаушыларға және оқырмандарға жеткізу. Сабақтас құқықтардың туындылығы, бастапқы авторлық құқықтардан тәуелділігін көрсетеді, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда. Бұл ерекшелік мүліктік және мүліктік емес құқықтар және мүдделерді сақтауда, құқықтардың айрықшалығы туралы заң талаптарын есептеудегі өзгермеуімен белгіленеді.

Біздің ойымызша, И.Фаршатовтың тиімді, өйткені сабақтас құқықтарды жоққа шығару немесе оларды авторлық құқықтарға толық бағынышты ету, осы түрдің объектілерін қорғауды қиындата түседі. Оның теориясы бойынша, сабақтас құқықтардың туындылығы және тәуелділігі белгісінен бас тартпай, жасалған объектілерді зияткерлік шығармашылық қызметінің дербес объектілері ретінде қарастыру керек, әрине олар авторлық құқықтармен байланысты, бірақ оларға бағынбайды.

Бұрындары келтіріген ғылыми теорияларға сүйене келе, сабақтастық белгісін көрсететін санат ретінде, біздің есептеуімізше авторлық құқықпен байланыстылық санаты есептеледі. Дәл осы терминге байланысты бағыныштылық, тәуелділік және туындылық санаттары бірге бола алады. Алайда, біздің ойымызша, бұл термин сабақтас құқықтардың мағынасын дұрыс көрсетуі үшін, авторлық құқықтармен байланысы біржақты ма әлде өзара ма және сабақтас құқықтар өздігінен пайда болған кезде, байланыстық туралы айту мүмкін бе екендігін анықтау қажет.

Сонымен, бірінші сұраққа жауап беруге қатысты. Жоғарыда айтылып

кетілгендей, сабақтас құқықтардың ерекшелігі, ол көптеген жағдайларда олардың авторлық құқықсыз жүзеге асырылмайды, өйткені сабақтас құқықтардың кез-келген объектісі, авторлық құқық объектілерін пайдалануды енгізеді. Сонымен, авторлық құқық сабақтас құқықтардан тыс жүзеге асырылуы мүмкін, ал сабақтас құқықтар болса хабар тарату ұйымдарының хабарларын қосу және фонограмманы жазуға және орындауға болатын туындылар бар болған кезде ғана жүзеге асырылады. Мысалы, туындыны орындаушы, туындыны орындауға автордан немесе өзге құқық иеленушіден рұқсат алған кезде ғана, өзінің орындауына сабақтас құқықтарды иелене алады. Егер орындаушы туындыны құқық иеленушінің рұқсатынсыз пайдаланса, ол сабақтас құқықтарды иеленудің орнына ол авторлық құқық туралы заңнаманың бұзушысы болып саналып, Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сонымен, отбасы ішіндегі орындаудан басқа барлық орындаушылықтар, құқық иеленушіден оның кез-келген туындысын орындауға міндетті түрде рұқсат алуды талап етеді. Сонымен қатар, авторлық құқықпен байланыс өзара болады, дәлірек айтқанда авторлық құқықты жүзеге асыру сабақтас құқық субъектісінің фигурасымен байланысты, атап айтсақ автордың кейбір құқықтары (эфирге беру құқығы, жалпы жұрттың назарына хабарлау) орындаушы қатысқан кезде ғана мүмкін болады. Егер сабақтас құқықтар субъектісі жоқ болса, автордың мүліктік құқықтарының біршама бөлігінің мағынасы болмайды.

Сонымен, сабақтас және авторлық құқықтардың өзара байланыстығы туралы тұжырым жасауға болады.

Екінші сұраққа келетін болсақ, оның себебі мынада: кейбір кездерде сабақтас құқықтар авторлық туынды негізінде емес өздігінен пайда болады, мысалы, футбол ойынын жүргізу, табиғат үнін жазу, импровизация және т.б. Осы жағдайларда, байланыстың жоқтығы туралы айтып, сабақтастық белгісі жоқ деп тұжырымдауға бола ма? Біздің пікірімізше, байланыстық санаты авторлық құқықтарға бағыныстылық немесе туындылықты білдірмейді, байланыстылық бұл жерде құқықтық қорғау тәсілдерінің, құқықтық қорғау принциптерінің және т.б. ұқсастығында («туыстықта») білдіріледі.

Сабақтастық белгісін зерттей келе, біз оны авторлық құқықтармен байланыстық санаты арқылы білдірген дұрыс деп ойлаймыз, және де бұл байланыс өзара және бағыныстылық, туындылық, тәуелділікте, сонымен қатар сабақтас және авторлық құқықтардың құқықтық қорғау ұқсастығында деп тұжырымдауға болады.

Абсолюттік белгісі. Субъективті құқықтардың абсолюттігі субъектаралық байланыстың құрылымын сипаттайды және маңызды тәжірибелік мағынаға ие. Мұндай белгінің тәжірибелік маңызы, ол субъектінің құқығын бұзушыны анықтау болып табылады. Құқықтық өкілет, субъектінің құқығы кез-келген адаммен бұзылу мүмкіндігі, оның абсолюттік сипаты туралы айтады, өйткені абсолюттік құқықтық қатынастардағы міндетті тұлғалардың тобы нақты анықталмаған. Азаматтық құқық ғылымында абсолюттік белгісі мүліктік құқықтарға тән болады. Зияткерлік

меншіктік құқықтың мүліктік құқықтарға қарағанда, әрине айырмашылықтары бар, тіпті кейбір сұрақтарда ол өте елеулі, алайда бұл осы екі құқық түрінің объектілері айырмашылығының салдары, сондай-ақ, абсолюттік қатарына жеке мүліктік емес құқықтар да жатады. Олардың барлығын, нақты белгіленген құқықтық өкілетке ие субъектіге алдын ала белгіленбеген міндетті тұлғалардың тобы қарсы тұратын, құқықтық қатынастардың арнайы құрылымы жақындастырады, ал бір-бірінен айырмашылығы осы объектілердің заңдық маңызды ерекшеліктерінде. Зияткерлік меншік құқықтардың бөлігі бола тұра, сабақтас құқықтар азаматтық құқық ғылымында қабылданған дәстүрлі түсінікке сәйкес, абсолюттік құқықтарға жатады. Алайда кейбір ғалымдар, зияткерлік шығармашылық қызмет объектілеріне субъектікті құқықтарды сипаттайтын белгі ретінде, мүліктік құқық абсолюттігі құрылымын қолдану мүмкіндігіне күмәндануда.

Мысалы, В.А.Дозорцевтың пікірінше, тауарлық айналым үшін абсолюттік немесе оған ұқсас құқық қажет. Бұл, нарықта материалдық мүліктер ғана емес, сонымен қатар, мүлде басқа түрдегі объектілер – зияткерлік қызметтің материалдық емес нәтижелерінің пайда болуы кезінде нақты көріне бастады. Мұндай рөлді, заңдық мазмұны жағынан «айрықша» деп аталатын құқықтар ойнай бастады. Құқық иеленуші айрықша құқыққа ие, оған сәйкес зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалану құқығына құқық иеленуші ғана ие, және кез-келген басқа адамдар құқық иеленушінің рұқсатынсыз оны пайдалана алмайды. Бұл пікір бойынша, В.А.Дозорцев абсолюттік құқыққа балама ретінде, зияткерлік меншік құқыққа неғұрлым жақын келетін, айрықша құқықтың құрылымын ұсынады. Онымен қоса В.А.Дозорцев өз еңбегінде, айрықша құқықтарды «квазиабсолютты» немесе «салыстырмалы абсолюттік» деп атап, олардың абсолюттігіне күмән келтіреді [8].

Біздің ойымызша, бұл көзқарас, қарастыруды талап етеді. Егер, Қазақстан Республикасының заңнамасына жүгінетін болсақ, ол айрықша және айрықша емес құқықтарды бекітеді. Авторлық құқық туралы ҚР Заңының 2 б. бойынша айрықша құқық - автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарын осы Заңда белгіленген мерзім ішінде өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы. Осы бапқа сәйкес айрықша емес құқық - осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, автордың немесе өзге құқық иеленушінің тиісті рұқсатымен басқа адамдардың құқық иеленушімен бір мезгілде туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарын пайдалана алатын құқығы. Құқықтардың айрықшалығы олардың иеленушілеріне заңмен қарастырылған құқықтылықты өз қараулары бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, және оларға кедергі жасауға ешкімнің құқығы жоқ деп тұжырым жасауға болады. Егер абсолюттік құқықтар және айрықша құқықтарды салыстыратын болсақ, оларды баламалы деп айтуға болмайды.

Абсолюттік белгісі біршама кеңірек – ол субъекті аралық байланыс құрылымын сипаттай келе, сабақтас құқықтар мағынасын ашады. Абсолюттік белгісі сабақтас құқықтардың құқықтық қорғау ерекшелігін белгілейді. Айрықшалыққа келетін болсақ, бұл белгі орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, хабар таратуды пайдалану саласындағы мүліктік құқықтарды сипаттау үшін жақсы келеді. Абсолюттік белгісі болса мүліктік, сонымен қатар жеке мүліктік емес құқықтарға да таратылады. Және сабақтас құқықтардың абсолюттігін заттық құқықтарға ұқсастыру дұрыс емес, өйткені оларды бөлу белгілері құқықтық қатынастардың объектілік және субъектілік құрамы және мазмұнындағы ерекшеліктерден көрінеді.

Жоғарыда айтылғанан, сабақтас құқықтар – бұл абсолюттық құқықтар деп айтуға болады. Сабақтас құқықтардың абсолюттік сипатын хабар тарату ұйымдары, фонограмма шығарушы және орындаушылардың мүліктік құқықтарының айрықшалығымен ауыстыруға болмайды, өйткені сабақтас құқықтардың мазмұнымен шектелмейді.

Сабақтас құқықтардың сипаттамасындағы абсолюттіктен басқа, мүліктік құқықтардың белгісіне ұқсас, тағы бір белгіні ерекше атап кетуге болады – *қатаң заңмен белгіленген жағдайлардағы қорғау*. Т.Е.Каудыровтың айтуынша, «Қатаң заңмен белгіленген жағдайлардағы құқықтарды қорғау, зияткерлік меншіктің нақты объектілерінің пайда болуы, нормативтік актілермен жорамалдануы керек деп білдірмейді» [5, 95 б.]. Шығармашылық нәтижесі, нұсқаулар бойынша емес, адамның шығармашылық процесі кезінде пайда болады. Алайда, объектіге деген айрықша құқық, жеке немесе заңды тұлғада, азаматтық кодекс немесе басқа да заңды актілермен белгіленген тәртіпте және жағдайларда пайда болады. Қатаң заңмен белгіленген жағдайлардағы қорғау белгісі, сабақтас құқықтарда, мүліктік құқықтарға қарағанда басқадай көрсетіледі. Заттық құқықтарда заңмен бекіту, заттық құқықтардың белгілеріне сай келетін мүліктік құқықтар, заңда дәл осылай аталу керек деп саналмайды. Сабақтас құқықтарға келетін болсақ, бұл жерде, аталмыш белгі тиісті құқықтарды сабақтас құқықтар түрлеріне жатқызып бекітуге міндеттілікті білдіреді.

Бұл дәлелдемені растау үшін ҚР АҚ 195 бапты қарастыруға болады, онда заттық құқықтардың түрлері көрсетілген [9]. Мысалы, кепіл құқығы заттық деп көрсетілмей және міндеттемелік құқықтар тарауында бекітілген, алайда оны заттық емес деп айтуға болмайды. Авторлық құқық туралы ҚР Заңында және ҚР АҚ 51 тарауында сабақтас құқықтардың нақты тізімі нақты белгіленген, және кеңейтілген талқылауға негіз бермейді [10].

Сонымен, қатаң заңмен белгіленген жағдайларда сабақтас құқықтарды қорғау белгісі, сабақтас құқықтардың анықтауын қалыптастыруда қажетті және маңызды болады деп қорытынды жасауға болады.

Сабақтас құқықтардың заңдық түсініктеме жағдайын зерттей келе және олардың белгілеріне ғылыми-теоретикалық талдау жасап, біз келесідей қорытынды жасадық:

- қазақстандық заңнамада бекітілген сабақтас құқықтар ұғымы, сабақтас құқықтарды сипаттамайды, ол тек олардың түрлерін ғана түгендейді;

- ғылымдағы сабақтас құқықтардың ұғымы және белгілері саласындағы ұстанымдары әртүрлі және қарама-қайшы.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, авторлық құқық туралы ҚР Заңының 2 бабынан сабақтас құқықтар ұғымын алып тастап, оны ғылыми талқылауға қалдыруды ұсынамыз. Сонымен қатар, сабақтас құқықтар ұғымы саласындағы бар ғылыми түсінікті дамыту мақсатында, зерттелген белгілер негізінде қалыптастырылған, сабақтас құқықтардың авторлық анықтауын ұсынамыз. Сонымен, сабақтас құқықтар – бұл абсолюттік сипаттағы және авторлық құқықтармен өзара байланыста болатын, зияткерлік шығармашылық қызметі объектілеріне берілетін заңмен қорғалатын субъективтік құқықтардың жиынтығы.

Сабақтас құқықтар саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастар, барлық құқықтық қатынастарға тән жалпы белгілермен, сонымен қатар құқықтық қатынастардың құрылымдық элементтерін зерттеген кезде анықтауға болатын, арнайы белгілермен сипатталады. Сабақтас құқықтар саласындағы құқықтық қатынастардың мазмұнын, субъектісін және объектісін зерттеу, зияткерлік меншік құқығы саласындағы басқа құқықтық қатынастардан айырмашылығын және ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Сабақтас құқықтардың объектісін зерттеуден бастайық, өйткені Г.Матвеевтің айтуынша: «Қайсыбір институттың шеңберінде орнатылатын құқықтық тәртіп, реттелетін объектінің сипаттамаларымен келісіледі. Авторлық және сабақтас құқықтар объектілерінің мәнді сипаттамаларын түсіну, олардың құқықтық тәртібін дұрыс құрастыру үшін негіз болады» [11, 58 б.].

Философиялық көзқарастан қарайтын болсақ, объекті бұл субъектіге қарама-қарсы тұратын нәрсе, адамның танымдылық және басқа да қызметіне бағытталған нәрсе. Р.Книпер дәл айтып кеткендей: «Азаматтық құқық объектілері олардың табиғи жағдайларына (қатты немесе сұйық, қозғалатын немесе қозғалмайтын) қарамастан анықталады, сонымен қатар олар материалдық емес игіліктерді, зияткерлік сипаттамасымен түсіндірілмейді. Керісінше, олар мүлік немесе объекті ретіндегі өз ерекшеліктерін, олардың жеке немесе заңды тұлғаға: субъектіге деген қатынасын анықтау арқылы алады». Біздің ойымызша – бұл объекті және субъекті – қос санаттар деп айтылған, абстрактілі, дегенмен дұрыс ескертпе. Диссертациялық зерттеуде біз қарастыратын, сабақтас құқықтар объектілерінің барлық ерекшеліктері, сабақтас құқықтар субъектілерін де сипаттайды деп айтуымызға болады.

Азаматтық құқықтық қатынастар объектісін түсінуге қатысты әртүрлі теориялар бар. Мысалы, бір авторлар азаматтық құқықтық қатынастар объектісі ретінде заттар немесе рухани, материалдық немесе басқа игіліктер: заттар, шығармашылық қызмет өнімдері, адамдардың іс-әрекеттері, іс-әрекеттер нәтижесі болады деп есептейді. Енді біреулері, азаматтық құқықтық қатынастар объектісі ретінде адамның мінез-құлқы болады дегенді айтуда. Үшіншілердің пікірінше, объект – бұл кез-келген мінез-құлық емес, ол әртүрлі материалдық және материалдық емес игіліктерге бағытталған,

құқықтық қатынастар субъектілерінің мінез-құлқы. Құқықтық қатынастардың осы элементінің теоретикалық негіздерін терең зерттейтін болсақ, біз доктриналық зерттеулердің қомақты қабатын қозғаймыз. Осыған байланысты, біз зерттеу процесі кезінде аталмыш көзқарастарды толығымен қарастырмаймыз, өйткені зерттеудің мақсаты жеке жағдай, пайымдаулар, және де олар айтылған теориялардың дәлелдемелеріне негізделеді.

Сабақтас құқықтар объектілерін зерттеу кезінде пайда болу мүмкін жаңсақтықтарды болдырмау үшін, бұл жерде сөз тек қана субъективті құқықтар туралы айтылатынын ескертіп кетеміз. Өйткені, сабақтас құқықтар объективтік мағынада, қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған нормалар жүйесі ретінде, зияткерлік меншік құқықтарының институты ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар, объективтік мағынада құқық объектісі болып, онымен реттелетін қоғамдық қарым-қатынастар шығады. С. Кокина және А.П. Сергеев дұрыс айтып кеткендей – «құқық объектісі» ұғымы, «құқықтық реттеу пәні» ұғымымен сәйкес келген жағдайда, бір ұғым артық болады. Әрине, ол «құқық объектісі» ұғымы [12, 13].

Сонымен, жоғарыда айтылып кетілгендей, сабақтас құқықтар орындаушылыққа, қойылымдарға, фонограммаларға, эфирлік және кабельді хабар тарату хабарларына таратылады (ҚР АҚ 985 б.). Аталған объектілер өз кезегінде авторлық және патенттік құқықтармен қатар (ғылым, әдебиет және өнер туындылары, өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер, селекциялық жетістіктер) зияткерлік шығармашылық қызметі нәтижелеріне жатқызылған (ҚР АҚ 961 б. 2 бөлімі). Нормалардың мұндай орналасуы, сабақтас құқықтар объектілері, зияткерлік меншік құқығы объектілерінің жалпы белгілеріне ие екеніне дәлел бола алады.

Азаматтық құқықтар объектілері арасында ерекше орын алатын, зияткерлік меншік объектілері ие болған белгілер, көптеген цивилистердің ғылыми еңбектерінде зерттелген. Біз бұрындары өткізілген іздестірулерді негізге ала отырып, сабақтас құқықтар объектілеріне ғылыми әдістермен бөлінген зияткерлік шығармашылық қызметі объектілерінің ерекшеліктерін «салыстырдық».

Зияткерлік шығармашылық қызметі объектісінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі «денесіздікті» қарастырайық. Денесіздік белгісі толығымен сабақтас құқықтар объектісінің мәнін көрсетіп, ең алдымен азаматтық құқықтық мағынада материалдық емес сипатты білдіреді. «Денесіз» заттарға түсінік беру көне цивилистика дәуірінен өз бастамасын алады. Заттарды денелі (*res corporales*) және денесізге (*res incorporales*) бөлу әртүрлі ғалымдармен қолданған болатын. Мысалы, Красавчикова Л.О., құрамына авторлық құқықтар және өнертабысқа арналған құқықтар кіретін, денесіз мүліктердің жеке бір тобын бөліп шығарған [14]. В. Вейнке өзінің міндеттеме теориясын денелі және денесіз мүлік арасында шек қоюмен құрайды. Егер денелі мүлік (нақты заттар) заттық және міндеттемелік құқығы объектісі бола алса, денесіз мүлік міндеттеме бойынша талап ету құқығы ретінде, міндеттемелік құқықтар объектісі ретінде бола алады [15]. Сонымен қатар, Вейнке, кейбір заттарға қатысы жоқ болғандықтан оған деген

құқықтар, заттық деп саналмайтындықтан, міндеттемелік мүліктердің басқа түрлерінен міндеттемелік талаптарды бөлуді ұсынады. Мұндай құқықтар болып авторлық құқық, тауардың шыққан жерін көрсететін атау құқығы, серіктестіктегі үлеске деген құқық, өнертабыс патенті. Бұл құқықтар пайда болған кезден бастап, олар әрбіреуге және барлығына қарсы қорғалады. Сабақтас құқықтар объектісінің денесіздігі, материалдық дененің жоқ болуын, объектінің сезілмейтіндігін білдіреді. Сабақтас құқықтар объектісі, кез-келген зияткерлік меншік құқық объектісі сияқты денесіз екендігіне, оны ақпараттың түріне жатқызу теориясы да дәлел бола алады. Т.Е.Каудыровпен аталып өтілгендей: «Зияткерлік меншік құқығының кез-келген объектісі өз мәнінде, егер «жанрлық» ерекшеліктерді алып тастаса, тиімді шаруашылыққа мүмкіндік туғызатын немесе бір нәрсені жекелейтін факторлар, шығармашылық идеялар салынған көзқарастан қарасақ, эстетикалық, танымдылық немесе коммерциялық құндылығы бар ақпараттан тұрады». Біздің ойымызша, сабақтас құқықтар объектілері ақпараттық ресурстың арнайы түрі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сабақтас құқықтар объектісінің денесіздігін алдын-ала анықтайтын, ақпараттан алынған сипаттамаларға, келесілерді жатқызуға болады: сабақтас құқық объектісі тұтынбайтын игілік болғандықтан, ол табиғи емес, моральдық тұрғыда ғана ескіреді; бір рет жазылған музыкалық туындыларды, орындалған биді шектеусіз тарату мүмкіндігі; сабақтас құқық объектілерін бекіту түрлерін қайта құру және кеңінен тарату мүмкіндігі, және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану және біреуге иемденуге беру монополиясын заңды түрде бекіту. Осы барлық белгілер сабақтас құқықтар объектісінің денесіз екендігін дәлелдейді. Сабақтас құқықтар объектісінің мінсіздігі, зияткерлік шығармашылық қызметінің негізіне салынған міндеттерді мінсіз орындауда.

Сонымен, денесіздік белгісі барлық зияткерлік шығармашылық қызмет объектілерімен қоса, сабақтас құқықтар объектілеріне де тән.

Денесіздік белгісінен басқа, зияткерлік қызмет объектілеріне шығармашылық белгісі тән. Бұл ғалымдарда күмән туғызбайтын, бөліп көрсетуді қажет ететін жалғыз белгі. Атап айтқанда, Гордон М.В., Серебровский В.И., Городецкий, Антимонов Б.С., Флейшиц Е.А., Каудыров Т.Е., Сергеев А.П. өз еңбектерінде зияткерлік меншік құқығы объектілерін жасаған кезде, шығармашылық салымның бар болуы міндетті деп есептейді. Сонымен қатар, Хейфец И.Я. және Кабатов В.А. авторлық құқық объектілерін зерттеген кезде туындының сонылығын ерекше белгі деп есептейді. Бұл жерде М.В.Гордонның пікіріне қосылған дұрыс деп ойлаймыз, ол сонылық белгісін шығармашылық белгі элементтеріне жатқызады [16, 17, 18].

Сонымен, сабақтас құқықтар объектілерінің бірегейлігін, сонылық деңгейін, және зияткерлік салым деңгейін көрсететін шығармашылық белгісін қарастырайық. Осы белгі сабақтас құқықтар объектісіне тән ба деген сұрақ туындайды? Ойын, ән айту, би, кадрларды көрсету, дыбыстарды жазу шығармашылық, бірегейлік, сонылықтан айырылған, авторлық құқық объектісінің бейнесі емес пе. Зияткерлік меншік шығармашылық қызмет

нәтижелеріне тарайды, атап айтқанда жәй ақыл емес, бірегей, бұған дейін болмаған нәтижені құруды аяқтауға тақаған дарынды, біртекті емес адамның зияткерлік, ойлау қызметіне тарайды. Дегенмен, сабақтас құқық объектісі – бұл белгілі ережелер немесе үстірт логика ережелері бойынша дайын ойлар, идеяларды қайта шығаратын еңбектің, репродукциялық еңбектің нәтижесі болуы мүмкін.

1961 жылғы орындаушылар, фонограмма өндірушілер және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы Халықаралық конвенция, орындаушыларды роль ойнайтын, өлең айтатын, оқитын, мәнерлеп оқитын немесе басқа жолмен әдеби немесе көркем туындыларды орындауға қатысатын актерлер, әншілер, музыканттар, бишілер және басқа да тұлғалар деп белгілейді, хабар тарату ұйымдарын сигнал беруді жүзеге асыратын тұлғалар ретінде, ал фонограмма жасаушыларды, тұңғыш дыбысты жазуды жүзеге асырған тұлғалар ретінде белгілейді. Егер ҚР заңнамасына жүгінетін болсақ, авторлық құқық туралы ҚР Заңының 2 бабында:

орындау - туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, қойылымды тікелей орындалатын ойын, ән, би арқылы немесе қандай да бір техникалық құралдардың (телерадио хабарлары, кәбілдік телевизия және басқалары) көмегімен көрсету. Сондай-ақ дыбыстау-бейнелеу туындысының кадрларын реті бойынша дыбыспен сүйемелдеп немесе сүйемелдемей көрсету («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 2 б. 23 т.);

эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары - эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының өзі жасаған, сондай-ақ соның қаражаты есебінен соның тапсырысы бойынша басқа ұйым жасаған хабар («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 2 б. 46 т.);

фонограмма - орындаушылықтардың немесе өзге де дыбыстардың дыбыстық жазбасы, сондай-ақ дыбыстау-бейнелеу туындысына енгізілген жазбаны қоспағанда, дыбыстарды кез келген нысанда беру («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 2 б. 36 т.).

Халықаралық және ұлттық заңнамаларға сәйкес, сабақтас құқықтар қойылымдарға, фонограммалар орындауға, сапасы, мағынасы, мазмұны немесе құны, сонымен қатар көрсету нысаны және тәсілінен тәуелсіз эфирлік және кабельді хабарларды таратуды ұйымдастыруға таратылады. Құқықтарды мойындау үшін іс-әрекеттің заңды фактісі ғана қажет, атап айтқанда туынды авторының құқықтарын тану үшін, ойлап табу фактісіне ұқсас болатын, құқықтық нормамен қарастырылған актілерді ғана орындау. Алайда, туындыларға құқықтық қорғау көрсеткенде, заң шығарушы жасалған туындының шығармашылық сипатын нақты көрсетеді. Ал сабақтас құқықтар объектілерін сипаттаған кезде бұл критерий тікелей көрсетілмеген. Оны көрсету қажеттілігі көптеген ғалымдармен қолданған болатын. Бірақ, ғалымдардың дәлелдемелеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы шығармашылық критерийіне дұрыс назар аудармай, барлық объектілерді зияткерлік шығармашылық қызметі нәтижелеріне теңеп, оларға толық жан-жақты қорғау көрсетеді. Мысалы, дыбыстау бейнелеу туындысы кадрларын көрсетуді, орындауға сабақтас құқықтар объектілеріне

жатқызу мүлдем логикаға жатпайды. Өйткені, орындау сабақтас құқықтар объектісі ретінде – бұл орындаушының кәсіпқойлығы, дарындылығы, бірегейлігімен байланысты шығармашылық динамикалық процес, ал көрсету – шығармашылық, зияткерлік еңбекті талап етпейтін, техникалық процесс. Сонымен қатар, егер де орындаушы техникалық іс-әрекеттерді ғана жүзеге асырса, сабақтас құқықтардың заңнамалық анықтауына енгізілген, орындаушының қандай жеке мүліктік емес құқықтары туралы айтуға болады. Мұндай, орындауға деген шеттен шыққан объективті көзқарас бізге тиімсіз көрінеді, өйткені шығармашылық салымы жоқ, бірегейлігі жоқ орындаушылықты қорғау қажеттігі туындамайды. С.Кокина дұрыс атап өткендей, мұндай қорғау логикалық тығырыққа әкелуі мүмкін, өйткені орындау – кез-келген қызметтің қажетті элементі және жасалатын объектілерге қатысты шығармашылық үлес қосу принципін дәйекті өткізу қажет. Орындауды бағалау кезінде шығармашылық үлес қосу критерийінің бар болуы және оған құқықтық қорғау беру күмән туғызбайды, өйткені биді, әнді орындау, мәнерлеп оқу, кинофильмде, қойылымдарда ойнау стиль ерекшелігін, орындау жанрын, бірегейлікті және жаңа лептің болуын қарастырады. Фонограммалар және хабар тарату ұйымдарының хабарлары сынды сабақтас құқықтар объектілерімен жағдай қиындау болады.

Жоғарыда айтылғандай, ҚР заңнамасында фонограмма деп дыбыс жазу түсіндіріледі. Бір қарағанда жазу – шығармашылығы жоқ, жай ғана механикалық іс-әрекет. Бірақ, осындай жазбаларға сабақтас құқықтар объектілері ретінде құқықтық қорғау берілген дұрыс па? Біздің ойымызша дұрыс емес, бүгінгі таңда фонограмма жасау үшін дыбыс операторлары және дыбыс режиссерлерінің тұтас ұжымының шығармашылық жұмысы қажет, өйткені олар техникалық құралдармен күрделі іс-әрекеттер жасайды. Дыбыстарды шығармашылыққа жатпайтын тәсілмен жазуға келетін болсақ, зияткерлік шығармашылық қызметінің жеке объектісі ретінде оған құқықтық қорғау көрсету дұрыс емес. Көріп отырғанымыздай, шығармашылық критерийлері фонограммалар үшін де өте маңызды.

Ары қарай, хабар тарату ұйымдарының хабарларында шығармашылық критерийлердің пайда болуын қарастырайық. Мысалы, кабель бойынша немесе сымсыз жолмен сигналдар беру, бір қарағанда хабар тарату ұйымдарынан шығармашылық қызметті талап етпейді. Алайда, хабар тарату үшін шығармашылық критерийлері өте маңызды. Дәл осы пікірді О.Головкинде ұстанады, әрбір хабар таратушы ұйымның өзіндік хабар тарату форматы бар, хабар тарату ырғағы, мазмұны, жүргізушілердің жұмыс жасау мәнері және бағдарламаларды жасаудың арнайы ерекшеліктері бар өзіндік концепциясы болады. Ескере кететіні, хабар таратушы ұйымдар, белгіленген форматта өз бағдарламаларын тарату үшін қосымша безендіруді пайдаланады. Ол мазмұндық мағынасы бар және хабар таратудың арнайы концепциясын көрсететін слогандар, акустикалық және бейне-қойылымдар. Эфир немесе кабель бойынша берілетін бағдарламаларды тақырыптары бойынша тізімдеу, хабар таратушы ұйымның концепциясымен белгіленген, арнайы эмоционалдық көңіл-күй туғызуы мүмкін. Ол үшін, осы немесе басқа

хабар таратушы ұйымы ұстанатын, форматтың бірыңғай желісімен байланысқан, екі ғана бағдарламаның дәйектілігі жеткілікті. Берілетін бағдарламаларды мұндай таңдау, оларды трансляциялау уақыты және күні туралы хабарлайтын, ақпараттық мағынасы бар, тек қана техникалық құрастыру деп белгілемейді. Осы көзқарасқа сүйене келе, хабар таратушы ұйымның белгіленген форматына сәйкес келетін, хабар тарату сабақтас құқықтар объектісі ретінде бағдарламаларды шығармашылық түрде таңдау жасауды қарастырады.

Жоғарыда айтылғанның барлығынан, сонылық, бірегейліктің субъективтік сипаттамасына негізделген шығармашылық критерийлері, сабақтас құқықтар объектілерін түсіну негізіне қойылу керек деп тұжырым жасауға болады. Дәл осы орындауға, қойылым жасауға, фонограммаға, эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарларына дербестік мағына беріп, өзіне ұқсас ортадан, бөлек шығарып тұрады. Сондықтан, кейбір қарама-қайшылықтар және түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, заңнама нормаларын, авторлық құқыққа қатысты бекітілген тәрізді, құқықтық қорғау элементі ретінде сабақтас құқықтар объектісін құруға шығармашылық үлес қосу идеяларын енгізу жолымен тиісті дәрежеге келтіру қажет.

Зияткерлік меншік объектісіне тән және жақсы құқықтық қорғау үшін оларға нақты нысан беретін, тағы жалпы белгілердің бірі – бұл бекіту түрінің ерекшелігі және объектінің ерекше жағдайы. Өйткені дұрыс дәрежеде құқықтық қорғау жасау үшін «адам талантының тікелей байқалуы және ақыл-ой әрекетінің нәтижелері» объективті болуы керек. Алайда, жеке адамның зияткерлік даралығы кіретін объективті нысанның бар болу туралы сұрағы, бүгінгі таңда пікірсайысқа түсуде. Пікірталастың негізгі себебі, ол объектінің объективті нысанын көрсету үшін, қандай элементтің қажеттігін анықтау: шығармашылық объектілерін қол жетімді жасау үшін бағытталған іс-әрекеттер немесе шығармашылық еңбек нәтижесінде жасалған және нақты қоғамдық қатынастарда адамдармен тұтынатын игіліктер. Бірінші теория құқықтық қорғау көрсету үшін қажетті элемент ретінде, қажетті іс-әрекеттерді орындауды жақтайды. Е.У.Ихсановтың айтуынша: «Әр іс-әрекетке ортақ ерекшелік тән: адамдар тұтыну үшін туындыларды қол жетімді жасау: кітап шығарушы оны оқу үшін түсінікті жасайды: тыңдау үшін әуенді орындау, сурет көрсету, көрермен көру үшін фильмді көрсету және т.б. Әдебиет және өнер туындылары сезім арқылы қабылданады. Ал сезім арқылы қабылдау нысан, тіл, бейне, дыбыс және т.б. арқылы жүреді» [19]. Екінші теорияға сәйкес, объективті нысанды келтіру, автор, жасап шығарушы пішінінен бөлек шығарып және ол өзіндік мағына алатын игіліктерді құру болып табылады. Жасалған игіліктің дербес маңызы қайта шығару мүмкінді арқылы айтылады, оны да бірқатар ғалымдар жақтайды. Атап айтсақ Зятицкий В.И. және Леонтьевтың Э.П. айтуынша, заң автордың өзінің қатысуынсыз қайта шығаруға мүмкіндік беретін объективті нысандағы туындыларды ғана қорғайды [20]. Осы ғалымдар тобының пікірінше, материалдық жеткізгішпен байланысы жоқ объектінің нысаны, тым тұрақсыз

және жеңіл жоғалып және бұрмалануы мүмкін. Біздің ойымызша, бұл теория, авторлық және патенттік құқық объектілері үшін маңызды, сабақтас құқықтар объектісіне келетін болсақ, құқық пайда болу ролін бұл жерде белгіленген іс-әрекеттерді орындау атқарады. Мұны, орындаушылық, фонограммалар, хабар таратуды түсіндіретін санаттарды талдау арқылы белгілеуге болады. Сондықтан, біздің ойымызша, объективті нысанның қажетті белгісі ретінде – объектілерді қол жетімді етуге бағытталған әрекеттерді орындауды ұсынатын бірінші теория дәл келеді. Дәл осы теорияны, қазақстандық заң шығарушы қабылдады. Мысалы, сабақтас құқықтар объектілері үшін объективтік белгісі белгіленген әрекеттерде көрсетілген, оларды авторлық құқық туралы ҚР Заңының 42 қарастырып, анықтауға болады: сабақтас құқықтар объектілерін азаматтық-құқықтық қорғау үшін тұңғыш орындау немесе қойылым; фонограмманың тұңғыш жазбасын жариялау; эфирге тұңғыш хабарды жіберу, кабель бойынша жалпы жұрттың назары үшін тұңғыш хабарламаны жүзеге асыру қажет. Қазақстандық заң шығарушының ұстанымы бізге ұнайды, ең алдымен ол сабақтас құқықтар объектілері ол шығармашылық идеяларды пайдалану нәтижесі деген және сыртқы нысан құқықтық қорғау үшін маңызды шарт деген тұжырымдар. Және де объектіні қайта шығаруға деген мүмкіндік белгісі оның құқықтық қорғау деңгейіне ықпал жасамайды, өйткені басқа жағдайларда, эфир немесе кабель бойынша берілмеген немесе жазылмаған орындаулар, құқықтық қорғауға жатқызылмаушы еді, өйткені бір орындаушымен орындауды екі қайтара бірдей орындау мүмкін емес.

Жасалған зерттеуден, денесіздік, қызметтің шығармашылық сипаты, объективтік нысаны сынды белгілер сабақтас құқықтар объектілеріне, сонымен қатар, зияткерлік шығармашылық қызметтің барлық нәтижелеріне тән деп қорытынды жасауға болады.

Жалпы белгілерді қарастыра келе, зияткерлік шығармашылық қызметтің басқа нәтижелерінің қатарынан бөлек шығып тұрған, сабақтас құқықтар объектісі ерекшеліктеріне назар аударайық.

Сабақтас құқықтар объектісі ерекшеліктері, авторлық құқықтармен өзара байланысы сияқты, сабақтас құқықтардың ерекше сипатымен белгіленген. Авторлық және сабақтас құқықтардың өзара байланысы, олардың негізгі элементі болып табылатын, объектінің байланысына әкеледі.

Бұрын өткізілген зерттеулер бойынша, сабақтас құқық объектілері көп жағдайларда, авторлық құқық объектісін қолдану нәтижесінде пайда болады. Осыған байланысты объектілердің байланысын, сабақтас құқық объектісінің туындылығын туындыдан деп түсіндіруге болады. Алайда, бұл сабақтас құқықтар объектісін сипаттамайды, сонымен қатар оларды «туынды шығармалар» санатынан шектеу кезінде, жаңылыс жасап және авторлық туындыларды пайдалануынсыз жасалған, сабақтас құқықтар объектілерін құқықтық реттеуден тыс қалдырады.

Біздің ойымызша ең дұрысы, ол сабақтас құқық объектісін іс-әрекет санатымен байланыстыру. Оны орындау нәтижесінде, зияткерлік шығармашылық қызметі нәтижелерінің сипаттамасына ие болатын,

материалдық емес игілік пайда болады.

Азаматтық-құқықтық ғылымда, объект ретінде игіліктен басқа оны құру процесі де бола алады деген теория ұсынылған. В.О. Калятинның айтуынша, нарықтық экономикаға ауысу жағдайында құқықтың ұйымдастыру ролі арта түседі. Оның нормаларында, субъектілер міндетті түрде сақтайтын жүріп-тұру ережелері белгіленген [21]. Бұл, құқықтық актілерде белгіленген, қоғамдық қажеттілік бұйрығы. Құқықтық қарым-қатынастардағы нормаларды іске асыру, ол шартты ақиқаттан шын өмір саласына ауысу. Профессор М.Т.Менглиев, іс-әрекет барлық жағдайларда азаматтық құқық объектісі деп танылатын әмбебап санат болмайды деп пайымдай келсе де, осы теорияның сындарлы ережелерін қолдану азаматтық құқықтың кейбір объектілерінің маңызын түсінуге көмектеседі деп айтады. В. Калятин азаматтық құқықтық-қатынастар объектілерін зерттеген кезде, келесі ұғым береді: «Азаматтық құқықтық қатынастар объектілері – бұл азаматтық құқық субъектілері қызметінің пәнін құрайтын, әртүрлі материалдық (заттық) және материалдық емес (мінсіз) игіліктер немесе оларды құру процесі». Өзінің анықтамасында В. Калятин, материалдық емес игіліктерді құру процесін, азаматтық құқықтық қатынастар объектісінің маңызды элементі деп санайды [21, 18 б.].

Осы пікірлерді қарастыра келе біз, нәтижесінде өздері пайда болған іс-әрекеттер жиынтығы арқылы сабақтас құқықтар объектісін анықтау, осы объектілердің ерекшелігін көрсетеді деген пікірге келдік.

Сонымен, халықаралық және отандық заңнамада көрсетілгендей, сабақтас құқық объектілері келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыру нәтижесінде пайда болады: орындау – көрсету нәтижесінде; фонограмма – дыбыс жазу нәтижесінде; хабар тарату – хабар беру нәтижесінде (хабар тарату). Және де бұл іс-әрекеттер авторлық туындыларды пайдаланумен байланысты болуы да, байланысты болмауы да мүмкін. Біздің ойымызша, сабақтас құқық объектісінің негізгі ерекшелігін дәл осылай көрсету қажет.

Жоғарыда жазылғанға байланысты, зерттелген сипаттамалар негізінде, сабақтас құқық объектісінің авторлық ұғымын тұжырымдауды ұсынамыз. Сабақтас құқық объектісі – бұл авторлық туындыларды, дыбыс жазуларды немесе оларды орындауды хабар тарату жолымен беру, сонымен қатар авторлық туындыларға не болмаса оларды орындауға жатпайтын дыбыстарды, бейнелерді немесе бейне және дыбыстарды көрсету түрінде жасалған, зияткерлік шығармашылық қызметінің нәтижелері.

Аталмыш параграфтың шеңберінде сабақтас құқық объектісінің ұғымын тұжырымдай келе, сабақтас құқықтар объектісінің түрлеріне тоқтала кетсек. Объектінің әр түрінің азаматтық құқықтық қорғау ерекшеліктері, бізбен диссертациялық зерттеудің үшінші тарауында қарастырылады, ал қазіргі кезеңде біз қазақстандық заңнамадағы сабақтас құқық объектісінің түрлік бекіту сұрақтарын қарастырамыз.

ҚР заңнамасында бекітілген, сабақтас құқық объектілерінің топтамаларын талдауға кірісудің алдында, ҚР АҚ 985 бабына жүгіну қажет. Онда сабақтас құқықтар объектілерінің тізіміне қойлымдар, орындаулар,

фонограммалар, эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарлары жазылған. Көріп тұрғанымыздай, тізім толыққанды және толықтыруға жатпайды. Ендігі кезде, әрбір нысанды, сабақтас құқықтардың дербес объектісі ретінде қарастырылуы мүмкін бе дегенді қарастырайық.

Сабақтас құқықтар объектілерінің дәстүрлі үш тағанынан бастайық: орындау, фонограммалар, хабар тарату ұйымдарының хабарлары. 1961 жылы халықаралық деңгейде Рим конвенциясымен бекітіліп және көптеген мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен танылуына байланысты оны дәстүрлі деп есептеуге болады.

Заңтануда орындаудың құқықтық табиғатына қатысты пікірталастар жүрді, оның тақырыбы орындауларды туындылар қатарына қосу мүмкіндігі болды. Кейбір зерттеушілер мысалы И. Близнец, В.И.Серебрековскийдің пікірінше, орындаушының еңбегі ешқашан жаңа туындының пайда болуына әкелмейді. Бұл пікірге А.В. Антонова қарсы болды, оның айтуынша, орындаушы дербес туындыны жасамайды деген пікір қате. А.В. Антонованың пікірінше, орындаушы – ауызшадан бөлек, жаңа көркем түрін жасайтын аудармашы сияқты болу негізінде оны арнайы, тәуелді туындының авторы деп танитын. Оның теориясы бойынша, орындау бұл басқа адамдармен қайталанбайтын, объективті түрде көрсетілген зияткерлік қызметтің материалдық емес нәтижелері. Әрине, бір орындаушының екіншісіне еліктеу мүмкіндігі болады, алайда мұндай еліктеу түпнұсқаны қайталайды деп айту өте қиын. Біздің ойымызша, орындауды жасау, шығармашылық қызмет нәтижесі болса да, ол нәтижені жаңа туынды деп айту қиындау. Сондықтан, орындаушылардың шығармашылық қызметінің нәтижелері қоғамдық мойындауға және қорғауға тұрады, алайда соңғысы, сабақтас құқықтардың арнайы институтын құрған кезде ғана тиімді қамтамасыз етіледі. Дәл осы көзқарас, қазақстандық заңнамамен қабылданды. Шетел және халықаралық тәжірибемен расталған, орындауды сабақтас құқықтардың дербес объектісі ретінде бөлінуі әділ деп санаймыз [22, 102 б.].

ҚР заңнамасымен қарастырылған, сабақтас құқықтардың басқа екі объектісі: фонограммалар және эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарлары – шығармашылық қызмет нәтижелеріне жатқызылуы мүмкін, өйткені бұл дыбыс жазуға немесе эфирге хабар беруге қатысқан көптеген адамдардың шығармашылық, ұйымдастырушылық, қаржылық және техникалық күштерінің кешенді нәтижесі. Шығармашылық критерийлері жағынан қарағанда, аталмыш объектілер, мысалы «тіркеу» жүйесі бойынша қорғалатын өнертабыстарға қарағанда, авторлық құқық объектілері деп саналатын туындыларға жақындығы аздау. Алайда, сабақтас құқықтар объектілері сипаттамасын талдау кезінде кейбір авторлар, құқықтық режимді құрастыру үшін зияткерлік қызмет нәтижесінің маңызының критерийі бірінші кезекте болу керек деген тұжырым жасауға әкеледі. Фонограммалар және эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарларын біріктіретін, ол олардың қызметінің нәтижесінде жасалатын туындылар, көпшілік алдында орындауға арналған тікелей

көрермендер және тыңдаушыларға ғана емес, сонымен қатар кең жұртшылыққа қол жетімді болады, өйткені ол авторлардың өз мүдделеріне қатысты. Бұл тағы да, фонограммалар және эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарларында, алдында бізбен зерттелген сабақтас құқық объектілерінің бар екендігін көрсетеді. Халықаралық деңгейде бұл объектілер, сабақтас құқықтардың жалпы танылған объектілері болып саналады. Сондықтан, фонограммалар және эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарларын сабақтас құқықтық объектілері ретінде қазақстан заңнамасымен бекіту, біздің ойымызша өте дұрыс. Сондай-ақ, эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарлары сияқты объектіні заңнамамен бекіту кезінде бір нақтылама жасаған дұрыс. Ғылым және техниканың жедел дамуына байланысты, ақпаратты бекіту және оны жіберудің жаңа түрлерінің пайда болуымен, «эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарлары» санаты, осы саладағы сабақтас құқықтар объектісінің түсінігін кемітеді. Бұл санат жерсерік хабар тарату, желілік хабар тарату хабарлары және алдағы болашақта пайда болуы мүмкін басқа да хабар тарату түрлері ұғымдарын қамтымайды. Осыған байланысты біздің заңнама үшін, сабақтас құқықтар объектісі ретінде эфирлік және кабельді хабар тарату ұйымдарының хабарларын емес, хабар тарату ұйымдарының хабарларын (хабар таратушы ұйымдар) бекітіп және субъекті ретінде хабар тарату ұйымдарын (хабар таратушы ұйымдар) бөлген жөн. Біздің ойымызша, бұл санат хабар таратудың әртүрлі түрлерімен қоса (сымды және сымсыз) оның әртүрлі нысандарында (телехабар тарату, радиохабар тарату, Интернет-хабар тарату) қамтиды. Дәл осы санатты, біз алдағы зерттеулерімізде қолданамыз.

Жоғарыда айтылғандарға қорытынды жасай келе, орындау, фонограммалар және хабар тарату ұйымдарының хабарлары сияқты объектілер, сабақтас құқықтар объектілері жүйесінде өз заңды орындарын алуда деп есептеуге болады.

Сонымен қатар, сабақтас құқықтар объектілерінің дәстүрлі үш тағанынан басқа, ҚР заңнамасы, сабақтас құқықтардың дербес объектісі ретінде – қойылымды бөліп шығарады. Заң шығарушы қойылымның анықтауын бермейді, ал қоюшы-режиссерлерді, дирижерлер сияқты орындаушылар санатына жатқызады. Бұл жерде мынадай сұрақ туындайды, қойылымды сабақтас құқықтардың дербес объектісі ретінде бөлу қажет пе, жоқ әлде ерекше мәртебе бермей, оны орындау ұғымының тұрғысында қалдырған жөн бе. Бұл жерде А.П.Сергеевтің көзқарасын қарастырып кеткен жөн деп ойлаймыз, оның айтуынша: «Әртістерден қарағанда, қоюшы-режиссерлер, театр режиссерлері, балетмейстерлер, хореографтар және т.б., туындыны орындау кезінде тікелей қатыспаса да, ең алдымен солардың шығармашылық әрекеттерінің арқасында тұтас көркемді сахналық туынды пайда болады. Олардың шығармашылық еңбектерінің нәтижелері, материалдық жеткізушілерде тіркелмесе де, олар қоюшы-режиссерлердің өздерінің қатысуынсыз ақ қолданылуы мүмкін. Мысалы, белгілі режиссерлермен қойылған көптеген театр спектакльдері, олар қайтыс

болғаннан кейін де театр сахнасында жүріп жатады. Осыған байланысты, қоюшы-режиссердің еңбегі теоретикалық тұрғыда, орындаушылық шығармашылыққа қарағанда, авторлыққа әлде қайда жақын» [13]. Бұл көзқарас ғылыми қызығушылық туғызса да, бізбен қабылдануы мүмкін емес. Қойылымды авторлық құқық объектісіне қосу мүмкіндігін біздің қарастырмайтынымыз, ол авторлық туынды нысанының объективтігі, автордың өз фигурасынан бөлінетін игілікті жасауда деп ойлаймыз. Біз оны дәлелдеген болатынбыз. Сабақтас құқықтар объектісінің ерекшеліктерінің көрсетілуі, шығармашылық нәтижелеріне объективтік нысан беру, белгіленген іс-әрекеттерді жасауда білдіріледі: көрсету, дыбыстық жазу, тарату және қою осының барлығын көрсетілім іс-әрекеті деп айтуға болады. Осыған байланысты, қойылым бұл қоюшы-режиссермен туындыны көрсету және қоюшы-режиссерге орындаушылық құқықтарын беру дұрыс. Қойылым сабақтас құқықтар объектісінің барлық белгілеріне ие болу фактісін ескере отырып, оны объектілердің осы тобына жатқызу күмән туғызбайды. Қойылымды сабақтас құқықтар объектілерінің жеке нысаны ретінде бөліп шығаруға мүмкін ететіндей, орындаушылықтан қомақты айырмашылығы жоқ болуына байланысты, авторлық құқық туралы ҚР Заңының 34 б. және ҚР АҚ 985 б. жасалған арнайы ескертпенің мағынасы жоқ болады, өйткені ары қарай қойлымдарды құқықтық реттеуде еш ерекшеліктер бекітілмеген.

Қазақстан заңнамасында бекітілген сабақтас құқықтар объектілерін қарастыра келе, басқа бірқатар мемлекеттер (Ресей, Германия, Франция, Жапония) жасаған, сабақтас құқықтар объектілері түрлерін кеңейту мүмкіндігі туралы сұрақ туындайды. Ұсынылып отырған сабақтас құқықтар объектілері белгілерінің жүйесі, тәжірибе жүзінде іске аса келе, сабақтас құқықтар объектілері арасындағы орынға үміткер болатын, шығармашылықтың жаңа нәтижелерінің пайда болуына әкелуі мүмкін екендігі айта кеткен жөн. Сабақтас құқықтар объектілерінің тізімін кеңейтудегі тәжірибелері бар барлық мемлекеттердің сабақтас құқықтар туралы заңнамасын қарастыру көп еңбекті талап ететін процес. Бұл құбылысты көрсету үшін, ең орынды және жеткіліктісі, ол біздің көршілес мемлекет – Ресей Федерациясының тәжірибесін қарастыру. Сабақтас құқықтар объектілерінің тізіміне Ресеймен енгізілген объектілердің қатары, басқа елдермен салыстырғанда көлемді және кең. Ресейде жалпытанылғандардан басқа, сабақтас және авторлық құқық объектілерін, олардың құрамындағы материалдарды қайтадан қолдану және рұқсат етілмеген тәсілмен алудан қорғау үшін деректер базасына енгізеді, сонымен қатар, онда қоғам игілігіне ауысқаннан кейін жарияланған ғылым, әдебиет және өнер туындылары да енгізілген.

Сонымен, 2008 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің (1304 б.) IV бөлімімен, құрамындағы материалдарды қайтадан қолдану және рұқсат етілмеген тәсілмен алудан қорғау үшін деректер базасы, сонымен қатар, қоғам игілігіне ауысқаннан кейін жарияланған ғылым, әдебиет және өнер туындылары, сабақтас құқық объектілері деп танылған. Сәйкесінше, сабақтас құқықтардың жаңа

субъектілері, деректер базасын дайындаушылар және жариялаушылар пайда болды [23].

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша деректер базасы туындыларға жатқызылып, тиісінше авторлық құқық объектісі болып саналады. РФ АҚ IV бөлімі енгізілмей тұрып Ресейде де осылай болған, алайда қазір РФ АҚ сәйкес деректер базасы, қатарынан авторлық құқықтың және авторлықпен сабақтас құқықтың объектісі болды. Деректер базасынан материалдарды алу және одан кейін оны кез-келген тәсілмен және кез-келген түрде жүзеге асыру құқығына, осындай деректер базасын дайындаушы ғана ие болады. Алайда шектеулер де бар – бұл құқық, деректер базасын құру елеулі қаржылай, материалдық, ұйымдастырушылық және басқа шығындарды талап еткен жағдайда ғана (РФ АҚ 1334 б. 1 т.) іске асады. Шығындардың қомақтылығын анықтайтын, бағалау белгісі болады: деректер базасында 10 000 кем емес дербес ақпараттық элементтер (материалдар) болуы керек. Және де деректер базасын дайындаушыға (немесе басқа құқық иеленушіге) құқықтық қорғау көрсету, деректер базасын толығымен немесе материалдардың қомақты бөлігін басқа ақпараттық жеткізушіге ауыстырған жағдайда ғана туындайды (РФ АҚ 1334 б. 1 т. 2 абзац) [23].

И.Фаршатовтың пікірінше, пайдалы материалдарды пайдалану үшін орналастыру, жинақтау және өңдеу бойынша техникалық жұмыс жасаған тұлға ретіндегі деректер базасын дайындаушының жағдайы, құрылымдық туынды деп аталатын, атап айтқанда шығармашылық еңбектің бір түріне қатысты (мысалы, ғылыми мақалалар, шаруашылық қызметінің бөлек түрлері бойынша актілер, сот шешімдері, есептеу ережелерінің жинағы және т.б.) және РФ АҚ 1259 б. 2 т. 2 т. қарастырылған материалдарды жинақтау немесе орналастыруды көрсететін туындының авторы ерекше бөлек болады. Сонымен қатар, оның айтуынша РФ АҚ 1333 б. Мағынасы бойынша, дайындаушы, деректер базасын жасаған кезде, шығармашылық элементтерсіз, материалдарды жинақтау және орналастыру бойынша техникалық жұмыспен ғана айналысады. Бәлкім, заң шығарушы техникалық жұмыстарды орындауға негізделген деректер базасын, дайындаушылар құқығын арнайы қорғау жасау қажеттілігінен негізге алған. Ғылым, әдебиет және өнер туындыларына деген жариялаушының құқығы, РФ АҚ бұрын жарық көрмеген және қоғамдық игілікке өткен, немесе авторлық құқықпен қорғалмағандықтан, қазіргі кезде қоғамдық игілікте тұрған туындыларды жариялау қажеттілігімен байланысты жасалған. Біздің пікірімізше, объектілер авторлық құқықпен қорғалмаған немесе шығармашылық элементтері жоқ ерекше техникалық жұмыс қана деген дәлелдемелер, сабақтас құқық объектілерін сипаттаған кезде күмәнді көрінеді. Сонымен қатар, бұл кеңейту кейбір қиыншылықтарға әкелуі мүмкін: зияткерлік меншік құқығындағы елеулі бөлігі деген бағалау ұғымын, тіпті адалдық және ақылдылық принципіне сүйенсе де анықтау өте қиын; деректер базасының елеулі емес бөлігін ауыстыру заңбұзушылыққа жата ма және қорғау құқығын кім жүзеге асырады: авторға ма әлде құқық иеленушіге ме; қоғамдық игілікке ауысу, автордың заңды мұрагерлері болмайтын жариялаушымен, туындыға

қорғаудың басқа мәртебесін алу үшін факті бола ала ма. Ресей заңнамасы, бұрын жарық көрмеген және қоғамдық игілікке өткен, немесе авторлық құқықпен қорғалмағандықтан, қазіргі кезде қоғамдық игілікте тұрған ғылым, әдебиет және өнер туындыларын заңды түрде жариялаған немесе жариялауды ұйымдастырған азаматты жариялаушы деп таниды. Заңды тұлғаны кемсіту түсініксіз, өйткені РФ АҚ заңнамалық ережелінен көрініп тұрғандай, авторлық туындыға деген мүліктік құқықтың біреуін жүзеге асырған кезде, заң шығарушы шығармашылық критерийді емес, субъектінің техникалық үлес қосуын жетекшілікке алған. Көріп тұрғанымыздай бөлінген сипаттамалар сабақтас құқықтардың дәстүрлі түсінігіне келмей ғана қоймай, оған қарама-қайшы шығады. Сондықтан, Қазақстандағы сабақтас құқықтар тізіміне мұндай объектілерді енгізу, даулы болып көрінеді. Қазақстан заңнамасында бұл ережелерді қолдану, біздің оймызша, «сабақтас құқықтар» санатының жағдайын нашарлатады, жаңылысуды туғыздырып, сабақтас құқықтар субъектісі ретіндегі құқық иеленуші және автордың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті бұзады.

Шынында да, сабақтас құқықтар объектілерінің тізімін кеңейтудегі Ресей Федерациясының және басқа да қандай да болмасын мемлекеттің тәжірибесін алу керек емес деп ойлаймыз. Қазақстанның азаматтық заңнамасымен бекітілген, сабақтас құқықтар объектісі тізімі, сабақтас құқықтар белгілеріне жауап береді және оны толықтырудың қажеті жоқ.

Зерттеудің осы кезеңін қорытындылай келе, сабақтас құқықтар объектісінің тұжырымдалған ұғымының негізінде, сабақтас құқықтар объектілері тізімін толыққанды тәртіпте бекітуді ұсынып және ҚР АҚ 985 б., авторлық құқық туралы ҚР Заңының 34 б. «Сабақтас құқықтар объектілері» келесідей тұжырымдауға «Сабақтас құқықтар бағытына, мазмұнына және беделіне, сонымен қатар оларды көрсетудің тәсілі және түріне қарамастан орындауға, фонограммаларға, хабар тарату ұйымдарының хабарларына таратылады».

5 ТАРАУ

Мердігерлік қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық аспектілері

Нарықтық қатынастарға негізделген азаматтық айналымда мердігерлік шарты институты ерекше орын алады. Бұл жұмыс қазіргі заманғы азаматтық құқықтың ең маңызды институты – мердігерлік шартты және оның құрылыс мердігерлік шарт түрін талдауын көрсетеді.

Бұл институт цивилистік және кәсіпкерлік-құқықтық әдебиеттерде көптеген авторлармен қарастырылған. Бұнымен қоса азаматтық құқық ғылымында бұл институтты зерттеуге арналған монографиялық сипаттағы арнайы жұмыстар көп емес, қазіргі кездегі жұмыстардың көбі ғылыми сипаттан гөрі ақпараттық сипатта көрініс тапқан.

Қазіргі таңда бұл мәселені мердігерлік қатынастар туралы заңдарды, соның ішінде құрылыс саласындағы заңдарды, сонымен қатар заңмен реттелмеген көптеген аспектілерін ескере отырып жан жақты қарастыру қажет. Ендігі қолда бар құқықтық шешімдерге келсек, олар одан әрі дамытылуды және жаңартылуды қажет етеді. Осы айтылғандарға негізделі бұл мәселе ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудыратын азаматтық құқық ғылымының өзекті тақырыптарына жатқызылуына негіз болады.

Мердігерлік шарт теориясының саласында мазмұнының тереңдігі мен жанжақты атақты кеңестік және кеңес дәуірінен кейінгі ғалымдармен зерттелген. Солардың ішінде келесі авторлардың еңбектерін атап өту керек: А.П. Сергеевтің, Ю.К. Толстойдың, М.И. Брагинскийдің, Е.А. Сухановтың, В.В.Витрянскийдің, Н.Г. Кузнецовтың, В. С. Мартемьяновтың және т.б. Күрделі құрылысты құқықтық реттеу тақырыбына қазақстандық авторлардың, атап айтқанда, Ю.Г.Басин жеке немесе мәскеулік ғалымдармен бірлесе жазған көптеген жұмыстары арналған. Бұл авторлардың еңбектері бұл зерттеудің теориялық негізі болып табылады. Зерттеуді қазіргі заманда азаматтық айналымда заңды және жеке тұлғалармен пайдаланылатын мердігерлік шартының сипаттамасынан бастағым келеді, сонымен қоса құрылыс мердігерлік шартының өзіне арналған, ол бұл шарттың құқықтық табиғатын ашады және оны пайдалану тәжірибесінің талдауын құрайды.

Мердігерлік шарты тек қана Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде де бүгінгі таңда ең кең таралған шарттардың бірі. Мердігерлік шарты бойынша құқықтық қатынастар жұмыстарды атқару бойынша міндеттемелерге жатады. Оқу әдебиеттерінде мердігерлік шартына түрлі анықтамалар көруге болады. Мысалы, В.Ровный мердігерлік шартын «жұмыстардың өндірісі бойынша экономикалық қатынастардың жанама нысаны және мердігерлік жұмыстардың жекелеген түрлерін біріктіретін ерікті шарттық түр» деп анықтайды. [1, 56] Бұл анықтамадан мердігерлік шарты нақты белгіленген экономикалық сипатқа ие екенін көре аламыз. Мердігерлік шарт экономикалық қатынастарға жатуының себебі бұл шарт бойынша қызмет нәтижесіне заттанған нәтижеге ие.

Мердігерлік қатынастар сонау рим құқығы кезінде де белгілі болған. «Классикалық рим құқығы жалдау шартының үш түрін білген: 1) заттарды жалдау; 2) қызметтерді жалдау; 3) жұмысты жалдау немесе мердігерлік». Шарттардың осылайша бірігуі белгілі бір жұмыстар немесе қызметтерді қамтамасыз етудің негізгі тәсілдері құлдардың әрекеті болғанын білдіреді. Егер жұмыстарды атқаруға құлдар жалданса, затты жалдау шарты жасалған, ал егер атқарушы болып еркін рим азаматы болса, онда мердігерлік шарты немесе қызмет жалдау шарты. Осыдан қызмет жалдау мен мердігерлік шартын белгілеу шыққан болатын. И. Б. Новицкидің ойы бойынша: «Қызмет жалдау мен мердігерлік шартының арасындағы айырмашылық ол қызмет көрсету шартында болмаған мердігерлік шарты бойынша әрқашан нақты экономикалық нәтижеге қол жеткізу болды. [2, 191].

Мердігерлік шартынан туындайтын құқықтық қатынастар жұмыс орындау бойынша міндеттемелерге жатады. Солардың көмегімен, белгілі бір тұлғалардың жұмысының нәтижесі тиісті ақшалай құндылыққа айырбасталады.

Мердігерлік шарты консенсуалды, ақылы және өзара шарт. Бұл сипаттама кез келген мердігерлік шартқа тән. Жұмысты орындау үшін белгілі уақыт керек, сондықтан мердігерлік шарт бойынша шарт жасалу кезі және оның орындалу кезі сәйкес келмеуі мүмкін. Өз кезегінде бұл оларға тәуелділікке мердігердің жұмыс орындары қойылатын мерзімдерге әсер етеді. Кейбір мердігерлік шарттардың орындалуы және жасалуы бір уақытта болуы мүмкін, мысалы, суретке түсіру шарттары “тез” фотосуреттер дайындаумен байланысты мердігерліктің осындай мерзімдерінің ерекшелігі олардың барынша қысқалығы болады, және осы мердігерлік жасайтын шарттың тапсырысшының себептенуші негізінде болуы мүмкін.

«Басқа консенсуалдық шарттардан айырмашылығы, мердігерлік тікелей шарт жасасқан кезде жүзеге асырыла алмайды, себебі талп етілген нәтижеге жету үшін жұмысты атқаруға белгілі бір уақыт қажет. Жұмысты керегінен артық жасау, «оларды жинау», ал сосын жүзеге асыру мердігерлік шарты бойынша мүмкін емес, себебі бұл жағдайда мердігердің жұмысы емес, бар болған жеке-нақты нәтиже жүзеге асырылады. Шарттың консенсуалдық сипаттамасы егер мердігер жұмысты атқаруға шарт жасасқан соң дереу кіріскенде немесе тапсырыс берушінің көз алдында жұмысты атқарады. «Жұмыс жасау, мердігердің міндетін орындау не жасау қажет екенін анықтайтын шарттың бекітілуін алдын ала белгілейді» [3, 11].

Экономикалық тұрғыда мердігерлік бұл қызмет, оның нәтижесі заттай мінезде болып келеді. Одан басқа, орындалатын жұмыстардың өзге де нәтижелері болуы мүмкін, бірақ бұл мердігерлік қатынастарының мәнісін жоққа шығармайды, себебі оларда қол жететін нәтижемен қатар белгілі қызметтің өзі де маңызды болып келеді. Осы қызметті негізінен пайдалы қызмет деп мінездеуге болады, сондықтан мердігерлік шарттарында тараптардың өзге қатынастарымен бірге жүзеге асырылатын қызмет те реттеледі.

Жұмыс атқаратын тұлғаның қызметі жалпы түрде реттеледі, өйткені ол тұлға мердігерлік шарттың жағдайларына сәйкес жұмыстың толық орындалуына жауапты болады. Осымен қатар, құқықтық реттеу, егер ол заттық сипатта болса, тұлғаның қызметінің нәтижесінде оны беру бойынша міндетті де қамтиды. Сондықтан мердігерлік шарты бұрын қарастырылған шарттардан көрсетілген қызметті реттеу бойынша ережелерімен елеулі ерекшеленсе де, жасалған мүліктің өзі және оны беру сұрақтары туралы айтсақ, онда мердігерлік шартының тараптардың құқықтары мен міндеттері бойынша сатып алу-сату шартымен ортақтығы болып келетінін тануымыз мүмкін. Азаматтық құқықтық әдебиеттер еңбек және мердігерлік қатынастардың жақындығы жөнінде айтылады. Бірақ негізінен мердігерлік қатынастарды сатып алу-сату және еңбек қатынастарынан айыруға болады. Айырмашылықтары олардың әрқайсыларының қатысушыларының құқықтары және міндеттері жүзеге асырылатын шарттардың мазмұнынан айқын көрінеді.

Мердігерлік шарт – ең кең таралған азаматтық-құқықтық шарттардың бірі. Шаруашылық және тұрмыстық қызметі көптеген салаларында қолданылады - азаматтардың жеке тапсырыстарын орындау, іргелі құрылысты жүзеге асыру, жобалау-іздістіру жұмыстар, құрал-жабдықтарды жөндеу мен түзеу, пайдалы қазба байлықтарды өндіру, тапсырысты ғылыми зерттеулер жүргізу. Осындай шарттардың әр түрлі жүргізілетін жұмыс және оның нәтижесінің ерекшеліктеріне байланысты байқалатын құқықтық ерекшеліктермен айрықша болады.

Азаматтық кодекстің 616-бабы мердігерлік шартты келесідей анықтайды: Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді [4].

Анықтамадан көрініп тұрғандай мердігерлік шарттың айрықша белгілері:

- мердігер тапсырысшының жеке тапсырмасы бойынша нақты жұмыстарды өз күшімен орындап, тапсырысшыға жұмыстардың нәтижелерін тапсырады;

- мердігерлік жұмыстардың салдарынан жеке белгілермен анықталған жаңа нәтижелер пайда болады;

- осы нәтиже тапсырысшыға тиесілі, ол мердігерден оны қабылдап, істелген жұмысқа ақы төлейді. [5, 206].

- Осы ортақ белгілермен мердігерлік шарт заңнамаға сәйкес бір тараппен тапсырмасы бойынша ақылы әрекеттер басқа тараптың мүддесі үшін істелгенде жасалатын ұқсас шарттардан ерекшеленеді.

Бір тұлғаның басқа тұлғаның тапсырмасы бойынша және мүддесі үшін істеген әрекеттерін кейбір ескертулер мен жұмыс деп санауға болатынын ескеру қажет. Осындай тұрғыдан жұмыс деп құрылыс салу, бөлмені жинастыру, шет тілін үйрету, жүкті тасымалдау мен заңи кеңестер және т.б.

санауға болады. Бірақ істелетін жұмыстың мазмұнының өзі сәйкес құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктеріне әсер етуі соншалық, оларды «заңи шатырмен» қамту қиынға соғады, тіпті мүмкін емес.

Әдетте, мысалға, мердігерлік шарттан жаңа деректі нәтиже құрастырусыз жұмысты шартты түрде жүзеге асыру ерекшеленеді. Сондықтан заңнама мердігерліктен айрықша сала ретінде тасымалдау, сақтау, ақша аудару, мүлікті басқару және т.б. шарттарды көрсетеді. Өзінше көлік операциялары тасымалдаушының толық иеленуіне шарт затын тапсырумен байланысты едәуір өзгешелікпен ерекшелінеді. Тасымалдау затын (жүк) сақтауды қамтамасыз ету, оны үшінші тұлғаға тапсыру, сақтамағандық үшін жауапкершілік және т.б. туралы арнайы ережелер енгізіледі. Осыдан тек көлік қатынастарын реттейтін заңнаманың үлкен көлемі.

Мердігерлік шарты шарттардың басқа түрлерімен ұқсас сипатта болады. Мысал, құқықтары мен міндеттері бойынша сатып алу-сату шартымен көп ортақтығы бар. Әдебиеттерде оның еңбек қатынастарымен ұқсастығын байқауға болады. ҚР Азаматтық кодексінің 619 бабы бойынша Егер заң актілерінен немесе шарттан өзгеше туындамаса, мердігер шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер - тапсырысшының алдында бас мердігер, ал қосалқы мердігердің алдында тапсырысшы болады. Бас мердігер қағидасы РФ Азаматтық кодексінде де 706 бабында айқындалған. Бас мердігердің келісімімен тапсырысшы жекелеген жұмыстарды орындауға басқа тұлғалармен шарт жасасуға құқылы. [6, 58]

Мердігерлік шарттан фактілік емес тек қана құқықтық нәтижелер ерекшеленеді: құқыққа ие жөнелту оған құқық басқа тұлғаның немесе құқықты басқа тұлғадан табу, міндеттерді өзіне алу және т.б. (тапсырма, комиссия, агенттілік шарттар және т.б.)

Осыдан шарт заңды өтелмелі қызмет көрсету өкілдік функцияны атқарады. Мысалы, қорғаушының заң кеңесін беру – бұл фактілік қызмет көрсету, ал шарт қорғаушымен оның сот іс-жүргізуінде сөз сөйлегенде клиенттің қызығушылығында болады – бұл шарт заңды өтелмелі қызмет көрсету әдеттегідей шарт заңи қызмет көрсету – бұл тапсырма шарты болып табылады.

Кейде тараптардың реалды қолайлығына фактілік және заңи қызмет көрсету болуы мүмкін. Мысалы, көлік экспедиция шарты. Осында заңды қызмет көрсету (клиенттің қызығушылығын орындау шарты тасымалдау) және фактілік қызмет көрсету (жүкті жалтару, жүкті тасымалдау орнына апару, тасымалдау кезіндегі күзет, тасымалдау, клиенттің қоймасына тасымалдау және т.б.) және де дилерлік, консигнациялық және т.б. шарттарды атауға болады.

Сондықтан шарт жасасқан кезде заңды қызмет көрсету кезінде 2 құқықтық белгіні айыру керек: а) қызмет көрсетуші мен қызмет алушының арасында, б) қызмет алушы мен үшінші тұлғаның арасында, қызмет көрсетуші қызмет алушыны біріктірген.

Мердігерлік қызметке ақылы жұмыстар жақын – білім, медициналық, саяхаттық, денсаулық сақтау, косметикалық, және т.б. Құқықтық табиғаттың жұмысы мен қызметінен ерекшеленеді, оның құқықтық реттеушілікке әкеп соқтырады, осы келесі бөлімде көрсетілген. Заңнаманың субъективтік еркіне байланысты болады. Әдетте, құрылыс жұмыстары өндірісте мердігерлік шарт болып саналатын.

Қазіргі таңда мердігерлік шарт кең қолданысқа ие. Қазіргі кезде ол нақты, жеке нәтижесі бар жұмыстар жүргізілетін жерлердің барлығында қолданылады; бұл жағдайда жұмысты атқаратын тарап, оны өзі ұйымдастырады. Жұмыстың нәтижесіне жаңа заттың жасалғаны жатады: тігілген костюмнен салынған ғимарат пен құрылысқа дейін. Сонымен қатар, мердігерлік тапсырысшының өзіне тиесілі затты қайта жаңарту және өңдеуге беру кезінде де орын алады. Мердігерліктің ең кең таралған саласы құрылыс болып табылады. Бұл жағдайда мердігерлік құрылысты реттеумен қатар, сонымен тығыз байланысты жобалау, іздестіру, жөндеу және т.б. жұмыстарды реттейді. Мердігерлік шарт азаматтардың жеке қажеттіліктеріне де қызмет көрсетеді. Оған саяжай немесе тұрғын үй салғанда, мүсін немесе суретшіге жаңа зат жасауға немесе ескі көлікті саяжайда жұмыс істеуге арналған трактор ретінде қайта жасауға тапсырыс беруде жүгінеді. Өте маңызды шекараны өткізу мердігерлік шарт пен еңбек шарты арасында [7, 21-23]. Бірдей жұмыстар (мысалы, бөлмені жөндеу) мердігерлік шарт пен еңбек шарттары арқылы атқарылу мүмкін. Мердігерліктің орнында – жұмыскер, ал тапсырысшының орнында – жұмыс беруші болуы мүмкін. Арасынша құқықтық реттеудің еңбек және мердігер қатынастар арасында өзгешеліктер көп, және қандай заңды институтқа осы жұмыстар жіберіледі осыған байланысты болады. Еңбек шарты бойынша жұмыстары жұмыс берушінің тәуекелімен орындалады (тапсырысшы), ал мердігер шарты бойынша – мердігердің тәуекелімен орындалады (орындаушы).

Кеңестік кезеңдерден бері авторлардың көбінің мердігерлік шарттың пәніне қатысты пікірлері бір-бірінен алшақтап кетті. Сонымен, авторлардың бір тобы, құрылыс мердігерлік шартында, тек қана бір унитарлы пәні бар: құрылысы аяқталған және беруге дайын объект. Басқалары шартта екі элементі бар бір пәні бар деп есептеген – жұмыстарды орындау және оның нәтижесі. Үшіншілері, унитарлы пәннің құрылымын ұстанған, бірақ бұл ретте оның нәтижесі емес, сол жұмыс процесін немесе кеңейте айтатын болсақ – объектіні жасау және тапсыруда көрінген мердігердің қызметі деп санаған. Төртіншілері, авторлардың көбі, күрделі құрылыс мердігерлік шартында екі элементтің бар екенін мойындады – жұмыстың өзі және оның нәтижесі. Бесіншілері, шарттың пәні ретінде мердігерлік ұйымның жекелеген әрекеттері емес, дайын құрылыс объектісін таныды. Және ең соңғысы, алтыншылар, балама пәндердің мүмкін екенін санады: аяқталған құрылыс объектісі немесе жалпы құрылыс не арнайы жұмыстар кешені.

Материалдық және басқа жұмыстарды қамтамасыз ету еңбек шарты бойынша жұмыс берушінің міндетіне кіреді, ал мердігерлік шарты бойынша

– мердігердің міндетіне кіреді. Жұмыскердің шығындары үшін жұмыс берушіге тигізілген шарт бойынша тапсырманы тиісінше орындамағаны жауапкершілігі шектеулі болады, ереже бойынша, ал мердігердің аналогиялық бұзушылығы үшін толығымен жауапты болады. Негізгі белгілері мен шарттың бұзылуы және басқа шарттың қатынастарының элементтерінен ерекшеленеді, радикалды белгілерінен құқықтары мен міндеттері әлеуметтік мінезін айтпайтын болсақ.

Бұл мәселемен құқықтық ғылым айналысады. Бұрын кеңес кезіндегі өндіріс және еңбек ұйымдарының жүйесі, осындай белгілерді көрсетеді: еңбек шарты еңбектің іс-жүргізушілігін, ал мердігерлік шартта еңбектің нәтижесін реттейді. Еңбек шартында жұмыскер белгіленген еңбек режиміне бағыну керек. Мердігерге осындай міндет жүктелмейді. Қазір де осы белгілер тиісті түсінігін сақтады, бірақ әрқашанда көмектесу мүмкін емес.

Жұмыскер еңбек шартының жағдайларында (контракт) өз дербестігін алады еңбекті іс-жүзінде ұйымдастыру және оның нәтижелердің жетістіктеріне жету үшін.

Бүгін бізге мердігерлік шартты еңбек шартынан басты белгісінен айырып алу мүмкіндік туды. Орындаушы дербес субъект бола ма (кәсіпкер ретінде жұмыс істеуі) не ол тікелей тапсырысшының тапсырмасы бойынша жұмыс атқарады (жұмыс берушінің) кез келген мерзімде өз қалауы бойынша тапсырманы тоқтатуға, өзгертуге, жалғастыруға құқығы бар. Мердігер нақты бір істі атқарады, ал қызметкер жаңа жұмыстарды белгіленген бағытта жұмыс істейді. Барлық орындаушылар бір ұжымға біріктірілген, азаматтық заңнаманың белгілері бойынша заңды тұлға болып табылмаса да, бірақ басқа құқықтық нормалардың субъектісі болып танылады (ұжымдық шарттар туралы, еңбек даулары және т.б.). Осыдан құқықтық режимнің жалпы анықтамасы, және тараптардың босатылуы қолайсыз тәуекел салдарынан атқару, және орындаушылардың іс-әрекеттері үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілігі, және соңғы әлеуметтік құқықтары және т.б.

Еске ала кететін жайт, жұмыстың орындаушысы еңбек шартында тек қана кез келген азамат болу керек, ал мердігерде заңды тұлға болуы мүмкін, бірақ оның ішкі қатынастарында еңбек шарты үстем болады, нақты қызметкерлермен жасалады. Мердігер шарты мен еңбек шарты арасындағы шекарасы шартты және жігерлі болады [8, 5-6].

Мердігерлік шартты интеллектуалдық меншік объектісін құру шартымен араластыруға болмайды (кітапты жазу, техникалық есепті шығару) дегенмен кейбір ұқсастықтарын байқауға болады, әсіресе ғылыми жұмыстарда.

Ең басты айырмашылығы, интеллектуалдық объектісін құрушы оның шығармашылық қызметін қандай да ниет ынталандырып, мүлікке бере алады (немесе қолдануға) тапсырысшыға тек объективтік материалдық шығармашылық идеялар іске асырылады. Идеяның өзі жаратушының интеллектуалдық мүлік объектісі болып табылады, өндіріске тікелей құқығы бар және үшінші тұлғаларға пайдалануға және т.б. Материалдық пән, мысалы, мердігерлік шарт бойынша жасалған, тапсырысшының мүлкіне

түседі, шығармашылық туындылары (идея, бейне, басқа жекеше шығармашылық өнім) әрқашанда жаратушыға жатады. Сурет, тапсырма бойынша салынған, тапсырысшының материалдық мүлкінің пәні болады, бірақ суреттің авторы, оған тікелей барлық құқықтарына ие болған шығармашылық туынды ретінде (жарнама мақсатында пайдалану, көшірмені жасауға рұқсат беру) суретші-жаратушыда қалады. Сондықтан шығармашылық тапсырманы орындау мердігерлік болып табылмайды.

Күрделі дамыған экономика жағдайларында жұмысты орындау шарты жекеше тапсырыс бойынша кешенді шарт қатынастарына қосылады және басқа шарттардың түрлерін қосып алғанда. Мысалы, тауар жеткізілімі шарты, сатып алынған бұйымдардың монтажды көздейтін (құрылыстар) пайдаланымның орнында, концессия шарты, инвестициялық шарты және т.б.

Әрбір шарттың мақсаты оның пәнін анықтайды. Яғни, жекелеп айтқанда, шартты (заңды) бұзған үшін шартпен (заңмен) көзделген салдары (зиянды өтеу, айыппұлды төлеу және т.б.) шарттың мақсаты орындалмауын білдіреді. Бұдан шығатыны, шарттың кез келген моделінде оның пәнін құрайтын барлық құрамалары борышкермен кепілдендірілу керек.

Атап өтілген жағдайларды ескере отырып, біздің ойымызша, мердігерлікке қатысты ұқсас нәтижені тапсыру ролі деп тануға негіз бар. Ал жұмыстардың өздеріне қатысты айтатын болсақ, олар тапсырысшының тарапынан мәні бар, өйткені ол нәтижеге қол жеткізудің әдісі болып табылады. Жұмыстар мен оның нәтижелеріне қатысты мәнін бекіту үшін келесі мысал келтіруге болады: егер шартта мердігердің жеке өзі жұмысты атқаруы көзделмесе, тапсырысшы мұндай жұмысты алудан бас тарта алмайды, өйткені мердігерлік шарт жасасқан сәтте мұндай нәтиже болуына байланысты.

Өз кезегінде, мердігер нәтижесі бір ғана белгіге ие болу керек: бұл жерде материалдық объект туралы сөз болып отыр. Бұл мердігерліктің мақсаты тапсырысшының шарт пәніне меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығын беруіне байланысты.

Заң шығарушы, әр кезде, шарттың қандай да бір түрін бөліп көрсеткенде және оған арнайы режим орнатқанда, ол тек жаңадан қабылданатын заңдарға емес, сонымен қатар қоланыстағы заңдарға үлгі болып табылады. Соңғысы бұндай үлгіге сәйкес жасалатын және жасалған шарттар соларға қатысты ережелердің таралу қажеттілігін шешеді деп түсіндіріледі.

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәметке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады. Еңбек қатынастарына қарағанда, азаматтық заң мердігерлік жұмыстарды әрекет қабілеттілігі шектелген тұлғалармен орындалу мүмкіндігін қарастырмаған. Бұдан басқа, егер азаматтың қызметі тұрақты сипатта болса, онда ол жеке еңбек қызметімен айналысу үшін патент (лицензия) болу керек.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің мердігерлік туралы баптарының көбі, соның ішінде «Жалпы ережелерге» енгізілгендер тараптардың міндеттерін көрсету арқылы мазмұнын реттейді. Бұл жағдайда, әрине, ескерілетіні, тараптың міндеттері оның контрагентінің құқықтарын білдереді. Сонымен қоса, заңдық техниканы сақтай отырып кейбір жағдайларда заң шығарушы басқа үлгіні – тараптардың құқықтарын көрсетуді қолданады.

Өз заманында К. Анненков мердігерлік шарттың мазмұнын анықтау үшін мердігердің және тапсырыс берушінің міндеттерін, ал олардан ерекшелік мердігердің және тапсырыс берушінің құқықтарын бөліп көрсету қажеттілігін көрсеткен. Біріншіге ол жұмысты уақытылы бастап орындауын, материалдарды мерзімінде жеткізуін, (ал егер мерзім шартта көрсетілмесе, - қажеттілігі бойынша), жұмысты тиесілі орындауды, заттың бүліну мен жойылу қаупін өз мойнына алуды, жұмысты басқа тараптың бақылауымен орындауды жатқызған. Екіншілеріне – шартты уақытылы орындауға мердігерге жағдай жасау (соның ішінде, материалдар беру, тиесілі сыйақыны беру, өндірістік жұмыстарды қабылдау немесе міндеттерді орындауда мерзімді өткізіп алған шығындардың орнын толтыру). Үшіншілерге – жұмыстардың орындалуына қадағалау жүргізу, сапасыз жүргізілген жұмысқа шығындардың орнын толтыруды, кемшіліктерді жоюды талап ету. Ал төртіншілерге – орындауға жіберуді талап ету, алынған жұмыстарды қабылдау және ақысын төлеу, жұмыстарды орындамаған үшін шығындардың орнын толтыруды талап ету [9, 156].

Мердігерліктің мазмұнына арналған баптарда тағы бір ерекшелік бар. Әдетте олар шарт бойынша нақты тарапқа міндеттер немесе құқықтар артады. Бірақ олардың арасында нақты бір міндет жүктей отыра тараптардың бұл міндетті кімге артылатын келісуге мүмкіндік беретін баптарды көрсетуге болады. Сонымен импетартивтік және диспозитивтік реттеудің үйлестірілуі туралы сөз болып отыр.

АК 616 бабына сәйкес, мердігердің басты міндеті болып тапсырысшының тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруы және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуі табылады.

Орындалған жұмыстың сапасы мердігерлік шарттың ең маңызды сипаттамасы болып табылады. Соған байланысты, егер жұмысты мердігер шарттан жұмысты нашарлататын ауытқулармен немесе оны шартта көзделген не шартта тиісті ережелер болмаған кезде - әдеттегі пайдалану үшін оларды жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен орындаса, орындалған жұмыстың тиесілі сапасын қамтамасыз ету үшін тапсырысшыға бірқатар мүмкіндіктер беріледі.

ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінің 635 бабына сәйкес, заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, тапсырысшы өз таңдауы бойынша мердігерден:

- қисынды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтемсіз жоюды;
- жұмыс үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды;

– тапсырысшының кемшіліктерді жою құқығы шартта көзделсе, өзінің оларды жоюға шыққан шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

Мердігер шартындағы тараптар тапсырысшы мен мердігер болып табылады. Тапсырысшы – екінші тарап мердігерге шартта берілген жұмысты атқаруға беретін тұлға. Тапсырысшы ретінде азаматтық-құқытық қатынастардың кез келген субъектісі бола алады. Мердігер – шарт бойынша нақтыланған жұмысты атқаратын тұлға, көбінесе кәсіпкерлік қызмет субъектісі, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер, не коммерциялық заңды тұлға. Бір реттік негіздегі мердігерлік жұмыстарды кез келген әрекетке қабілетті жеке тұлға жасай алады. Кейбір жағдайларда, «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 16.05.2014 ж. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, мердігерлердің қызметі лицензиялануы тиіс. Мысалы, жобалау-іздістіру, құрылыс-монтаждық жұмыстары ж.б. лицензиялануы керек. Кейбір жұмыстарды жасауға мамандандырылған дағдылар, біліктілік қажет. Сондықтан мердігер, жалпы айтқанда, мердігерлік шартын жасай отырып, жұмыстарды жасауға оның кәсіптік құзыреті саласына кірмейтін басқа тұлғаларды енгізуге құқылы. Бұл мердігерлік шартында мердігер ретінде жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да болып табылған кезде мүмкін. [10, 83].

Мердігерлік шарт бойынша тапсырыс беруші бола тұрып, азаматтар да, заңды тұлғалар да, ереже бойынша, тек өздерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын жұмыстарға тапсырыс береді. Алайда шаруашылық тәжірибеде көрініс табатын бірқатар жағдайларда тапсырыс берушінің қызметін жүзеге асыруда ауыртпалық туғызады. Сондықтан мамандандырылған тапсырыс берушілердің қызметі қажет, олар азаматтар мен заңды тұлғалармен шарт арқылы өзіне құрылыс, ғимарат салуда және басқа да жұмыстарды үшінші тұлғалардың пайдасына тапсырыс берушінің міндеттерін алады. Үшінші тұлғаның пайдасына тапсырыс берушінің қызметін жүзеге асыру кәсіпкерлік қызметтің бір түрі болып табылады, ол заңдарда бекітілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылу керек, соның ішінде қажетті рұқсат (лицензия) алуда [9, 145].

Мердігерлік шарттың нысаны мәмілелердің жалпы ережелеріне сәйкес жасалу тиіс. Ең кең таралғаны жай жазбаша нысан, ол созылмалы сипат алатын мердігерлік қатынастардың тұрақтылығымен түсіндіріледі.

Мердігерлік шартта мерзімнің анықталуының маңыздылығы күдік тудырмайды, өйткені тапсырыс беруші өзінің тапсырысының орындалуына емес, нақты бір мерзімде орындалуында мүдделі. Мердігерлік шартта жұмысты орындаудың бастапқы және түпкі мерзімі көрсетіледі. Тараптардың арасындағы келісім бойынша шартта жұмыстың жекелеген кезеңдерінің аяқталу мерзімдері (аралық мерзімдері) де көзделуі мүмкін., мысалы, жеке сырт киім тігу бойынша мердігерлік шарттағы өлшеу мерзімі. Мердігерлік шартта жұмысты орындаудың бастапқы және түпкі мерзімі көрсетіледі.

Жұмыс орындаудың мердігерлік шартта көрсетілген бастапқы, түпкі және аралық мерзімдері шартта көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша өзгертілуі мүмкін. Жұмыс орындаудың максималды немесе минималды мерзімдері туралы заңмен арнайы талаптар қойылмаған. Заңға тәуелді

нормативтік актілерде кездесетін тапсырыстарды орындаудың шекті мерзімдері, мысалы, тұрмыстық қызмет көрсетуде, тапсырыс беруші үшін де, мердігер үшін де заңдық салдар туғызбайды, егер ол нақты тапсырыс берушімен шартта көзделмесе. Ереже бойынша, жұмыс аяқталу мерзімін анықтауда мердігердің үлесі зор, өйткені ол тапсырысшының тапсырмасын сапалы орындау үшін жұмысын жоспарлау қажет. Бұдан басқа, әсер ететін объективті жағдайлар бар, мысалы, жұмыс аяқталу мерзімін анықтауға әсер ететін жұмыс орындалу технологиясының талаптары. Сонымен бірге шарттың мерзімін анықтауда тараптар қандайда бір нормативтік алғышарттармен байланысты емес, сондықтан олар өздерінің өзара мүдделеріне негізделіп мерзім белгілеуге құқылы.

Шарт жасалған сәттен бастап, онда көрсетілген мерзімдер тараптар үшін міндетті болып табылады, оларды өзгерту тек шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте жүзеге асырылады.

Көп жағдайда тапсырыс беруші үшін жұмыстың соңғы мерзімі маңызды. Мысалы, жұмыстың орындалуының соңғы мерзімінің бұзылуы ҚР Азаматтық Кодексінің 403 бабымен көзделген салдарға әкеледі. Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың тек соңғы мерзімі емес, сонымен қатар бастапқы және аралық мерзімдері маңызды, егер жұмыс тапсырыс берушінің тұрғылық жері немесе оның мүлкінің орналасқан жері бойынша орындалса. Егер мердігер шартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау көрінеу мүмкін болмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

Мердігерлік шарттағы баға дегеніміз тапсырыс берушінің «орындалған жұмыс үшін мердігерге төленетін» ақшалай сома. Мердігерлік шартта орындалуға жататын жұмыстың бағасы немесе оны анықтау әдістері көрсетіледі. Шартта мұндай нұсқаулар болмаған және тараптар келісімге келмеген жағдайда бағаны тараптарға келтірілген қажетті шығындарды ескере отырып, әдетте осыған ұқсас жұмыстарға қолданылатын бағаларды негізге алу арқылы сот белгілейді.

Орындалатын жұмыстары үшін преЙскуранттармен немесе тарифтермен нақтылы бағалар белгіленген мердігер ретінде мемлекеттік немесе басқа ұйымдар шарт жасасқанда, мердігер осы бағаларды басшылыққа алуға міндетті. Тапсырыс беруші мердігерде бар бұл бағалармен келісуге немесе шарт жасасудан бас тартуға құқылы. Бұндай жағдай кооперативтік немесе қоғамдық ұйымның сәйкес органымен преЙскуранттар немесе тарифтер бекітілсе немесе мемлекеттік ұйымдар үшін уәкілетті органдармен бекітілген бағаларды басшылыққа алу туралы шешім қабылданған жағдайларда орын алады.

Мердігерлік шарттағы баға және мердігерлік шарт бойынша дайындалған заттың бағасы әрқашан сәйкес келмейді, өйткені заттың бағасына мердігердің ұстап қалуларынан, оның сыйақысынан (мерждігерлік шарттың бағасынан) басқа, тапсырыс берушінің ұстап қалулары қосылады:

материалдардың бағасы, басқа тұлғалармен орындалған жұмыстар мен қызмет көрсетулердің бағасы.

Шарттың бағасы орындалған жұмыстың құнына сәйкес келуі керек. Баға әр кезде ақша сомасымен белгіленеді, бірақ төлеудің нысандары әртүрлі болуы мүмкін. Мердігерлік шартында орындалатын жұмыстың бағасы немесе оны анықтау тәсілдері көрсетіледі. Шартта мұндай нұсқаулар болмаған және тараптар баға туралы келісімге келмеген жағдайда бағаны, әдетте осыған ұқсас жұмыстарға қолданылатын бағаларды негізге алу арқылы сот белгілейді.

Мердігерлік шартының пәні мердігер жасаған жұмыстың нәтижесі. Мердігерліктің нәтижесі әрқашан жұмыс атқарылатын белігілі бір заттармен, материалдармен байланысты. Шарттың пәні жаңа затты жасап шығаруда бекітілген. Мысалы, мүліктің құнын жоғарылатын күрделі жөндеу, заттың жағдайын жақсартатын ағымдағы жөндеу болуы мүмкін. Басқа жұмыстар, айтатын болсақ, көгал аланың қию, киімді химиялық тазарту мүліктің жағдайын қалпына келтіруге де бағытталған.

Мердігерлік жұмыстарда мердігердің қызметінің үрдісі сөзсіз реттеледі. Кейбір жағдайларда мердігер жұмыстарды жеке орындауға міндеттенеді. Тапсырысшы жұмыс ретін бақылап отыра алады, яғни оы жасаудың белгілі бір параметрлері бар. Бұл айтылғандардың маңызы аз емес, себебі мердігер жұмысты атқару технологиясын қандай да бір тәсілмен жасырын жалтаруы, материалдарды арзан түрлеріне ауыстыруы және т.б. мүмкін. Бұл жұмыстың соңғы нәтижесіне әсер ететіні және жеткіліксіздері олар бойынша наразылық білдіру мерзімі кезінде байқалатыны міндетті емес. Мердігердің қызметін регламенттеудің басқа да үлгілері бар. Жалпы айтқанда оның реттелуі жұмыстың соңғы нәтижесінде білінеді.

Мердігерліктің нәтижесі әрқашан жұмыс атқарылатын белігілі бір заттармен, материалдармен байланысты. Көбінесе авторлар мердігерлік шартының пәні жаңа затты жасаумен байланысты деп көрсетеді. Мысал үшін, «мердігерлік шарттың құқықтық базасы жұмыстарды жасауға бағытталған құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін көрсеткендіктен, мердігерлік міндеттің пәні болып шарт жасау кезінде жоқ болған нәтиже болуы мүмкін және қажетті нәтиже алу мақсатымен жұмысты атқару үрдісінде мердігермен қол жеткізілуі қажет». [11]

Мердігерлік шартының нысанасы – бұл мердігер мен орындаған жұмыстың нәтижесі. Мердігерліктің нәтижесі әрқашан олармен жұмыс жүргізілетін белгілі заттармен, материалдармен байланысты, оларда өзінің бейнеленуін табады.

Мысалы, бұл мүліктің құнын көбейтетін күрделі жөндеу, тек заттың тиісті халін қалпына келтіретін ағымды жөндеу болуы мүмкін. Сол сияқты кейбір өзге жұмыстар да мысалы, көгал алаңдарды қию, киімдерді химиялық тазалау, мүліктің тиісті күйін қалыпқа келтіруге және оны күтіп ұстауға бағытталған.

Мердігерлік жұмыстар кезінде мердігердің қызметінің өзі де реттелінеді. Кейбір жағдайларда мердігер мердігерлік жұмыстарды өзі

орындауға міндеттенеді. Тапсырысшы жұмыстың жүргізілуін бақылай алады, демек оларды орындауға қойылатын белгілі талаптар да бар. Бақылау жасалмаса мердігер жұмысты орындау технологиясынан ауытқып кетуі, материалдарды арзанға ауыстыруы мүмкін және т.б. бұзушылықтарға жол беруі мүмкін. Мердігер бұзушылықтарының нәтижесі көрінбеуі де мүмкін, кейде олар оларға қатысты наразылық ұсыну мерзімдерінің шегінде анықталмауы мүмкін. Мердігердің қызметінің өзі реттелетінін растайтын келтіргеннен өзге де мысалдарды келтіруге болады. Жалпы аталған қызметтік реттелуі жұмыстың соңғы нәтижесіне де өз әсерін тигізетіні түсінікті.

Айтылғандардан мердігерлік шартының пәні күрделі болатының және жұмыс атқару бойынша мердігердің қызметін де, жасалған жұмыстың нәтижесін қамтитының көреміз. Басқаша айтқанда, мердігер шартында материалдық объектімен қатар, шарттың пәнімен оның заңды объектісіне айтарлықтай мән беріледі.

Шарттың бағасы жасалған жұмыстардың құнына сәйкес. Төлеудің нысандары әр түрлі болғанына қарамастан, бағасы әрқашан ақшалай сомады анықталады. Мердігерлік шартында жасалуға берілген жұмыстың құны және оны анықтаудың тәсілдері көрсетіледі.

Егер шарт бойынша жасалатын жұмыс күрделі болса, яғни оның әр түрлі түрлерінен тұрса, бірнеше кезеңдердің қамтыса, онда жұмыстың құны смета жасау жолымен анықталуы мүмкін. Смета – нақтыланған жұмыстардың құнын, шарт бойынша жалпы материалдардың шығындарын анықтайтын құжат.

Смета әдетте мердігермен жасалады. Себебі ол жұмыс пен материалдардың құнының мәселелері жөнінде ақпараты бар тұлға. Мердігермен жасалатын смета шарттың бөлінбейтін бөлігі болады және тапсырысшымен бекітіледі. Әрине өз кезегінде тапсырысшымен жасалған смета мердігермен мақұлданыуы қажет, және де бұл жағдайда шартты жасау тәртібімен салыстырғанда ешқандай жаңашылығы жоқ.

Смета тұрлаулы және шамамен алынған болуы мүмкін. «Тұрлаулы смета кезінде мердігер оның көтерілуін, ал тапсырысшы азайтылуын талап етуге құқығы жоқ. Егер шартты бекіткен соң материалдар мен құралдардың құны айтарлықтай жоғарыласа, ал оларды мердігер беруі керек болса, мердігер берілген құнның жоғарылатылуын талап етуге құқылы. Егер тапсырысшы жұмысты атқаруға бас тартса онда мердігер шартты бұзуды талап етуге құқылы».

Шамамен алынған сметаның ерекшелігі ол мердігер шамалы көтерілуі жағына шығыстарды өз еркімен түзете алады. Шамамен алынған жұмыстың бағасы едәуір көтерілуі қажет болған жағдайда мердігер уақтылы бұл туралы тапсырысшыны ескертіп жұмысты тоқтата тұруы қажет. Бұндай қажеттілік белгілі бір қосымша жұмыстар жүргізу, не болмаса материалдарға бағаның көтерілуі, үшінші тұлғалардың қызметіне байланысты түсіндірілуі мүмкін. Егер де тапсырысшы жұмыстың бағасының көтерілуіне келіспесе ол шарттан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда мердігер тапсырысшыдан жасалған жұмыс

үшін ақы төлеуді талап теуге құқылы. Шартта көрсетілген бағаны көтеру қажеттілігін тапсырысшыға уақтылы ескертпеген мердігер шартта нақтыланған бағаға құқығын сақтай отырып жұмысты орындауы қажет. [12, 63].

Шамамен алынған смета барлық қажетті жұмыстардың тізбесін анықтау мүмкін болмаған кезде жасалады. Жұмысты орындау барысында шамамен алынған смета нақтыланады және мердігердің фактілі шығындарымен есептеледі, бірақ шашамен алынған сметадан елеулі түрде өсірілмесе. Егер шашамен алынған сметамен қарастырылмаған қосымша жұмыс жүргізу қажеттігі туындаса, жұмыстың шамамен белгіленген бағасын (шамамен алынған сметаны) елеулі түрде өсірілуі мүмкін. Басқа негіздер бойынша сметаның бағасын өсіруге жол берілмейді. Мысалы, материалдардың бағасының өзгеруіне байланысты мердігердің шығындарының өсуінің салдары, нарық конъюнктурасының, салық салу тәртібінің өзгеруі шамамен белгіленген бағаны көтеруге себеп бола алмайды.

Заңмен шамамен алынған сметаның елеулі түрде көтеретінің мәлімдейтін қандай да бір сандық көрсеткіш көрсетілмеген. Әр бір жеке жағдайда бұл жұмыстың бағасын, шығындардың көлемінен және т.б. факторлар негізінде анықталады. Шамамен алынған сметаның бағасын өсірудің заңдық мәні – мердігерге жұмыстың орындалған бөлігінің бағасын төлеп, жұмыстың бағасын (сметаны) өсіруге келіспеген тапсырысшы шарттан бас тартуға құқылы. Тапсырысшының бұл құқықты жүзеге асыруға мердігердің шамамен алынған сметаның бағасын өсіру қажеттігін уақтылы ескертуін міндеттейді. Бұл міндетті орындамау мердігердің сметадан асатын шығындарды талап ету құқығынан айырады.

Мердігерлік шарттың бұзылуы, оның өзара сипатын ескере отырып, тапсырысшының да, мердігердің де кінәсінен болуы мүмкін. Шарт бойынша тапсырысшыға артылған міндеттерді орындамауы, ереже бойынша, мердігерге толық көлемде сыйақы төлеу міндетін артады. Мердігердің шартты бұзуы оған артылған жұмысты орындамауынан, не оны тиісті түрде орындамауынан тұрады.

Мердігерлік шарты бойынша мердігер мен тапсырысшы тараптарына қауіптер белгіленеді. Мүлік оны несие алушы, тегін пайдалану шартына немесе мүлікті мақсатына сай пайдаланбағандықтан жойылса немесе бүлінсе не оны несие берушінің келісімінсіз үшінші тұлғаға берсе, ол тегін пайдалануға алған мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін өз мойнына алады. Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне қатысты өздеріне қатысты қауіптер белгіленуі мүмкін. Мысалы, құрылыс мердігерлік шарты «Жұмыстың жекелеген кезеңдерін алдын-ала қабылдаған тапсырысшы оның мердігердің кінәсінен жойылу немесе бүліну қаупін мойнына алады, бұған оның ішінде шартта жұмысты мердігердің тәуекелімен орындау көзделген жағдайлар да кіреді». Мердігерлік шарты бойынша жауапкершілік кінәлі тараптардың өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамау салдарынан туындайды. Көбінесе тапсырысшыға мердігердің сапасыз жұмысты атқаруынан залал келтіріледі. Осы себептерге

байланысты Азаматтық кодексі мердігер өзі берген материалдар мен жабдықтардың сапасы лайықсыз болғаны үшін жауаптылық бекітті. Мердігер материалдардың сапасына жауапты және тапсырысшыға материалдарды тапсыру кезінде жауапты болады. [13, 281]

Міндеттемені орындамау салдарынан белгілі бір жұмысты орындау міндеті міндеттемені бұзған үшін жалпы нормалармен қарастырылған. Бұл жағдайда тапсырысшы жұмысты мердігердің есебінен орындамауды талап етуге немесе келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы. Заңмен немесе шартпен тапсырысшының жұмысты мердігердің өз есебінен орындамаудан басқа, келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқығы көзделуі мүмкін. Тапсырысшы міндеттемені орындауды үшінші адамдарға ақылға қонымды бағаға ақылға қонымды мерзімде тапсыруға немесе оны өз күшімен орындауға және шыққан қажетті шығындар мен басқа залалдарды өтеуді мердігерден талап етуге құқылы.

Егер жұмысты мердігер шарттан жұмысты нашарлататын ауытқулармен немесе оны шартта көзделген не шартта тиісті ережелер болмаған кезде - әдеттегі пайдалану үшін оларды жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен орындаса, заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбегендіктен, тапсырысшы өз таңдауы бойынша мердігерден:

- қисынды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтемсіз жоюды;
- жұмыс үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды;
- тапсырысшының кемшіліктерді жою құқығы шартта көзделсе, өзінің оларды жоюға шыққан шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

Ескере кететіні, мердігерлік шарт бойынша тараптар арасында тәуекелді бөлу диспозитивтік нормамен реттеледі; яғни, бұл ережелер, егер заңдарда немесе мердігерлік шартында өзгеше көзделмесе орын алады. Мысалы, Азаматтық Кодекстің 618 бабының 2 тармақшасына сәйкес, жұмыс нәтижесін беру немесе қабылдау уақытын өткізіп алған кездегі тәуекелді, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, уақытты өткізіп алған тарап мойнына алады.

Кездейсоқ туындаған (шарт тараптарының құқыққа қайшы әрекеттері болмағанда, ал ол орын алған жағдайда олардың кінәсінің болмауы) нақты тұлғаға артылатын тәуекел, яғни мүліктің жойылу ауыртпалығына келесілерге қатысты:

- біріншіден, шартпен көзделген мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыруға қажетті мүлік;
- екіншіден, мердігердің пәні.

Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, мердігер шартта белгіленген жұмысты тапсыру мерзімі басталғанға дейін материалдардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін материалдарды берген тарап мойнына алады. Ескеретіні, жалпы ереже бойынша, егер шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің қарамағында: соның материалдарымен, күштерімен және қаражатымен орындалады және өзі берген материалдар мен жабдықтардың сапасы лайықсыз болғаны үшін,

сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары қосылған материалдар мен құралдарды бергені үшін жауапты болады. Бұнымен қоса материалдарды және құрылғыны тапсырыс берушінің беруі, сонымен қатар өзінің затын өңдеуге немесе қайта өңдеуге беруі көрсетілген олардың кездейсоқ бүліну немесе жойылу қаупі тәуекелі тапсырыс берушіге артылады.

ҚР Азаматтық Кодекстің 628 бабына сәйкес, мердігер келесі мән-жайлар анықталған жағдайда тапсырысшыны міндетті түрде ескерту керек:

- тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өңдеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;

- оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқауларын орындаудан тапсырысшы үшін болуы ықтимал қолайсыз салдарлар;

- орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар. [4]

Аталған мән-жайлар туралы тапсырысшыға ескертпеген, не ескертуге жауап алу үшін қисынды мерзімнің аяқталуын күтпестен немесе жұмысты тоқтата тұру туралы тапсырысшының уақытылы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған мердігердің өзіне немесе өзі тапсырысшыға тиісті талаптар қойған кезде аталған мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Заңмен талап қоюдың қысқартылған мерзімі берілген. Мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыс сапасының лайықсыз болуынан туындаған талаптар үшін талап арыз қою мерзімінің өтуі тапсырысшы Азаматтық Кодекстің 630-бабында көзделген мерзім шегінде мәлімдеген кемшіліктер анықталған күннен басталады. Тапсырысшы анықтаған жасырын кемшіліктер туралы мердігерге хабарлау үшін шекті мерзім - бір жыл, ал үйлер мен ғимараттарға байланысты жұмыстарға қатысты, сондай-ақ жұмыс түріне тәуелсіз мердігердің қасақана жасырған кемшіліктеріне қатысты - жұмысты қабылдаған күннен бастап үш жыл болып табылады. Мысалы, мердігерлік шарт бойынша жиһаз жасалған, оның өткізуі 1995 жылдың мамырында болды және қабылдау барысында ешқандай елеулі кемшіліктер байқалмады. 1996 жылдың қарашасында жасырын кемшілік байқалды - әшекейлеу жабындысының алынуы. Кемшілік жою туралы талап кемшілік анықталған күннен бастап бір жыл ішінде берілуі тиіс. Келтірілген мысалда бір жылдық талап арыздың ескіру мерзімі 1997 жылдың қарашасында аяқталады [14, 320].

Үйлер мен ғимараттардың кемшіліктері жайлы талап талаптың ескіру мерзімінің жалпы мерзіміне таралады. Егер заңмен, басқа да құқықтық актілермен немесе мердігерлік шартпен кепілдік мерзімі берілген және жұмыс нәтижесінің кемшіліктері туралы талап кепілдік мерзімі ішінде берілген жағдайда, онда талап арыздың ескіру мерзімі кемшіліктері туралы арызды берген күннен бастап есептеледі.

Жауапкершіліктің ерекше түріне – мердігер шартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау көрінеу мүмкін болмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға

және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқығы жатады. Егер жұмыстың орындалу барысында оның тиісті дәрежеде орындалмайтыны анық болса, тапсырысшы мердігерге кемшіліктерді жою үшін қисынды мерзім белгілеуге және мердігер белгіленген мерзімде ол талапты орындамаған жағдайда шарттан бас тартуға не жұмысты түзетуді мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыруға, сондай-ақ залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

Бұдан басқа, шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы жұмысты өзіне өткізгенге дейін кез келген уақытта мердігерге тапсырысшының шарттан бас тартқаны туралы хабарлама алғанға дейін орындаған жұмысы үшін ақы төлеп, мердігерлік шарттан бас тарта алады. Тапсырысшы мердігерге орындалған жұмыс үшін төленген бағаның бөлігі мен барлық жұмыс үшін белгіленген бағаның арасындағы айырма шегінде шарттың тоқтатылуынан келтірілген залалды өтеуге де міндетті.

Құрылыс мердігерлік шартын заңи талдау. Құқықтың даму тарихын зерттеу қолданыстағы құқықтық нормалард қолдану мен құрылуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Әсіресе бұған қажеттілік әрекеттегі заңнама жетілдіру туралы сөз қозғалғанда туады. Заңнамалық актілерге түзетулер еңгізу, сонымен қоса сот дауларының көбеюі қалыптасып келе жатқан экономикалық қатынастарға құқықтық нормалардың сәйкес келмеуін және нақты заң нысаны ретінде болатынын толыққанды көрсете алмайды.

Бұны көрнекі түрде құрылыс саласында нормативтік құжаттардың дамуын мысалға ала отырып қарауға болады. Осы салада құқық нормаларының реформалауына қарамастан, құқықтық реттеудің эффектілігі еш жақсылық көрсетпейді. Азаматтық құқық жүйесінде ерікті субинститут ретінде құрылыс мердігерлік шартының құрылуы тарихи дамудың ұзақ әрі күрделі жолы бар.[15, 146-147]

Құрылыс материалдық өндірістің ерекше саласын құрайды. Оны ерекшелейтіні, АҚ 117 бабында көрсетілген, соған сәйкес, жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады. Олар өзіндік жеке қасиеттерге ие (егер де бір жоспар бойынша салынған жағдайларда да) және жалпы ереже бойынша ұзақ, көпжылдық қолдануға арналған. Бұған құрылыс әрекет етуші кәсіпорындарда ашық ауада жүргізіледі және жалпы ереже бойынша уәкілетті органдармен келісіп отырып ұзақ уақытқа созылады, сонымен қатар тапсырыс берушінің (оның өкілінің) белсенді қатысуын қосуға болады. Құрылыстың осы және басқа да ерекшеліктері сәйкес шарт қатынастарының ерекшелігін анықтады.

Құрылыс – материалдық өндірістің ерекше саласы, оның нәтижесінде табиғаты бойынша жылжымайтын мүлікті білдіреді: жермен бекім байланысты жасалған және еңгізуге даярланған объектілер және осы себептерге байланысты оның орын ауыстырылуы тағайындалуы бойынша сәйкес залал болуына мүмкін еместігін көрсетеді. [16, 18]

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 651 бабына сәйкес, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

Құрылыс мердігерлігінің шарты кәсіпорынды, үйді (оның ішінде тұрғын үйді), ғимаратты немесе өзге де объектіні салуға немесе қайта жаңартуға, сондай-ақ монтаждау, іске қосу-жөнге келтіру және салынып жатқан объектімен тығыз байланысты өзге де жұмыстарды орындауға жасалады.

Мердігерлік қатынастарды реттеуге АҚ 32 тарауының § 3 «Құрылыс мердігерлігінің ерекшеліктері» арналған. Осы тараудың § 1 көрсетілген мердігерлік туралы жалпы ережелер, егер құрылыс мердігерлігінде өзгеше көзделмесе, осы параграфтың ережелері қолданылады.

Құрылыс мердігерлігін реттейтін нормалар басқа да көптеген нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған. Мысалы, оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы;
- ҚР инвестициялар туралы заңы 2003 ж. 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заңы
- Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-ІІІ заңы және т.б.

Күрделі құрылысқа мердігерлік шарт бойынша басқа мердігерлік шарттарға қарағанда әртүрлі шарт элементтерінің болуы тән. Соған сәйкес әдебитеттерде соған қатысты дұрыс айтылған, бұл шарт «тек мердігерлік қатынастардан басқа қатынас түрлерінің элементтерімен байланысты: тауар жеткізілімі, мүліктік зайым, қызметтер, сақтау, экспедиция, тасымалдау, несие-есеп және басқалары» [17, 255].

Құрылыс мердігерлік шартының тағы бір ерекшелігі – тараптар арасындағы қатынас жұмыс нәтижесін тапсырғаннан кейін де жалғасады. Бұл дегеніміз құрылыс аяқталғаннан кейін мердігердің объектіні пайдалануға байланысты өзіне бірқатар қызметтер көрсетуді мойнына алуы, соның ішінде, мысалы, тапсырысшының жұмысшыларын оқыту, пайдалану бойынша әртүрлі нұсқаулықтар дайындау және т.б. Бұл қызметтердің көлемі, бағасы мердігерлік шарттың өзінде көрсетіледі. Бұл жағдайларда халықаралық құрылыс тәжірибесінде кең қолданылатын «өнім қолға» түсінігі жайлы болып отыр, бұл бойынша мердігердің міндеті болып құрылысты аяқтап қана қоймай, сонымен қатар объектіні сәтті пайдалану үшін тапсырысшының қызметшілеріне техникалық және басқару дағдылары мен білімдерін беруден тұрады [18, 14-16].

ҚР Азаматтық кодексінің 32-тарауының § 3 «Құрылыс мердігерлігі» баптары азаматтың (тапсырысшының) тұрмыстық немесе басқа жеке қажеттерін (мысалы, тұрғын үй, гараж) қанағаттандыру үшін қолданылады. Бірақ мұндай шартқа тиісінше тұрмыстық мердігерлік шарт бойынша тапсырысшының құқықтары туралы ережелер қолданылады. Алайды мұндай шартты негізгі реттеуге құрылыс мердігерлігінің баптары қолданылады. Атап айтқанда, Азаматтық кодекстің 651 бабының 5 тармағында «...мұндай шартқа тиісінше тұрмыстық мердігерлік шарт бойынша тапсырысшының құқықтары туралы ережелер қолданылады» деген сілтеме көрсетілген. Қарастырылған жағдайларда құрылыс мердігерлік шартын құқықтық реттеу қайнар көздерін анықтауда тұрмыстық мердігерлік шартының арнайы режимінің мақсатын пайдалануын ескеру керек: ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін бағытталған. Сол себептен тапсырысшы-азаматтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шартқа «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңында бар нормаларын қолданып қана қоймай, жоғарыда көрсетілген § 3 баптары да қолданылады.

Азаматтық кодекстегі бұл параграфта «құрылыс объектісі» деген термин кеңінен қолданылады. Бұл түсінік Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-ІІ Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабында көрсетілген. Соған сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің объектілеріне келесілер жатады:

- ✓ Қазақстан Республикасының аумағы;
- ✓ облыстардың, аудандардың аумақтары;
- ✓ елді мекендердің және олардың бөліктерінің аумақтары;
- ✓ функционалдық аймақтар;
- ✓ тиесілі технологиялық және инженерлік жабдықтарымен ғимараттардың барлық түрлерін қоса алғанда, жылжымайтын объектілер;
- ✓ арнайы экономикалық аймақтар;
- ✓ мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тарих және мәдениет, табиғи және қалалық ландшафт жылжымайтын ескерткіштері. [26]

Мердігерлік қатынастар жүргізілетін мамандандырылған қызметінің нәтижесін сәтті қамтамасыз етуге сәйкес шартқа қосамша міндеттер енгізумен қатар басқа да кейінгі қызметтестіктің басқа да нысандарын қарастыруы мүмкін.

Заң шығарушы «Мердігерлік» тарауында құрылыс мердігерлігін бөліп қарағандағы ерекше белгісі ретінде оның қызметету саласының ерекше екенін көрсетеді. Сонымен, құрылыс мердігерлік шарты мердігерлік шарттың жалпы белгілері бар, өзіне тән ерекшеліктеріне сәйкес жеке салада қолданылатын шарт. Осы себептен бірдей сипаттағы жұмыстар үшін әртүрлі сипаттағы режим жағдайлары қолданылауы мүмкін.

Мысал ретінде көптеген монтаждау жұмыстары болуы мүмкін. Егер олар құрылыспен байланысты болса, құрылыс мердігерлігінің пәнін құрай отырып құрылыс жұмыстарының бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар қызмет етуші өндіріспен өзіне өндірістіку құралдарды жинау үшін монтаждау жұмыстары, - жай мердігерлік болып табылады. Сонымен, егер өндірістік құрылғыны жеткізу міндетін тауар жеткізуші өзіне алса, онда ол сатып алу-сату (тауар жеткізілімі) шартының күрделі түрі болып табылады. [19,165-167]

Бұл мәселе бойынша авторлардың пікірлері бөлініп кетті. Біріншілері күрделі жөндеу шартын мердігерліктің бір түрі ретінде қарастырды, екіншілері – осы себептен күрделі жөндеуге мердігерлік шарттың нормаларын қолдану мүмкін еместігін, және оны жеке шарт ретінде қарастыруды қолдады. Әдебиеттерде көбі екінші пікірді қолдады. Мысалы, И.Л. Брауде «күрделі құрылыстың негізгі белгісі жаңадан күрделі объектілерді (ғимараттар, өндірістер, құрылыстар) салу және объектілерді қайта жөндеу (қосымша күрделі құрылыстар, жаңадан цехтар салу және т.б.) болып табылады. Күрделі құрылыс күрделі жөндеуге қарағанда жаңа объектілер тұлғызбайды. Күрделі жөндеу негізгі фондтардың жекелеген элементтерін (құрылыстар, ғимараттар және т.б.) қалпына келтіру үшін жасалады. Қазіргі кездегі күрделі жөндеу өндірістері өнідістердің, ғимараттардың және құрылыстардың сақталуын және олардың дұрыс қызмет атқаруын қамтамасыз етеді» деп көрсетті [20, 288].

Заңмен құрылыстық мердігерлік шартқа талаптар енгізілуі мүмкін, оған сәйкес мердігер өзіне салынған объектінің тапсырысшымен қабылдаудан кейін эксплуатациялау мерзімі кезінде оны қамтамасыз ету міндетін өзіне жүктейді, тараптармен анықталған. Осындай, құрылыстық мердігердің қосымша қызметі әрине, қосымша ақы төленуге міндетті. Осы уақытқа дейін, біздің пайымдауымызша мердігердің құрылыстық мердігерлікке сай барлық тәуекелдері сақталады.

Бұл шарттың ерекшелігі және оның құрылыс мердігерлігімен байланысы контрагенттермен әртүрлі бағалануы мүмкін екенін Азаматтық Кодекс ескере кетті. Осы себептен басқа жол тандалды: қатынастардың ерекшелігін ескеріп, өзара құрылыс мердігерлігіне бекітілген құқықтық режимнің шартқа қолданылатынын шешуге мүмкіндік береді.

Бекітілген тәртіпте екі тарап үшін міндетті құрылыс мердігерлік шарты үшін қажетті құжаттар (былай айтқанда жоспарлы алғышарттар немесе шартты жасау негіздері) алдын ала жұмыс жүргізіліп әрекет етуші заңмен қарастырылмаған. Жоғарыда көрсетілгендей, шарт жасасуда контрагентті таңдай, шарт жағдайларын анықтау заңмен шарт тараптарының өкілеттігіне берілген.

Бірақ, жасалған шарт жарамды болу үшін, тараптар белгілі бір құжаттар алу керек. Тапсырысшы үшін – жергілікті өзін өзі басқару органымен берілетін құрылыс жүргізуге рұқсат, ал мердігер үшін – құрылыс қызмет жүзеге асыру үшін берілетін лицензия (рұқсат).

Лауазымы жоқ тұлғамен жасалған, бірақ тапсырысшымен мақұлданған мердігерлік шарт бойынша есептеулер белгіленген тәртіпте жүргізу керек.

Мердігер тапсырысшы-кәсіпорыннан жұмыс нәтижесін қабылдау актісі негізінде орындалған жұмыстың бағасын өндіріп алу туралы талаппен сотқа

жүгінді. Тапсырысшы лауазымы жоқ тұлғамен қол қойылған шартты жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қойды.

Бірінші сатыдағы сот тапсырысшымен жазбаша шарттың жарамсыздығымен келісіп, қарсы талапты қанағаттандырды, және жұмыс бағасын өндіріп алу туралы талаптан бас тартты.

Апелляциялық саты шешімнің күшін жойып, талап арызды қанағаттандырып, қарсы талаптан келесі негіздер бойынша бас тартты.

Құрылыс кезінде кәсіпорын аралық төлемдер жүргізіп отырды. Істе кәсіпорын басшысының қолы қойылған жұмыстың жекелеген түрлерінің ерекшеліктерін және пайдаланылатын материалдар сапасы талқыланған құжаттар бар.

Бұның барлығы уәкілетті органның атынан тапсырысшының мәмілені мақұлдайтынын білдіреді. Өйткені шартта көрсетілген жұмыс орындалған және ол тапсырысшымен дауланбайды, оның бағасы өндірілуге жатады.

Құрылыс мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының (инвестор) (түсім, ақшалай жинақтаулар және кәсіпкер-азаматтардың және заңды тұлғалардың жинақтаулары, апат, табиғи апаттан келтірілген залалдың орнын толтыру үшін сақтандыру ұйымдарымен төленетін қаражат) өзінің есебінен және ішкі шаруашылық резервтерінен, тапсырысшының (инвестр) жалға алу, қаржы қаражатынан (акцияларды сатудан алынған қаражат және т.б.) қаржыландырылуы мүмкін.

Құрылыс мердігерлік шартын жасасу инвестициялық қызметтің бір элементін құрайды, оның қатысушылары болып инвесторлар табылады, яғни олар өзінің, жалға алу немесе тартылған қаражатты инвестиция нысанында салуды жүзеге асырады, сонымен қатар біруақытта олардың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етеді. Инвесторлар өздері өз аттарынан мердігерлік шартта тапсырысшы ретінде қатыса алады. Мынадай да нұсқалар болуы мүмкін, тапсырысшы ретінде инвестициялық шартқа сәйкес инвестор өкілетті еткен тұлғалар болуы мүмкін. Инвесторларға шарт бойынша заңмен бекітілген тәртіпте өздерінің өкілеттіктерін азаматтарға, заңды тұлғаларға, мемлекеттік және жергілікті органдарға беруі мүмкіндігі берілген.

Мердігерлік туралы нормаларды қолданумен байланысты даулар сотта қаралатын даулардың күрделі санаттарының біріне жатады.

Құрылыс мердігерлік шартының пәні – тек қана жылжымайтын мүлік объектілерін жасау мақсатымен жүргізілетін құрылыс және басқа да сонымен байланысты жұмыстар. Оның арнайы құқықтық режимін анықтайтын негішгі белгісі жасалатын жұмыстардың ереке сипатында бекітілген. Құрылыс мердігерлік шартында тапсырысшының ролін азаматтық айналымның кез келген субъектісі атқара алады, ал өз кезегінде мердігер ретінде тек қана құрылыс жұмыстарын жасауға арнайы рұқсат (лицензия) арлған тұлға бола алады. Тараптардың құқықтары мен міндеттері мәселелердің ең кең аумағын алады, сонымен қоса мердігерден тыс шығатындары да. Құрылыс мердігерлігі бойынша құқықтық қатынастарға әр түрлі шарттардың элементтерінің араласуы тән (тасымалдау, мүлікті жалдау, қызмет көрсеті, сақтау, т.б.)

Құрылыс мердігерлік шартын жүргізу үрдісі тапсырысшының белсенді қатысуын талап етеді. Жасалатын объектінің немесе жер участогының меншік иесі бола тұра тапсырысшы мердігерге құрылыс жұмыстарын жасауға қажетті жағдайлар жасау бойынша міндеттемелерге ие болады. Шарттың қажетті талабын келісілген және бекітілген жоба құжаттамасына сәйкес мердігердің құрылыс және онымен байланысты жұмыстарын жүзеге асыру міндеті құрайды. Шындығында бұл құжаттама мердігер жұмыстарын атқаратын тапсырысшының тапсырма ретінде болады. Сот тәжірибесінде құрылыс мердігерліктен туындайтын даулар жиі кездеседі. Бұл жасалған жұмыстар үшін қарызды өндіру туралы, мердігерлік шартын жарамсыз, бекітілмеген деп тану туралы, бөтеннің ақша құралдарын қолданғаны үшін проценттер және т.б. Дауларды қарау кезінде көбінесе мердігер мен тапсырысшы арасындағы келіспеушілік төленуге тиіс құрылыс жұмыстардың бағасын анықтау мәселелерімен байланысты болады. Бұл мәселе мердігерлік қатынастарын жетік регламенттелуіне қарамастан әлі күнге шейін өзекті. Осыдан көптеген сұрақтар туындайды: мердігер тапсырысшыдан шартта көзделмеген орындалған және тапсырысшы қабылдаған қосымша жұмыстар үшін ақы талап етуге құқығы бар ма; мердіге жасалған қосымша жұмыстар үшін ақыны тапсырысшы қол қоюдан жалтарып тұрған бір жақты акті негізінде талап ете ала ма және т.б.?[21]

ҚР Азаматтық кодексінің 654 бабы бойынша мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Осы норманың мәнінен шыға отырып құрылыс мердігерлік шартының бағасы жұмысты атқаруға шығыстардың тізімін көрсететін смета құрастыру арқылы анықталады.

Келісілген жұмыстарды жасау мерзімін мердігердің бұзған жағдайында, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт өзгертіліп не бұзылуы мүмкін. Сот тәжірибесінің талдауы құрылыс мердігерлік шарты бойынша дауларды шешу кезінде құрылыс мердігерлік шартын орындаудан бас тарту және бұзу тәртібін реттейтін нормалардың қолданылуымен байланысты мәселелер туындайды. Егер жұмыстарды орындау кезінде ол сәйкесінше орындалмайтыны белгілі болса тапсырысшы мердігерге кемшіліктерді жоюға қисынды мерзім тағайындай алады және белгіленген мерзімде мердігер орындамаса шарттан бас тарта алады.

ҚР Азаматтық кодексінің 654-бабының 4-5 тармағына сәйкес Құрылыс жүргізу барысында жобалау-сметалық құжаттамада есептелінбеген жұмыстарды және осыған байланысты қосымша жұмыстар жүргізу мен құрылыстың сметалық құнын өсіру қажеттігін анықтаған мердігер тапсырысшыға ол туралы хабарлауға міндетті.

Жобалау құжаттамасы бірқатар жағдайларда уәкілетті органмен бекітілуге жатады. Құрылыс мердігерлік шарты, бұдан басқа, жобалау құжаттамасының талаптардың қайсысы, қандай мерзімге тапсыру міндеті

анықталу керек. егер бұл жобалау құжаттаманы мердігер жасайтын болса, ол тапсырысшы жағынан мақұлдануға жатады. Жобалау құжаттамасын жасау міндеті мердігерге артылаған жағдайда, бұл шарт «жобалау-құрылыс шарты» деп аталады [22, 63].

Объектінің салынуы, салынатын жер учаскесін белгілеуден басталады. Қазіргі заңға сәйкес, салынатын объектінің болашақ иесі жер учаскесін бөліп керек. Ол құрылыс салу үшін жер учаскесін шартта көрсетілген көлемде және сондай күйде уақытылы беруге міндетті.

Шартта мұндай нұсқау болмаған жағдайда, жер учаскесінің көлемі мен күйі жұмыстың уақытылы басталуын, оның қалыпты жүргізілуін және мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс. Шартпен жер учаскесін алу және құрылыс үшін керекті дайындық жұмыстарын, кіріс жолдарын тазалау және т.б. міндеттер мердігерге жүктелуі мүмкін. Бірақ, бұл жағдайда, мердігерлік шарт тапсырма шартының элементтерімен күрделенеді немесе мердігер жеке тапсырма шартының негізінде мұндай қызметті орындайды.

Шартта құрылыс ұйымы өз күшімен тұрғын үйді, ғимаратты салатындығы қарастырылуы мүмкін. Мұндай шарт құрылысты толық аяқтау туралы шарт деп аталады. Шарт ережелеріне сәйкес тапсырысшыға пайдалануға дайын объекті тапсырылады. Мұндай шартта сатып алу-сату шартының тиісті мазмұны басым болады, мердігерлік (құрылыс мердігерлік) туралы нормалар тек керекті мөлшерде пайдаланылады. Құрылысты толық аяқтау туралы шартта құрылыста болуы ықтимал барлық тәуекелді мердігердің көтеретіндігі көзделеді. Егер өзгешелік шартында қарастырылмаса құрылысты толық аяқтағанға, тапсырысшыға жұмыстың нәтижесін тапсырғанға және жұмысқа ақы төлеуге дейін салынып жатқан объектінің иесі мердігер болып саналады. Құрылыстың материалдық жағынан қамтамасыз етілуін жартылай немесе толығынан тапсырысшы жүзеге асыратын құрылыс мердігерлік шартында қарастырылуы мүмкін.

Құрылыс мердігерлік шарты бойынша, бір немесе өзге саладағы міндетті талаптарға сәйкес келуі тиіс күрделі жұмыстар жүргізілуіне байланысты, мердігер жұмысты өзінің қамқорлығымен орындауымен бірге, құрылысты және онымен байланысты жұмыстарды жобалау құжаттамасына да сәйкес жүргізуге міндетті.

Құрылыс мердігерлігі шартында жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны айқындалуға тиіс. Сондықтан, жобалау – сметалық құжаттаманы тараптардың қайсысы және қандай мерзімде тиісті құжаттаманы беру керек екені көзделуге тиіс, яғни ол шарттың елеулі шарты болып табылады.

Мердігер өз хабарламасына тапсырысшыдан он күн ішінде жауап алмаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта бұл үшін өзгеше мерзім көзделмесе, бос тұрыстан келтірілген залалдарды тапсырысшының есебіне жатқыза отырып, тиісті жұмысты тоқтата алады.

Материалдардың және құралдардың құнының едәуір көтерілуі мердігердің белгіленген бағаны көтеру туралы талабын білдіреді. Бұл жерде

бір-біріне қарама-қарсы екі жағдай болуы мүмкін: тараптардың келісуі немесе шарттың бұзылуына әкеп соғатын тапсырысшының бас тартуы.

Құрылыс мердігерлік шарты және мемлекеттік сатып алу бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын істерді қарау кезінде айта кетерлік бір жайт, Азаматтық кодекс пен «Мемлекеттік сатып алулар туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III заңының нормалары қолданылады.

ҚР Азаматтық кодексінің 663 бабының 4 тармағы бойынша Мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және тапсырысшының оны қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері де қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы белгі қойылып, актіге екінші тарап қол қояды. Жұмыс нәтижелерін бір жақты тапсыру немесе қабылдау актісін актіге қол қоюдан бас тарту себептерін сот негізсіз деп таныған жағдайда ғана сот жарамды деп тануы мүмкін.

Сот тәжірибесінің талдауы қазіргі таңда шарт бойынша тараптардың міндеттерін орындамау немесе лайықсыз орындамауына санкциялардың түрлерінің бірі ретінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 11 бабының 4 тармағы қолданылады. Тапсырысшы шартта белгіленген тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 11 бабының 4 тармағының күшіне сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат табыс еткен әлеуетті өнім берушілердің; заңның 6-бабы талаптарының бұзылуына жол берген әлеуетті өнім берушілердің; жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне ие болған сот шешімдерінің негізінде құрылады.

Императивті норма ретінде Заңның 10 бабында қарастырылған негіздер бойынша арызбен сотқа шағымданудың арнайы мерзімі бекітілген. Соған Дегенмен тәжірибеде әр түрлі кемшіліктерге байланысты құқық бұзушылықтарды сотпен бекітер кезде тапсырысшының заңға сәйкес мерзімдерін сақтамауға байланысты жауапкершіліктен құтылуға мүмкіндіктері болып жатады. [23]

Егер сөз ірі құрылыс туралы болса, құрылыс мердігерлік шартын жасау кезінде халықаралық тәжірибенің қолданылуы жөн болуы мүмкін. Жекеше алғанда, Халықаралық инженер-кеңесшілермен құрастырылған, құрылыс

туралы халықаралық шарттың талаптары. Ұсынылатын сипаттағы бұл құжат шетел қатысуымен болатын құрылыс кезінде қолданылуға есептелген. Сонымен қоса оның жекелеген ережелері ішкі қатынастрада шарттарды рәсімдеу кезінде пайдалы болып қалуы мүмкін, әрине ҚР заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда соған ұқсас құжаттарға қатысты. [24, 176]

Құрылыс мердігерлік шарты мазмұнын құрушысы тараптардың құқықтары мен міндеттері ең кең сұрақтар шеңберін қамтиды, соның ішінде жалпы мердігерлік шарттың, сонымен қатар құрылыс мердігерлік шартының шегінен шығатындар.

Мұндай сұрақтардың бірі құрылысты материалдық-техникалық қамтамасыз етумен байланысты. Жоспарлы шаруашылық жүйесі болған кезеңде оның ерекше мәні болды, өйткені бұл жерде мемлекеттік органдармен орталықтан материалдар мен құрал-жабдықтар бөлініп отыратын. Бұл дегеніміз, материалдық ресурстарды жеткізу шартының міндетті шарты болып – құрылыс материалдырының (құрал-жабдықтарының) қорлардан бөлінуі табылды.

Қазіргі кезде материалдармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету міндеті, шарт бойынша кез келген тарапқа артылуы мүмкін. Бұл жағдайда бұл шарт елеулі жағдайларға жатпайды, өйткені, ҚР Азаматтық кодексінің 656 бабы бұл үшін нақты бір презумпциясы бар. Бұл дегеніміз, құрылысты материалдық-техникалық қамтамасыз ету толық көлемде мердігерге артылады.

Сонымен, сөз болып отырған мердігердің міндеті, егер шарт бойынша бұл міндет кімге артылғаны көрсетілмесе, күшіне енеді немесе шартқа енгізілген бұл жағдай құрылысқа қажетті материалдарды толық қамтымаса, немесе тараптар арасында шартқа дейінгі дау бойынша сот шешімі болған жағдайда барлық міндет мердігерге жүктеледі.

Құрылысты жүргізу барысында қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарының қауіпсіздігі туралы заңдар мен басқа құқықтық актілер талаптарын сақтау қажет. Көрсетілген міндет мердігерге артылады, сондықтан оны бұзған үшін жауапкершілік оған артылады. АҚ 931 бабының әрекетін ескеру керек, соған сәйкес, қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті. Көрсетілген жауапкершілік жоғары қауіп деңгейіне жатады. Бұл жерде жауапкершілік мердігердің кінәсінің болуы, болмауына байланыссыз туындайды. Сондықтан мердігердің әрекеті құқыққа қайшы екенін дәлелдеу ғана қажет. Мұндай жағдайлардың бірі АҚ 661 бабында ескерілген. Соған сәйкес, құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу туралы тараптар үшін міндетті тараптарды бұзуға әкеліп соғатын болса, мердігердің жұмысты жүзеге асыру барысында тапсырысшы берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және жабдықтарды пайдалануға немесе оның нұсқауларын орындауға құқығы жоқ.

Құрылыс кезіндегі ережелердің бұзылуы қоршаған ортаға қолайсыз салдар туғызуына байланысты, 2007 жылдың 9 қаңтарында қабылданған «Экологиялық кодекс» мұндай жағдайлардағы міндетті сараптамаларды атап көрсеткен. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың объектілері болып келесілер табалады:

1. жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобалары және оларға ілеспе, Экологиялық кодекстің 37 бабында айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары;

2. табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжаттаманың барлық түрлері, болжамдардың, экологиялық және өзге де бағдарламалардың жобалары, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметі негізгі бағыттарының тұжырымдамалары, мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар, шарттар, келісімшарттар, оның ішінде меншік және жекешелендіру нысандарын өзгертуге қатыстылары;

3. қолданыстағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен қоса реконструкциялау жобалары;

4. кәсіпорындарды, объектілер мен кешендерді, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға, салуға, реконструкциялауға, дамытуға, техникалық қайта жарақтауға, қайта бейімдеуге, жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер (есептер) және жобалар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын өндіру мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер;

5. аумақтарды ұйымдастыру схемаларының жобалары және т.б. [25]

Басқа мысал – Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 9 бабы экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды қарастырған. Соған сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі оның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып жүзеге асырылуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды көздеуге тиіс. Аталған іс-шаралар әсер етудің осы түрі үшін заңдарда белгіленген нормативтерге және (немесе) мүмкін болатын шекті деңгейге (жүктемеге) сәйкес қарастырылады және орындалады. [26]

Бірінші жағдайға қатысты «Экологиялық кодекстің» жекелеген баптары арнайы нормалары қолданылады. Бұл кодекс, атап айтқанда, экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу міндеттерінің туындау жағдайларының және мөлшерінің негіздерін қарастырды.

Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығының ережелері АҚ 664 бабымен қарастырылған. Мердігер шартта, жобада және тараптар үшін міндетті құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген талаптардан жол берілген ауытқулар үшін, сондай-ақ сондай-ақ құрылыс объектісінің жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштеріне, оның ішінде кәсіпорынның өндірістік қуаты сияқты көрсеткіштерге жете алмағандығы

үшін тапсырысшының алдында жауапты болады. Үйді немесе ғимаратты қайта жаңғырту кезінде (жаңартқанда, қайта салғанда, қалпына келтіргенде және т.б.) мердігерге үйдің, ғимараттың немесе оның бөлігінің беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін төмендеткені немесе жойғаны үшін жауаптылық жүктеледі.

Құрылыс объектілерін пайдаланудың кепілді мерзімі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес белгіленеді. Өзге де барлық жағдайларда кепілді мерзім салынған объектіні (тұтастай алғанда құрылыстың күрделі сыныбына немесе жүргізілген құрылыс-монтаж жұмыстарының жекелеген түрлеріне сәйкес) пайдаланудың нормативтік мерзіміне қарай тапсырысшы мен мердігер (бас мердігер) арасында құрылысқа шарт жасасқан кезде белгіленеді, бірақ объект пайдалануға қабылданған күнінен бастап екі жылдан кем болмауға тиіс. Кепілді мерзімнің бұл шегі қосалқы-көмекші мақсаттағы, азаматтардың жеке пайдалануына арналған уақытша құрылыстар мен ғимараттарға қолданылмайды.

Белгіленген кепілді мерзім ішінде анықталған сәйкессіздіктер мен жолсыздықтар бойынша жауапкершілік оларды жою жөніндегі міндеттемелермен бірге мердігерге (бас мердігерге) жүктеледі. Егер кепілді мерзім ішінде анықталған сәйкессіздіктер мен жолсыздықтар басқа орындаушылардың (ізденушілердің, жобалаушылардың, ішкі мердігерлердің, өндірушілердің немесе құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын, жабдықтарды берушілердің) сапасыз жұмыстарының салдарынан туындаған болса, мердігер (бас мердігер) жауапкершілікті кінәлі тұлғаға толығымен немесе ішінара аударуға құқылы. Егер кепілді мерзім ішінде анықталған сәйкессіздіктер мен жолсыздықтар объектіні пайдалану және күтіп ұстау ережелерін сақтамаудан не құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаушыларға байланысты емес мән-жайлардан туындаған болса, орындаушылар жауапкершіліктен босатылады. Объектілерді пайдаланудың кепілді мерзімдеріне байланысты жауапкершілік шаралары мен дәрежесі жөнінде даулар мен өзара талаптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Құрылыс мердігерлігі шартында тапсырысшының талап етуі бойынша және тапсырысшының есебінен мердігер жауапты болмайтын кемшіліктерді (ақаулар мен шала істелген жұмыстарды) мердігердің жою міндеті көзделуі мүмкін. Сонымен қатар, шарттың нысанасымен тікелей байланысты болмаған немесе өзіне қатысы жоқ себептермен мердігердің орындауы мүмкін болмаған жағдайда мердігер жұмыстарды орындаудан бас тартуға құқылы.

Азаматтық жауапкершілікпен қатар құрылыстың сапасыз орындалуы әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Оның әр түрлі негіздері Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңының 17 бабымен қарастырылған.

Сонымен қатар мұндай жауапкершілік ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде де көрсетілген. Аталған бұзушылықтарға мыналар жатады:

– сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметіне жататын жобалау-іздену, сараптама, құрылыс-монтаж жұмыстарының, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) лицензияланатын түрлерін лицензиясыз жүзеге асыру;

– аумақтардың, қала құрылысы регламенттерінің бекітілген жұмыс істеу мақсатынан, қала құрылысын ерекше реттеу аймақтарында белгіленген режимнен ауытқу;

– қала құрылысы мақсаттарына арналған жер учаскелерін таңдау мен берудің (пайдалануға рұқсат етудің), сондай-ақ алып қоюдың заңдарда белгіленген тәртібінен ауытқу;

– қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (жобалау-смета) құжаттамасын әзірлеудің, келісудің, сараптамадан өткізудің және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, нақ сол сияқты заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу не бекіткен инстанцияның рұқсатынсыз оған өзгерістер енгізу;

– заңдарда белгіленген тәртіппен рұқсат алмай құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу;

– осы заңда міндеттілігі көзделген жағдайда, құрылысты сәулет-құрылыс бақылауын, техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру;

– өз бетінше құрылыс салу, нақ сол сияқты үйлердің, жекелеген үй-жайлардың және (немесе) үй бөліктерінің сәулеттік келбетін өзгерту, қайта жоспарлау (қайта жабдықтау, қайта бейімдеу);

– елді мекендерді жоспарлау мен салу кезінде сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда белгіленген сызықтар мен құрылыс салу сызықтарынан, сондай-ақ сары сызықтардан ауытқу;

– сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ объектіні салу және кейіннен пайдалану процесінде еңбек қорғау, өрт және жарылыс қауіпсіздігі, санитариялық және экологиялық қауіпсіздік мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтары үшін әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормативтерді сақтамау;

– құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау мен пайдалануға берудің, сондай-ақ пайдалану процесінде оларды күтіп-ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібін бұзу;

– лауазымды адамдардың елді мекендерді (елді мекеннің бөліктерін) жоспарлауға және салуға (реконструкциялауға) байланысты шешімдердің әзірленуі мен қабылдануы, жобаланып отырған объектілер туралы, сондай-ақ мекендейтін және тіршілік ететін ортаның жай-күйі мен оған қоғамдық және жеке мүдделерді тікелей қозғайтын, көзделіп отырған өзгерістер туралы ақпарат беруден негізсіз бас тартуы не жалған ақпарат беруі;

– мекендеу және тіршілік ету ортасының жай-күйінің нашарлауына, азаматтар , соның ішінде мүгедектер мен тұтас алғанда қоғамның құқықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғатын мемлекеттік мүдделерге зиян келтіруге себеп болатын өзге де әрекеттер. [27]

Жіберілген жолсыздықты және оның зардаптарын жою, сондай-ақ келтірілген залалдың (зиянның) орнын толтыру жөніндегі міндеттер аталған жолсыздыққа жол берген субъектіге жүктеледі.

Сәулет, қала құрылысы және (немесе) құрылыс қызметі субъектілерінің жол берген бұзушылықтары салдарынан салынған объектіні пайдаланудың кепілді мерзімін сақтамау фактілері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңның 69 бабына сәйкес белгіленеді.

Салынған объектілерді пайдалануға, өткізуге және қабылдауға қатысушылар, соның ішінде тапсырысшылар (инвесторлар, құрылыс салушылар), іздену, жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарына мердігерліктің жауапты орындаушылары, құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкцияларын және жабдықтарын дайындаушылар мен берушілер, сондай-ақ құрылыстың және жабдықтарды монтаждаудың барысын оралымды қадағалау қызметтері, мемлекеттік қабылдау немесе қабылдау комиссиясының және жұмыс комиссиясының мүшелері, басқа да қатысушылар азаматтардың өміріне немесе денсаулығына төнген қауіп, сондай-ақ жіберілген жолсыздықтар не міндетті нормативтік талаптардан (ережелерден, шектеулерден) ауытқушылық салдарынан мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүдделерге келтірілген залал (зиян) үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленгендей жауапты болады. мердігерлік жалпы ережелеріне қарағанда құрылыс мердігерлігінде құрылысқа берілетін материалдар мен құрал-жабдықтардың тиесілі емес сапасы үшін жауапкершілік толық көрсетілген. Мұндай жауапкершілікке материалдарды берген тарап тартылады. Бұл жауапкершілік тарап берген материалдар пайдалану мүмкін болмағ н кезде орын алады. Ол объективті сипат алады, өйткені материалдар немесе құрал-жабдықтар берген тараптың кінәсіне байланысты емес. Тарап өз міндетін орындамауы контрагент жауап беретін жағдайларға байланысты екенін дәлелдемесе, ол жауапкершіліктен босатылады.

6 ТАРАУ

Бағалы қағаздар түсінігі мен түрлері, құқықтық негіздері және қазіргі кездегі даму мәселелері мен жетілдірудің негізгі жолдары

Бұл тақырыптың өзектілігі бағалы қағаздарды зерттеу және оған заңдылық мінездеме беру үлкен мәселе. Оның өткірлігін зерттеп білу үшін жаңа құқықтық механизм іздестіру қажет. Азаматтық құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар азаматтық құқық объектісі деп аталады. Азаматтық құқықтық объектілерінің бірі бағалы қағаздар болып табылады.

Бұл тақырып бағалы қағаздарға анықтама беріп, оның құқықтық мазмұнын түсіндіруді мақсат етіп қойдым. Қазақстан Республикасының қазіргі кезде фондалық биржаның дамымауына байланысты көптеген мәселелер кездеседі. Соның ішіндегі негізгі себеп бағалы қағаздардың құқықтық мәнін түсінбеу және бағалы қағаз айналымының құқықтық механизмінің зерттелмеуі.

Бағалы қағаздардың заңдық мінездемесін анықтауда бағалы қағаз нарығының мүшелерінің құқықтық мәртебесі толығымен анықталмаған. Мұндай мәселені шешу үшін Қазақстандық фондалық нарықта әртүрлі бағалы қағаздарды қолдану қажет.

Тақырыпта келесі сұрақтар мен мәселелерді шешуге тырысамын:

- Бағалы қағаздарды шығару механизмі.
- Әр түрлі бағалы қағаздардың арасындағы шекараны анықтап беру.
- Құқықтық механизмді басқарудың жаңа жолдарын іздестіру.
- Бағалы қағаздар нарығының Қазақстан Республикасында қазіргі кездегі даму мәселелері мен жетілдірудің негізгі жолдары.

Тақырыпта бағалы қағаздарды реттеудің жаңа құқықтық режиміне анықтама беріліп, түсінігі және құқықтық мінездемесі туралы зерттедім. Бағалы қағаздар нарығының объектісін және субъектісін қарастырылды. Бағалы қағаздардың айналымын реттейтін жаңа тиімді әдістерді қолдану қажеттілігі туып отыр. Сонымен қатар бағалы қағаздардың түрлеріне анықтама беріліп және олардың құқықтық механизмі зерттеледі. Әсіресе бағалы қағазға жататын акция үлкен ауқымды қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін болатын мүліктік құқықтарды куәландыратын құжат бағалы қағаз, мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы болып табылады [3].

Бағалы қағаздар ең бірінші мүліктік құқықтарды куәландырады, ол сонысымен бағалы. Бағалы қағаздар нарығы мүліктік құқық нарығы болып табылады. Бағалы қағаздарды шығару және айналымға енгізу Азаматтық кодекспен (Жалпы бөлім), Бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңы, Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы заңмен реттеліп отырылады.

Азаматтық құқық объектілеріне Азаматтық кодексте жеке тарау берілген. Онда азаматтық құқық объектісінің бір бөлігі ретінде ақша және

бағалы қағаздар қарастырылады. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады. Олар мүліктік игіліктер және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға: заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады [2].

Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқықтың субъектісімен тығыз байланысты. Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абыройы, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Жеке адамның өмірі жеке мүліктік емес игілікке жатса, ал өмір сүру құқығы жеке мүліктік емес құқыққа жатады.

Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында “Адам және азамат” бөлімінде көрсетілген. Мысалы, өмір сүру құқығы, жеке адам өміріне қол сұқпаушылық Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды [1].

Мүліктік құқық жаңа құқықтық қатынастар кезінде құқықтың объектісіне айналады. “Мүлік” түсінігі азаматтың құқықтағы негізгі түсініктердің бірі. Заңдық түсінік бойынша мүлік құқықтың екі объектісін біріктіреді. Олар мүліктік игілік және мүліктік құқық. Азаматтың кодексте мүлік түсінігіне мүліктік игілік пен құқықтан басқа, мүліктік міндетте кіреді.

Мүліктің мынандай түрлерін атап көрсетуге болады: заттар; ақша және құнды қағаз; жұмыс және қызмет көрсету; интеллектуалды шығармашылықтың қорытындысы; ақпарат; мүліктік құқық. Мүлік бөлінетін және бөлінбейтін болуы мүмкін [2].

Бөлінбейтін мүлік дегеніміз – бөлу нәтижесінде бөліктері өз мақсатын (міндетін) жоғалтпайтын мүлік. Бөлінбейтін мүлік дегеніміз - өзінің шаруашылық мақсатын (міндетін) өзгертпей бөлу болмайтын немесе заң құжатында ұйғаруына қарай бөлуге жатпайтын мүлік. Мысалы, бір мешок сәбіз бөлінетін мүлікке жатады, өйткені оны бөлгенде шаруашылық маңызын өзгертпейді. Ал автомобиль немесе мотоцикл бөлінбейтін мүлікке жатады, өйткені оларды бөлгенде қолдану маңызын жояды.

Ал енді мүліктің екінші түрі ақша және бағалы қағаздарға тоқтала кетейін. Ақша және бағалы қағаздар азаматтық құқықтың объектісі болып табылады. Ақша туралы Азаматтық кодекстің 127 бабында айтылған. Бұл бап бойынша Қазақстан Республикасының ақша бөлінісі теңге болып табылады. Теңге Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады. Ақшаның құқықтың режимін арнайы құқықтық нормалар, Азаматтық кодекстің ерекше

бөлімі және заңдар, соның ішінде “Ақша төлемі мен аударымы туралы” заң реттеп отырады және пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты қатынастарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді [4]. Ақшаның экономикалық функциясы туралы экономика туралы әдебиеттерде көп қарастырылған. Ақшаның негізгі маңызы, ол ақшаның экономикалық қоғамдық – саяси маңызында жатыр. Кезінде К.Маркс ақша туралы былай деген: “Ақша-тек қағаз немесе темір зат емес, оның негізгі маңызы қоғамдық қатынастарды құрайды”.

Бағалы қағаздарды мынандай белгілері арқылы сипаттап көрсетуге болады: Бағалы қағаздар мүліктік құқықтардың нарығы және мүліктік құқықтар болып табылады. Бағалы қағазда тұлғаның белгілі бір мүліктік құқықтары және олардың құндылығы көрсетіледі. Мысалға, акция бойынша бағалы қағазды ұстаушының ақшалай міндеттемені талап ету құқығы және дивидент алуы, заңды тұлға таратылған жағдайда мүліктік үлес алуы, дауыс беру құқығы және бағалы қағаз құжат негізінде сондай-ақ, бұның нысаны мен міндетті реквизиттерінің сақталуы қажет [6;162 б].

Бағалы қағаздағы көрсетілген жағдайлар заң тараптарына сай болуы қажет. Белгілі бір нысанның және реквизиттарының сақталмауы бағалы қағаздардың жарамсыздығына негіз болады. Заң бойынша бағалы қағаздарға мынадай талаптар қойылды: бағалы қағаздармен куәландыратын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері мен нысанына қойылатын талаптар мен басқа да заң құжаттарымен қойылатын талаптарға сай болуы қажет:қоғамның толық және қысқартылған атауы және орналасқан орны,бағалы қағаздың атауы, шығу мерзімі мен күні,бағалы қағаздардың түрі мен категориялары, бағалы қағаздардың номиналдық құны, облигация бойынша сыйақының және акциялар бойынша дивиденттардың мөлшері мен төлеу мерзімі,бағалы қағаздың меншік иесінің атауы, жарияланған бағалы қағаздар саны, қоғамның жарияланған жарғылық қорының мөлшері, облигацияларды өтеу мерзімі, басқа бағалы қағаздарға ауыстыру жағдайлары, директорлар кеңесінің төрағасы қолымен, қоғам мөрі. Жоғарыда көрсетілген бағалы қағаздар бойынша мазмұны оларға қойылатын талаптардың көрсеткіші болады [8;78 б].

Бағалы қағазда куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру оны ұсынғанда ғана мүмкін болады. Бірақта заң актілерімен көрсетілген құқықтарды жүзеге асыру мен беру үшін эмитенттің немесе бағам қағаздар нарығы бойынша кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді арнайы реестрде тіркегендігін дәлелдеу де негіз болып табылады.

Бағалы қағаздардың заңсыз иесі ондағы құқығы ұсыну арқылы талап етуге құқығы жоқ, бұндай жағдайда эмитент талаптарды орындаудан бас тарта алады. Бағалы қағаздарды келесідей түрлерге бөлуге болады. Бағалы қағазда өкілді тұлғаны куәландыруға байланысты: Ұсынбалы, Атаулы деп бөлеміз. Ұсынбалы – бұл қағазда орындауды талап ету құқығы бар тұлға

көрсетілмейді. Өйткені тұлға қағаздың иеленушісі болады. Бұндай бағалы қағаздар да оларды беру жеткілікті.

Атаулы – бағалы қағазда көрсетілген құқықтарды талап ету құқығының ондағы көрсетілген тұлғаға тиесілі болады. Бағалы қағазда куәландырылған құқықтар талап етуді беру құқығы бойынша жүргізіледі. Бұнда талап етуді Берген бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында оған берілген талаптардың жарамсыздығы үшін жауап береді. Бірақ бұл талапты борышқордың орындамағаны бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында борышқор үшін кепіл болуды өзіне алғаннан басқа жағдайда жауап бермейді.

Міндеттеме негізінде несие берушіге тиімді құқықтың (талап етуді беру) бойынша басқа адамға берілуі немесе ол құқық заң құжатының негізінде басқа адамға ауыстырылуы мүмкін.

Несие беруші құқықтарының басқа адамға ауысуы үшін, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышқордың келісімі талап етілмейді. Бірақта кейбір жағдайларда мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша оларды басқа тұлғаларға сатуда немесе өткізуде мемлекеттік өкілді тұлғалардың келісімі алдын ала ескертілуі талап етіледі. Бұндай міндеттеме немесе процедура орындалмаған жағдайда жасалған шарт жарамсыз болып саналуы мүмкін.

Ордерлік – бағалы қағаздағы құқықтардың ондағы көрсетілген тұлғаларға тиесілі болуы және белгілі бір тәртіпте берілген жағдайда екінші бір адамға құқықтардың тиесілі болатындығын көрсететін бағалы қағаз.

Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтарды беру арнайы беру жазбасымен (индоссамент) арқылы жүзеге асады. Беру жазбасы бағалы қағаздың келесі бетіне немесе арнайы формадағы қосымшаға жазылады. Сонымен бірге: эмиссиялық және эмиссиялық емес түрлері қарастырылады; эмиссиялық бағалы қағаздар да оларды орналастыру мен айналымға шығару эмиссиясында бірдей белгілер мен реквизиттарға бірдей эмиссия тәртібіне ие болуы.

Эмиссиялық бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеуге алыну арқылы жүргізіледі. Бұлар үшін міндетті, бағалы қағаздардың реестрі жүргізіледі, онда бағалы қағаздар бойынша мәмілелер тіркеледі. Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы және олардың көлемі бойынша жалпы тәртібі Қазақстан Республикасы заңдарымен реттеледі. Эмитентпен бағалы қағаздарды шығару өз қызметін жүргізу үшін және жарияланған жарғылық қорда қалыптастыру үшін қаражаттар тарту мақсатында жүргізіледі. Мемлекет эмитент ретінде бағалы қағаздарды сонымен бірге бюджеттік дефициттерді қаржыландыру немесе ақша қаражаты қажет болғанда міндеттеме алу арқылы бағалы қағаздар шығарын оларды жеке және заңды тұлғаларға, инвесторларға сатады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, өткізу, орналастыру және өтеу туралы Үкімет қаулысымен қарастырылған.

Эмитент ретінде мемлекет өкілді органдары арқылы және субъектілер арқылы бағалы қағаздарды шығарып, ақша қаражаттарын өзіне тартады. Тиісті дәрежеде тіркелмеген акциялар сатылуға жіберілмейді. Мемлекеттік

тіркеу нәтижесінде бағалы қағаздарға өкілді органдармен ұлттық идентификациялық номер беріледі.

Бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымы туралы және эмитент туралы ақпараттар мемлекеттік реестрге енгізіледі. Регистрге енгізілмеген бағалы қағаздар эмиссиясы жарамсыз болып есептеледі. “Үкіметтік займ” шарты және мемлекеттік эмиссияның бағалы қағаздарды шығару арқылы жүргізіледі. Бұлардың тәртібін ҚР Үкіметі анықтайды. Бағалы қағаздарды шығаруда Үкімет, жергілікті атқару органы, Ұлттық, Банк иелеріне бірдей бүкіл жағдайларда ұсына отырып бағалы қағаздармен рәсімдейді.

Мемлекет тарапынан мына органдар қатысады. Үкімет – мемлекеттік қарыз алу мәселелерін және мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды шешеді. Ұлттық Банк – мемлекеттің ақша-несие саясатына басты субъекті бола отырып мемлекеттік займ алу туралы Үкіметпен келісе шешім шығаруды, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді алады, пайдаланады, өтейді, қызмет көрсетеді. Қазақстан Ұлттық Банкі банк, қаржы кеңесшісі және мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың агенті ретінде іс-әрекет жасай алады [5].

Ұлттық Банк ҚР Үкіметтің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттің бағалы қағаздарымен операцияларды реттейді. Бұл операциялар: бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және өткізу, өтеу. Сонымен бірге Ұлттық Банк мемлекеттік және жалпы бағалы қағаздар айналымын реттеуші негізгі орган.

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Үкіметке мемлекеттік қарыз алу туралы ұсыныстар жасайды, Үкімет тапсырмасы бойынша келесісөздер жасайды, шартқа отырады, мемлекеттік бағалы қағаздар шығарады. Мемлекеттік қазыналық облигациялар туралы Үкімет қаулысына сай Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздар шығарады [9;443 б].

Бағалы қағаздар эмиссиясы жоғарыда көрсетілген органдарда тіркеуге алынады. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды өкілді орган тіркеп келесідей мәліметтерді негізге алады. Проспект эмиссиясын қарау, эмитенттің қаржылық жағдайын тексеру, ақпараттарды мемлекеттік реестрге енгізу және мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлікке беру қарастырылған.

Жекешелендіру объектілері ретінде акцияарға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату қарастырылған. Туынды бағалы қағаздар дегеніміз – объектілері басқа бағалы қағаздар болатын құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз. Коммерциялық емес ұйымдар туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы емес.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сату туралы шешімді ҚР Үкімет қабылдайды және сату бойынша жағдайда сатушының ұсынуымен бекітеді. Қоғам облигация және акция эмиссиясымен бірге варранттар шығаруға құқылы. Варранттар оларды шығарғаннан кейін бағалы қағаздардан бөлініп варрантта көрсетілген бағалы қағазды сатып алғанға дейін бағалы қағаздар нарығында еркін айналымда болады [7;443 б].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес, бағалы қағаздарға: облигация, коносамент, акция және заң актілерінде немесе

соларда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар жатады. Азаматтық кодексінде бағалы қағаздардың әр түрінің белгілерін қамтитын бағалы қағазды шығару көзделген.

Бағалы қағаздар эмиссиялық және эмиссиялық емес бағалы қағаздар болып бөлінеді. Эмиссиялық бағалы қағазда оның ішінде акция және облигация жатады. Эмиссиялық бағалы қағаздарды топтастыру мемлекеттік және мемлекеттік емес деп бөлінетін болғандықтан, оның заңдық маңызы болады.

Акция - үлесті немесе меншікті куәландыратын бағалы қағаз. Ол иемденушісіне компанияның капиталының, мүлкінің, кірісінің бір бөлігіне заң жүзінде меншік құқығын береді.

Компания қанша уақыт жұмыс істеп тұрса, акция да сонша уақыт қолданылады. Бірақ осы уақыт ішінде акцияның иесі сан рет өзгеруі мүмкін. Акционердің акцияны шығарған компанияға қайтаруға құқы жоқ. Акционерлік капитал бөлінбейді. Акционер оны тек екінші нарықта сатуына болады. Акцияны шығару мына жағдайда болады:

- меншікті акцияландырғанда, яғни акционерлік қоғам құрып, оның жарғылық капиталын қалыптастырғанда;
- бар компанияны акционерлік қоғам ретінде қайта құрғанда;
- жарғылық капиталды қосымша молайтқанда.

Атап айтқанда, жарғылық капитал деген шығарылған акциялардың бастапқы жиынтық құны. Ол, өз кезегінде, айналымдағы капитал (жай және артықшылықты акциялар) және компанияның портфелінде қалған бағалы қағаздар болып бөлінеді. Оларды компания кез-келген уақытта өз ойынша пайдалана алады.

Акция белгіді бір жағдайда акционерлік қоғамның өз капиталын ұлғайтуға және оны инфляциядан қорғау үшін жұмсауға болатын бағалы қағаздардың бірден-бір түрі. Акция компанияның акционерлер алдындағы қарыз міндеттемесі. Компанияның өз акциясын қайта сатып алатын құқы бар. Бірақ бірсыпыра елдердің заңында, егер корпорацияның төлем қабілеті жоқ болса, онда ол акциясын қайта сатып алатын құқықтан айырылады деген де ереже бар. Дәл осы жағдай, егер қайта сатып алу корпорацияның төлем қабілетін нашарлататын болса да қаралған. Заң жүзінде акцияны бөлуге де болады. Айналымдағы әрбір акцияны бірнеше бөлікке бөлуге болады.

Акция бірнеше түрге жіктеледі. Бір жағынан, бір акционерден басқа біреуге беру тәсілі бойынша: атаулы және иесі ұсынушы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша - жай және артықшылықты акция деп те екіге бөлінеді. Корпорация тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады.

а) Атаулы акция - иесі міндетті түрде корпорацияның реестрінде тіркелуі тиіс акция. Акционерлер кітабында қанша және қай уақытта алғандығы туралы жазылған акция иесі ғана акционер деп есептеледі.

ә) Ұсынушыға арналған акция — иесінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітапта ұсынушыға арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі.

Ал басқару жағынан корпорацияларға қолында атаулы акциясы бар акционерлер қолайлы. Себебі ол акционерлік капиталдың қозғалысын және бағалы қағаздардың қозғалысын және бағалы қағаздардың кейбір акционерлердің қолында шоғырлануын, олардың бұл мемлекеттен кеткенін реттеп және бақылап отыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, өсіресе, қысқа мерзімді мүддені көздеген акционерлер ұсынушыға арналған акцияны қолдайды. Себебі еш жерде тіркелмеген бұндай акцияларды екінші нарықта еркін сатуға болады. Ал атаулы акцияны еркін қолма-қол ақшаға айырбастауға болмайды, сондықтан олардың өтімділігі акционерге кейбір жағдайда қолбайлау туғызады. Акцияның осы екі түрін жүзеге асыру жолы да әртүрлі:

Біріншіден, сату механизмі бойынша, атаулы акцияның иесі оларды компаниядан сатып алғанын куәландыратын барлық акция санына бір толтырылған сертификат алады. Бұл акцияларды сатқанда сертификаттың сырт жағында екі жақтың қолы қойылған "индоссамент" деген белгі қойылады. Содан соң акционерлердің тізіміне өзгеріс енгізу үшін сертификат корпорацияға жіберіледі. Содан кейін ғана акциялардың жаңа иесі акцияларға жаңа сертификат алады. Ұсынушыға арналған акцияны сатқанда оларды бір иемденуші тікелей, яғни қолма-қол екіншіге береді.

Екіншіден, акцияның осы екі түрінің жаңа данасын (тиражын) иемденушілер құқын белгілеу тәртібі де әртүрлі. Бұл туралы атаулы акция иесі корпорациядан хабарландыру хат алса, ал акцияны ұсынушыға бұндай механизм жүруі мүмкін емес. Ұсынушы акциясында кесіп алатын купоны (талоны) болады. Соны толтырғаннан кейін корпорацияға жіберіп, өзінің меншік құқын іске асырады.

Үшіншіден, ұсынушы акциясының номиналы өте жоғары болмайды, бірақ ол көп тиражбен шығарылады, ал атаулы акцияның номиналы әртүрлі мөлшерде бола береді.

Корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша жай және артықшылықты акциялар болып бөлінеді. Жай акцияларды иеленушілердің корпорацияның тапқан пайдасының мөлшеріне байланысты дивидендтер алу құқы, жиналыстарда дауыс беру арқылы корпорацияны басқаруға қатысу құқы және корпорация жабылып қалған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін мүліктің бір бөлігін алу құқы бар. Құқықтар акция мөлшеріне сәйкес көлемде жүзеге асырылады.

Дивиденд алу құқығы. Дивиденд мөлшері корпорацияның жылдық айналымына байланысты анықталады. Оны тоқсан сайын (әрбір үш айда бір) төлеуі мүмкін. Дивидендтің бірнеше түрі бар:

1) қолма-қол төленетін дивидендтер. Бұл табысты бөлудің ең кең тараған түрі. Ол бір жай акцияға есептеліп төленеді;

2) мүліктік дивидендтер. Табысты бөлудің мүліктік формасы акционердің қолындағы акция санына пропорционалды анықталады. Корпорация дивидендтің бұл типін әдетте өзі жабылу кезінде қолданады;

3) акция формасындағы дивидендтер. Бұл қосымша акциялар акционерлер арасында акционерлердің қолындағы акция санына

пропорционалды бөлінеді. Дивиденд төлеудің бұл түрі компанияның өзін-өзі қорғап қалуын қамтамасыз етеді.

Жай акция бойынша меншік құқын басқаға беру. Өзінің үлестік құқын акционер акциясын ия сатып, ия сыйға беріп, ия өсиетке қалдырып жүзеге асырады. Акция кепілдікке де, яғни банктен несие алғанда да, беріледі.

Корпорациядағы акционерлердің мүліктік мүддесін қорғауға дауыс беру құқығы, бұған, мысалы, жаңа бағалы қағаздар шығару, корпорацияның активтерінің бір бөлігін сату сияқты мәселелер жатады. Активтер болып корпорацияның барлық қозғалмайтын және қозғалатын меншігі: жер, құрылыс, мүлік, қолма-қол қаржы және с.с. есептеледі.

Корпорацияның қаржылық есебін тексеру құқы, мысалы, акционерлердің реестерін тексеру. Жылма-жыл корпорация президенті әрбір акционерге хат жіберуі тиіс. Акционер баланстың активі мен пассивін, салық ведомостысын бақылауы мүмкін.

Шектеулі міндет құқы. Басқаша айтқанда, корпорация банкротқа ұшырағанда акция сатып алуға шығарған акционердің ақшасын қайтаруға ешкім кепілдік бермейді.

Корпорация жабылған кезде оның активінің бір бөлігін алу құқы, яғни жабылу дивидендін алу құқығы. Корпорацияның міндеттерін өтеу тәртібі бойынша, ең алдымен корпорация мемлекеттің және адвокаттардың, содан соң белгілі-бір тәртіппен өзіне несие бергіштердің, ал ең соңында артықшылықты акция иелерінің және жай акция иелерінің талабын орындайды.

Егер акция көпшілікке сатылып кетсе, онда оның бағасын (курсын) сатуға қатысқан барлық инвесторлар қалыптастырады. Акцияның нарықтық бағасын, сатушының төмендеткен төменгі бағасымен және сатып алушының төлейтін жоғары бағасы анықтайды. Акцияның нарықтық бағасын ия корпорация, ия басқа біреу белгілейді [11;586].

Акцияның эмиссиялық және нарықтық бағаларынан басқа, оның баланстық бағасы да болады. Ол қаржы есебінің құжаттары негізінде анықталып, бухгалтерлік немесе "кітаптық" баға деп аталады. Ол активтің таза құнын (корпорация активінен минус оның пассиві) орналастырылған акция санына бөлгенге, немесе бір акцияға келетін акционерлерге тиесілі капиталдың көлеміне тең.

Корпорация жай акцияның номиналын көрсетпей де шығаруға құқығы бар. Онда ол нарықтық бағамен (курсмен) сатылады. Бұл жағдайда акцияның сертификатында компанияның капиталы бірнеше үлеске бөлінгені көрсетіледі. Корпорация жабылғанда бұл акциялар акционерлерге активтің белгілі бір бөлігін (номиналдық құнының емес) алуға кепілдік береді.

Артықшылықты акциялар (немесе преференционалды) — меншік туралы ерекше сертификат. Олар корпорация пайдасының деңгейіне қарамастан белгіленген мөлшерде неғұрлым нақты дивиденд төленуін қамтамасыз етеді. Преференционалды акция дауыс құқын бермейді. Ол дауыссыз бағалы қағаз. Оған байланысты артықшылық дауыс құқы жоқтығының орнына төлеу ретінде жүреді.

Жай акция бойынша төленетін дивидендтер сияқты артықшылықты акция бойынша да дивидендтер таза пайдадан төленеді. Артықшылықты акция, әдетте, атаулы бағалы қағаз. Артықшылықты акциялардың өзі, бірнеше түр тармағына бөлінеді. Оларды былай топтастыруға болады — қатысушылар және қатыспаушылар, кумулятивтік және кумулятивтік емес, конвертабельді және конвертабельді емес.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде артықшылықты акциялар саны әлбетте барлық акциялардың 10%-нен аспайды. Демек, корпорация қаржысында олардың үлесі өте төмен. Дегенмен де, артықшылықты акциялардың корпорация ісін басқаруда маңызы орасан зор. Олар акционерлік қоғамның жиналысында дауыс беретін жай акция иемденушілердің санын өзгертпей-ақ қосымша капитал тартуға мүмкіндік береді.

Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу корпорацияның нәтижелі қызмет істеуіне байланысты болса, ал артықшылықты акциялар бойынша корпорацияның шаруашылық қызметі нәтижелі болмағанына қарамастан алдын ала жоспарланған кіріс бойынша нақты мөлшерде дивиденд төленеді.

Бағалы қағаздардың бір түрі – облигация. Облигация – оны иеленушінің облигациялық атаулы құнын немесе өзге де мүлктік эквивалентін облигация шығарған тұлғадан оны шығару шартында белгіленген мерзімде алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз [10;66 б].

Облигация, сондай-ақ оны ұстаушыға ол бойынша облигация шығару шарттарына сәйкес сыйақы алуға құқық береді. Қоғам, егер қоғамның жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғамның бұдан кейінгі қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқығы бар облигациялардың меншік иелеріне, егер жарғыда өзгеше көзделмесе, қоғамды басқаруға қатысу құқықтары берілмейді. Облигацияның атаулы құны – Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен де, шетелдік валютамен де белгіленеді. Атаулы құны шетелдік валютамен белгіленген облигацияларды төлеу Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Облигация деп эмитенттің белгілі бір шартты орындауға, яғни алған ақша сомасын қайтаруды және белгіленген сыйақыны (мүддені) төлеуді міндеттенген жазбаша қарыз құжатын айтады.

Ол корпорацияның активіне қарсы қойылады. Облигация арқылы тартылған капитал акционерлік капитал деп есептелмейді. Облигация шығару - қосымша капитал тартудың бір нысаны. Эмитенттің жалпы шығыны облигацияны шығаруға және оларды орналастыруға жұмсаған жылдық шығынға тең болады.

Облигацияларды шығару тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен реттеледі: Облигациялар эмиссиясы бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тұрады.

Акционерлік қоғам мынандай облигациялар шығаруға құқылы:

- а) қоғамның белгілі бір мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген;
- б) үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген;

в) қамтамасыз етпестен заңдарда белгіленген тәртіппен шығаруға;

Акционерлік қоғам купондық және дисконттық облигациялар шығаруға құқығы бар. Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және облигацияларды өтеу оларды мерзімінен бұрын өтеу көзделуі мүмкін болатын облигациялар шығарылымы шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамның облигация шығарудың шарттарын өзгертуге құқығы жоқ. Қоғам акционерлердің жалпы жиналыс шешімі қабылдап, бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлағаннан кейін және оларды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен орналастыру туралы кейіннен есеп берген соң қоғам халықаралық облигациялар шығаруды жүзеге асырады [17;98 б].

Халықаралық облигациялар шығаруды реттеу мемлекеттің заңдарымен реттеледі. Қоғам органының шешімі бойынша қоғам опцион тарапына қоғам шығаратын бағалы қағаздардың белгілі бір санын сатып алуға немесе сатуға артықшылықты құқық беретін опциондар жасасуға құқылы. Халықтық қоғамның осы қоғамның шығарған акциялардың бір процентінің құнынан асатын опциондар жасауы қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады [16;304 б].

Опциондар жасаудың тәртібі мен шарттары және олардың айналысы бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен реттеледі.

Облигация мерзімдік қарыз міндеттемесі болғандықтан оның кепілі болып эмитенттің жалпы кепілдігі саналады. Ол кепілдік — эмитенттің банкротқа ұшырап, өз міндеттемесін орындай алмаған кезінде - корпорация мүлігінің бір бөлігін иемденуге облигация ұстаушының құқы. Облигация да акция сияқты корпорацияны инвестициялаудың ең маңызды көзі. Дегенмен бұл екі бағалы қағаздардың бір-бірінен түбегейлі өзгешеліктері бар.

Облигация иемденушісі корпорацияға несие беруші болып табылады. Ал облигация корпорацияны несиелендіргеннің куәлігі. Өз кезегінде, акционер корпорацияны меншіктенушінің бірі. Акция сол меншіктенудің куәлігі тәрізді.

Облигация иемденушісіне сыйақы төленеді. Оның мөлшері бекітілген және нақты анықталған. Бұл бағалы қағаз өзінде көрсетілген белгілі бір анықталған уақыт аралығында ғана кіріс түсіреді. Облигация бойынша сыйақы (мүдде) басқа өтелетін дивидендтерден бұрын төленеді. Корпорацияның сыйақыны (мүддені) уақытында төлей алмауы оның банкрот деп танылуына тең. Акционер де дивиденд түрінде төлем алады. Бірақ дивидендтің мөлшері тіркелмейді және ол арнаулы уақытта төленбейді. Егер корпорация дивиденд төлеу туралы хабарламаса, демек, төлегісі келмесе, онда акционер корпорацияға қарсы ешқандай шара қолдана алмайды.

Басқа несие беруші сияқты, облигация иесінің дауыс беру құқы жоқ. Ол акционерлер жиналысына, сонымен қатар, корпорация басқаруға да қатыспайды. Оған керісінше акция иесінің корпорацияның мүлдіктік мүддесін қорғауда шешуші дауыс құқығы бар.

Вексель берушінің ешқандай шарт қойылмаған міндеттемелерінің (жай вексель) не вексельде көрсетілген өзге төлеушінің (аударымды вексель)

вексельге көзделген мерзім келген кезде вексель иесіне белгілі бір соманы төлеуін куәландыратын бағалы қағаз вексель деп танылады.

Эмиссия шарты — ашықтан—ашық облигация шығару мәмілесі. Ол қарыз алушымен траст компаниясының шарты бойынша шығарылады. Траст компаниясы корпорацияның инвесторлары алдында оның кепілі болып, облигация ұстаушылардың мүддесін қорғап, эмитенттің өз міндеттемелерін орындауын қадағалап отырады.

Эмиссия шартында облигацияны уақытынан бұрын сатып алуы жағдайы болуы мүмкін, яғни эмитенттің өз облигацияларын қайтарып алу құқы. Әдетте, ондай жағдай облигация шығарылғаннан кейінгі алтыншы жылдан басталады. Уақыттан бұрын қайта сатып алғанда облигацияның бағасы оның номиналдық құнынан жоғары болады [12;421б].

Қамтамасыз етілген облигациялар — оларды шығарғанда кепілдікке корпорация активтері немесе мүлігі салынады. Облигация қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген болып бөлінеді. Қамтамасыз етілген облигация корпорацияның негізгі активтерін талап етуге құқық беріп және сонымен бірге оның негізгі меншігінің облигацияға салынғанын көрсетеді.

Егер корпорация тағайындалған мезгілде өз облигациясын өтей алмаса, онда оны ұстаушылар кепілдікті өз пайдасына сатуға құқы бар, Қамтамасыз етуге қозғалмалы, қозғалмайтын мүліктер және басқа бағалы қағаздар салынады.

Акция сияқты облигациялардың да номиналы және нарықтық бағасы болады. Оның номиналына байланысты процентпен көрсетілген нарықтық бағасы облигацияның курсы деп аталады, Егер нарықтық бағасы номиналынан жоғары болса, онда облигация сыйлықпен сатылды деп атайды, Егер номиналынан бағасы төмен болса, онда облигацияның жаңа иесі оны дисконтпен, яғни бағасын төмендетіп сатып алады. Облигацияның нарықтық бағасы қандай болса да, сыйақы (мүдде) оның номиналына байланысты есептеледі.

Облигацияның нарықтық бағасы, бір жағынан, заемды шығару жағдайына, екінші жағынан, нарықтағы әр уақытта әр түрлі болып қалыптасатын жағдайға байланысты анықталады. Егер нарықта купондық бағасы жоғары жаңа заем пайда болса, онда ол жағдай айналымдағы облигацияларға екі түрлі әсер етеді.

Біріншіден, егер жаңа жағдайлармен шығарылған заемдар өте көп болса, онда бұрын төмен бағамен шығарылған облигациялардың курсы төмендейді. Басқаша айтқанда, олар дисконтпен сатылады. Себебі бұндай облигациялар тек номиналы бойынша өтеледі. Ал арасындағы айырмашылық жаңа иемденушіге өте төмен кіріс түсіреді.

Екіншіден, егер жаңа облигациялар аз болса, олар номиналынан жоғары курспен (сыйлықпен) сатылады. Ол облигацияның жаңа және бұрынғы иелерінің кірісін теңестіреді.

Корпорация өз жұмысын акция шығарумен де, сонымен қатар облигация шығарумен де қаржыландырады. Дегенмен, акциядан гөрі, облигация шығару корпорацияға қауіпті. Себебі облигациядан пайда түспесе

де, жыл сайын корпорация облигация бойынша төлем төлеуге міндетті. Ал акция бойынша белгіленген соманы төлеуге міндетті емес. Егер компанияның дивиденд төлеуге ақшасы болмаса, ол акционердің жеке сәтсіздігі.

Бағалы қағаздардың басқа түрлері: Бағалы қағаздардың өте көп басқа түрлері болады. Оларды әртүрлі эмитенттер шығарады. Солардың екі-үш түріне тоқталып кетейік. Корпорацияның жарғысына қарсы келмесе онда оның "екінші қатардағы", немесе айналымдағы бағалы қағаздарға қосымша тағы да бағалы қағаздар шығаруға капитал табуға мүмкіндігі бар. Оларды "құқықты бағалы қағаздар" деп те айтады.

Оларға жазылу құқық опцион, варрант деген сөздер айқындайды. Акцияға жазылу құқық акционерлерге компания акциясының жаңа тиражын сатып алу артықшылық құқын береді.

Бұл акционерлердің мүлікке деген мүддесін қорғайды. Бұл бағалы қағаздың ерекшелігі корпорация жарғысында акционерлердің "артықшылық құқы" деген арнаулы сөзбен белгіленеді. Ондай құқықты тек жай акция иелері ғана пайдалана алады, Акцияға жазылу құқы бар әрбір акционер корпорациядан сатып алуға рұқсаты бар акция саны және оның сатылу бағасы көрсетілген арнаулы куәлік немесе құқық сертификатын алады. Әдетте, акцияның сатылу бағасы ағымдағы курсынан төмен болады. Жазылу құқын үш түрлі жолмен жүзеге асыруға болады: Біріншіден, өз құқын іске асыру, яғни жаңа акция сатып алу. Ол үшін сертификатты толтырып және ақша аударып, корпорацияға жіберу керек; Екіншіден, жазылу құқын сатуға болады; Үшіншіден, жазылу құқын пайдаланбауға да болады. Онда сатып алушылар туралы мәселені корпорация өзі шешеді.

Жазылу құқы - қысқа мерзімді бағалы қағаз. Әлбетте, ол бір айдан аспайды. Егер корпорацияның акциясы қор биржасында айналымда болса, онда құқық сертификаттары да сол биржада бағалануы мүмкін. Оларға басқа баға қойылады.

Опцион — шартқа енгізілген мерзімдік талапты көрсететін бағалы қағаз. Ол бойынша екі жақтың біріне белгілі—бір уақыттың ішінде келісілген ақыға бағалы қағаздардың біраз мөлшерін сатуға немесе сатып алуға құқық беріледі, ал екінші жақ, қажет болғанда, шартта белгіленген ақыға бағалы қағаздарды сатуға және сатып алуға міндеттеледі. Әдетте, опцион компанияның өзінің жоғары лауазымды қызметкерлеріне тұрақты бағамен жай акция сатып алу құқын беретін бағалы қағаз. Опцион — заңды түрде бекітілген стандартты құжат. Онда сатылатын бағалы қағаздар саны көрсетіледі. Опционның мазмұнында опциондық шартта бекітілген құқықтың орындалуы, яғни бағалы қағаздарды сату немесе сатып алу күні және бағасы көрсетіледі.

Опционның екі түрі кездеседі: сатып алушы опционы және сатушы опционы. Біріншісі — сатып алу шарты, онда опционның өзі сатып алынады. Екіншісі — сату шарты, ол бағалы қағазбен бірге сатылады. Айта кететін жөйт, алғашқыда опциондық шарт тек қор нарығындағы акцияға қатысты болса, қазіргі кезде ондай шарт кез-келген тауарға жасалады. Бағалы

қағаздардың туынды түрлерінің бірі — варрант. Варрант — ерекше бағалы қағаз. Ол корпорацияның айналымдағы бағалы қағаздарына сатушының сатып алушыға меншік құқын беретін міндеттемесі. Варрант иемденушісі қолындағы варрантты (бағалы қағазды) белгілі бір уақыт аралығында тұрақты бағамен онда белгіленген жай акциялар санына айырбастауға құқы бар [8;596].

Варрант - ұзақ мерзімді бағалы қағаз. Әдетте, оны корпорация облигациялармен және артықшылықты акциялармен қоса шығарады. Бұл, бір жағынан, бағалы қағаздарды алғашқы орналастырғанда тартымды етсе, екінші жағынан корпорацияның эмиссиялық шығындарын азайтады. Варранттың опционнан айырмашылығы — егер опционды эмитент те және бағалы қағаздар портфелін иемденуші де шығарса, ал варрантты тек қарыз міндеттемесінің эмитенті ғана шығарады [8;596]. Варрант корпорацияның басқа бағалы қағаздарымен қоса шығарылғаннан кейін, олардан бөлініп, өз алдына айналымға түседі. Ол туралы компанияның жарғысында көрсетілген болуы керек. Варрант бөлінгеннен кейін бағалы қағаздың сатылу бағасы варрант бағасына кемиді. Екінші нарыққа түскесін варрант өзінің нарықтық курсына ие болады. Варранттың жаңа бағалы қағазға айырбасталу бағасы варранттың орындалу бағасы деп аталады.

Бағалы қағаздарды шығару механизмі. Бағалы қағаздар — ең алдымен мүлікті иемденуге құқық беретін ақшалы құжат немесе қарыз берушіге қарыз алушының берген қарыз міндеттемесі. Бағалы қағаздар толтырылуы немесе жазылуы жөнінен екі түрлі болуы мүмкін: не заң жүзінде бекітілген жеке құжат түрі, не сипатқа енгізілген жазу түрі. Егер басқа адамға иемденуге берілсе бағалы қағаздардың екінші түрі бойынша ерекше куәлік толтырылып беріледі. Оны иемдену құқын беретін құжатты сертификат деп атайды [18;184 б].

Шығаруы жөнінен бағалы қағаздар нарықтық және нарықтан тыс болып та екіге бөлінеді. Нарықтан тыс бағалы қағаздар әлеуметтік – нарықтық қатынастардың дамуы негізінде пайда болған қағаздардың ерекше түрі. Оларға жинақ облигациялары, зейнетақы қорларының облигациялары, депозиттік (салым) облигациялары және с.с. жатады. Жинақ облигациялары негізінен жеке тұлғалар арасында орналастырылады, Бұл бағалы қағаздар қазіргі кезде АҚШ-та кең тараған. Нарықтан тыс бағалы қағаздар әртүрлі қорларға немесе банктерге, оның ішінде шетел банктеріне және кәсіпорын, ұйымдарға салған капиталдан түскен табысты иемденуге құқық береді. Бұл бағалы қағаздарды шығару шарты бойынша иемденуші — заңды немесе жеке тұлғалар - оларды басқа иемденушіге беруге құқығы жоқ. Сондықтан бұл қағаздар нарықта еркін айналымға түсе алмайды. Сонымен қатар, нарықтан тыс бағалы қағаздарға (мысалы, АҚШ-та және кейбір басқа елдерде тараған) басқа мемлекеттердің Орталық банктерінде орналастыру үшін шығарылуы кең өрістеген облигациялар жатады. Соңғы кездерде барлық дамыған елдерде нарықтан тыс бағалы қағаздарды шығаруды кеңейту және олардың түрлері мен санын көбейту тенденциялары байқалуда. Ал айналымға түсетін бағалы қағаздарды нарықтық бағалы қағаздар деп атайды. Бағалы қағаздар айналысы

деп оларды сатып алу - сатуды және заң жүзінде олардың иемденушісін өзгерту әрекеттерін айтады. Бағалы қағаздарды шығарып, оларды бірінші иемденушілерге (инвесторларға) сатушыға түрде жүзеге асырылады (инвесторлар жеке және заңды тұлға болуы мүмкін): біріншіден, қоғам құрып, олардың акцияларын құрылтайшылар арасында орналастырғанда; екіншіден, қоғамның алғашқы жарғылық капиталының көлемін жаңадан акция шығарып өсіргенде; үшіншіден, заңды тұлғалардың, яғни мемлекеттің, мемлекеттік органдардың немесе жергілікті өкімшіліктердің облигация және басқа қаржы міндеттемелерін шығару арқылы қарыз капиталын пайдаланғанда.

Сонымен, қоғам құрылғанда оның жарғылық капиталы құрылтайшылар арасында толықнан үлестірілуі қажет. Қоғам құрылған кезде оның акцияларына жазылуға болмайды.

Эмитент және сонымен қатар эмитенттің келісімімен бағалы қағаздарды алғашқы иемденуші инвестициялық институттар әрбір бағалы қағаздарды сатып алушыға сату тәртібін түсіндіретін эмиссия проспектісін алдын ала шығаруы тиіс. Оны ақпарат құралдарында жариялау міндетті.

Эмиссия проспектісінің бірінші тарауында эмитент туралы жалпы деректер, яғни эмитенттің аты мен ұйымдастыру-құқықтық формасы және эмиссия проспектісіндегі деректердің дұрыстығына жауапты адамның аты-жөні көрсетіледі. Ал екінші тарауында инвестициялық мәлімдеме жарияланып, онда инвестицияның маңызы және инвестициялық саясаттың бағыты немесе бағалы қағаздар нарығындағы эмитенттің қысқаша жұмысы баяндалады. Үшінші тарауында бағалы қағаздар шығару жөнінде мәліметтер жарияланады.

Эмиссия проспектісінің келесі тарауларында бұдан бұрынғы эмиссия туралы, эмитенттің құрылтайшысы, басқарушылардың аты-жөні және олардың қоғамның жарғылық капиталындағы үлесі, сонымен қатар басқарушылардың қазіргі уақыттағы жұмыс лауазымы мен соңғы 5 жыл ішіндегі қызмет орны, оның ішінде басқару органынан тыс жердегі қызметі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұдан басқа, проспектіні тіркеу кезінде болған (егер ондай болса) эмитент пен оның басшыларына сотқа берілген арыз және жазалау шаралары көрсетіліп, қоғамның қаржылық жағдайы жөніндегі есеп пен қызмет нәтижесі баяндалады.

Ал қорытынды тарауларында бағалы қағаздарды сатып алу шарттары, иемденушінің құқығы және сол сияқты инвесторларды қызықтыратын басқа да хабарлар орын алады. Эмиссия проспектісін шығару эмитенттің сенімділігін, инвесторлар мүддесінің қорғалуын, сайып келгенде, бағалы қағаздар нарығы қызметін бақылауға көмектеседі [19;27 б].

Эмитент пен инвестиция институттары, яғни акцияларды алғашқы иемденушілерге сатушылар акцияның бағасын барлық сатып алушыларға бірдей белгілеулері міндетті. Бұл жағдайда бір уақытта шығарылған акциялардың бағасы бірдей болуы шарт. Бағалы қағаздарды шығаруды мемлекет органдары қатаң бақылап отырады. Оларды шығарушылардың

барлығы Бағалы қағаздар нарығы тек әдеттегі тауар - ақша қатынастары және меншік қатынастары жағдайында дамуы мүмкін. Бағалы қағаздар нарығы жаңадан қалыптасып келе жатқан жағдайда жекеменшіктендіру акцияландырумен тікелей байланысты. Себебі, көптеген кәсіпорындар да, халық та осындай жаңа құбылыстар арқылы нарыққа кең көлемде қатынасуға мүмкіндік алады. Жекеменшіктендіру бағалы қағаздардың жаңа түрі - жекеменшіктендіру чектерін (купондарын) өмірге келтірді. Бұл мемлекеттік бағалы қағаздар, өз иесіне мемлекеттің иелігінен алып, жекеменшіктендірілген меншікті бір бөлігін қайтарымсыз пайдалануына құқық береді.

Осы айтылғандардан басқа, жекеменшіктендіру чегін мұра етіп қалдыруға, сыйлық ретінде беруге және жекеменшіктендіру сенімхаттан басқа адамға беруге де болады. Біздің елімізде чегіне акция сату және меншікті жекеменшіктендіру кезең-кезеңімен өтті жылдары өтті.

Жекеменшіктендіру бір жағынан бағалы қағаздардың жаңа түрі - жекеменшіктендіру чегін нарыққа әкелсе, екінші жағынан кәсіпорынның жаңа ұйымдастыру-құқықтық формасы - акционерлік қоғамдардың көптеп құрылуына және олардың қалыптасуына жол ашты. Бұл жағдай жаңа акциялар мен облигацияларды эмиссиялаумен қатар, бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығаруға да себепші болады [20;74б].

Қазақстан Республикасының жоспарлы экономикадан түбегейлі жаңа, нарықтық, мемлекет реттейтін экономикаға өтуі елімізде қаржы нарығын және оның қызметін қамтамасыз ететін институттардың құрылуын талап етеді. Бұл өте күрделі және ауқымды мақсат, Көптеген жылдар бойы елімізде шын мәнінде ия қаржы нарығы, ия оиың инфрақұрылымы, яғни жеке коммерциялық және инвестициялық банктер, биржалар, сақтандыру қоғамдары болған жоқ. Қаржы саласының барлығын мемлекет айырықша құқықпен (монопольно) өзіне қаратып, барлық кіріс көздерін халықтың қажетін өтемейтін міндеттерге жұмсап отырды [14;66 б].

Нарықтық экономика — адамзат өркениеттілігінің ең жоғарғы жетістігі және өндірісті ұйымдастырудың ең тиімді түрі екендігін дүниежүзі мемлекеттерінің көпшілігінің өркендеу тежірбиесі дәлелдеген ақиқат шындық. Ал Қазақстан Республикасы үшін шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне өту тек ашық нарыққа өту ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік экономикалық саясаттағы субъективизмнен (әділетсіздіктен) бас тарту. Шаруашылықты нарық әдістерімен жүргізу қаржы нарығының мол мүмкіндігін пайдалануды талап етеді. Қаржы нарығы — мемлекеттің бүкіл ақша қорларының жиынтығы. Бұл қорлар экономиканың әртүрлі субъектілерінің сұранысы мен ұсынысы әсерінен өзгеріп және үнемі қозғалыста болады. Жалпы қаржы нарығы біріне-бірі байланысты және бірін-бірі толықтырып тұратын, бірақ әрқайсысы өз алдына қызмет жасайтын үш нарықтан тұрады: біріншіден, айналымдағы қолма-қол ақша нарығы және қолма-қол ақша қызметін атқаратын қысқа мерзімді төлем құралдары (вексельдер, чектер және с.с.) жатады. Қазақстан Республикасының қаржы нарығы қазіргі кезде айналымдағы қағаз ақшаның құнсыздануынан

инфляцияға ұшырауда. Екіншіден, несие капиталының нарығы, яғни қысқа және ұзақ мерзімді банктік несие нарығы.

Коммерциялық банктер қысқа мерзімді несиені қайтарылуына көзі жеткенде ғана жоғары проценттік өсіммен береді. Бұл несиені өзінің айналым қаржысы жоқ кәсіпорындар алуына мәжбүр. Негізгі қорларды құруға және оларды жанартуға проценттік өсімі өзгеріп, қайта қаралып отыратын ұзақ мерзімді несие беріледі. Сондықтан, қаржы нарығының бұл бөлігіне де дағдарыс тән; Үшіншіден, бағалы қағаздар нарығы. Бұл нарықтың кейбір белгілері КСРО-да қазан революциясына дейін болғанымен, соңғы 70 жыл бойы оның ешқандай өсу белгісі болған жоқ. Ал 90-шы жылдардың барысында ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда басталған нарық қатынастары даму және одан әрі жетілу үшін белгілі бір уақыт қажет. Себебі, нарық меншік қатынастарын және мемлекет пен жергілікті басқару органдарының қаржы саясатын өзгертуден басталатыны белгілі. Бағалы қағаздар нарығы экономиканың кез-келген саласының өз қажетіне ақша қорын алуына жол ашуда. Мысалы, акция шығарып осы қорды үнемі, яғни кәсіпорын жабылғанша пайдалануға болады, ал облигацияны шығару несиені банктен алудан тиімділеу жағдай жасайды. Бұл айтылғандар бағалы қағаздар нарығын өрістетуге мүмкіндік береді. Қаржы нарығына мемлекеттік үстемдікті жойған кезде, ол әкімшілік емес, тек экономикалық заңдардың әсерімен қызмет жасайды. Егер қаржы нарығы жеке меншікпен негізделсе, әрине оның әкімшілік тәсілмен қызмет етуі мүмкін емес. Кәсіпорын мемлекеттік меншіктен акционерлік меншікке өткенде бүкіл табыстың салық төлегеннен кейін қалғаны өз меншігінде болады. Кәсіпорындар осы уақытша бос қаржысына коммерциялық банктердің төлейтін проценттік мөлшері нарық деңгейіне сай келгенде ғана есепшотта сақтайды. Сонымен, шаруашылықты экономикалық әдістермен жүргізу - өндірістің өсуін қамтамасыз етіп, қаржы қорларының көбейіп, қоғамда әлеуметтік оң өзгерістердің болуының кепілі.

Бағалы қағаздар нарығы басқа нарықтардан өзінің айырықша тауарымен өзгешеленеді. Ол өзге тауар - бағалы қағаздар. Олар біріншіден, меншік белгісі, екіншіден, қарыз міндеттемесі, яғни олар бойынша табыс алу құқы және табыс төлеу міндеттемесі пайда болады. Бұдан бұрын айтқанымыздай, бұл тауарды өз құны аз болса да, өте жоғары нарық бағасымен сатуға болады, Бағалы қағаздардың көрсетілген құны өте төмен болғанымен, мысалы, өндіріс кәсіпорнына жұмсалған нақты капиталдың белгілі-бір мөлшерін көрсетеді. Егер бағалы қағаздарға нарықтық сұраныс оның ұсынысынан жоғары болса, онда оның бағасы көрсетілген құннан (номиналынан) жоғары болады (керісінше де болуы мүмкін). Бұндай нарықтық бағаның номиналдан ауытқуы, бағалы қағаздардың "жалған капитал" екенін көрсетеді [12;421б].

Жалған капитал - нақты капиталдың қағаз белгісі, яғни өндірістік капиталдың оқшауланып шыққан бір бөлігі (сауда, несие капиталдары). Бағалы қағаздар ақша капиталының немесе басқа материалды құндылықтардың орнына жүретін "символы" болғандықтан оны "қордың

құндылықтары" деп те атайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздар "қордың инструменти немесе құралы" болып та есептеледі. Себебі тек сол құралды пайдаланып, нақты құндылықтарға қол жеткізуге немесе сол құндылықтар бір субъектіден екіншіге ауысуына болады. Сонымен бағалы қағаздар нарығы капитал нарығының, яғни ақша және басқа материалдық құндылықтардың нақты қызметін көрсетеді.

Бағалы қағаздар нарығы нарықтық экономикада күтпеген кездейсоқ болатын процестердің реттеушісі.; Бұл алдымен капиталды инвестициялау процесіне қатысты. Капиталды инвестициялау деген оның капиталға мұқтаж өндіріс салаларына құйылуы, ал артық болған уақытта сол саладан қайта алынады. Капиталдың бұндай айналыс механизмі мынадан түсінікті. Мысалы, кейбір тауарларға немесе қызмет түрлеріне сұраныс өссе, онда соған сәйкес бағасы да өседі. Демек, оларды өндіруден пайда да өседі, сондықтан басқа салалардың өніміне сұраныс азайып, олардың экономикалық тиімділігі кеміп, ондағы капитал өніміне сұраныс өсіп тұрған салаларға құйылады. Бағалы қағаздар осы механизмнің қызметін қамтамасыз ететін құрал. Олар уақытша бос капиталды сату - сатып алу арқылы тиімді өндіріске бағыттап отырады. Нарықтық экономиканың тәжірбиесінде капитал ең алдымен қоғамға шын мәнінде қажетті өндіріске орналасады. Нәтижесінде қоғамдық өндірістің ең үйлесімді құрылымы пайда болып, тапшылықсыз экономика қалыптасады: қоғамдық өндіріс негізінен қоғамдық сұранысқа сай болады. Бұл өркендеген нарық экономикасының басты жетістігі. Біздің еліміздегі Мемлекеттік жоспарлау комитеті басқарған орталықтанған - жоспарлы экономика 70-жыл (1921-1991) бойы қоғамның зарарсыз өсуін қамтамасыз ете алмады. Ал нарықтық қатынастарды дамыту қоғамдық экономиканың шарықтап өркендеуіне жеткізетіні ақиқат шындық.

Кәсіпорынның қосымша капиталға мұқтаждығы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бастылары - негізгі қорды құру және ескі қорларды жаңарту, айналыс құралдарын толықтыру. Бұл мұқтаждықтар нарық конъюнктурасына тікелей байланысты. Сонымен қатар конъюнктураның өзгеруі белгілі-бір уақыт арасында болып тұрады. Сондықтан кәсіпорын қажетті қаражатты белгілі-бір уақытта, яғни нарық конъюнктурасының өздеріне қолайлы кезінде алғаны жөн. Қазақстан Республикасында бұндай жағдай қалыптасқан жоқ. Себебі, банктік несие әрі қымбат, әрі шектелген, ал бағалы қағаздар нарығы жаңадан қалыптасу кезінде.

Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығының құқықтық негіздері. Кез-келген заңның мазмұны қоғамда орын алып және одан әрі дамып келе жатқан экономикалық құбылыстарға сай болуы шарт. Себебі құқықтық нормаларды шығару белгілі бір экономикалық мүдделерге қызмет көрсетуге бағытталған. Соның ішінде, Қазақстанда бағалы қағаздар нарығын және оның қызметін қамтамасыз ететін құқықтық ережелерді қайта дамыту қажет.

Бағалы қағаздар нарығын құқықтық ережелермен қамтамасыз ету деген мемлекеттік органдардың бағалы қағаздар айналымы тиімді және мағыналы болуы үшін белгілі бір жағдай жасайтын заңдар шығару және сол заңдардың

мемлекет мүддесі мен халық керегін қанағаттандырып, нарық қатынастарына бет алған қоғамның объективті экономикалық заңдарына сай келуі керек.

Қазіргі кезде Қазақстанның егемендік алғаннан бергі шыққан заңдар, Президенттің жарлықтары және Үкіметтің қаулылары жатады. Бағалы қағаздар нарығын құқықтық ережелермен камтамасыз ету мәселесіне ақшалы қарыз міндеттемелерінің айналысы (яғни оларды сату және сатып алу) және белгілі-бір ұйымдық-құқықтық түрде құрылған шаруашылық субъектілерін басқару мен олардың меншігіне қатынасу құқығы кіреді. Айтылып отырған бағалы қағаздар нарығындағы мүліктік құқық олар туралы шыққан заңдарда көрсетілген ерекше құжатпен расталады. Бірақ азаматтық құқық қатынастарымен расталғанымен кейбір бағалы қағаздар бағалы қағаздар нарығына айналысқа түспейді, Мысалы, Қазақстан заңдары бекіткен - ипотекалық куәліктер, сол сияқты коносамент және тауарларды орналастыру құжаттары тауарлар нарығында, яғни тауар биржасында айналымға түседі.

Бағалы қағаздар нарығы, алдыңғы тарауда айтып кеткеніміздей, қаржы нарығының құрамдас бөлігі.

Бағалы қағаздар туралы Қазақстан заңдары Ресейдің азаматтық (саудалық) құндылықтарына негізделіп шығарылады. Қазіргі кезде заң шығару біраз кезеңнен өтті. 1917 жылғы Қазан революциясына дейін Қазақстан Ресей империясының бір бөлігі болғандықтан XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында азаматтық және сауда қатынастары орыстың саудалық құқықтық ережелерімен реттелді. Революциядан кейінгі Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдықтарында аталған қатынастар РСФСР-дың азаматтық заңдарымен жүргізілді. Сол кезде бағалы қағаздардың айналуына толық құқықтық мүмкіндіктер туғызған жаңа экономикалық саясатқа байланысты шығарылған заңдар болды. Атап айтқанда, ақша нарығында вексель және чектер, яғни қысқа мерзімді төлем құралдары сауда келісімінде кеңінен қолданылды, сол уақытта, яғни 1922 жылы РСФСР-дың Азаматтық кодексі төмендегі ережелерді біріктірді: 1937 жылы 7 тамызда Ресей Федеративтік Республикасының Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі бекіткен "Аудармалы және жай вексель туралы" ереже;

1929 жылы 6 қарашада Ресей Федеративтік республикасының Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі бекіткен "Чектер туралы ереже" және сол сияқты заң күшіндегі актілер.

Ол кезде вексельдер және чектермен қатар тауарларды сақтау, жылжымайтын мүліктерді сатып алу-сату келісімдерінде қоймалық, кепілдік куәліктер және т.б. бағалы қағаздар қолданылды. Заң жүзінде бағалы қағаздар туралы жалпы ұғым болғанымен, бұл айтылған қағаздар бағалы қағаздар нарығын құрай алған жоқ. Себебі айтылған бағалы қағаздардың ұлттық экономиканы дамыту мақсатында өндірісті ұйымдастыру үшін қаражат жинауына мүмкіндігі жоқ. Ал инвестициялық бағалы қағаздарды, яғни акциялар, заңды тұлғалардың облигацияларын шығаратын және оларды айналымға түсіретін механизм тіпті болған жоқ. Қор биржалары мен бағалы қағаздар нарығының кәсіпкер делдалдары (дилерлер мен брокерлер) жұмыс

істейтін құқықтық негізі болмады. Себебі делдалдар социализм және коммунизм идеяларына жат элементтер деп есептелді [22;296].

Заң шығарудың келесі кезеңінің негізі - 1977 жылы шыққан КСРО Конституциясы мен 1962 жылы шыққан КСРО және Одақтас Республикалардың азаматтық заңдарының негіздері КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда, жалпы "ішкі нарықта" қандай болса да бағалы қағаздар айналымын тоқтатты. КСРО Конституциясында жеке меншік, еркін кәсіпшілік іс-әрекеттері қаралмағандықтан айналымға акциялар, облигациялар шығаратын акционерлік қоғамдар және басқа шаруашылық қоғамдары мен серіктестіктер құру туралы құқық болған жоқ.

Мемлекеттің "өз ішінде" айналымға түсетін мемлекеттік облигациялар шығарылды. Мемлекетке облигация сатып, ақша тарту тиімді болса, ал халыққа облигацияны сатып алып, аз болса да не проценттік өсім, не ұтыс алу тиімді болды. Бірақ ол облигациялардың қолдан-қолға өтіп, сату-сатып алу айналысы, яғни бағалы қағаздармен "ойын" ұйымдастыратын қызығушылық ынта болмады. Себебі, мұнда азаматтық құқықтың негізі - келісім еркіндігі сақталған жоқ, яғни облигациялар міндетті түрде күшпен жалақының бір бөлігінің орнына берілді [21;48 б].

Дегенмен КСРО халықаралық сауда-есеп айырысуында төлем қаржысы ретінде вексельдер, чектер және сол сияқты төлем құралдарын кеңінен пайдаланды. Оған дәлел 1936 жылы Кеңес Одағы 1930 жылы Халықаралық конвенция бекіткен аудармалы және жай вексельдер туралы біркелкі заңға қосылып, 1937 жылы "Аудармалы және жай вексельдер туралы Ережені енгізу туралы", жоғарыда айтылған, қаулы қабылдады. Ол Ереже Кеңес Одағы ыдырағанша пайдаланылды.

Экономиканы қайта құру идеясы өндірісті қосымша инвестициялау көздерін табу, кәсіпшіліктің тиімділігін арттыру, сол сияқты азаматтардың өз бетімен шаруашылық жүргізуге қызығушылығын арттыратын механизмін құру жолдарын табу керектігін меңзеді, Осы кезде КСРО Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 19 маусымындағы шешімі "Бағалы қағаздар туралы Ережені" бекітті, одан кейін 1991 жылғы 31 мамырда Кеңес Одағының және Одақтас республикалардың жаңа Азаматтық заңдарының негіздері қабылданды. Оның толық бір тарауы бағалы қағаздар туралы ұғымға және оның түрлеріне, сол сияқты бағалы қағаздарды басқа біреуге беру ережесінің негіздерін бекітуге арналған.

Бағалы қағаздар туралы дәл осы негіздер 1993 жылдың 30 қаңтарында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы экономикалық реформа жүргізу кезінде азаматтық құқық қатынастарын реттеу туралы" және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін қабылдағанша өз күшінде болды.

Қазақстанда 1990-1994 жылдары бағалы қағаздар шығарып және оларды кейбір нарықта сатуға мүмкіндік беретін бірсыпыра құқықтық негіздер құрылды.

Олар: Жоғарыда айтылған Азаматтық заңдардың негіздері; 1991 жылдың 21 маусымындағы "Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік

қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заң акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құрып, олардың өз жұмысын қаржыландыру үшін акциялар мен облигациялар шығаруына мүмкіндік беретін заң; 1991 жылдың 11 маусымындағы "Бағалы қағаздар айналымы және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заң бағалы қағаздарды шығаруды реттеуге, оларды тіркеуге, бағалы қағаздар нарығындағы делдалдық қызметті лицензиялауға, қор биржасын құруға және оның жұмыс істеуіне рұқсат беретін заң; 1991 жылдың 13 қарашасындағы Қазақ КСР-ның Министрлер Кабинетінің қаулысы бекіткен "Бағалы қағаздар туралы Ереже". Ол ереже шығарылатын бағалы қағаздардың түрлерін және олардың әрқайсысында жазылатын міндетті мағлұматтарды белгіледі; жоғарыда аталған заңдар негізінде шығарылған басқа ережелер жиынтығы.

Олар да мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және басқа да құжаттарды шығару тәртібі белгіленген; мүлікті мемлекет меншігінен алу және жекеменшіктендіру арқылы акцияландыру, сол сияқты қорларының жұмысын реттеу туралы бірсыпыра заңдармен заң күші бар ережелер; вексельдер, банктік (депозиттік) сертификаттарды шығаруды және оларды айналымға түсіруді, сондай-ақ банктік қызмет көрсетуді реттейтін Қазақстан Ұлттық банкісінің ережелері.

Сол жылдары акционерлік қоғамдар, оның ішінде жекеменшіктендірілген қоғамдар, акциялар шығарып, оларды айналымға түсірді. Сонымен бірге қор биржалары, ия болмаса тауарлы-қор биржалары құрылды, Жергілікті мемлекеттік басқару органдары бағалы қағаздар шығаруға талаптанды. Бағалы қағаздар нарығының алғашқы кәсіби мамандары пайда бола бастады.

Қазақстандағы бағалы қағаздар туралы бұрынғы шығарылған заңдардың жетілмегендігіне қарамастан оларды қолданудың нәтижесінде Қазақстанда бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру идеясын іске асырудың алғашқы қадамдары жасалып, бұл жүйеде өз тәжірибиемізді жинақтап және оның мәнін түсінуге мүмкіндік туды. Өз тәжірибиеміз бағалы қағаздар нарығында мемлекеттің атқаратын рөлін көрсетті. Бір уақытта ол әрі бағалы қағаздар эмитенті, әрі инвестор, әрі бағалы қағаздар нарығын реттеуші және ондағы қатынастарды бақылаушы субъект ретінде қатынасады. Бұнда мемлекет өзінің әртүрлі органдары ретінде қатынасады. Себебі бір мемлекеттік орган басқа жақпен әрі "ойынға" қатысушы, әрі өзіне де ойынға басқа қатынасушыларға да ойынның ережесін шығаруына болмайды. Сондықтан 1994 жылдың 20 наурызында Республика Президентінің "Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру шаралары туралы" жарлығы шықты. Бұл бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мен ол туралы заңдар шығарудың келесі кезеңі еді. Осы жарлық бағалы қағаздар нарығындағы қатынастарды реттейтін және бақылайтын мемлекеттік орган ретінде бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның Ережесін бекітті. Жарлық шыққан күннен бастап 1991 жылғы Қазақстанның екі заңы: "Бағалы қағаздар айналымы және қор биржасы туралы" және "Бағалы қағаздар туралы Ереже" өз күшін

жойды. 1994 жылдың алты айы бойы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы құқықтық қамтамасыз етілмеген жағдайда қалды. Тек 1994 жылдың 3 қазанындағы Министрлер Кабинетінің қаулысымен "Бағалы қағаздарды шығару, оны айналымға түсіру және қор биржасы туралы уақытша ереже" және "Бағалы қағаздар туралы уақытша ереже" бекітілді. Уақытша ережелер Қазақстан бағалы қағаздар нарығын дамытудың құқықтық негіздері ретінде 1995 жылдың сәуіріне дейін пайдаланылды. 1995 жылдың қаңтарында Республика Президенті бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның төрағасы мен оның төрт мүшелерін бекітуі және осы мемлекеттік органның атқару комитетінің құрылуы бағалы қағаздар нарығын қалыптастырудағы асулы кезең болды. Дәл осы уақыттан бастап Ұлттық комиссия өзіне бекітілген қызметтерді атқаруға кірісті. Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 1995 жылғы 5 мамырда күші жойылды. Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңымен күші жойылды.

Бағалы қағаздар нарығының Қазақстан Республикасында қазіргі кездегі даму мәселелері мен жетілдірудің негізгі жолдары. Қазіргі кезде Республикада бағалы қағаздар нарығы қалыптасу шағында. Оның даму жолында алғашқы іс-шаралар жүргізілуде. Бюджеттің кемшілігін толтыру мақсатында мемлекет бұрынғыдай ақша белгілерін шығармай, оның орнына мемлекеттік бағалы қағаздар, мысалы, мемлекеттік қысқа мерзімді вексельді шығаруда. Алайда, бағалы қағаздар нарығының дамуы жолында шешуін талап ететін экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелер көп.

Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығының ерекшелігі кіші және жалпы жекеменшіктендіру механизмі арқылы меншік қатынастарын өзгертуге жеке инвесторлар мен өз мемлекетіміздің әрбір азаматын қатыстыру.

Бірақ Республикада құнды қағаздар нарығы толық қалыптасып болды және тиімді жұмыс атқарып тұр деуге әлі ерте сияқты. Бүгінгі таңда Қазақстанда құнды қағаздар нарығының жекелеген секторлары ғана қызмет атқарып отыр, нарық жүйесі әлі толық іске қосылмаған.

Қазақстан Үкіметі Батыс елдерінің бірқатар қаржы-инвестициялық құрылымдарымен келісімге келіп өзінің орта мерзімдік облигацияларын Еуропада орналастырды. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде қалыптасқан қаржы дағдарысы Қазақстандағы құнды қағаздар нарығының одан әрі қанат жайып дамуын осы күндері шектеп отыр [22, 2276].

Жалпы алғанда Қазақстанда ішкі ұлттық нарыққа қарағанда сыртқы нарық тез дамып келеді. Тіпті тұтыну тауарлары нарығында импорт тауарларының үлесі өсіп отыр. Сонғы бір-екі жылда экспорттан импорт көлемі артып, Қазақстанда теріс (отрицательный) сауда балансы пайда болды. Ал теріс сауда балансын жабудың бір ғана жолы бар - ол активтерді мемлекетке сату әдісі. Активтерді шетке сату мемлекет меншігіндегі корпорациялардың акцияларын әлем нарығына орналастыру деген сөз.

Түптеп келгенде, құнды қағаздардың әлем нарығына шығарылып орналастырылуының себебі Қазақстанның ішкі ұлттық өндірісі мен нарығының шектеулі болуында жатыр.

Қазақстанда құнды қағаздар нарығын толық қалыптастыру үшін ұлттық өндіріс пен ішкі ұлттық нарық жүйесін қалыптастырып тереңдету керек.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мемлекеттің ең маңызды міндеті. Ондағы мақсаты - бағалы қағаздармен келісімге қатысушылардың заңды мүдделері мен құқығын сақтауды қамтамасыз ету.

Бағалы қағаздар нарығында қызмет атқаратын қаржы институттарының ісін бағыттау мен мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (уәкілетті орган) жүзеге асырады. Қазіргі кезде республикада бағалы қағаздар нарығының қызметін толық қамтамасыз ететін инфрақұрылым құрыла қойған жоқ. Оның ішінде бағалы қағаздар нарығында кездесетін, барлық қатынастарды толығынан реттейтін жеткілікті нормативтік заң актілері жоқ. Сол сияқты бағалы қағаздар нарығында қалыптасып келе жатқан көріністі жеткілікті түрде хабарлайтын ақпарат құралдары жоқ. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу ғылымға негізделіп, алдын ала дайындалған концепцияға жүгінуі қажет [23, 1286].

Дүниежүзілік тәжірибеде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу екі түрлі жолмен жүргізіледі: мемлекеттік органдар уәкілі қатысуымен тікелей араласу, сонымен қатар іс-шаралар арқылы нарыққа жанама араласу. Тікелей араласу шараларына мыналар жатады:

- бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде заң шығаратын өкілетті органдардың жұмысы;
- осы мәселелер бойынша үкімет органдарының қаулылары мен бұйрықтары;
- бағалы қағаздар нарығының жұмысына жаңа ережелер енгізетін немесе ескілерін өзгертетін басқа да мемлекеттік органдардың іс-шаралары.

Негізінен бұл бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға лицензия беру, бағалы қағаздардың кейбір түрлерінің айналымына шек қою немесе оны тоқтату, бағалы қағаздарды тіркеу және сол сияқты жұмыстар. Жанама араласу тетіктеріне мыналар жатады:

- несие үшін процент мөлшерін өзгерту арқылы айналымдағы ақша массасын және несие төлемін мемлекеттік бақылау;
- мемлекеттік салық саясаты;
- депозитгерге, несиелерге, қарыздарға үкімет кепілдігі;
- қарыз капиталы нарығына мемлекеттің араласуы (қазыналық облигациялар, вексельдер, орта және ұзақ мерзімді бағалы қағаздар, мемлекеттік органдардың міндеттемелерін және т.б. шығару) арқылы мемлекет пен корпорациялардың арасында несие үшін тікелей бәсекенің тууы;
- мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты (несие валютасы мен алтын операцияларын, экспорт шараларын ынталандыру және т.б. жұмыстарды реттеу);

-мемлекеттің сыртқы экономикалық іс-шаралары (саяси байланыстарды ұлғайту немесе шектеу және т.б.);

Бағалы қағаздар нарығын реттеу мемлекеттік органдарға жүктелуі тиіс. Мысалы, АҚШ-тәтіісті заңдарды шығарып, олардың орындалуын тексерумен конгрессте құрылған Бағалы қағаздар және қор биржалары туралы комиссия шұғылданса, Жапонияда бұл мәселелер Қаржы министрлігінде қаралады.

Бағалы қағаздар нарығын жетілдірудің негізгі жолдары: Нарықтық сипаттағы қазіргі заманғы экономиканың толыққанды қызмет етуі дамыған қор рыногынсыз (оның барлық компоненттерін — борыштық құралдар рыногын, мемлекеттік те, корпоративтік те акциялар рыногы мен туынды бағалы қағаздар рыногын қамтитын) мүмкін емес. Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда жоғарыда аталған үш сегменттің алғашқысын ғана қалыптастырудың сәті түсті. Акциялар рыноган дамыту жөніндегі негізгі міндет — бағалы қағаздардың ауқымды ұсынымын жасауға және оларға деген төлем қабілетті сұранысты қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттер болуы керек. Бұл орайда негізгі міндет отандық эмитенттердің акциялар ұсынымын қамтамасыз ету болып табылады. Эмитенттер бірқатар объективті және субъективті себептерге байланысты әлі күнге дейін ашық қор рыногына шығуға мүдделілік танытпай келеді. Мыналар рынокты акциялармен толықтыру жөніндегі негізгі бағыттар бола алады:

1) жекешелендірілген кәсіпорындардың мемлекеттік меншікте қалып отырған акциялар пакетін сату;

2) ұлттық және мемлекеттік компанияларды акционерлендіру және олардың акцияларын биржалық айналысқа шығару. Мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін осы компаниялардың жарғылық қоры мөлшерін алдымен олардың активтерінің құнын және рыноктағы жағдайын тура көрсететіндей көлемге дейін ұлғайту қажет, ал бұл қайта бағалауға танымал шетелдік аудиторлық компанияларды тарту керек;

3) еліміздегі орта және шағын компаниялардың қор рыногына шығуын ынталандыратын жағдайлар жасау.

Қазақстандық эмитенттердің акцияларына төлем қабілетті сұранысты қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттар мыналар болуы керек:

а) институттық инвесторлар топтарын, ең бірінше кезекте – өзара қорлар қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

ә) Қазақстан рыногына шетелдік портфельді инвесторлар тарту;

б) қор рыногына жеке инвесторлардың қаржысын тарту.

Қазақстанда құнды қағаздар нарығын толық қалыптастыру үшін ұлттық өндіріс пен ішкі ұлттық нарық жүйесін қалыптастырып тереңдету керек. Қазақстан экономикасының өндірістік құрылымын қайта құрып жетілдіру мәселесі тұрғындардың қолындағы сақталған қаржы ресурстарын жұмылдырып экономиканың реалды секторына жұмсауды қажет етеді. Менің пікірім бойынша , Қазақстан тұрғындарының қолындағы қаржы қорларды инвестицияға айналдыру үшін Қазақстандағы банкілердің мүмкіншілігін нығайтып, олардың салымшыларға беретін сақтандыру кепілдіктерін

(гарантия) жоғары деңгейге көтеру қажеттілігі туындап отыр. Қазақстандағы ең ірі коммерциялық банктер келісімге келіп, банкаралық сақтандыру қаржы қорын құру саясатын іске асыру керек. Қазақстанда тұрғындар өз қаржы-қаражатын негізінен Халық банкісінде сақтайтыны белгілі. Банк басқармасы тұрғындардың салымдарын сақтап, олардың тұрақты түрде өсімін қамтамасыз ету мақсаттарында, Қазақстанда, тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар акцияларын сатып алу құқығын алуға ниет білдіріп, қажетті құжаттар дайындап, оларды заңдастыруға күш салып отыр [24, 28б].

Сонымен, тұрғындардың сақталған қорларын банк құнды қағаздар арқылы жұмылдырып өндіріске тарту, оның құрылымын жетілдіру үшін инвестициялау бүгінгі күні ең ұтымды саясат бағыты ретінде танылып отыр. Шетелдік капитал өздеріне қажетті Қазақстанның шикізат-энергетика өндірісіне жұмылуда. Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін өтейтін жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, дайын өнім өндіру салаларына шетелдік инвестициялар көптеп тартудың маңызы зор.

Сондықтан өзімізге қажетті өнімді өндіру саласына негізінен ішкі ресурстарын жұмылдырып қарастыруға болатыны түсінікті болған сияқты. Егер ішкі өндіріс көтерілсе, онда ішкі нарықтық қалыптасады, кәсіпорындар мен тұрғындардың табысы өседі, ал бұл болса Қазақстанда ішкі ұлттық капиталдың қорланып өсуіне жол ашады, осының негізінде құнды қағаздар нарығы да тиімді қызмет атқаратын болады [24, 35б].

Құнды қағаздар нарығының тасуы және оның тиімді жұмыс істеуі Қазақстандағы капитал мен табыстардың өсіп шоғырлануына тікелей байланысты деуге болады.

Ұлттық капиталдың шоғырланып өсуі ұлттық табыстың жұмсалуына байланысты келеді. Қазақстан жағдайында тұрғындар өздерінің табыстарын негізінен шетелдік тауарларға жұмсайды, яғни олар шетел фирмаларын жанама түрде инвестициялап қаржыландырып тұрады. Ұлттық кәсіпкерлік пен өндіріс шоғырланып өсуі үшін тұрғындардың табысы ұлттық өнеркәсіп орындары өндірген өнімге жұмсалуы қажет. Сондықтан да Қазақстан Үкіметі ішкі тауар өндіруші кәсіпкерлерді қорғау және қолдау саясатын ұстанып отыр.

Ұлттық экономиканың өсіп-өркендеуі ішкі өнімнен түсетін таза табыстың Қазақстан банкілерінде сақталып, Ұлттық қаржы-капитал резервтерінің шоғырлануына байланысты келеді. Қазақстанда шикізат өнімдерін экспортқа өндіретін ең ірі өнеркәсіп органдары шетелдік компаниялардың басқаруында екені белгілі. Мамандардың айтуына қарағанда, осы шетелдерге басқаруға берілген компаниялардан бюджетке салық түрінде табыс өте аз көлемде түсетіні белгілі. Бұл Қазақстан экономикасына көптеген есепке алынбаған және көзге көрінбейтін зиян келтіреді. Біріншіден, бюджетке қажетті табыс түспейді, екіншіден ішкі өнімнен түскен таза табыс шетелге кетіп, Қазақстан банкілерінің ресурстарын шектейді, олар өздеріне қажетті қаржыны шетелден тартуға мәжбүр болады.

Дегенмен, Қазақстандықтардың әл ауқатын арттыру біздің елдің ең басым бағыты және бұдан былай да осылай қала беретіні белгілі. 2011 жылғы қыркүйекте ҚР Үкіметінің Қаулысымен «Халықтық IPO» бағдарламасы бекітілді. «Халықтық IPO» мәнісі ел халқы мен бизнес арасындағы сенімді тудыру болып табылатын, Қазақстандағы бірінші бағдарлама болды. Енді қазақстандықтар мемлекеттің ірі компанияларының халықтық акционерлері болу мүмкіндігіне ие болды.

Халықтық IPO – ҚР азаматтарына арналған бағдарлама Халықтық IPO – бұл компания акцияларын сату үшін бірінші көпшілік ұсыныс. «Халықтық» бірінші кезекте акцияның Қазақстан азаматтарына ұсынылатыны туралы айтады. «Халықтық IPO» сатуға кәсіпорындар, акциялардың толық немесе бақылау пакеті ұсынылады. Халықтық IPO мақсаты - Қазақстанның қаржылық нарығын дамыту. Бағдарламаның негізгі міндеттері негізінен:

- елдің ірі кәсіпорындарының акцияларын иелену мүмкіндіктерін азаматтарға ұсыну;

- халықтың жинақтарын инвестициялау және көбейтудің жаңа құралын құру;

- бағалы қағаздар рыногын дамыту;

- инвестициялық бағдарламаларды іске асыру мақсатында қосымша қаржыландыру компанияларын қатыстыру.

Бағдарламаның мынандай негізгі ережелерін көрсетуге болады:

- “Халықтық акционерлер” тек Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады;

- жеке адамдар акцияларды сатып алудың басым құқығына ие (екінші кезекте бағалы қағаздарды елдің ұлттық зейнетақы жинақтау қорлары сатып ала алады);

- ұлттық компаниялар акцияларының құны 1 ден 10 000 теңгеге дейінгіні құрайды;

- әр компанияның акцияларының құны жеке шамамен сату басталғанға дейін 3-4 апта ішінде анықталады;

- жеке адамдардың өтінімдерін жинау процесі 15 күнтізбелік күннен кем емес және 45 күнтізбелік күннен артық емес мерзімде жүзеге асырылады.

Бағдарлама әзірлеушілері Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі және «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры болып табылады. Сауда алаңы Қазақстандық қор биржасы болып шығады. Трансфер-агент «Қазпочта» АҚ болып табылады.

Трансфер-агент — өз клиенттері арасында құжаттарда қабылдау және беру бойынша қызметтерді көрсететін, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы бола отырып мынандай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- беру үшін алынған құжаттарды тіркеу және есепке алу;

- клиенттерге берілген құжаттарды тіркеу және есепке алу;

- өз қызметінде пайдаланылатын мәліметтерді электронды базасының сақталуын қамтамасыз ету;

- трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруда пайдаланылатын электронды жүйелердің жұмыс қабілеттілігін қолдау.

Қазақстанда «Халықтық IPO» қатысу үшін экономиканың нақты секторын ұсынатын компаниялар рұқсат етіледі, яғни:

- өнеркәсіп;
- инфрақұрылым;
- көлік.

Бұл компаниялар өзінің табысын негізінен ішкі қызметі есебінен қалыптастыратынын және экономиканың дүниежүзілік жағдайына қатты тәуелді болмайтынын атап өтеміз.

Қазақстандықтар акциялардың иесі болып, ұлттық компанияларды басқаруға, акционерлердің жалпы жиналыстарында дауыс бере алады. Халықтық акционер бола отырып, қазақстандықтар дивидендтерді – компаниядан табыс бөлігін алуға құқылы. Акциялардың иелері олардың бағаларының өзгеруінен табыс таба алады.

Тәуекелдер туралы да есте сақтаған жөн: акциялардың бағасы өсуі де, төмендеуі де мүмкін. Мынандай компаниялардың акцияларын азаматтар сатып алуға мүмкіндік туды:

Халықтық IPO бағдарламасы бойынша бірінші «КазТрансОйл» АҚ компаниясының акциялары ұсынылды. Бұл ұлттық компания ҚР барлық магистралдық мұнай жолдары және су жолдары құрылысы және қызмет көрсетумен айналысады.

Мынадай қатысушы компаниялар 2014 жылы өз акцияларын ұсынды:

«KEGOC» АҚ (жоғарывольтті желілер бойынша электр энергиясын тасымалдау және бөлу);

«Эйр Астана» АҚ (әуе компаниясы);

«КазТрансГаз» АҚ (газ секторы);

«Самрұқ-Энерго» АҚ (жылу және электр энергиясының өндірісі, энергетикалық көмірді алу, электр энергиясын беру және тарату, энергетикалық көлемдер құрылысы және қайта салу).

2015 жылы бағдарламада компания-қатысушылар қатысады:

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ (қлттық теңіз флоты және өзіндік күштермен теңіз бойынша халықаралық жүк тасымалдарын ұйымдастыру);

«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ (жолаушыларды және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау);

«Қазтеміртранс» АҚ (жүк тасымалдары);

«Казатомпром» АҚ (уран және сирек металдар импорты-экспорты, ядролық отын және атом электр станцияларына арналған арнайы жабдық);

«КазМұнайГаз» АҚ (өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, мұнай және газды өткізу).

Азаматтарға дивидендтер – компанияның таза табысынан бөлінетін акционерлердің табыстары. Таза пайданың қандай пайдасын төлеу керектігі туралы шешім акционерлердің жиналысында қабылданады. Бағдарламаға қатысу сізге қандай табыс әкелетін туралы мысал келтірейік. Компания қаржы жылын пайдамен жапты ма, ал оның акцияларының құны бағада өсті делік. Егер акционерлер жиналысы дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаса, онда ақша Орталық депозитаридегі сіздің шотыңызға келіп

түседі. Егер сіз олардың бағасының өсуінен қосымша табыс алу үшін акциялардың барлығын немесе бөлігін сатуды шешсеңіз, бұл жағдайда брокерге акцияларды сатуға өтінім беру қажет. Оны алғаннан кейін, брокер биржадан сатып алушыны табады, мәмілені рәсімдейді және ақшаны сіздің шотыңызға аударады.

Орталық депозитаридегі өз қаржыңызды сіз банктегі кез келген өз шотыңызға аудара аласыз. Құнды қағаздарды сатып алу немесе сату үшін инвестор брокерге және биржаға комиссия төлейді.

Дивидендтер төлене алмайтын жағдайлар да бар. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес дивидендтер қоғамның өзі сатып алған немесе орналастырмаған акциялар бойынша есептелмейді немесе төленбейді.

Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша төлемге рұқсат етілмейді:

өзіндік капиталдың теріс мөлшерінде немесе егер қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде теріс болса;

егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша төлемдер нәтижесінде көрсетілген белгілер пайда болса;

егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

Бағдарлама бойынша акцияларды сатып алуда брокер/трансфер-агентке сатып алынған акциялардың жалпы сомасынан комиссиялық алымды төлейсіз. Әр түрлі компанияларда осы алым шамасы ерекшеленеді. Мысалы, «Қазпочта» АҚ ол мәміле сомасынан 0,05% құрайды, бірақ АЕК (865,5 теңге) жартысынан кем емес. Төлем мәліметтерін мысалда көруге болады.

Мысалы сіз 2 000 000 теңгеге акция сатып алдыңыз делік, онда брокерлік комиссия 1 000 теңгені құрайды. Егер сіз «Халықтық IPO» барысында сатып алынған акцияларды биржада сатуды шешсеңіз, онда брокерлік комиссиядан басқа, биржаның комиссиялық алымын төлеуге тиіс боласыз. Оның шамасы сондай-ақ мәміленің мөлшеріне байланысты болады.

Мынадай сомаға акцияларды сатып алғанда:

1 000 000 теңгеден аз биржалық комиссия 100 теңгені құрайды

1 000 000 нан 3 000 000 теңгеге дейін - 150 теңге

3 000 000 нан 5 000 000 теңгеге дейін – 200 теңге

ал 5 000 000 теңгеден жоғары - мәміле мөлшерінен 0,01%.

Брокер және биржа комиссиясын сатып алушы әр мәміледе, сатып алуда да, сондай-ақ акцияларды сатуда да төлейді.

Сонымен, құнды қағаздар нарығы ұлттық экономиканы дамытуда қолданылатын өте қуатты да икемді құрал екен белгілі. Сонымен қатар, бұл өте өткір құрал, оны дұрыс пайдалана білу қажет. Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы елдерінде керек десеңіз, көрші Ресейде қалыптасқан қаржы дағдарыстарының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, құнды қағаздар арқылы капитал қаншама тез және ауқымды көлемде шоғырланған болса,

сонша аз уақытта және болжауға келмейтін тосын жағдайларға байланысты тарап кетеді. Соңғы жылдары әлемдегі ең жоғары дамыған Солтүстік Америка мен Батыс Европа елдерінің өздерінде қаржы-валюта жүйесін тұрақтандырып нығайтуға баса назар аударылып отырғаны белгілі.

Қазақстанның болашағы, экономикалық-әлеуметтік дамуы, түптеп келгенде, өзінің қолындағы табиғи ресурстары мен байлығын дұрыс та ұтымды пайдаланып, іске асыруына байланысты екені белгілі. Қазақстан кәсіпорындары шығарған акциялар болсын, Қазақстан банкілерінің қаржылық қағаздар болсын, Үкіметтің міндеттемелері болсын, барлық бағалы қағаздар құнын, түптеп келгенде, Қазақстанның табиғи ресурстары анықтайды деуге болады.

7 ТАРАУ

Қазақстан Республикасында отандастардың қайтып оралуы институтының қалыптасуының құқықтық мәселелері (1990-2012 жж.)

Отандастардың тарихи Отанына оралуы көптеген елдерде тарихи әділеттілікті орнату, ата-бабалар рухының алдында парыз және олардың ұрпақтары алдында жауапкершілік, титулдық (жергілікті) ұлттың санын көбейту, демографиялық дисбалансты түзету және еңбек ресурстарын толтыру мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Репатриация үрдісінің әртүрлі елдерде құқықтық ресімделуі тарихи Отанына этникалық қазақтарды қайтару үрдісінің заңнамалық ресімдеу саласында өзінің саясатын жүзеге асырып жатқан Қазақстанға да елеулі қызығушылық білдіреді.

Қазақстан Республикасында қазақтардың мемлекет құрушы ұлт ретінде бекіту, көші-қон үрдістерін дербес реттеу, шетелдегі қазақтармен қарым-қатынастарды құру және одан кейінгі этникалық репатриацияға құқықтық негіздер жасаған алғашқы актіге 1990 жылғы 25 қазандағы Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны атауға болады. Біріншіден, қазақ ұлтының еркін өзін-өзі айқындауға құқығы танылды және қазақ ұлтының тағдырына жауаптылық сезінді. Екіншіден, Қазақстан Республикасы Республика ішінде, Республика және басқа республикалармен көші-қон үрдістерін реттейтіні бекітілді. Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Республикадан тыс тұрып жатқан қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамқорлық білдіретіні айтылды. Төртіншіден, Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде болуға құқығына ие болғаны, өзінің мүдделеріне сай сыртқы саясатты анықтайтыны, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасатыны, халықаралық ұйымдардың, соның ішінде БҰҰ және оның мамандандырылған мекемелеріне қатысатыны анықталды [1].

Бұл, өз кезегінде, иммиграцияның бірінші толқыны үшін мүмкіндіктер жасады. Қазақ диаспорология мен ирредентасының мәселелері бойынша белгілі қазақ ғылымы, тарих ғылымдарының докторы Г.М.Мендикулова «жаппай репатриацияның басталуы 1991 ж. ақпан айына келеді, ол кезде Қазақстанға Монголиядан 97 қазақ көшіп келді. Бұл адамдардың өз бетімен (үкіметтік деңгейде ұйымдастырылмаған) көшуі болды. Оған қарамастан, қазақтарды Талдықорған (қазір Алматы) облысындағы Сарыөзекте, мүмкіндігінше жұмыс орындарын бере отырып орналастырды» [2].

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация Республиканың егеменді мемлекет ретіндегі мәртебесін жүзеге асыратын заңнамалық және басқа да нормативтік актілерді әзірлеуге негіз болды. Атап айтқанда, 1991 жылғы 18 қарашада «Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген байырғы ұлт өкілдерін басқа республикалар мен шет елдерден Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына қоныс аударуының тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулысы қабылданды. Көшіруді жүргізу деп

оларды тасымалдау, қабылдау және қоныстану жерлерінде орналастыру түсінілді [3].

Аталымдық айналымға «байырғы ұлттағы қоныс аударушы» және «қоныс билеті» деген ұғымдар алғашқы рет енгізілді. Қоныс билеті 1991 жылғы 13 ақпандағы «Қазақ КСР ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының басымдығы туралы» Қазақ КСР Заңымен көзделген мемлекетпен орнатылған жеңілдіктерді алуға құқық береді [4].

Қоныс аударушылардың тұрғын үй сұрақтары республикадан кейбір азаматтардың кетуі салдарынан босап жатқан үйлер мен пәтерлерді сатып алу жолымен шешілді, қоныс аударушылардың басқа республикалар мен шет елдерден көшіп келуімен байланысты шығындар, оған қоса мүлікті тасымалдау республикалық бюджет есебінен өтелді. Қоныстану орындарында қоныс аударушыларға шығу жерлерінде тапсырған малының санына берілген айырбас түбіртектерін ұсынған кезде мал беруде қамтамасыз етілгенін атап айту керек.

Қазақ КСР Еңбек министрлігі басқа республикалар мен шет елдерден көшіп келетін отбасылардың жыл сайынғы санын және осыған қажет материалдық, қаржылық ресурстарды анықтаған кезде жергілікті халық депутаттары Кеңестерінің өтініштеріне сүйенді.

Осы қаулыда алғашқы бейімделуге қажет шаралар болды және алғашқы рет «келген отандастар» аталымын қолданды. Атап айтқанда, «Қазақ КСР ауыл шаруашылық және азық-түлік министрлігі және Қазақ КСР халықтық білім министрлігіне мүдделі министрліктер, Қазақ КСР ведомстволары, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқарушы комитеттерімен бірлесе отырып келген отандастарға көмек көрсету бойынша шаралар әзірлеу керек, онда ықшамды орналастыру, кәсіби бойынша жұмысқа орналастыру, қазіргі заманғы қазақ алфавитіне оқыту, білім туралы құжаттарының тең құндылығын тану, отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыру және оқыту, кәсіби даярлықтан өткізу және т.б.» [3].

Халық депутаттарының жергілікті Кеңестерінің атқарушы комитеттеріне басқа республикалар мен шет елдерден келіп жатқан қоныс аударушыларды қабылдауды ұйымдастыруға жәрдемдесетін үйлестірушілік кеңестерді құру туралы норма қазіргі күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Уақыт бойынша келесі қабылданған акті ретінде қазақ ұлтының өзін-өзі еркін билеу құқығын растаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы. Конституциялық заңның 1 бабында «Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, демократиялық және хұқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді» деп көрсетілген [4].

1991 жылы 1995 жылғы Конституцияға дейін әрекет еткен қос азаматтықты мойындайтын норма қабылданды. Мысалы, осы конституциялық заңның 7 бабына сәйкес басқа мемлекеттерде тұратын Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы

болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу хұқы танылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде көші-қон үрдістерін дербес реттей алды.

Осы бапта репатриацияның құқықтық негіздерін қалаған маңызды норма қабылданды. Онда «Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына қайтып оралуы үшін жағдай жасайды» деп көрсетілді [4].

Осы норманың мағынасы бойынша Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған барлық этностардың өкілдері Қазақстанға келе алатындай болды. Оған қоса бұрынғы одақтас республикалардың аумағында тұрып жатқан байырғы ұлт өкілдеріне оралуға құқық бере тұра, басқа шет елдерде тұрып жатқан қазақтардың оралуға құқығы туралы айтылмады.

Осыған сәйкес, тәуелсіздіктің таңында этническая репатриация тар мағынадағы құқықтық ресімделуге ие болды және бүкіл әлемдегі қазақтарды қамтымады.

Конституциялық заңның 8 бабы қазақ диаспорасы және ирредентамен құқықтық негіздерді бекіте отырып, Қазақстан Республикасы Республика шегінен тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттерін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды, олар азаматы болып отырған мемлекеттермен жасалған шарттар негізінде бұл азаматтардың мүдделерін қорғайтының атап көрсетті.

Әрі қарай 1992 жылы 26 маусымда «Иммиграция туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңның 1 бабында «Шет елде тұрып жатқан отандастар өздерінің тарихи отаны – Қазақстан Республикасына еркін орала алады» деп жарияланды [5].

Алдыңғы актілерде «Республикадан тыс тұрып жатқан қазақтар», «басқа республикалардан және шет елдерден байырғы ұлттың өкілдері», «байырғы ұлттың қоныс аударушысы», «келген отандастар» деген ұғымдар қолданылса, Иммиграция туралы Заңда «шет елде тұрып жатқан отандастар», «репатриант», «босқын» деген ұғымдар енгізілді.

«Иммиграция туралы» Заңның мақсаты республикаға қоныс аударуды ұйымдастырушылық-мақсаттық қамтамасыз ету мен реттеудің құқықтық негіздерін құру, жаңа жерде босқындар, тарихи отанына оралып жатқан тұлғалар мен отбасыларға өмірге қажетті жағдайлар жасау болды [5].

Қазақстан Президенті орнататын «көшіп келу квотасы» ұғымы енгізілді. Онда көшіп келушілердің шекті саны мен түрлері, келетін елдері, оларды қабылдауға, орналастыруға және бейімдеуге қажет материалдық-қаржы ресурстары, олар көшіп келетін аймақтар, жұмысқа орналастырылуға тиіс (мекемелер мен кәсіпорындар) шаруашылықтардың типтері көрсетілді.

Иммиграция субъектілері ретінде «ұжымдық қауымдастықтар» ұғымы айтылғанымен, оның мағынасы ашылып көрсетілмейді. Бұл жерде ауыл,

селолар түріндегі, яғни тарихи отанына көшкісі келетіндерден тұтас тұратын елді мекендер түсінілуі керек.

Иммиграция туралы Заң алдындағы актіден қарағанда тек қана бұрынғы одақтас республикаларындағы қазақтарға ғана құқық берумен ғана шектелмейді. Шектеудің жоқ болуы шет елдерде тұрып жатқан, жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған барлық қазақтарға, олардың ұрпақтарының өзінің еліне оралуға мүмкіндік береді.

Алдындағы актімен ұқсастығы ретінде ұлтына қарамай Қазақстаннан өз кезінде республика аумағынан кетуге мәжбүр болғандарға Отанына қайтып оралуына құқық беріледі.

Ұлттық диаспораға, оның байырғы тұратын жеріне ерікті түрде көшуіне, оның бейімделуіне, жұмысқа орналасуына қамқорлық жасау және оған жаңа жерде өмірге тиісті материалдық-тұрмыстық жағдайлар, жеңілдіктер жасау үкіметке, оның иммиграциялық ведомствосына және республиканың жергілікті әкімшілігіне жүктелді [5].

Осы заңда «ықпалдастыру» аталымы қолданылмайды, ол кейінірек пайда болады. Репатарианттарды бейімдеу бойынша міндеттерді мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарына жүктелді.

Босқындар мен қоныс аударушыларға көмек көрсету мақсатында бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттарды жинаған Мемлекеттік иммиграциялық қор құрылды. Бұл қор кейін таратылды.

Шет елдегі дипломатиялық өкілдіктермен республикаға қоныс аударуды ниет білдіретін шетелдіктер және олардың отбасылардан өтініштерді қабылдау жүйесі сақталды. Құқықтық жаңалық ретінде иммиграциялық ведомствомен осындай өтініштерді дербес (өзінің бастамасы бойынша) қарастыру болды, мұндай норма одан кейінгі актілерде де сақталады.

Басқа елдерден келетін тұлғаларды қабылдау мен жұмысқа орналастыру бойынша өтініштер міндетті орындаумен қамтамасыз етілді, өздерінің міндеттерін орындамаған жағдайда ұйымдардың басшылары заңнамаға тиіс жауапкершілікке тартылды.

Көшіп келушілердің әртүрлі салалардағы құқықтарын сақтаудың мониторинг жүйесін енгізу бүгінгі күнде де өзекті болып табылады. Бұл тиісті жағдайларға тиімді әсер етуге, жылдам шешімдер қабылдауға, олардың арасында әлеуметтік шиеленістің өсуінің алдын алуға, республика ішінде жүріп-тұруын бақылауға және жеделдетілген ықпалдасуға жәрдемдесуге ықпал етті. Мысалы заңның 16 бабында «Кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар иммиграциялық ведомствоны келесі жағдайларда хабарлауға міндетті: жұмыс берушілер – көшіп келушілермен еңбек шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, оқу орындары – көшіп келушілер оқу бағдарламасын үзген кезде немесе басқа оқу орнына ауысқан кезде, құқық қорғау органдары – көшіп келушілер республика заңдарын бұзған кезде немесе оларға құқыққа

қайшы қол сұққан кезде, аудандық (қалалық) әкімшілік – көшіп келушінің бағыныстылық аумағынан мерзімінен бұрын шығып кеткен кезде» [5].

«Отандас» ұғымының мазмұнын анықтау кезінде Иммиграция туралы Заңның 1 бабымен 17 баптың 3 тармағы қайшылыққа түседі. Онда «Жаппай қуғын-сүргін, күштеу кезеңдерінде және қуғындау нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған, енді өзінің Отанына қайтып оралып жатқан отандастар және байырғы ұлт адамдарына, сондай-ақ әскери тұтқындар мен олардың ұрпақтарына босқын-репатрианттар мәртебесі беріледі» деп көрсетілген [5].

Осы баптың мазмұны бойынша көшіп келушілер отандастар мен байырғы ұлт адамдарына бөлінген. Заң нормаларын талдауына сәйкес отандастар деп республика аумағынан өз кезінде кетуге мәжбүр болған «Қазақстан шыққандар» түсінілді. Ал Заңның 1 бабында заң шығарушы «шет елде тұрып жатқан отандастар» деп айта отырып «байырғы ұлт адамдары» деген ұғымды қолданбай, «отандас» ұғымына екі ұғымды да біріктіретін кең мағына береді. Бұл құқыққолдану тәжірибесінде біркелкі түсіну мен қолдануға кедергі келтіреді.

Иммиграция туралы Заңның 17 бабына сәйкес заң шығарушы «босқын-репатриант» мәртебесін отандастарға, байырғы ұлт адамдарына және әскери тұтқындарға, олардың ұрпақтарына беретінін атап айту керек. Яғни репатриация тек қана бір этнос емес, кең мағынада болғанын байқауға болады. Әскери тұтқындар деп Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ауғанстандағы соғыста тұтқындарға түскен тұлғалар түсінілген деп болжауға болады.

Босқындар, көшіп келуші мәртебесін алған тұлғаларға уақытша және тұрақты ықтиярхаттар берілді. Әрекеттегі заңнамамен салыстырғанда ықтиярхатты тиісті мәртебені алғаннан кейін тұрақты тұруға рұқсат алмай тікелей беру туралы норма жағымды болып табылады. Қазіргі кездегі тұрақты тұруға рұқсат алу рәсімдері ықтиярхатты алу рәсімдерін қайталайды және репатрианттардың бейімделу үрдісін қиындатады. Тұрақты тұруға рұқсат беру туралы норманың қажеттілігі даулы болып табылады, өйткені тұлғаны алдын ала арнайы тексеру бойынша мақсаттарды ықтиярхатты беру алдында да өткізуге болады, егер теріс негіздер табылатын болса оны бермеуге негіз болады.

Иммиграция туралы Заңның 14 бабы да өзекті болып табылады. Онда «Иммиграциялық ведомстволар және оның жергілікті жердегі өкілдері Қазақстан Республикасына көшіп келушілерді осы Заңнан туындайтын олардың құқықтары және міндеттерімен таныстыруға, оларды жүзеге асыруға және олардың орындалуын қарауға міндетті» деп көрсетіледі.

Осы норманың қажеттілігі репатрианттар өздерінің құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздерін білмейтіндігімен негізделеді, оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарының аз болуы да осы мәселенің шешілуіне жәрдемдеспейді. Осы міндеттерді халықтың көші-қон бойынша уәкілетті органдарына жүктеу бұл

мәселені ішінара шешеді, маңызды рәсім қарапайым нысаншылыққа айналмас үшін құқықтық мәртебемен таныстыруды дұрыс ресімдеу қажет.

Өртүрлі қайнар-көздердің статистикалық мәліметтері, тұрғын үй мәселесі маңызды екендігін көрсетеді. Мысалы, Әлеуметтік технологиялар орталығының мәліметтеріне сәйкес «оралмандар Қазақстанға қайтып оралған кезде жиі кездесетін мәселелерге жұмысқа орналастыру (45,3%) және тұрғын үйді тарату мен алудың күрделілігі (31,1%), тұрғылықты жерін еркін таңдаудың мүмкін болмауы (оралмандарды квота жоспарланған жерлерде ғана орналастырады) және қазақстандық азаматтыққа қабылдау (18%), репатрианттардың қайтып оралу рәсімі мен әрі қарай өмір сүруін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі (14,7%), тарихи отанына оралған этникалық қазақтардың әлеуметтік-мәдени (14,3%) және экономикалық (13,6%) бейімделуінің күрделі жағдайлары жатады» [7].

Басқа социологиялық зерттеудің мәліметтеріне сәйкес репатрианттардың мәселелері келесідей болды: жұмысқа орналасу (66,8%), тұрғын үй сатып алу (54,8%), қазақстандық азаматтықты алу (29,8%), орыс тілін білмеу (25,5%), жергілікті салт-дәстүрлер мен мәдениетке бейімделу (18,8%), климаттық жағдайларға бейімделу (11,5%) [8].

Басқа зерттеудің нәтижелері келесідей нәтижелер көрсетті: тұрғын үйдің болмауы (66,0%), тіркеудің жоқтығы (36,0%), жұмысқа орналасудағы мәселелер (34,0%), өмір сүруге қаражаттың болмауы (28,0%), жұмыс берушілердің талаптарына сай болмауы (28,0%), азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарлардың қымбат болуы (24,0%), тіл кедергілері (18,0%) және жергіліктің ділдің бөтен болуы - 12,0% [9].

Осы барлық мәліметтер иммиграциялық ведомстволар репатрианттардың құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасау міндеті, олардың орындалуын бақылау бойынша өкілеттіктермен қамтамасыз етілуі, яғни басқа мемлекеттік органдарға әсер ету тетігімен қамтамасыз етілуі үлкен маңызға ие. Мысалы, бұл репатрианттардың бейімделуі мен ықпалдасуы бойынша көптеген өзекті мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді, атап айтқанда жеке тұрғын үй мен ауылшаруашылықты дамыту үшін жер учаскелерімен қамтамасыз етуге бағытталған иммиграциялық жер қорын нақты құру мәселесі.

Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заң және Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған жаңа Конституцияны әзірлеуге негіз болды.

1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақстандық мемлекеттілікті өзін-өзі билеген қазақ ұлтының мемлекеттілік нысаны ретінде ұсына отырып, оның ұлттық сипатын растайды [10]. «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңдағыдай 1993 жылғы Конституцияда қос азаматтықты мойындау туралы норма сақталады. 1993 жылғы Конституцияның 4 бабына сәйкес «Басқа мемлекеттерде тұратын Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық азаматтардың, оған қоса шет мемлекеттерде тұрып жатқан қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы

болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу хұқы танылады [11]. 1993 жылғы Конституция нормасының 1991 жылғы Конституциялық Заңнан айырмашылығы қос азаматтыққа құқықты тану үшін жаңа субъекті ретінде «Республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған азаматтар» деген жаңа субъектісін енгізу болды. Бұл сол кезде қабылданған 1992 жылғы Иммиграция туралы Заңның нормасының логикалық жалғасы болды, өйткені онда тарихи отаны – Қазақстан Республикасына қайтып оралу құқығына байырғы ұлт адамдары және өз кезінде республика аумағынан кетуге мәжбүр болған Қазақстаннан шыққандар ие болды.

Иммиграция туралы Заңның 10 бабында «Көшіп келушілердің әлеуметтік, соның ішінде зейнетақылық қамсыздандырылуы Қазақстан Республикасының заңнамасы және мемлекетаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады» [6]. Осы нормаға сәйкес басқа мемлекеттермен мемлекетаралық келісімдер жасасу бойынша тиісті жұмыс жүргізілді. Мысалы, 1993 жылы қазан айында Қазақстан Республикасы мен Монғолия Үкіметі арасында Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім жасалды. Осы келісімнің 4 бабында «Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауда еңбек стажы толығымен, Уағдаласушы Тараптардың қолданыста жүрген заңдарына сәйкес екі тараптың аумағында ие болған еңбек сіңірген жылдары үшін жеңілдікті зейнетақы алуға құқық беретін еңбек стажы да есептеледі» [12].

Көрсетілген келісім алыс шет елден келген репатрианттарды, осы жағдайда Монғолиядан келгендерді қолдау бойынша тиімді шаралардың, мемлекеттің дипломатиялық жетістіктерінің бірі болып табылады. Қытаймен осындай келісім осы күнге дейін жасалмаған. Толық мөлшерде зейнетақыларын алатын Монғолиядан келген репатрианттардан қарағанда Қытайдан келген зейнеткерлік жастағы репатрианттар 9330 теңге мөлшеріндегі жасы бойынша жәрдемақы алады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен келген репатрианттардың еңбек өтілі 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарына кепілдіктер туралы Келісім негізінде мойындалады [13].

1995 жылғы 30 тамыздағы Конституцияны қабылдау ұлттың аумақтық (азаматтық) моделіне көшумен мемлекеттілік сипатының жалпыазаматтық қағидаларын бекітті. Құжатта қазақстандықтардың титулдық және титулдық емес ұлтқа бөлу жоқ. Осы мағынада этносаясат азаматтық қоғам қағидаларына негізделген азаматтардың саяси тұтастығы ретіндегі қазақстандық ұлтты құруға бағытталды [10].

1995 жылғы Конституцияның мәтінінде репатриацияға қатысты тікелей нормалар жоқ болғанымен, оның кіріспесінде мемлекеттілік байырғы қазақ жерінде құрылып отырғандығы көрсетіледі. Бұл басқа елдерде тұрып жатқан қазақтардың тарихи отаны – Қазақстан Республикасына қайтып оралуына негіз қалады.

Заңнамалық нормалар мен мемлекетаралық келісімдерден басқа 1996 жылы 31 желтоқсанда Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Мемлекеттік бағдарламаны қабылдаудың мақсаты ретінде шетелдегі отандастармен жұмысты жан-жақты жетілдіру, қазақ диаспорасының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, білім алу сұраныстарын барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, тарихи отанына қайта оралғылары келетіндерге мүмкіндік туғызатын ойластырылған шаралардың жүйесін жасау болды. Мемлекеттік бағдарлама іс-шаралар кешенімен ұсынылды және алты негізгі бөлімнен құрылды: ғылыми қамтамасыз ету; нормативтік-құқықтық база; білім беру; мәдениет; туризм және спорт; кітап шығару және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері; ұйымдастырушылық шаралар [14].

Алайда, Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылау жүктелген Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің қайта ұйымдастырылуымен байланысты, онда көзделген іс-шараларды жүзеге асырудың іс-қимылын дәйекті үйлестіру қамтамасыз етілмеді [15].

Оған қоса осы бағдарламаның кемшіліктеріне әлеуметтік қамсыздандыру, шет елдердің азаматтығынан жеңілдетілген түрде шығу мәселелері бойынша мемлекетаралық келісімдердің жасасу бойынша жұмысты әрі қарай жалғастырудың қажеттілігі жоқ болуын жатқызуға болады. Тарихи Отанына келгеннен кейін алғашқы бейімделуін қамтамасыз ете отырып, бағдарламамен қазақстандық қоғамға одан кейінгі ықпалдасудың рөліне баға берілмейді, атап айтқанда репатрианттардың жағымды кейіпін қалыптастыру, олардың қоғамға материалдық және рухани үлесін ашып көрсету, репатрианттар мен жергілікті халық арасында кедергілерді жою, репатрианттармен жаңа қоғамның моральдық, мәдени, құқықтық нормаларын игеру, кириллица негізіндегі қазақ тілі мен ұлтаралық тіл ретіндегі орыс тілін меңгеру.

Мемлекеттік бағдарламаны қабылдағаннан кейін бірнеше айдан соң Қазақстан Республикасының Президенті көші-қон саясатының 2000 жылға дейін негізгі бағыттарын бекітеді. Онда Қазақстан Республикасының Үкіметіне келесі тапсырмалар беріледі: құқықтық, ұйымдастырушылық кепілдіктер мен қаржылық қамтамасыз етуді көздей отырып осы Жарлықтың орындалуына нақты шаралар қабылдау; тарихи отанына қайтып жатқан байырғы ұлт адамдар мен босқындарды орналастыруды ұйымдастыру, репатрианттардың ұлттық қол өнерін жаңғыртуды қамтамасыз ететін жұмыс орындарын құру, олардың кәсіпкерлікпен айналасуына жәрдемдесу бойынша құқықтық актілерді әзірлеу мен бекіту.

Көші-қон саясатының орта мерзімдік кезеңге арналған негізгі бағыттары республикада халықтың көшіп-қонуы белсенділігінің артуына, оның елден тысқары кетуі мен елге келуінің, халықтың республика ішіндегі бөлінісінің тепе-теңсіздігіне, негізгі реттеуші құқықтық базаның болмауына

және қаржылық қамтамасыз етілмеуіне орай жаңа тенденциялардың көрініс табуына байланысты болып отыр [16].

Осы құжатты қабылдаудың өзектілігі Статистика жөніндегі Агенттіктің мәліметтеріне сәйкес 1997 жылы Қазақстаннан шығып кеткен этникалық қазақтардың саны келіп жатқандардан артып түсті, бұл Қазақстанның қазіргі заманғы тарихындағы бұрын соңды болмаған дерек болды [17].

Ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу және ретке келтіру, қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтық татулықты сақтау, сондай-ақ көшіп-қонушылардың құқықтарын жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының аумағында баспана іздеген адамдарға мейірбандылық көрсетілуі үшін жағдай жасау көші-қон саясатының бірінші кезектегі мақсаты болып табылады деп жарияланды [16].

Көші-қон саясатының басымдықтары ретінде көші-қон мәселесі бойынша тиісті ұлттық заңнаманы әзірлеу мен қабылдау жарияланды. Сол 1997 жылы Халықтың көші-қон туралы Заң қабылданып, 1992 жылғы Иммиграция туралы Заң өз күшін тоқтатады. Халықтың көші-қон туралы Заңының кіріспесінде «Осы Заң халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандар үшін жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауды белгілейді» деп көрсетілді [18].

Алдыңғы кезеңдердегі нормативтік құқықтық актілерде этникалық репатрианттарға қатысты әртүрлі аталымдар қолданылғаннан кейін, Халықтың көші-қоны туралы Заңда «оралман» аталымы енгізіледі және қолданыстан «отандас» ұғымы тыс қалады. Осы Заңның 1 бабына сәйкес «оралмандар - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар».

Ұлты қазақ адамдарды Қазақстан Республикасына қоныстандыруға жан-жақты жәрдемдесу, олардың қоныс тебуін ұйымдастыру, жұмыс орындарын ашу, оралмандарды әлеуметтік қамсыздандыру және оларға әлеуметтік көмек көрсету Халықтың көші-қонын реттеудің негізгі принциптері ретінде жарияланды [18].

Заңның тың жаналығы ретінде «бейімдеу қызметтері» ұғымын енгізу болып табылады. Бейімдеу қызметтері деген - оралмандар мен олардың отбасыларының мүшелеріне оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында көрсетілетін, құқықтық консультацияны, мемлекеттік тілді және қалауы бойынша орыс тілін оқытуды, кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын қызметтер кешені. Бірақ оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары осы заңды қабылдағаннан 10 жылдан кейін ғана құрылғаны [19] осы институциялық құрылымдардың заңның мәтінінде уақытынан бұрын көрсетілгендігін, мемлекеттік органдардың оны тәжірибеде жүзеге асыруға дайын болмауын, мемлекеттік жоспарлау, соның ішінде қаржыландыру бойынша да жүйесінің дамуының төмен деңгейі екендігін хабарлайды. Осының барлығы жиынтығында жалпы мақсат ретінде қоғамда әлеуметтік тұрақтылық пен

келісімге жетуді және нақтылы қоғамдық қатынастарға уақтылы әсер етуді көздейтін құқықтық нормалардың тиімділігін төмендеті.

Оған қоса оралмандар көшіп келу квотасы бойынша өзіне тұрақты тұратын жеріне жету және мүлкін (соның ішінде мал) жеткізу бойынша шығындарды өтеу, тұрғын үйді сатып алу үшін қаражатты бөлу, біржолғы жәрдемақыларды төлеуді қосатын ақшалай жәрдемақыларды алу құқығына ие болды [18].

Ықтиярхатты берер алдында «тұрақты тұруға рұқсат алу» деген аралық саты енгізілген. Оны алу үшін барлық көшіп келушілерге өздерінің төлем қабілеттілігінің дәлелін келтіру керек. Оралмандар осындай міндеттен босатылады, және бұл жерде 1992 жылы Иммиграция туралы Заңында айтылған республика аумағынан кетуге мәжбүр болған Қазақстаннан шыққандар, әскери тұтқындар мен олардың ұрпақтары айтылмайды.

Кейінгі актілермен салыстырғанда артықшылық ретінде жеңілдіктерді, өтемақыларды, жәрдемақыларды және атаулы көмектің басқа да түрлерін алу құқығы оралмандардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына қарамастан, оралман мәртебесі берілген күннен бастап үш жыл бойы сақталғандығын айтуға болады.

Халықтың көші-қон туралы Заңың қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы Тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдама этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуының дамуына көзқарас, осы мемлекеттік саясаттың негіздемесін және осы саясаттың негізгі қағидалары мен жалпы көзқарастарын қосатын құжат болып шықты.

Тарихи отанына оралуын ұйымдастыру жұмысына баға берудің басты өлшемі - оралмандардың өз отанына көшіп келуіне қанағаттанушылық және тұрмыс-тіршілігіне қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілу дәрежесі болып табылатыны көрсетілді [20].

Көшіп келуді ұйымдастыруда маңызды тұстардың бірі ол шетелде дайындық жұмыстарын жүргізу және көшіп келгеннен кейінгі жұмыс, репатрианттардың бейімделу мен ықпалдасу мәселелеріне көңіл бөлу қажеттілігін түсіну.

Тұжырымдама шетелден келген қазақтарға қатысты «оралман» аталымын алғаш рет енгізген 1997 жылғы Халықтың көші-қоны туралы Заңнан кейін қабылданса да «репатриант» аталымын қолданады, бұл объективтірек және негізді болып табылады. 1996 жылғы Мемлекеттік бағдарламада қолданылатын «шетелде тұратын отандастар» аталымы 1998 жылғы Тұжырымдамада қолданылмайды және оның орнына «қазақ диаспорасы» немесе «шетелдегі этникалық қазақтар» аталымдары қолданылады.

1999 жылғы 12 мамырда бекітілген Оралман (репатриант), реэмигрант, қоныс аударушы, сондай-ақ мәжбүрлі түрде қоныс аударушы мәртебесін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулықта «репатриант» аталымы қолданылады және «оралман» аталымына 1997 жылғы Халықтың көші-қон туралы

Заңында көрсетілгеннен тар түсініктеме беріледі. Нұсқаулықта «Оралман (репатриант) мәртебесі жаппай саяси жазалау құрбандары болып табылатын жергілікті ұлт өкілдеріне, сондай-ақ олардың ұрпақтарына беріледі» деп көрсетілген [21].

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Заңның 1 бабына сәйкес «саяси қуғын-сүргіндер ретінде мемлекеттік органдар немесе олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдары саяси себептер бойынша күзетпен қамауға алуды және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуді қоса алғанда өмірін жою немесе бас бостандығынан айыру, елден қуып жіберу және азаматтығынан айыру, өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау (айдау немесе жер аудару), арнайы қоныс аударуға жіберу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту түрінде (соның ішінде "еңбек армияларында", "ішкі істер халық комиссариатының жұмысшы колонналарында" деп аталатындарға) жүзеге асырылатын көндіру шаралары, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін нақақтан айыптаумен, не саяси сенімдерінің белгілеріне, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе басқа тегіне қарап, сот, соттан тыс не әкімшілік тәртібінде әлеуметтік қауіпті адамдар ретінде қудалаумен ұштасқан басқа да құқықтары мен бостандығынан айыру немесе шектеу танылады».

Оған қоса Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Заңның 2 бабына сәйкес «саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы КСР Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы; г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы; д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады».

Саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде сондай-ақ КСР Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады.

Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендер ретінде ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады [22].

Осы жағдайда оралман мәртебесін алғысы келетін қазақ ұлтына жататын адамдар, өз кезінде республика аумағынан саяси қуғын-сүргін салдарынан емес, күштеп ұжымдастыру, азаматтық соғыс, бірінші дүниежүзілік соғысқа тыл жұмыстарына шақыру, патшаның отаршылдық саясатына қарсы басқа да көтерілістер, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде кетуге мәжбүр болғандар жоғарыда көрсетілген 1999 жылғы Нұсқаулық нормасының мазмұны бойынша оралман мәртебесін алу мүмкіндігіне ие болған жоқ.

2003 жылғы 8 тамыздағы Оралман мәртебесін анықтау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу Нұсқаулығында «оралман» ұғымының анықтамасы Халықтың көші-қон туралы Заңының мағынасына сәйкес және оралман мәртебесін алу үшін жаппай қуғын-сүргіннің құрбаны болу талабы көрсетілмейді [23].

Қазақстан Республикасының егемендігін алған күн деп Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күні 1991 жылдың 16 желтоқсаны айқындалатынын атап айту керек. Бірақ мемлекеттік егемендік 1990 жылдың 25 желтоқсанында [1], ал мемлекеттік тәуелсіздік 1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланғаны белгілі [5].

2004 жылғы Оралман мәртебесін анықтау және оларды оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу Нұсқаулығында алдындағы Нұсқаулықтың негізгі ережелерін қайтала отырып көшіп келу квотасына қосу үшін жаңа квоталар енгізеді [24].

Этникалық қазақтардың репатриациясы саласында келесі нормативтік акт ретінде Көші-қон саясатының Тұжырымдамасы болып табылады. Ол Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасының күшін жоймай ол оны толықтырады. Өтпелі кезеңнің сұрақтарын шешу үшін көші-қон саясатының елеулі басымдықтарының бірі ретінде оралмандарды жайластыруға, қоныстанған жеріне олардың бейімделуіне және жергілікті әлеуметтік ортаға бітеқайнасып кетуіне, қарулы жанжалдарды бастан кешірген адамдарды психологиялық сауықтыруға барынша жәрдемдесу, ал ұзақ мерзімге шет елдердегі отандастармен сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау және дамыту жарияланды [25].

Тұжырымдамада көші-қон саясатының негізгі бағыттары, жүзеге асыру тетіктері мен міндеттері де айқындалған.

Этникалық қазақтардың оралуына, олардың бейімделуі мен ықпалдасуына қатысты нормалар одан кейінгі нормативтік актілерде тиісті көрініс пен дамуын таппады. Атап айтқанда «Орталық және жергілікті атқарушы органдар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде және алыс

шет елдерде тұрып жатқан этникалық қазақтардың қоныс аудару жағдайы туралы объективті ақпарат алуына, оралман мәртебесін алуына және Қазақстан Республикасында тұруына жәрдем көрсететін болады» деп көрсетілді [25].

Бірақ нақты өмір көрсеткендей, бүгінгі күнде шетелде тұратын отандастарға хабар тарататын тиімді жүйесі құрылмаған, сондықтан репатрианттардың бейімделу үрдісі күрделенеді, өйткені олар Қазақстандағы жағдай бойынша толық хабарлары жоқ, заңнама мен тарихи Отанына қайтып оралғаннан кейінгі рәсімдерді білмейді.

Оған қоса орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларын талдау жоғарыда аталған Тұжырымдама ережелерінің жоқтығын көрсетті.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін басқарудың қолданыстағы бағыттарын жетілдіруді және оның сапалы жаңа бағыттарын дамытуды көздейді.

2000 жылғы Көші-қон саясатының Тұжырымдамасынан қарағанда осы Тұжырымдамада қағидалардың бірі ретінде ең алдымен шетелде тұратын отандастарымыздың қайтып оралуын ынталандыруға бағдарланған саясаттың жүйелі де дәйекті жүргізілуін көздейтін елдің ұлттық бірдейлігін сақтау және дамыту жарияланды [26].

Құжаттың мәтінінде бұрынғы нормативтік актілерде сияқты біруақытта ешқандай айырмашылық жүргізбей немесе олардың бірдей қолданылуын негіздемей «шетелде тұратын отандастар» және «шетелде тұратын этникалық қазақтар» ұғымдары қолданылады.

Оған қоса көші-қон саясатының мақсаты мен негізгі міндеттері, негізгі бағыттары, құқықтық қамтамасыз ету саласын қосатын жүзеге асыру тетіктері айқындалды.

Бірақ мемлекеттің жоспарлау жүйесінің реформасына сәйкес 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен осы Тұжырымдама күшін жойды.

1997 жылғы Халықтың көші-қон туралы Заңы қабылданғаннан кейін сандық және сапалық тұрғыдан өзгерістерге ұшыраған көші-қон үрдістерін тиімді реттеу бағытталған 2011 жылғы Халықтың көші-қон туралы Заңы қабылданды.

Ескі заңға қарағанда жаңа заңның кіріспесінде оралмандар үшін жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасауға көңіл аударылмайды.

Егер 1993 жылдан бері оралмандардың көшіп келу квотасын Қазақстан Республикасының Президенті белгілесе, енді осы өкілеттіктер Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілді.

Қазақстан Республикасының Президентімен оралмандардың көшіп келу квотасы 2009 жылдан бері жылына 20 мың отбасы санымен орнатылған болса, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен 2012-2014 жылдары көшіп келу квотасы жылына 10 мың отбасы санымен орнатылған.

Жалпы, оралмандардың көшіп келу квотасының орындалуы жылдар бойынша келесідей болады: 1993 жыл - 10 мың отбасы, 1994 жыл - 7 мың, 1995 жыл - 5 мың, 1996 жыл - 4 мың, 1997 жыл - 2,2 мың, 1998 жыл - 3 мың, 1999-2000 жылдары - 500 мыңнан, 2001 жыл - 600 мың, 2002 жыл - 2665 мың, 2003 жыл – 5 мың, 2004 жыл – 10 мың, 2005-2007 жылдары - 15 мыңнан, 2008 жыл – 15 мың, 2009-2011 жылдары - 20 мыңнан, 2012-2014 жылдары - 10 мыңнан [27].

Қазақстан Республикасына келген оралмандардың санының динамикасы мен құрылымын талдау 1991 жылдан 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін 221,3 мың отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақтар оралғанын көрсетеді. Оның ішінде көшіп келу квотасына 127,7 мың отбасы, квотадан тыс дербес түрде 94,2 мың отбасы дербес жайғасып орналасты. Келген оралмандардың жалпы санының 51% астамы 2004 – 2008 жылдарға келеді (439 430 человек) [28].

Оған қоса Халықтың көші-қоны туралы жаңа Заң бойынша көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар біржолғы жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алуға арналған қаражатты тек қана Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғаннан кейін, отбасының ұлты қазақ емес мүшелерінен басқа, отбасының кәмелетке толған мүшелерін қоса алғанда, жеке басын куәландыратын құжаттарын ұсынуы бойынша алатын болды. Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алудан бас тартқан жағдайда біржолғы жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алуға арналған қаражат есептелмейді және (немесе) төленбейді. Бұл құқықтық норма жалған құжаттармен жәрдемақылар мен өтемақыларды алу жағдайларын жоққа шығаратын болды.

Жаңа Заң бойынша оралмандарға жәрдемақылар тек орнатылған тұрғылықты жері бойынша ғана төленеді, ал тұрып жатқан өңірден (алғашқы үш жыл ішінде) немесе Қазақстан Республикасынан тыс көшіп кететін болса (оралман мәртебесін алған күннен бастап бес жыл ішінде) – бюджетке қайтарылуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға азаматтыққа жеңілдетілген (тіркеу) тәртіппен қабылдауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді және ұлты қазақ тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімі алты айдан үш айға дейін қысқартылды.

Оған қоса 2012 жылы 27 сәуірде «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңының 17 бабына Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды өтініш ететін этникалық қазақтар мен олардың ұрпақтарына қажетті құжаттардың тізімінен бұрынғы азаматтығынан шығу немесе оның тоқтатылғаны туралы анықтама алып тасталады деген өзгерістер енгізілді. 2011 жылдың 16 тамызынан бастап, яғни Заңның заңды күшіне енген күннен аталған өзгерістерді қабылдағанға дейін оралмандар Қазақстан азаматтығын ресімдеудің мүмкін еместігіне байланысты бейімделуде елеулі қиындықтар бастан кешті.

Көші-қон полиясыны аумақтық органдарының ақпаратына сәйкес «2012-2014 жылдарға арналған оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.12.2011 ж. № 1581 қаулысы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының 28.12.2011 ж. № 23-10/И-677 хатына сәйкес тоқтатыла тұрады [29].

Қазақстанның Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы Комитетінің ақпаратына сәйкес Үкіметпен аталған қаулыны ерекше өкімге дейін кері қайтару туралы шешім қабылданған [30].

Бірақ Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңның 40 бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің немесе оның кейбір нормаларының әрекеті белгілі бір мерзімге тоқтатылуы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның кейбір нормаларының әрекетін тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады және ол күшіне енген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ресми жариялануы мүмкін [31].

Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуының, олардың одан кейінгі бейімделуі мен ықпалдасуының құқықтық негіздері мемлекеттік көші-қон саясатының басымдығы болып қала отырып үнемі даму үстінде.

8 ТАРАУ

Шетелдік тәжірибе негізінде қазақстанның репатриациялық саясатын құқықтық реттеуді жетілдіру

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жариялағаннан кейін тағдырдың тәлкегімен бүкіл әлемге тарыдай шашылған этникалық қазақтар Елбасының шақыруымен тарихи Отанына келе бастады. Осыған сәйкес этникалық репатриация мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріліп оны заңнамалық ресімдеу бойынша жұмыс жүргізіле бастады. Мысалы, тәуелсіздікті жариялағаннан кейін 1991 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заң, 1992 жылғы Иммиграция туралы Заң және т.б. қабылданды. Оған қоса Қазақстан адам құқықтары бойынша маңызды халықаралық құжаттарды ратификациялады. Мысал үшін, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакті, оларға Факультативтік Хаттамалар ратификацияланды. Қазақстан Босқындардың мәртебесі туралы Конвенциясы мен оның Хаттамасына қосылды. Көші-қон үрдістерін мемлекетаралық реттеуде де жұмыс жүргізілді.

Қолға алған шараларға қарамастан көші-қон үрдістерін құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру мәселесі жоқ емес және осы бағытта басқа елдердің отандастардың қайтып оралуын, одан кейінгі бейімделуі мен ықпалдасуын құқықтық реттеудегі тәжірибелері қызығушылық танытады.

Жұмыстың мақсаты:

Иммиграциялық саясатты құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін анықтау және оны жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Ресей мен Қазақстанның репатриация саласындағы иммиграциялық саясатын құқықтық реттеуін зерттеу, осы саладағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау, реттеудің тиімді тетіктерін атап айту;
- негізгі мәселелерді тұжырымдау және көші-қон саясатын құқықтық реттеу саласындағы заңнама мен оны қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің материалдары мен әдістері.

Зерттеу барысында ең алдымен логикалық әдіс, жүйелі әдіс және салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Оған қоса зерттеу барысында талдау мен синтез сияқты ғылыми танудың әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі мен оларды талдау.

Тақырыптың өзектілігі халықтың көші-қоны еркін жүріп-тұру мен тұрғылықты жерін еркін таңдау сияқты адамның іргелік құқықтары мен бостандықтарынан туындауы, адам құқықтары туралы негіз қалаушы пактілер, конвенцияларды ратификациялауға сәйкес адам құқықтарының өзекті мәселелеріне халықаралық саясатта көп көңіл бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайына елеулі әсер ететін көшіп келушілердің легін саяси-құқықтық реттеудің қажеттілігі, ұлттық

сәйкестілікті, соның ішінде шетелдік отандастармен байланыстарды сақтау және дамыту қажеттілігімен негізделеді.

1990 жылдардың басынан көші-қон тақырыбын реттеуге бағытталған көптеген нормативтік актілер қабылданды. Олардың ішінде еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерін еркін таңдау құқығын бекіткен 1993 және 1995 жылдардағы Қазақстан Республикасының Конституцияларын, 1997 жылғы Халықтың көші-қоны туралы Заң, 1998 жылғы Этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы Тұжырымдамасы, 2001-2007 және 2007-2015 жылдардағы Көші-қон тұжырымдамасын атап айтуға болады.

Оған қоса Қазақстан адам құқықтары жөніндегі маңызды халықаралық құжаттарды ратификациялапты. Мемлекетаралық келісімдерге қатысты Заңсыз көші-қонмен күрестегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы-мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы Келісім, Еңбек көші-қоны және көшіп-қонушы еңбекшілерді әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында азаматтардың өзара визасыз жүріп-тұруы туралы Келісім, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында азаматтықты жеңілдетілген тәртіппен алу туралы Келісімдері жасалғанын атап айтуға болады.

Заңнамалық реттеу көшіп келушілердің легі мен репатриант-оралмандарды материалдық қолдауға да қатысты болды. Халықтың көші-қоны туралы Заңының 1 бабы 13 тармақшасына сәйкес оралман - тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары [1].

1993 жылдан бастап репатрианттардың көшіп келу квотасы бөліне бастады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес оралмандардың келесі көшіп келу квотасы орнатылған: 2000-2001 жж. бір жылда 500-600 отбасы, 2005-2008 жж. – 15 000 отбасы, 2009-2011 гг. – 20 000 отбасы.

Қазіргі уақытта 1991 жылдан бері келген репатрианттардың саны 1 миллионға дейін жетті. Оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әртүрлі көмек көрсетіледі. Мысалы, көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар мен олардың отбасыларына жол ақысы мен мүлікті тасымалдауға, тұрғын үй алуға шығындарды өтеу және біржолғы жәрдемақылар беріледі. Оралмандарға әлеуметтік көмек көрсету үшін республикалық бюджеттен 18 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінді. Оған қоса бюджеттік қаражатқа Шымкент, Ақсуқент, Қарағанды, Ақтау қалаларында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру Орталықтары қызмет істеп жатыр.

Қазақстанның жақын көршісі Ресейдің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, онда 2006 жылғы 22 маусымдағы Шетелде тұратын отандастарды Ресей Федерациясына еркін көшіруге жәрдем көрсету бойынша Мемлекеттік бағдарлама әрекет етуде. Бағдарлама Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін Ресей Федерациясынан тыс қалып қойған және Ресейге көшіп келуге ниет білдіретін адамдарды көшіруге бағытталған. 2012 жылғы 14 маусымдағы №1289 Ресей Федерациясы Президентінің «Шетелде тұратын отандастарды Ресей Федерациясына еркін көшіруге жәрдем көрсету бойынша Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру туралы» Жарлығы Мемлекеттік Бағдарламаның жанартылған нұсқасын белгіледі. Ресей Федерациясы Президентінің осы Жарлығын қабылдағаннан кейін Мемлекеттік бағдарлама мерзімсіз болды.

Репатриациясы этникалық сипатта жүретін және оралман мәртебесі тек этникалық қазақтарға берілетін Қазақстаннан қарағанда, 1999 жылғы 24 мамырдағы Шетелдегі отандастарға қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік саясаты туралы Федералдық Заңға сәйкес отандастар деп бір мемлекетте дүниеге келген, тұрып жатқан немесе бұрын тұрған және тіл, дін, мәдени мұра, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар белгілерінің ортақтығына ие тұлғалар, оған қоса көрсетілген тұлғалардың тікелей өзінен тарайтын ұрпақтары болып табылады.

«Шетелдегі отандастар» ұғымына да Заң анықтама береді. «Шетелдегі отандастар» Ресей Федерациясынан үнемі тыс тұрып жатқан Ресей Федерациясының азаматтары; (әрі қарай–шетелде тұрып жатқан Ресей Федерациясының азаматтары); Ресей Федерациясының аумағынан тыс тұрып жатқан тұлғалар және олардың ұрпақтары және, ереже ретінде, Ресей Федерациясының аумағында тарихи тұрған халықтарға жататын, оған қоса Ресей Федерациясымен рухани, мәдени және құқықтық байланысқа еркін таңдау жасаған тікелей ата-тегі бойынша туысқандары бұрынғы уақытта Ресей Федерациясында тұрған, соның ішінде: КСРО азаматтығында болған, КСРО-ның құрамына кірген мемлекеттерде тұратын және осы мемлекеттердің азаматтықтарын алған немесе азаматтығы жоқ тұлғалар болған тұлғалар (әрі қарай – КСРО азаматтығында болған тұлғалар); Ресей мемлекетінен, Ресей республикасынан, РСФСР, КСРО және Ресей Федерациясынан шыққандар (эмигранттар), тиісті азаматтық қатыстылығы бар және шет мемлекеттің азаматтары болған немесе ықтиярхаттары болған немесе азаматтығы жоқ тұлғалар болған (әрі қарай – шыққандар (эмигранттар)» [2].

Ресейде көшіп келушілерге бірқатар жеңілдіктер беріледі: мысалы, бажсыз өз мүлкін енгізуге, жолға және мүлікті тасымалдауға (отбасының үш адамына бір бес тонналық ыдыс, отбасыда үш адамнан көп болса екі бес тонналық ыдыс) кететін шығындар өтеледі және бір жеңіл автокөлікті кеден баж салығын төлемей өткізуге болады. Бағдарламада қатысатын Ресей аймақтары үш санатқа бөлінген («А» - Ресейге стратегиялық маңызы бар басымдықтағы шекараға жақын аумақтар; «Б» - қоныс аударушыларды жаппай тартуды қажет ететін, ірі инвестициялық жобалар жүзеге

асырылатын аумақтар; «В» - халықтың жалпы саны қысқаруы және/немесе көші-қонда халықтың кетуі үш және одан көп жыл ішінде байқалатын тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы бар аумақтар).

2013 жылдан бастап қоныстандыру аймақтарының санаттылығы өзгереді. Әрекеттегі үш типтен («А», «Б» және «В») қарағанда «қоныстандыруда басымдығы бар аумақтар» және басқа «қоныстандырудың аймақтары». Ресей Федерациясының Үкіметі мен биліктің аймақтық органдары қоныстандыруда басымдығы бар аумақтарға Мемлекеттік бағдарламаға қатысушылар мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау және мемлекеттік кепілдіктердің көп мөлшері белгіленеді деп көзделуде. Қоныстану кезінде бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне тұрақты тұру жеріне көшудің жол ақысы төленеді, мемлекеттік бажды төлеуге кеткен шығындар өтеледі, жайғасуға арналған шығындар төленеді (көтермеақы), алғашқы алты ай ішінде басқа табыстар жоқ болғанда өңірдегі күнкөріс минимумының 50% мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Қоныстану аймағы – қоныстандырудың тиісті аймақтық бағдарламасымен көзделген қоныстандыру жобаларын жүзеге асыру шегінде қоныс аударушылар тартылатын Ресей Федерациясының субъектісі аумағының жартысы.

Шетелде тұратын отандастарды Ресей Федерациясына еркін көшіруге жәрдем көрсету бойынша Мемлекеттік бағдарламада федерацияның 38 субъектісі қатысуда. Мемлекеттік бағдарламаға қатысушыларды тіркеу 2007 жылы 1 қаңтарда басталды, ал бағдарлама 2007 жылы 1 маусымда басталды.

2008 жылдың соңында көрініс тапқан дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыс Мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуына әсер етті. Ресей Федерациясының бірқатар субъектілері экономикалық жағдайы нашарлауы мен жұмыссыздықтың өсуіне байланысты 2009 жылы 30 маусымда аймақтық бағдарламаны субъектімен әзірлеуге уақытты кідірте тұру мүмкіндігін көздейтін Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығы қабылданды. Бірақ осыған қарамастан 2010 жылдан бері ресейлік аймақтардың үштен бірі (37 субъекті) отандастарды өздерінің аумақтарында қабылдап жатыр.

2010 жылдан бері Мемлекеттік бағдарламаға қатысуға өтінішті Ресей Федерациясының аумағында да беруге болады. 2009 жылы қоныстандыру бағдарламасы бойынша Ресейге – 9 мың адам көшіп келді, 2010 жылы – 13 мың, ал 2011 жылы – 32 мың адам.

2012 жылдың 19 маусымдағы жағдай бойынша Ресейдің Федералды көші-қон қызметінің 5 өкілді (Армения, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркмен Республикасы және Латвия), Ресейдің Федералды көші-қон қызметінің 2 өкілі (Украина, Молдова) және 9 елдегі (Қазақстан, Өзбекстан, Украина, Әзірбайжан, Белоруссия, Германия, Израиль, Литва, Эстония) 15 уақытша топ қызмет етіп жатты [3]. Бұл ресейлік тәжірибенің қағидалы артықшылығы болып табылады, өйткені репатриация бағдарламасының бенефициарларға қол жетімділігін жоғарылатады. Қазақстанның басқа елдердегі көші-қон қызметінің жекелеген өкілдіктері жоқ.

Салыстырмалы-құқықтық талдау көрсеткендей, Ресейде шетелдегі отандастарға қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік саясатының қағидалары, мақсаттары мен негізгі бағыттарын, аталған саясатты жүзеге асыру бойынша Ресей Федерациясының мемлекеттік билік органдары және Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік билік органдары қызметінің негіздерін орнататын тақырыптық заң және Шетелде тұратын отандастарды отандастарды Ресей Федерациясына еркін көшіруге жәрдем көрсету бойынша Мемлекеттік бағдарлама бар екендігін көрсетеді.

Қазақстандық тәжірибенің ресейліктен айырмашылығы, онда репатриация кең мағынада емес, жұмыс, оқу, бизнес, ғылым, мәдениетті Ресейде дамыту үшін мақсатты қоныс аударуда. Ресейлік мемлекеттік бағдарлама жеңілдетілген түрде отбасымен бірігу немесе ата-бабалары тұрған елге оралу мақсатымен қоныс аударуды қамтымайды.

Қазақстанда Республика егемендігін алғанға дейін шетелде тұрған кез келген этникалық қазақ тарихи Отанына басымдық және жеңілдетілген түрде қайтып оралу мүмкіндігіне ие. Осы норма Азаматтық туралы Қазақстан Республикасының 16-1 бабында бекітілген, онда жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтық алу туралы материалдарды қарау мерзімі өтініш берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс [4]. Оған қоса құжаттарды тұрақты тұруға тапсырған кезде оралмандардан Қазақстан Республикасында болу кезеңіне төлем қабілеттілігін растайтын құжат талап етілмейді. Әйтпесе жалпы тәртіпте банкілік есеп-шотқа 20 мың АҚШ долларынан астам қаражат енгізу қажет болар еді.

Ресейде шетелдегі отандастарға қатысты мемлекеттік саясат мәселелері Федералды Заңға бөлініп шығарылған, ал Қазақстанда Халықтың көші-қоны туралы бірегей Заңында көшіп келудің негізгі түрлері біріктірілген: тарихи Отанына қайтып оралу мақсатымен; отбасымен бірігу мақсатымен; білім алу мақсатымен; еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатымен; гуманитарлық және саяси себептермен.

Ресейде «қоныстануда басымдығы бар аумақтар» және «қоныстану аумақтары» бар, ал Қазақстанда оралмандардың көшіп келу квотасы Республиканың барлық 14 облыстарына бөлінеді. Бірақ біржолғы жәрдемақылардың мөлшерін анықтаған кезде түзету коэффициенттері орнатылған: Солтүстік макрозонасына кіретін облыстар үшін - 2,0; Орталық - 1,7; Оңтүстік - 1,0. Бұл оңтүстіктегі артық демографиялық жүктемені төмендету, көшіп келушілердің легін еліміздің аз қонысталған аймақтарына бағыттау үшін қабылданды.

Көші-қон саласындағы заңнаманың негіздері қаланғанына, уәкілетті мемлекеттік органдар қызмет етуіне, көшіп келуді ынталандыратын бағдарламалар қабылданғанына қарамастан осы салада белгілі бір мәселелер бар, кейбіреулері ұқсас.

Ресейде елдегі көші-қон саласындағы тікелей мемлекеттік бақылауды құқыққорғау органы болып табылатын Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Федералды көші-қон қызметі атқарады, ал Қазақстанда – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіндегі Көші-қон

полициясы Комитетінен Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіндегі Көші-қон Комитетіне берілді.

Тәжірибе көрсеткендей Ішкі істер министрлігі құқыққорғау органы болғандықтан оралмандардың бейімделуі мен ықпалдасуы, оларға әлеуметтік-экономикалық көмектерді көрсету жұмыстарымен айналысқысы келмейді және айналыса алмайды. Репатриациямен Қазақстанда бірнеше мемлекеттік органдар айналысады: Сыртқы істер министрлігі – паспорттық-визалық реттеу, репатриацияға өтініштерді қабылдау мәселелері; Ішкі істер министрлігі – заңсыз көші-қон, шетелдіктерді есепке алу және тіркеу, тұрақты тұруға рұқсат беру, ықтиярхат беру, азаматтыққа қабылдауды ресімдеу мәселелері; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – оралман мәртебесін беру, жұмыспен қамту, жәрдемақыларды беру, ведомствоаралық үйлестіру мәселелері; Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша Мемлекеттік орталық - зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу мәселелері; Білім және ғылым министрлігі – балаларды мектептерге орналастыру және оралмандарға 2% көзделген оқу орындарына түсу; Ұлттық қауіпсіздік комитеті – шекаралық бақылау және тұрақты тұру, ықтиярхат беру, азаматтыққа қабылдау кезінде арнайы тексеру мәселелері; Қаржы министрлігінің Кеден бақылау Комитеті – кеден шекарасын өті кезінде кедендік бақылау және жеке мүлкін өткізу мәселелері; Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігі – мемлекеттік көші-қон саясатын қалыптастыру мәселелері.

Талдау репатриацияға қатысты қандай да бір сұрақтарды реттейтін көптеген мемлекеттік органдар бар екендігін көрсетті және тәжірибеде осы құрылымдардың қызметін үйлестіру бойынша өзекті мәселелер және оларды жедел шешу мәселесі туындайды. Мысалы, шекара қызметтері мен көші-қон полициясының көші-қон карточкасын 1 айдан 3 айға дейін ұзартуды немесе нотариалдық қызмет пен көші-қон полициясының жеке басты куәландыратын құжаттың парақтар санын нотариалдық куәландыру бойынша мәселелер бірлескен шешімді талап етеді.

Осындай мәселелер репатриацияға қатысы бар барлық құрылымдардың қызметін үйлестіретін органның жоқтығы себебінен туындайды.

Жалпы, Қазақстандағы көші-қон саясатын жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органды тағайындау үрдісі келесі өзгерістерге ұшырады. Көші-қон және демографиялық үрдістерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 желтоқсандағы № 3783 Жарлығымен Қазақстан Республикасының көші-қон және демография Агенттігі құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы №1132 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон Комитеті құрылды және Қазақстан Республикасының көші-қон және демография Агенттігі аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон Комитетінің аумақтық органдарына қайта құрылды.

Осы өзгерісте Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органнан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің құрамына кіретін ведомствоға айналу арқылы уәкілетті органның мәртебесі төмендеген болатын.

Көші-қон комитеті өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі №1009 Қаулысымен тоқтатылып, оның өкілеттіктері жаңадан құрылатын Көші-қон полициясы Комитетіне беріледі. Оған қоса Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығына сәйкес Көші-қон комитетінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы Комитетіне берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 466 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетін құруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 231 қаулысымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті құрылды.

Қорытынды.

Жалпы, уәкілетті органның функциялары бір органнан басқаға ауысқанына қарамастан репатриацияны реттеу бойынша заңнаманың негіздері қаланғаны туралы айта келе, енді оны жүйелеу мен жетілдіру туралы айту керек.

Осы мақалада репатриация, бейімдеу және ықпалдастыру сұрақтарына қатысты өзекті мәселелер мен ұсыныстар келтіріледі. Оларды шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады: біріншісі – заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар; екіншісі – заңнаманы қолдану тәжірибесін жетілдіруге қатысты ұсыныстар. Жалпы, құқықтық реттеуді ішкі саясат және сыртқы саясатқа бөлуге болады.

Шетелдік тәжірибе негізінде Қазақстанның репатриациялық саясатты құқықтық реттеуін жетілдіру бойынша ұсыныстардың келесі бағыттарын атап айтуға болады:

1. Оралмандарға келу визаларын азаматтық алу мерзімдеріне дейін беру, өйткені қазіргі уақытта келу визаларының мерзімі (үш ай) оралман мәртебесін ресімдеу, тұрақты тұруға рұқсат алуды ресімдеу, ықтиярхатты алумен (төрт айдан астам) сәйкес келмейді.

2. Тұрақты тұруға рұқсат берудің алдында (екі ай) және азаматтық берудің алдындағы (үш ай) ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдарының есептері бойынша мемлекетке қарсы қылмыстарды жасауын арнайы тексерудің екі түрін азаматтық беру алдындағы бір тексеруге біріктіру керек, ол оралмандарды құжаттардың ұзақ ресімделуі мен бейімделудің ұзақ мерзімдерінен құтқарар еді.

3. Кеден органдарының елемеушілігінен кеден шекарасынан баж төлемдерісіз және құжаттарсыз өткізілген көлік құралдары бойынша кеден төлемдерін кейін төлеу мүмкіндігімен мүлікті заңдастырудың икемді жүйесін құру. Бұл осы мүліктің экономикалық айналымға қосылуына және жол полициясы органдарының оралмандарды көлік құралдарына құжаттар

жоқтығына байланысты алдын ала жазалау болып табылатын әкімшілік жауаптылыққа тарту бойынша құқыққолдану тәжірибесін жоюға жағдай жасайды.

4. Оралман мәртебесін беру, тұрақты тұруға рұқсат беру, азаматтыққа қабылдау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуді «бір терезе» қағидасы бойынша оңтайландыру. Осындай жағдайда оралман бір рет барлық қажетті құжаттарды тапсырып, мемлекеттік қызметтердің аяқталуын күтеді. Әйтпесе, әрбір үш сатыны өту көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарды өтуді талап етеді, тиісінше құжаттарды ресімдеу үшін шамадан тыс шығындарды талап етеді.

5. Оралмандардың кеден төлемдерін төлеу, құжаттарды ресімдеу, кеден төлемдерін есептеу түсініксіз және қол жетімсіз болуына шағымдары көп болғандықтан кеден шекарасын өту рәсімдерінің ашық және қол жетімді болуын жоғарылату. Оралмандар жиі тасымалдайтын мүлік түрлерін талдау негізінде кеден төлемдерінің ставкалары мен сомаларын көрсетумен есеп кестесін көрінетін жерлерде барлық тілдерде орналастыру керек.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан оралмандардан банкілік есеп-шот ашу кезінде және олардан мемлекеттік зейнетақылар мен жәрдемақыларды алу кезінде талап етілетін құжаттар тізімін бірдей түсіну бойынша түсіндіру хатын қабылдау арқылы бірегей құқыққолдану тәжірибесін орнату.

7. Қазақстан Республикасының «Азаматтық туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 Қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2106 Қаулысының жүзеге асырылуына прокурорлық қадағалауды күшейту. Тиісті бланкілерді беру бойынша нақты нормалардың болуына қарамастан, жекелеген жағдайларда оралмандар оларды ақылы негізде алуға мәжбүр болады. Бұл стандарттардың нормаларын көші-қон полициясы қызметкерлері білмейтіндігін немесе бланкілерді шығару бойынша полиграфиялық қызметтерге шығындардың бюджеттік жоспарлануы дұрыс еместігін көрсетеді. Оған қоса құжаттарды тапсырғаны туралы талондар берілмейтіні де өзінің құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік қызметтің ресімделу мен аяқталу мерзімін анықтау кезінде маңызды болып табылады.

8. Нормативтік құқықтық актілерде автомобильдер мен олардың тіркемелерін кеден төлемдерінен босатуға қатысты қарама-қайшылықтарды жою. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші қоны туралы» Заңының 23 бабының 6 тармағында оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде, көлік құралдарын қоспағанда, жеке мүлкіне кеден төлемдерін төлеуден босатылады [1]. Бірақ Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес автомобиль мен оның тіркемелерін екі жағдайды орындаған кезде кеден төлемдерін төлеуден босату мүмкіндігі берілген.

Осындай келеңсіздіктерге болашақта жол бермеу үшін заң жобаларын әзірлеу кезінде заң техникасын жетілдіруге және заң жобасына заң

сараптамасын жүргізген кезде заңнамалық базаны кешенді талдауға көңіл аудару керек.

9. Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын толыққанды қамтамасыз ету қажет, соның ішінде мемлекетаралық келіссөздер және қажетті шарттарды жасасу жолымен. Мысал үшін, Қытайдан Қазақстанға келіп жатқан оралмандар зейнетақының орнына 9330 теңге мөлшерінде жәрдемақы алады, ал Монголиядан келген оралмандар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасында әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 шілдедегі N 823 қаулысына сәйкес толық көлемдегі зейнетақы алады [5].

Бұл жерде қабылданатын нормативтік құқықтық актілерді олардың кейінгі жүзеге асырылуына құқықтық мониторинг жүргізу қажеттілігіне көңіл аудару керек. Мысалы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 қаңтарындағы N 34 «Халықтың көші-қонының Мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы» Қаулысында әлеуметтік қамсыздандыруды (зейнетақымен қамсыздандыру, жәрдемақылар және т.б.) қамтамасыз ететін қажетті мемлекет аралық келісімдерді жасасу негізінде көшіп-қонушылардың, репатрианттардың ерікті түрде республикаға қайтып оралуына, өмірге ықпалдасуына жәрдемдесуге көңіл аударылған [6]. Осы және осыған ұқсас актілерге қарамастан осындай келісімдердің жасалмауының себептеріне талдау жүргізіліп, көрсетілмеді.

10. Шетелдік отандастардың репатриацияның әлеуетті қатысушылары ретінде қайтып оралғаннан кейін жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату керек, өйткені шетелдік отандастар Қазақстанда жүріп жатқан реформалардың мазмұнын, оралмандардың қайтып оралуы, бейімделуі мен ықпалдасуы жөніндегі көші-қон саясаты, заңнамасы мен құқыққолдану тәжірибесінде жүріп жатқан үрдістер мен өзгерістер туралы біле бермейді.

Шетелдегі жұмысты дамытудың жағымды жағдай жасаған нормативтік актінің мысалы ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі № 145-р «Қоныс аудару шараларын ұйымдастыру туралы» өкімін келтіруге болады [7].

Оған қоса Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 36 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру салаларына оралмандардың репатриациясы, бейімделуі мен ықпалдасуы тақырыбын енгізу және аймақтық, облыстық және республикалық деңгейлерде тиісті лоттарды бөліп шығару қажет [8].

Сонымен, репатриация саласындағы қоғамдық қатынастарға оларды ретке келтіру мен прогрессивті дамыту мақсатында әлеуметтік реттеудің бір бөлігі болып табылатын құқықтық реттеу елеулі әсер етеді. Сондықтан осы үрдісте барлық мүдделі тараптардың, яғни мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, азаматтардың құқықшығармашылық және құқыққолдану үрдісінде белсенді қатысуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Занды тұлғаларды құру, тіркеу және таратудың жалпы ережелері

- 1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27.12.1994ж. Жалпы бөлім. // ИС «Параграф»
- 2 Ю.К.Толстой, А.П.Сергеев. Гражданское право. Ч.1. М.,1997
- 3 13.05.2003ж. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы. // ИС «Параграф»
- 4 Г.А.Жайлин, Б.К.Абдыкадыров Некоммерческие юридические лица. Ч.4. А.,2003.
- 5 «Шаруашылық серіктестік туралы» Қазақстан Республикасының 02.05.1995ж. Заңы. // ИС «Параграф»
- 6 Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть). Отв. ред. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. кн. 1. А.,2003
- 7 «Өндірістік кооператив туралы» Қазақстан Республикасының 05.10.1995ж. Заңы. // ИС «Параграф»
- 8 «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы.// ИС «Параграф»
- 9 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 16.01.2001ж. ҚР Заңы. // ИС «Параграф»
- 10 Г.И. Тулеугалиев, К.С. Мауленов. Гражданское право РК. Учебное пособие (общая часть). А.,1999
- 11 Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198.// ИС «Параграф»
- 12 Гражданское право. Сборник статей. Общая часть. Учебное пособие Алматы, 2003
- 13 «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. // ИС «Параграф»
- 14 Гражданское право Республики Казахстан. (Часть общая). Учебное пособие. Отв. ред. профессор Г.И. Тулеугалиев Том 2 – Алматы: Гылым, 1998
- 15 Гражданское законодательство: Статьи. Комментарии. Практика. Вып.16.-Алматы:Юрист,2003
- 16 Гражданское право. Том 1 Учебник для вузов. / Отв. ред. : М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2000
- 17 Елтеков Н. Коммерциялық ұйым нысандары қандай? // Заң газеті, №8,28 кңтар 2012ж,
- 18 Д. Тұрашбекова - “Шет елдердегі акционерлік қоғамдардың даму тарихы”// Заң 2012 №6
- 19 Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жоғары оқу орындарына арналған акад. курс. 1- том. – А., 2001

Банкроттық туралы құқықтық сипаттама

- 1 «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңымен БД “Закон”
- 2 «Заң күші бар Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 7 сәуір N 2173. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.01.21. N 68-I Заңымен БД “Закон”
- 3 «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. БД “Закон”
- 4 ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 27.12.1994 ж. БД “Закон”
- 5 Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права. Том 1. 1901
- 6 Щенников Л. Банкротство в гражданском праве России: традиции и перспективы //Российская юстиция, 1998 г. № 10.
- 7 Жилинский С.Э. Правовая основа предпринимательской деятельности (предпринимательское право). Курс лекций. – М., Норма-Инфра, 1998 г.
- 8 Баренбойм П. Правовые основы банкротства - М., Тейс, 1995 г.
- 9 Витрянский В. В. Новое законодательство о несостоятельности (банкротстве). //Хозяйство и право.1998. №3.
- 10 ҚР Қылмыстық Кодексі. 03.07.2014 ж. БД “Закон”
- 11 ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі 13.07.1999 ж. БД “Закон”
- 12 ҚР Салық кодексі. 10.12.2008 ж. БД “Закон”
- 13 Телюкина М. Соотношение понятий “несостоятельности” и “банкротства” // Юрист, 1997, № 12.
- 14 Сергеев А.П. и Толстой Ю. К. Гражданское право, часть 1 и 2: Учебник – М., Проспект, 1998 г.
- 15 Никитина О. Банкротство под наблюдением //Бизнес – адвокат, 1998 г. №14.
- 16 Телюкина М. Соотношение понятий “несостоятельности” и “банкротства” // Юрист, 1997, № 12.
- 17 1994 ж. 15 шілдедегі №1802 “Реформаларды тереңдету және экономикалық күйзелістен шығу бойынша Үкіметтің әрекеттер Бағдарламасы” ҚР Президентінің Қаулысы БД “Закон”
- 18 1994 ж. 7 қыркүйектегі № 1002 “Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, оңалту және жою бойынша шараларды іске асыру туралы” ҚР Министрлер Кабинетінің Қаулысы БД “Закон”
- 19 Никитина О. Конкурсное производство. //Бизнес – адвокат, 1998 г., № 15,16.
- 20 Телюкина М. В. Развитие законодательства о несостоятельности и банкротстве //Юрист. 1997. № 11.
- 21 Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Комментарий к Гражданскому Кодексу Республики Казахстан. Алматы, Жеты Жаргы, 1998

22 Никитина О. Банкротство предприятий. Отдельные вопросы // Юридический мир. 1997. апрель.

23 Витрянский В.В. Реформа законодательства о несостоятельности (банкротстве) // Вестник Высшего Арбитражного Суда РФ, 1998 г., № 2.

Интеллектуалдық меншік құқығының халықаралық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, тарихи қалыптасу аспектілері

1 Большой энциклопедический словарь .- 2-е изд., перераб. и доп. - М.: «Большая Российская энциклопедия». - 1997. – 725 с.

2 Гражданское право. Том I. Учебник. Издание четвертое, переработанное и дополненное/ Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого.- М.: «Проспект», 1999. – 695 с.

3 Кудрявцев А.В. Организация и проведение мозгового штурма.- М: НПО «Поиск», 1987. – 215 с.

4 Кудрявцев А.В. Совершенствование творческой деятельности в процессе создания новых технических решений. -М.: НПО «Поиск», 1987. – 355 с.

5 Основы гражданского законодательства Союза ССР и республик от 31 мая 1991. – Алматы: «Баспа», 1995.

6 О собственности в СССР. Закон СССР от 6 марта 1990 г. /Новые законы СССР .- Выпуск 1 .- М. : «Юрид. лит.», 1990. – 555 с.

7 Зенин И.А. Основы гражданского права России. –Конспект лекций для специалистов по праву интеллектуальной собственности.- М.: ВТИ, 1993. – 310 с.

8 Введение в интеллектуальную собственность. - Публикация ВОИС-Женева. - 1998. – 525 с.

9 Интеллектуальная собственность. Основные материалы: В 2-х частях. Пер. с англ. - Новосибирск: НПО «Юрист», 1993. – 335 с.

10 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. - Алма-Ата: «Рауан», 1992.

11 История политических учений. Часть 1. Изд.2-е, исправл.- М.: «Высшая школа», 1971. – 415 с.

12 Корчагин А.М., Талянский В.Б., Палишук Е.П., Казаков В.К., Орлова В.В., Лынник Н.В. Как защитить интеллектуальную собственность в России. /Под ред. А.Д. Корчагина. Правовое и экономическое регулирование: Справочное пособие.-М.: «ИНФРА-М», 1995. – 360 с.

13 Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. - М.: «Теис», 1996. – 710 с.

14 Патентное право: Сб. нормат.-правовых актов/ Сост. Т. Каудыров, Э. Фаизова. - Алматы: «Жеті-жарғы», 1996. – 250 с.

15 Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша Париж конвенциясы 1883 ж. – Алматы: «Жеті-жарғы», 2007. – 30 б.

16 Әдеби және шығармашылық туындыларды қорғау бойынша Берн конвенциясы 1886 ж. Алматы: «Жеті-жарғы», 2007. – 30 б.

- 17 Орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың және жариялау органдарының мүдделерін қорғау бойынша Рим конвенциясы 1961 ж. Алматы: «Жеті-жарғы», 2007. – 20 б.
- 18 Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі Женева конвенциясы 1971 ж. Алматы: «Жеті-жарғы», 2007. – 20 б.
- 19 ДЗМУ-ның Авторлық құқық жөніндегі шарты 1996 ж. Алматы: «Жеті-жарғы», 2007. – 20 б.
- 20 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы жән Ерекше бөлімдері) – Алматы: «Юрист», 2015. – 250 б.
- 21 «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымындағы Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: «Жеті-жарғы», 2015. – 18 б.
- 22 Халфина Р.О. Общее учение о правоотношении. -М.: «Юрид. лит.», 1975. – 350 с.
- 23 Каудыров Т.Е. Гражданско-правовые оперативные санкции в хозяйственных отношениях. – Дисс. канд. юрид. наук. Алма-Ата, 1986. – 255 с.
- 24 Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации, к части первой/ Отв. ред. О. Н. Садиков.- М.: «Юринформцентр», 1995. – 650 с.
- 25 Гражданский кодекс Республики Узбекистан. - Ташкент: «Адолат», 1996. – 220 с.
- 26 Гражданское право. Учебник. Часть III/ Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: «Проспект», 1998 – 510 с.
- 27 Вещные права в Республике Казахстан /Отв. редактор М.К. Сулейменов. -Алматы: «Жеті-жарғы», 1999. – 350 с.
- 28 Гражданское право. Том I. Учебник. Издание четвертое, переработанное и дополненное/ Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого.- М.: «Проспект», 2005. – 750 с.
- 29 Щенникова Л.В. Вещные права в гражданском праве России .- М.: Издательство «Бек», 1996. – 390 с.
- 30 Розенберг П. Основы патентного права США. - Пер. с англ.- М.: «Прогресс», 1979. – 620 с.
- 31 Иващенко И.В. Понятие и содержание интеллектуальной собственности //Юрист. 1999, № 2. С. 43-45.
- 32 Азаматтық құқық. I том. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Жауапты ред.: М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2003 – 736 бет.
- 33 Ихсанов Е.У. Авторское право как субъективное гражданское право по законодательству Республики Казахстан .- Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук .- Алматы, 2001. – 260 с.
- 34 Дозорцев В.А. Новая эра в охране исключительных прав //Право и экономика. 1995. № 15-16. С. 55-61.

Сабақтас құқықтар саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастардың теориялық мәселелері

1 Bruch 1929—1979: 14—50 в кн. Липшик Д. Авторское право и смежные права / Пер. с фр.; предисловие М. Федотова. - М.: Ладомир; Издательство ЮНЕСКО, 2002. – 788 с.

2 Липшик Д. Авторское право и смежные права / Пер. с фр.; предисловие М. Федотова. - М.: Ладомир; Издательство ЮНЕСКО, 2002. - 788 с.

3 Schulze 1929—1979: 7 в кн. Липшик Д. Авторское право и смежные права / Пер. с фр.; предисловие М. Федотова. - М.: Ладомир; Издательство ЮНЕСКО, 2002. – 788 с.

4 Первоначальный акт Бернской конвенции об охране литературных и художественных произведений от 9 сентября 1886 года // www.bestpravo.ru/fed1991/data05/tex18112.htm

5 Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. Диссертация на соискание степени д.ю.н., АЮ ВШП «Адилет», 2002. - 359 с.

6 Каминская Е.И. Исполнительское право: опыт исследования законотворческих тенденций в странах континентальной Европы / Основные институты гражданского права зарубежных стран. Сравнительно-правовое исследование. Руководитель авторского коллектива – доктор юридических наук В.В. Залесский. - М.: Издательство НОРМА, 2000. - С. 470 – 484

7 Закон Республики Казахстан от 10 июня 1996 года № 6-І «Об авторском праве и смежных правах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.07.2009 г.) // Информационная система ПАРАГРАФ

8 Международная конвенция по охране прав исполнителей, изготовителей фонограмм и вещательных организаций (Римская конвенция) от 26 октября 1961 года // elementy.ru/Library9/ConvRim.htm

9 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года № 269-ХІІ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2009 г.) // http://base.zakon.kz/doc/lawyer/?doc_id=1006061

10 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 г. № 410-1 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2009 г.) // http://base.zakon.kz/doc/lawyer/?doc_id=1013880

Мердігерлік қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық аспектілері

1 Ровный В . Право собственности подряда на имущество в договоре подряда и риск его случайной гибели (повреждения). / Гражданское законодательство: статьи, комментарии, практика. Вып. 17. - Алматы: ЮРИСТ 2003.

2 Новицкий И.Б. Римское право. М., 1998.

3 Басин Ю.Г. Глава 2. Подряд // «Предприниматель и право», № 22, 2000

4 ҚР Азаматтық Кодексі (Ерекше бөлім)

- 5 Гражданское право: Учебник для вузов (академический курс)/ Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. Том II.
- 6 Сутягин А.В. Договоры в строительстве с комментариями. - М.:ГроссМедиа; 2008
- 7 Е. Романова, Договорные отношения в трудовом законодательстве РК. / Юрист 5/2007
- 8 А. Кузярина, Отличие индивидуального трудового договора от договоров гражданско-правового характера. / Предприниматель и право № 7 (173), апрель, 2001
- 9 Гражданское право: в 2 т., том 2 полутом 2. Учебник / под ред. проф. Е.А. Суханова – М.: БЕК, 2000
- 10 Завидов Б. А. «Договорное право». М.: 1997.
- 11 Романец Ю.В. Система договоров в гражданском праве России. «Юристы». -2001. // <http://www.ex-jure.ru/law/news.php?newsid=624>
- 12 Чижова А.С. «Учет в строительстве//» «Главбух», №1, 2001
- 13 Дошанова А.С. Некоторые вопросы определения объекта отношений по представлению земельных участков для строительства объектов. // Вестник КазНУ Серия юридическая №3(47), 2008.
- 14 Гражданское право. Учебник. Часть 2. / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: Проспект, 1997
- 15 «Договор строительного подряда: формирование правового института» Хуадонов К.Г., Бизнес в законе № 1// 2010
- 16 Киндеева Е.А., Пискунова М.Г. Недвижимость: права и сделки (новые правила оформления, государственная регистрация, образцы документов). М., 2006
- 17 Хозяйственное право. Т. 2 Учебник. Отв. ред. В, С. Мартемьянов М., Издательство БЕК, 1994
- 18 Е. Широкова, Договор строительного подряда. / Юрист № 6, 2004
- 19 Брагинский М.И. Договор подряда и подобные ему договоры. – М.: “Статут”, 1999
- 20 Брагинский М. И., Витрянский В. В. Договорное право. Общие положения. М., 1997
- 21 «Между подрядчиком и заказчиком» Сауле Кияшева, судья Акмолинского областного суда <http://www.zakon.kz/4558307-mezhdupodryadchikom-i-zakazchikom.html>
- 22 О правовой природе договора: Кузнецова Н.Г. Подрядные договоры в инвестиционной деятельности в строительстве. Киев, 1993.
- 23 Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III заңы
- 24 Международное частное право: Сборник нормативных документов / Составитель Н.Ю. Ерпылева. М., 1994
- 25 ҚР Экологиялық кодексі 9 қаңтар 2007 жыл №212-III
- 26 Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Қазақстан Республикасының Заңы

Бағалы қағаздар түсінігі мен түрлері, құқықтық негіздері және қазіргі кездегі даму мәселелері мен жетілдірудің негізгі жолдары

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсан
- 3 Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңы
- 4 Ақша төлемі мен аударымы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы N 237 Заңы
- 5 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заңы
- 6 Биржевая деятельность: Учебник / Под ред. проф. Галанова, Москва: Финансы и статистика. 1996.
- 7 Бункина М. Деньги, банки. валюта,. Учебное пособис. Москва.: 1994.
- 8 Есенқұлов Б.Ш. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мәселелері, бағыттары. Алматы, 2005ж.
- 9 Ефремов И.А. Операции коммерческих банков с ценными бумагами. Москва., 1995.
- 10 Карагусова Г. Что нужно знать о ценных бумагах: Вопросы и ответы. - Алматы: Қаржы-қаражат, 1996.
- 11 Карагусов Ф. Ценные бумаги и регулирование их обращения в Республике Казахстан. - Алматы: Қаржы-қаражат, 1995.
- 12 Рынок ценных бумаг и его финансовые институты: Учебное пособие / Под ред. В.С. Торкановского. СПб. 1994.
- 13 Русско-казахский толковый экономический словарь предпринимателя. - Алматы: 1993г.
- 14 Сборник нормативно-законодательных актов по ценным бумагам в Республике Казахстан - Алматы, 1996
- 15 Сейткасимов Г.С., Ильясов А.А. Формирование фондового рынка. Учебное пособие / Экономика. Алматы, 1996.
- 16 Фельдман А.А. Вексельное обращение. Российская и международная практика. / Учебное и правочное издание -Москва.: 1995.
- 17 Формирование системы акционерных обществ в Республике Казахстан (Кошанов А.К., Рамазанов А.А., Бисембаев А.А. және т.б.). Алматы. 1995.
- 18 Ценные бумаги и фондовый рынок / Сейткасимов Г.С. т.б. - Алматы: 1998.
- 19 Шалгимбаева Г.Н. Рынок ценных бумаг: Механизмы государственного регулирования. Алматы Қаржы-қаражат. 1997.

- 20 Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы. Алматы: Экономика 1999.
- 21 Рынок ценных бумаг. Колесников А.С. Москва 2000 г.
- 22 Бағалы қағаздар және олардың экономикадағы орны.-Алматы, 2001.
- 23 Балабанов В.С. Рынок ценных бумаг: Коммерческая азбука /В.С.Балабанов,И.Е.Осокин,А.И.Поволоцкий.-Москва: Финансы и статистика.,2001.
- 24 Карагусова Г. Что нужно знать о ценных бумагах : Вопросы и ответы. –Алматы :Қаржы-қаражат, 2000.

Қазақстан Республикасында отандастардың қайтып оралуы институтының қалыптасуының құқықтық мәселелері (1990-2012 жж.)

- 1 Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 25 октября 1990 г. «О Декларации о государственном суверенитете Республики Казахстан» http://adilet.zan.kz/rus/docs/B900001700_
- 2 Мендикулова Г.М. «Казахская диаспора и ирредента: история и современность» <http://www.mfa.gov.kz/upload/userfiles/file/diaspora.pdf>
- 3 Постановление Кабинета Министров Казахской ССР от 18 ноября 1991 года N 711 «О порядке и условиях переселения в Казахскую ССР лиц коренной национальности, изъявивших желание работать в сельской местности, из других республик и зарубежных стран». Утратило силу - постановлением Правительства РК от 9 декабря 2005 года N 1224 http://adilet.zan.kz/rus/docs/P910000711_
- 4 Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 13 февраля 1991 года «О приоритетности развития аула (села) и агропромышленного комплекса в Республике Казахстан». Утратил силу - Законом РК от 8 июля 2005 г. N 66 (вводится в действие с 1 января 2006 г.) http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910002000_
- 5 Конституционный закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 года «О государственной независимости Республики Казахстан» http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910004400_
- 6 Закон Республики Казахстан от 26 июня 1992 года «Об иммиграции». Утратил силу - Законом РК от 13 декабря 1997 г. N 205 http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920003300_
- 7 «Оралманы: реалии, проблемы и перспективы». Центр Социальных Технологий" (Опубликовано в Интернет-газете "ZonaKZ по адресу: <http://zonakz.net/articles/9865>)
- 8 Есимова А.Б. Политика репатриации и проблемы адаптации репатриантов в Республике Казахстан. <http://txtb.ru/7/26.html>
- 9 Аналитический доклад. Проблемы социализации оралманов и сельских мигрантов. ОФ “Агентство социальных технологий “Эпицентр”. <http://www.zonakz.net/articles/14025?mode=reply>
- 10 Макашев Е. - Этнополитика и межэтническая ситуация в Казахстане (1991-2001 гг.). Анализ. <http://www.centrasia.ru/news2.php?st=1041668340>

11 Конституция Республики Казахстан от 28 января 1993 года. Утратила силу в связи с принятием новой конституции 30 августа 1995 г.

12 Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 20 июля 1994 г. N 823 «Об утверждении Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Монголии о сотрудничестве в области социального обеспечения» http://adilet.zan.kz/rus/docs/P940000823_

13 Соглашение о гарантиях прав граждан государств-участников Содружества Независимых Государств в области пенсионного обеспечения. Соглашение, г. Москва, 13 марта 1992 г. http://adilet.zan.kz/rus/docs/H920000224_

14 Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1996 г. N 3308 «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом». Утратил силу - Указом Президента РК от 21 ноября 2005 года N 1673. http://adilet.zan.kz/rus/docs/U960003308_

15 Указ Президента Республики Казахстан от 21 ноября 2005 года N 1673 «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы». Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 18 июня 2009 года № 829 http://adilet.zan.kz/rus/docs/U050001673_

16 Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 1997 г. N 3419 «Об Основных направлениях миграционной политики до 2000 года». Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 18 июня 2009 года № 829

17 Садовская Е.Ю. Репатриация этнических казахов в Казахстан. Алма-Ата, 2001, с. 108-124 <http://www.demoscope.ru/weekly/2002/069/analit05.php>

18 Закон Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года № 204 «О миграции населения». Утратил силу Законом Республики Казахстан от 22 июля 2011 года № 477-IV http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000204_

19 Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 сентября 2007 года N 859 «О создании государственных учреждений-центров адаптации и интеграции оралманов Комитета по миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан» http://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000859_

20 Постановление Правительства Республики Казахстан от 16 сентября 1998 года N 900 «О Концепции репатриации этнических казахов на историческую родину» http://adilet.zan.kz/rus/docs/P980000900_

21 Приказ Агентства по миграции и демографии Республики Казахстан от 12 мая 1999 года N 5 «Об Инструкции о порядке определения статуса репатрианта (оралман), реэмигранта, переселенца, а также вынужденного переселенца». Утратил силу - Приказом Агентства Республики Казахстан по миграции и демографии от 8 августа 2003 г. N 60 http://adilet.zan.kz/rus/docs/V990000767_

22 Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z930002200_

23 Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по миграции и демографии от 8 августа 2003 г. N 60-П «Об утверждении Инструкции определения статуса оралмана и включения их в квоту иммиграции оралманов». Утратил силу - приказом Председателя Агентства РК по миграции и демографии от 17 августа 2004 года N 70-П http://adilet.zan.kz/rus/docs/V030002430_

24 Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по миграции и демографии от 17 августа 2004 года N 70-П «Об утверждении Инструкции определения статуса оралмана и включения их в квоту иммиграции оралманов». Утратил силу приказом и.о. Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 27 сентября 2007 года N 224-п http://adilet.zan.kz/rus/docs/V040003078_

25 Постановление Правительства Республики Казахстан от 5 сентября 2000 года N 1346 «О Концепции миграционной политики Республики Казахстан» http://adilet.zan.kz/rus/docs/P000001346_

26 Указ Президента Республики Казахстан от 28 августа 2007 года № 399 «О Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2007-2015 годы». Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 23 мая 2011 года № 88 http://adilet.zan.kz/rus/docs/U070000399_

27 Указы Президента Республики Казахстан с 1993 по 2009 годы, Постановление Правительства Республики Казахстан от 2011 года. <http://adilet.zan.kz>

28 Специальный доклад Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан «О ситуации с правами оралманов, лиц без гражданства и беженцев в Республике Казахстан» от 03.07.2012 г. № исх: 32-42.80-5. С.9

29 Блог акима Карагандинской области. http://www.karaganda-region.kz/rus/blog_4/3617/

30 В Казахстане приостановлена квота на иммиграцию оралманов. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-kazahstane-priostanovlena-kvota-na-immigratsiyu-oralmanov-212705/

31 Закон Республики Казахстан от 24 марта 1998 года N 213 «О нормативных правовых актах» http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000213_

Шетелдік тәжірибе негізінде қазақстанның репатриациялық саясатын құқықтық реттеуді жетілдіру

1 Закон Республики Казахстан «О миграции населения» от 22 июля 2011 года № 477-IV. //www.adilet.zan.kz

2 Федеральный закон Российской Федерации «О государственной политике в отношении соотечественников за рубежом» от 24 мая 1999 года. // <http://base.garant.ru>

3 Программа возвращения соотечественников в Россию.
<http://ru.wikipedia.org>

4 «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы. //www.adilet.zan.kz

5 Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 20 июля 1994 г. N 823 «Об утверждении Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Монголии о сотрудничестве в области социального обеспечения». //www.adilet.zan.kz

6 Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 11 января 1995 г. N 34 «О разработке Государственной программы миграции населения». //www.adilet.zan.kz

7 Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 28 июля 1998 г. №145-р «О назначении координаторов по организации и обеспечению переселенческих мероприятий и направление представителей Агентства по миграции и демографии и Министерства образования, культуры и здравоохранения в страны пребывания репатриантов». //www.adilet.zan.kz

8 Закон Республики Казахстан от 12 апреля 2005 года N 36 «О государственном социальном заказе». //www.adilet.zan.kz

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
1 ТАРАУ Заңды тұлғаларды құру, тіркеу және таратудың жалпы ережелері	4
2 ТАРАУ Банкроттық туралы құқықтық сипаттама	35
3 ТАРАУ Интеллектуалдық меншік құқығының халықаралық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, тарихи қалыптасу аспектілері	67
4 ТАРАУ Сабақтас құқықтар саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастардың теориялық мәселелері	94
5 ТАРАУ Мердігерлік қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық аспектілері.....	120
6 ТАРАУ Бағалы қағаздар түсінігі мен түрлері, құқықтық негіздері және қазіргі кездегі даму мәселелері мен жетілдірудің негізгі жолдары	148
7 ТАРАУ Қазақстан Республикасында отандастардың қайтып оралуы институтының қалыптасуының құқықтық мәселелері (1990-2012 жж.)	176
8 ТАРАУ Шетелдік тәжірибе негізінде қазақстанның репатриациялық саясатың құқықтық реттеуді жетілдіру.....	191
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	201

**Касиев Т.Б., Жампеисов Д.А., Каражанова Ж.К., Кайшатаева А.К,
Смагулова А.Б., Нурекешов Т.К., Жампеисов Д.Ә.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

*Подписано в печать 05.11.2015г.
Формат 60x84/16. Бумага офсетная
Условно 13,3 п.л. Заказ № 565 Тираж 500 экз.*

*Отпечатано Издательский дом «Интеллект»
071400, г. Семей, ул. Шугаева, 4, тел. 63-12-17*

